Аңдатпа. Қазіргі таңда заманауи білім беру жүйесі өзгермелі жағдайларды бастан кешіруде. Сәйкесінше, бүгінде кадрларды даярлауға қойылатын талаптар да жоғары.

Бұл мақалада Арнайы педагогика даярлық бағыты білім алушыларында терминологиялық құзыреттілігін қалыптастырудың маңызына теориялық шолу жасалды. Шетелдік әдебиет көздерінде терминологиялық құзыреттілікті кәсіби, ақпараттық немесе когнитивті құзыреттілік аясында зерттеген ғылыми жұмыстар жеткілікті. Дегенмен, отандық ғылымда бұл тақырыптың әлі де жеткіліксіз зерттелуі тақырыптың өзектілігін арттыруға негіз болды.

Ерекше білімді қажет ететін балалардың санының артуы мен оларды түзетуге арналған заманауи әдістерге деген қажеттілік, сонымен қатар, ғылыми-әдістемелік аспектіні жетілдіруге байланысты туындаған сұраныстар терминологиялық құзыреттілікті зерттеу мен теориялық және тәжірибелік маңызы бар ұсынымдарды әзірлеуге ықпал етуде. Арнайы педагогикадағы терминдерді зерттеу аясындағы терминологиялық негіздеме педагогиканың өзге салаларына қарағанда күрделі әрі пәнаралық сипатқа ие болып келеді. Яғни, мұнда терминнің «түсінік-ұғым» моделінен, дефициясынан бөлек қолдану, саралау мен сыни талдау тәрізді жетекші дағдылардың болуы маңызды. Сондықтан, мақала барысында тақырып аясындағы отандық және шетелдік зерттеулерге шолу жасалып, терминологиялық құзыреттіліктің білім алушылар үшін маңызын анықтауға әрекет жасалды.

Түйін сөздер: термин, терминологиялық құзыреттілік, кәсіби білім беру, арнайы педагогика, пәндік-танымдық компонент, интеллектуалды-рефлексивті компонент, коммуникативті-тілдік компонент.

Түсті: 25.02.2026; Мақұлданды: 15.06.2026; Онлайн қолжетімді: 30.06.2026

*хат-хабар авторы

Кіріспе

Арнайы педагог маман – ерекше білімді қажет ететін балалармен жұмыс атқаратын педагог. Оның кәсіби қызметінің мазмұны ерекше білімді қажет ететін балалардың білім алуы мен тәрбие мәселесіндегі қиындықтарды түзетумен, бұзылыстарды алдын – алумен ғана шектелмейді. Арнайы педагог өз пәні шеңберінде зерттеулер жүргізіп, ғылымды таратумен айналысуға да құзыретті болып табылады. Аталған мақсатта жұмысты сапалы жүргізу тетіктері мен алгоритмдерін терең түсіну кәсіби даярлық процесі арқылы қолжетімді болады.

Кәсіби даярлық процесін жүзеге асыру еліміздегі заңнамалық базалар бойынша бакалавр және магистратура деңгейлерінде ұйымдастырылады. ҚР «Білім туралы» Заңына сәйкес жоғары оқу орнын тәмамдаған маманға берілетін дәрежесі «Бакалавр» деп аталады. Бакалавриат кезеңі кәсіби даярлық процесінің бастапқы кезеңі болатын болса, «Магистратура» ұғымына ҚР «Білім туралы» Заңында мынадай анықтама беріледі: «білім беру бағдарламалары «магистр» дәрежесін бере отырып, кадрлар даярлауға бағытталған жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру» (ҚР «Білім туралы» Заңы, 2007).

Білім берудің бірегей платформасының (Epvo.kz) білім беру бағдарламаларының тізіліміне сүйенетін болсақ, елімізде «Арнайы педагогика» даярлық бағытында мамандарды дайындау бакалавр деңгейінде он бес, магистратура деңгейінде сегіз және докторантура деңгейінде бір жоғары оқу орнында жүзеге асырылады. Сонымен қатар, бұл білім беру бағдарламасына жыл сайын мемлекеттік тапсырыс есебінен бөлінетін гранттардың саны да артып келеді. Бұл дегеніміз білім беру бағдарламасына деген сұраныстың және әлеуметтік қажеттіліктің артқандығын білдіреді.

Арнайы педагогика даярлық бағытында білім беру жоғарыда аталған университеттерде бірнеше білім беру бағдарламалары негізінде жүзеге асырылады. Төмендегі кестеде аталған білім беру бағдарламалары туралы ақпаратты ұсынамыз:

1-Кесте. «Арнайы педагогика» даярлық бағыты бойынша білім беру бағдарламаларының түрлері (Epvo.kz сайтының ресми деректері бойынша)

№	Жоғарғы және жоғары білім беруден кейінгі ұйым атауы	Білім беру бағдарламасының атауы Бакалавр	Білім беру бағдарламасының атауы Магистратура
1		2	3
1	М.Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университеті (Петропавл қаласы)	6В01908 Арнайы педагогика (IP) 6В01906 Арнайы педагогика 6В01911 Арнайы педагогика және инклюзивті практика	7М01903 Арнайы педагогика
2	Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті (Шымкент қаласы)	6В01902 Арнайы педагогика(IP)	7М01902 Арнайы педагогика

3	Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті (Алматы қаласы)	6В01901 Арнайы педагогика (IP) 6В01904 Арнайы педагогика: Тифлопедагогика 6В01903 Арнайы педагогика: Олигофренопедагогика 6В01902 Арнайы педагогика: Логопедия 6В01901 Арнайы педагогика: Сурдопедагогика	7М01906 Арнайы педагогика: Инклюзивті білім беру
			7М01902 Арнайы педагогика: Логопедия
			7М01901 Арнайы педагогика: Сурдопедагогика
			7М01908 Арнайы педагогика: Аутистік спектрі бұзылған балаларды қолдау (IP)
4	Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті (Өскемен қаласы)	6В01902 Арнайы педагогика (IP)	7М01902 Арнайы педагогика:Аутистік спектрі бұзылған балаларды қолдау (IP)
5	Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті (Ақтөбе қаласы)	6В01902 Арнайы педагогика	7М01902 Арнайы педагогика
6	М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті (Тараз қаласы)	6В01907 Арнайы педагогика (IP)	7М01804 Әлеуметтік және арнайы педагогика мамандарын даярлау
7	Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті (Алматы қаласы)	6В01904 Арнайы педагогика	7М01901 Арнайы педагогика
			7М01902 Арнайы педагогика: аутизм спектрі бұзылған балаларды сүйемелдеу (IP)
8	Ілияс Жансүгіров атындағы Жетісу университеті (Талдықорған қаласы)	6В01902 Арнайы педагогика	7М01902 Арнайы педагогика
9	Ш.Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университеті (Ақтау қаласы)	6В01901 Арнайы педагогика	-

10	М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті (Шымкент қаласы)	6В01901 Арнайы педагогика (IP)	-
11	Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті (Атырау қаласы)	6В01902 Арнайы педагогика (IP)	-
12	Қызылорда «Болашақ» университеті (Қызылорда қаласы)	6В01901 Арнайы педагогика	-
13	6В01902 Арнайы педагогика (Қарағанды қаласы)	академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу университеті	-
14	Әлкей Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университет (Павлодар қаласы)	6В01900 Арнайы педагогика 6В01901 Арнайы педагогика: Сурдопедагогика 6В01903 Арнайы педагогика (IP)	-
15	Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университеті (Қостанай қаласы)	6В01902 Арнайы педагогика	-
16	Докторантура: Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті 8D01901 – Арнайы педагогика		

Ескерту: кесте Epvo.kz ресми сайтындағы деректер негізінде жасалған

Кестеден аңғарғанымыздай, мамандық қазіргі таңда жаңа, қолданыстағы және инновациялық білім беру бағдарламалары негізінде мамандар дайындайды. Маман даярлау процесінде олардың кәсіби құзыреттілігін дамыту ең басты міндет болғандықтан, тақырыпты тереңінен зерттеу және жаңа қырларын ашу өзекті тақырыптардың бірі болып табылады. Ал, кәсіби құзыреттіліктердің мазмұнын ашатын компоненттің бірі – терминологиялық компонент. Сәйкесінше, бұл мақала терминологиялық құзыреттілікті кәсіби құзыреттіліктің ажырамас бөлігі ретінде қарастыра отырып, оны қалыптастырудың маңызы жөніндегі шолу деректеріне арналады.

Зерттеу мақсаты: арнайы педагогтердің кәсіби қалыптасуындағы терминологиялық құзыреттіліктің рөліне теориялық шолу жасау.

Зерттеу сұрақтары:

1. «Терминологиялық құзыреттілік» ұғымының мәні және оның компоненттері;

2. «Терминологиялық құзыреттілік» ұғымына түрлі сала авторларының көзқарастары;

3. Арнайы педагогика ББББ білім алушыларында терминологиялық құзыреттілікті қалыптастырудың маңызы мен рөлі.

Ғылыми мақалада зерттеу мақсаты мен оның аясында қарастырылатын зерттеу сұрақтарының аясында теориялық талдау жұмысы жасалды.

Әдебиеттерге шолу

«Құзыреттілік» ұғымы педагогика саласындағы зерттеулердің мазмұнында кеңінен кездеседі. Аталған ұғым студенттің алатын білім, білік, дағдысы ғана емес, сонымен қатар, оларды педагогикалық процесс барысында тиімді қолдана білу қабілеті деп түсіндіреді. Яғни, студенттің білім алуы және белгілі бір дағдыларды игеруі оны құзыреттілігі жоғары маман қылмайды. Ал, болашақ маман иеленген дағдылары мен білімдерін күнделікті қолдана отырып, өзінің педагогикалық қызметіне талдау жасайтын болса – онда маман жұмысының өнімділігі арта түседі (Yerzhanova et al, 2025).

Кәсіби құзыреттілік мазмұнына келетін болсақ, бұл өз кезегінде мына дағдылардың жиынтығын құрайды: теориялық білім, тәжірибелік білім, көшбасшылық, педагогикалық мәдениет және сыни ойлау қабілеті. Сонымен қатар, қазіргі таңда кәсіби құзыреттіліктің рөлінің білім беру трансформациясы аясында күн сайын артып келе жатқандығын аңғарамыз. Бұл трансформация білім берудегі жаңа трендтерді қалыптастыра отырып, кәсіби құзыреттілік мәселесін терең және жан -жақты, пәнаралық тұрғыдан зерттеуге алып келді.

Н.В. Кузьмина өз еңбектерінде кәсіби құзыреттілікті нәтижеге алуды қамтамасыз ететін білімдердің қосындысы және тиімді жұмыс істеуге деген дайындық деп түсіндіреді. Сонымен қатар, автор педагогтің өзінің кәсіби ісін бірнеше міндеттердің жиынтығы деп қарастырғанда кәсіби тұрғыдан құзыретті маман бола алады деп сипаттайды. Демек, жоғарыда атап өткендей маманның білімі оның кәсіби процесті тиімді ұйымдастыру амалдарын білмеуі жағдайында тиімсіз болып табылады. Ал, кәсіби процесті ұйымдастыру практикалық білім, ортаны ұйымдастыру қабілеті, ондағы адамдармен қарым – қатынас және білім беру процесінде туындаған мәселелерді жылдам және өнімді шешуі тәрізді функциялармен анықталады (Кузьмина, Паутов және Жаринова, 2020).

Кәсіби құзыреттілік кейбір дереккөздерінде ғылыми-теориялық және тәжірибелік дайындық ретінде қарастырады. Яғни, осы ұсынылған анықтама кәсіби құзыреттілікті сипаттаудағы кеңінен қолданылатын түрі болып табылады (Окилова, 2024).

Кеңестік және шетел авторларымен қоса елімізде де зерттеу тақырыптарын құзыреттілік мәселесіне арнаған еңбектер бар. Отандық педагогикада кәсіби құзыреттілік мәселесімен айналысқан авторлар ретінде К.С. Кудайбергенова, Б.Р. Қасқатаева және т.б қарастыруға болады. Бұл авторлардың жұмысында кәсіби құзыреттілік мәселесі жан-жақты қарастырылып, мазмұны мен құрылымы туралы деректер келтірілді. Аталған авторлар кәсіби құзыреттілікті жалпы педагогиканың шеңберінде қарастырып, құзыреттіліктің сол саладағы кәсіби процесстердегі орнын анықтап көрсетті. Дегенмен, бұл ғылыми жұмыстар жалпы педагогика көзқарастарына сүйенген болғандықтан, арнайы педагогтердің кәсіби құзыреттілік мәселесін зерттеу тақырыбының әлі де ашылмауы байқалады. Ал, арнайы педагогиканың жалпы педагогикадан мазмұны мен принциптері жағынан ерекшеленетінін ескеретін болсақ, мәселені тереңінен зерттеу қажеттілігі айқын көрініс табады (Kudaibergeneva K. et al, 2016; Қасқатаева, 2014).

Кәсіби құзыреттілікті талдай келе, терминологиялық құзыреттілікті оның бір компоненті ретінде қарастыруға негіз бар. Әрбір ғылымның көрсеткішінің бірі – оның терминдер жүйесі. Терминдер мен олардың қолданылуы, академиялық құжаттар мен ғылыми сөйлеу тіліндегі рөлі маманның құзыреттілігі мен кәсіби беделіне әсерін тигізетін маңызды фактор. Сонымен қатар, терминологиялық тұрғыдан құзыретте болу ғылым саласындағы түрлі ақпаратпен жеңіл әрі тереңінен танысуға, халықаралық стандарт негізіндегі

ұғымдарды меңгеруге, сонымен қатар, кәсіби ортада беделді әрі сауатты маман болуға ықпал етеді.

Терминдер кез – келген зерттеу жұмысының, ғылыми еңбектердің негізін құрайтын маңызды компоненті бола отырып, белгілі бір сала жөніндегі білімді қалыптастырудың бір құралына айналады. Ал, «термин» сөзінің мәніне келетін болсақ, В.П. Даниленконың пікірінше, бұл ұғым түсініктерді ауызша және жазбаша сөйлеу тілінде бекітетін негізгі лексикалық құрал ретінде қызмет атқарады. Өз кезегінде бұл лексикалық құрал номинативті, коммуникативті және прагматикалық функциялардан тұрады. Номинативті функция әрбір түсінікке атау беру, категорияларға бөлу тәрізді әрекет түрлерінен біріктіреді. Бұл функция арқылы терминдердің қолданыс аясы мен саласы нақтыланып, оларды бірізді қолдану әрекеті жүзеге асырылады. Сонымен қатар, түсініктерді категорияға бөлу арқылы ұғымдарды қолдану процесі жүйелене түседі. Коммуникативті функцияның рөліне келсек, мұнда терминдерді ақпарат алмасу, ақпарат беру мен ақпарат алу барысында кәсіби қолдануды қарастырады. Ақпарат беру ауқымының кеңдігін және ақпарат берушілердің және ақпаратты ұсыну құралының түрлі болуын ескерсек, бірегей терминдерді қолдану олардың барлығына түсінікті әрі тиімді орта құрып, мақсатқа сай коммуникацияны жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, прагматикалық функция тілдік белгілердің коммуникациялық жағдайлармен байланысын қамтамасыз етеді. Анығырақ айтқанда, бұл функция бірінші және екінші функцияны біріктіретін көпір қызметін атқарады (Лейчик, 2014; Даниленко, 2009;).

Материалдар мен әдістер

Мақалада терминологиялық құзыреттіліктің арнайы педагогтердің кәсіби қалыптасуындағы рөліне теориялық шолу жасау мақсатында төмендегі әдістер қолданылды:

1. Зерттеу сұрақтары бойынша педагогикалық, психологиялық, философиялық, лингвистикалық әдебиеттерге талдау жасау. Бұл әдіс аясында зерттеу сұрақтары бойынша негізгі мәселелердің мәнін ашуға мүмкіндік берді. Теориялық талдау барысында Scopus, Web of Science базаларының жарияланымдары мен Отандық және шетел авторларының ғылыми-әдістемелік еңбектерінде ұсынылған материалдар қолданылды.

2. Салыстыру әдісі. Мақалада «терминологиялық құзыреттілік» ұғымына контент-талдау жасалынып, түрлі авторлардың аталған терминге берген анықтамаларына өзара салыстыру жұмыстары жасалынды. Сонымен қатар, бұл әдіс Арнайы педагогика ББББ бойынша кәсіби даярлықты жүзеге асыратын жоғары оқу орындарының білім беру бағдарламасы жөніндегі ақпаратты беру кезінде де қолданылды.

Нәтижелер мен талқылау

«Термин» ұғымына берілген анықтама мен оның функцияларының сипаттамасы «терминологиялық құзыреттілік» ұғымының мәнін ашуға және оның маңыздылығын негіздеуге себеп болды. Өз кезегінде терминологиялық құзыреттілік кәсіби құзыреттіліктің когнитивті және мазмұндық, ақпараттық компоненттерінің аясында дамып, білім алу үрдісінде қалыптасады.

Ең алдымен, осы ұғымға берілген авторлардың анықтамаларына тоқталып өтейік:

2-Кесте. «Терминологиялық құзыреттілік», «түсінік құзыреттілігі» ұғымдары

№ Р/н	Термин	Автор	Терминге берілген анықтама
1	Терминологиялық құзыреттілік	Прохорова А.А. Виноградова Е.Е.	белгілі бір пәнді оқыту процесінде қалыптасатын білім, білік, дағдылардың жиынтығы, сондай-ақ алған білімдері, дағдылары, біліктері негізінде қандай да бір қызметті орындау қабілеті Бұл осы терминге берілген және ең кең тараған анықтама нұсқасы. Оның мазмұны белгілі бір саланың аясындағы термин-дердің толық жиынтығын қамтитындығын білдіреді. Автордың анықтамасы тек оның мазмұнын ғана көрсетіп, компоненттері мен функцияларын қарастырмайды.
2	Терминологиялық құзыреттілік	Platonova M.	педагогтің терминдерді түсіну, қолдану және талдау деңгейлерінде ұғымдар кешенін қолдану деңгейін көрсететін кәсіби мәдениеттің ажырамас бөлігі Терминологиялық қызыреттілікті кәсіби мәдениет компоненті ретінде қарастыратын бұл анықтамаға сүйенсек, терминдерді қолдану деңгейлерден тұрады. Сәйкесінше, игеру деңгейіне қарай оның кәсібилігінің де деңгейі нақтыланады.
3	Терминологиялық құзыреттілік	Азимов Э.Г. Щукин А.Н.	терминдерді меңгеру нәтижесінде кәсіби мәдениетаралық қарым – қатынасқа қатысу мүмкіндігін қамтамасыз ететін кәсіби құзыреттіліктің бір бөлігі Бұл анықтаманы алдыңғы ұсынылған анықтаманың жалғасы ретінде қарастырып, терминологияны қалыптастырудың кәсіби қарым – қатынастағы маңызы түсіндірілген нұсқасы деп қарастыруға болады.
4	Терминологиялық құзыреттілік	Ermolaeva Zh.E.	кәсіби қызмет пен әлеуметтік позиция үшін қажетті білім, білік, тәжірибе деңгейін көрсететін, маманның интегральді сипаттамасы Бұл анықтама білім алушының маман ретіндегі тұлғасы мен оның кәсібилігін анықтайтын факторлар негізінде туындаған нұсқасы болып табылады.

5	Түсінік құзыреттілігі	Вышегуров С.Х.	түсініктер жүйесінің қалыптасуының өзекті технологиялары мен әдістерін кәсіби педагогикалық әрекет кезінде қолдануға деген дайындығын көрсететін құзыреттілік. Қарастырылып отырған термин негізгі терминмен ұқсас және анықтамасы жағынан мағыналас ұғым болып келеді. Сонымен қатар, оның мазмұны терминологияның маңызын кәсіби қалыптасудың бір сатысы ретінде сипаттайды.

Ескерту: кесте әдебиеттер негізінде құрастырылды (Прохорова және Виноградова, 2025; Platonova, 2022; Азимов, Щукин, 2019; Ermolaeva, 2014; Вышегуров, 2012)

Терминологиялық құзыреттілікті зерттеумен айналысқан ғалымдардың еңбектеріне сүйенетін болсақ, авторлардың тақырып жөніндегі пікірлерінің түрлі екендігін байқаймыз. Мәселен, Т.А. Артюшкина және Э.Г. Скибицкий терминологиялық құзыреттілікті жеке құзыреттілік қатарына жатқызады. Ал, О.М. Толстых терминологиялық құзыреттілікті ақпараттық құзыреттіліктің құрылымдық бөлігі ретінде қарастырады және мұны терминологиялық құзыреттіліктің коммуникациядағы маңызды рөлі арқылы түсіндіреді (Артюшкина және Артюшкин, 2017; Скибицкий және Скибицкая, 2019; Sharhun et al., 2026).

Демек, терминологиялық құзыреттілік жеке құзыреттілік ретінде де, басқа құзыреттіліктердің құрамдас бөлігі ретінде де қарастырылады. Бұл бізге тақырыпты тереңірек зерттеуге және терминологиялық құзыреттіліктің нақты жағдайға сәйкес рөлін нақтылауға деген қажеттілікті тудырады.

Н.В. Бордовская мен Е.А. Кошкинаның зерттеуінде терминологиялық құзыреттілік кәсіби құзыреттілік аясындағы құрамдас бөлігі ретінде сипатталып, төмендегідей компоненттері ұсынылады:

1. пәндік – танымдық;
2. интеллектуалды – рефлексивті;
3. коммуникативті – тілдік.

Пәндік – танымдық компонент белгілі бір кәсіби сала аясындағы талаптарды тереңірек түсіну үшін терминологиялық формада қолданылатын білімдердің жиынтығын білдіреді. Оның негізгі функциясы – кәсіптің пәндік саласындағы теориялық және қолданбалы аспектілер арқылы анықталатын белсенді терминологиялық сөздікті қалыптастыру. Аталған функция мамандардың өз кәсіби саласындағы білім, білік, дағдыны жетік меңгеруінің маңызды тетігі болып табылады.

Интеллектуалды – рефлексивті компонентке келер болсақ, бұл компонент терминдерді дұрыс қолдануды, сонымен қатар, осы сұрақ аясында сұрақтар туындағанда оңтайлы шеше алуды қарастыратын дағдылар жиынтығына ие. Оның негізгі функциясына терминді негізді түрде қолдану және оны ағымдағы жағдайларға сәйкес тұрақты өзектендіру жатады.

Ал, *коммуникативті – тілдік компонент* пен оның функциясына келер болсақ, бұл компонент кәсіби қарым – қатынас кезіндегі терминдердің қолданылу ерекшеліктерін көрсетеді. Функциясына келсек, онда бұл ретте кәсіби қарым – қатынас процесіндегі ақпаратты түсіну мен оны тарату жайлы айта аламыз (Бордовская және Кошкина, 2016).

Терминологиялық құзыреттілік, оның анықтамалары мен компоненттерін талдай келе, аталған құзыреттіліктің бұл түрінің ауқымды құзыреттілік екендігін аңғара аламыз.

Қазіргі таңда мамандарды даярлауға қойылатын талаптар білім беру саласындағы өзгермелі жағдайлармен және білім беру трендтерінің жедел өзгермелі болуымен тікелей байланысты. Сондықтан, білім беру жүйесіне жаңа білім беру бағдарламаларының енгізілуі жоғарыда аталған мәселенің ең ұтымды шешімдерінің бірі болып отыр.

Арнайы педагогтердің кәсіби қалыптасуында жоғары оқу орындарының кәсіби пәндерін меңгеру асқан өзектілікке ие.

Осы мақалаға ұсынылған «Кіріспе» бөлімінде көрсетілген кестеге сәйкес бұл бағдарламаны қазіргі таңда бакалавр және магистратура деңгейінде бірқатар жоғары оқу орны іске асырады (2025 жылдың қазан айындағы дерек бойынша). Ал, докторантура деңгейінде бір ЖОО (Абай атындағы ҚазҰПУ) кәсіби білім беру жүйесінде білім беруді қамтамасыз етеді. Білім беру бағдарламасының мақсаты мен білім берудің академиялық деңгейіне сәйкес арнайы педагогтің кәсіби құзыреттілігінің шеңбері анықталады. Жалпы алғанда, арнайы педагогтерді кәсіби даярлау төмендегідей еңбек функцияларын қамтиды:

– білім беру бағдарламасы аясындағы өзекті тақырыптар бойынша ғылыми – әдістемелік жұмысты іске асыру;

– өзекті тақырыптар бойынша ғылыми зерттеулер жүргізу;

– ерекше білімді қажет ететін балаларды тиімді технологиялар мен педагогикадағы озық әдістерді қолдана отырып дамыту мен оқыту;

– ерекше білімді қажет ететін тұлғаларды әлеуметтендіру;

– жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру стейкхолдерлерімен (жұмыс берушілермен) өзара әрекеттесу (практика компонентін жүзеге асыру процесінде).

Кадрларды даярлау тек теориялық білім мен практикалық білік, дағдыларды қалыптастырумен ғана шектелмейді. Сонымен қатар, осы ББББ тәмамдаған маман ғылыми қауымдастыққа белсенді қатыса алатын кәсіби тұрғыдан құзыретті маман болуы да маңызды.

Еліміздегі ерекше білімді қажет ететін балалардың мәселесін зерттеу ең өзекті тақырыптардың біріне айналып отыр. Себебі, тақырып бойынша қорғалған соңғы диссертациялық жұмыста көрсетілген статистикалық деректер, бұзылысы бар балалардың әлем бойынша арту тенденциясын байқап отыр. Сәйкесінше, бұзылыстың кең таралуы жағдайында оны түзетуге деген жаңа көзқарас пен түзету жұмыстарының қажет екендігі белгілі. Сәйкесінше, бұл ББББ аталған тақырып бойынша жоғары кәсіптік құзыреттіліктерге ие мамандарды даярлау қажеттіліктерін қанағаттандырып, зерттеулерге деген жаңа мүмкіндіктерді ашады (Bekmurat and Autayeva, 2025).

Арнайы педагогика мәселелеріне қатысты әдебиеттердің басым бөлігінің орыс және ағылшын тілдерінде екендігін ескеретін болсақ, терминологиялық ұғымдардың мәнінің еліміздегі білім беру жүйесінде әлі де жеткілікті деңгейде қалыптаспағандығын байқаймыз. Ал, заманауи кәсіби орта маманнан тек білуді ғана емес, сонымен қатар, білімін талдауды, орынды қолдануды және сыни ойлауды талап етеді. Маманның терминологиялық құзыреттілігінің жоғары деңгейі маманға өзге мамандармен, ата – аналармен өнімді қарым – қатынас құруға, түзету жұмысының мазмұнын нәтижелі сипатта құруға ықпал етеді.

Арнайы педагогика мәселесіндегі терминдер тек білім беру саласына ғана емес, сонымен қатар, психологиялық, клиникалық көзқарасқа негізделген терминдерден де тұратындығын ескеретін болсақ, оларды дұрыс қолдана білу маманның нәтижелі жұмыс процесін қамтамасыз етеді. Терминдерді қате қолдану, негізсіз алмастыру педагогикалық түзету жұмысының стратегиясына кері әсерін тигізеді. Сол себепті, құзыреттіліктің бұл түрі негізгі құзыреттіліктің бірі болып табылады (Alsolami, 2022).

Жоғарыда атап өткеніміздей, арнайы педагогика саласындағы терминдер педагогиканың басқа тақырыптарымен салыстырғанда кең. Атап айтқанда, ол мынадай бөліктерден тұрады:

1. педагогика саласындағы қалыптасқан стандартты және жаңа терминдер;
2. арнайы педагогика (сурдопедагогика, тифлопедагогика, логопедия, олигофренопедагогика) саласындағы терминдер;
3. психология және арнайы психология, клиникалық психология саласындағы терминдер;
4. медициналық – клиникалық терминдер;
5. мінез – құлықты қолданбалы талдау стратегиясы аясындағы терминдер (АВА терапия);
6. халықаралық стандартталған терминдер (ХАЖ-10; ХАЖ-11).

Білім алушылар үшін педагогика, психология, арнайы педагогика саласындағы терминдер білім алудың кәсіби процесінде қалыптасатын базалық терминдер болса, клиникалық және мінез – құлықты қолданбалы талдау салаларындағы терминдер меңгерілуі қажет негізгі және күрделі терминдер қатарына жатқызылады. Сол себепті, білім алу процесінің барысында терминологиялық құзыреттілікті дамыту бойынша жұмыстардың рөлі өте маңызды.

Арнайы педагогтің терминологиялық құзыреттілігінің қалыптасуы оларға білім беру процесін жетік түсінуге, түзету жұмысын тиімді ұйымдастыруға және баланың жағдайын жетік түсінуге, балалардың даму ерекшеліктері мен қиындықтарын кәсіби сипаттауға, сонымен қатар, заманауи және халықаралық стандарт шеңберіндегі терминдерді қолдануға мүмкіндік береді. Демек, терминологиялық құзыреттілікті жұмыс тиімділігіне әсер ететін тікелей фактор деп қабылдауымызға негіз бар.

Сонымен қатар, терминологиялық құзыреттілікті меңгерудің келесі маңыздылығы кәсіби этиканы меңгерумен тікелей байланысты. Білім алушылардың осы саладағы терминдерді меңгеруі бірегейлікті, баланың жеке басына деген толық құрметті және сауатты қатынасты білдіреді.

Білім алушыларда кәсіби даярлық процесіндегі маңызды дағдылардың бірі зерттеушілік дағды болып табылады. Зерттеушілік дағды – білім алушылардың зерттеу жұмысын орындаудың маңызды механизмі. Білім беру бағдарламасының білім алушылары өз жұмыстарын ерекше балаларды зерттеудің теориясы мен тәжірибесіне арнай отырып, түрлі тақырыптарды зерттеуге құзыретті. Сәйкесінше, тақырып аясындағы терминдерді меңгеруі арқылы өз зерттеуінің дәйектілігін негіздей алады. Сонымен қатар, мұндай зерттеу ғылыми қауымдастық этикасына сәйкес, осы саладағы мәселелердің шешіміне бағытталған ұтымды зерттеу бола алады.

Арнайы педагогиканың теориясы мен практикасы аясындағы терминологиялық құзыреттілік пәнаралық қағидалар негізінде дамитын ауқымды білім қорына сүйенеді. Яғни, мұнда тек қана терминді және оның дефициясын білу жеткіліксіз, білім алушыларға бұл терминдерді талдау, бірегей стандартқа сай қолдану, біріздендіру тәрізді дағдылар да қажет болады. Қазіргі таңда әдебиеттер мен өзге де ғылыми басылымдағы өнімдерден терминдердің аудармасына, сөйлемдегі қолданысына немесе бірізді болмауына қатысты көптеген қателіктерді байқай аламыз. Бұл дегеніміз, кадрларды даярлау үрдісінде тек түсінік беріп қана қоймай, оны құзыреттілік шеңберінде дамыту маңызды екендігін білдіреді.

Тақырып аясында жүргізілген теориялық шолу нәтижесінде Арнайы педагогика ББББ білім алатын болашақ мамандардың кәсіби маман ретінде қалыптасуы үшін тек білім беру жеткіліксіз екендігін, мұнымен қоса құзыреттілік тәсілге негізделген негізгі құзыреттіліктерді де дамыту маңызды екендігін көрсетеді. Сонымен қатар, арнайы педагогика саласына қатысты терминологиялық жүйенің біріздендірілмеуі арасындағы қарама – қайшылық анықталды. Ал, бұл түзету жұмысына, мамандардың кәсіби портретіне, сондай – ақ, кәсіби этикаға теріс әсерін береді.

Осылайша, теориялық шолу нәтижесінде алынған қорытындылар «Арнайы педагогика даярлық бағытында білім алатын білім алушылардың терминологиялық құзыреттілігін дамыту даярлық процесінің маңызды компоненті екендігін көрсетті. Бұл ғылыми, кәсіби және қолданбалы аспектідегі базалық негізгі фактор бола отырып, кәсіби саладағы негізгі механизмге айналады.

Зерттеудің негізгі бөлімінде келтірілген терминге жасалған контент – талдау авторлардың терминологиялық құзыреттілік ұғымына түрлі баға беретіндігін көрсетеді. Бұл дегеніміз, құзыреттіліктің бұл түрінің бір пәндік салаға немесе құзыреттілікке ғана тиесілі болмайтындығын, керісінше, оның ауқымының кең екендігін көрсетеді. Демек, терминологиялық тұрғыдан құзыретті маманның өзге құзыреттіліктер тобын да қатар меңгеретіндігі анық.

Арнайы педагогика білім беру бағдарламасы аясында білім алушылардың терминологиялық құзыреттілігін зерттеу процесінде осы бағдарлама аясындағы Отандық әдебиет көздеріне шолу жасалынды. Шолу нәтижесінде қарастырылып отырған тақырыпқа қатысты әдебиеттер болғанына қарамастан, онда терминологиялық құзыреттілік мәні толық ашылмайды. Яғни, тақырып әрі қарай кешенді зерттеуді, тәжірибелік маңыздылығы бар ғылыми басылымдарды әзірлеуді қажет етеді.

Қорытынды

Ерекше білімді қажет ететін балаларды зерттеу – XXI ғасырдағы ең кең тараған бұзылыстың бірі. Бүгінде осы тақырып аясында тек қана гуманитарлық ғылымдар ғана емес, сонымен қатар, жаратылыстану ғылымдары да зерттеулер жүргізіп, мәселенің шешімін табуға тырысуда. Елімізде ерекше білімді қажет ететін балалардың мәселелеріне арналған зерттеулер, гранттық жобалар, Дүниежүзілік банк тарапынан қолдау тапқан ірі жобалар іске асырылып жатыр. Сонымен қатар, 2024–2025 оқу жылынан бастап осы да-

ярлық бағытына арналған инновациялық білім беру бағдарламасы мамандарды кәсіби даярлауды бастады. Бұл арнайы педагогика саласында жұмыс істейтін мамандардың кәсібилігін арттыруға ықпал ететін үлкен бастама деуге болады.

Арнайы педагогика саласындағы кәсіби құзыреттілік жоғары бөлімдерде атап өткеніміздей, тек қана педагогикалық базалық біліммен шектелмейді. Сондықтан, маманның кәсіби құзыреттілігіне де қойылатын талаптар жоғары болып табылады. Маманға қойылатын құзыреттіліктің бірі терминологиялық құзыреттілік деп аталады және маңызды кәсіби құзыреттіліктің бірі ретінде қарастырылады. Терминологиялық құзыреттіліктің маңызын талдай келе, оның білім алушылар үшін маңызын айқын көрсете алдық. Жүйелей айтсақ, терминологиялық құзыреттілік білім алушының ғылыми – әдістемелік және практикалық жұмысындағы сапаны қамтамасыз ететін механизм болып саналады.

Терминологиялық құзыреттіліктің атқаратын функцияларына жүргізілген талдау терминдермен жұмыстың күрделі процесс екендігін көрсетті. Сәйкесінше, кәсіби үрдіс барысында осы функциялардың барлығы қамтамасыз етіліп, білім беру бағдарламасы мазмұнына кіріктірілуі шарт. Мұнымен қоса, Қазақстандық жүйеде арнайы педагогика саласына арналған терминологиялық сөздіктің болмауы да тақырыпты әрі қарай тереңдете зерттеудің бір себебі болып отыр.

Қорыта айтқанда, Арнайы педагогика ББББ білім алушылары үшін терминологиялық құзыреттілік негізгі және кәсіби қалыптасу жолындағы басты құзыреттіліктерінің бірі болып табылады. Жоғарыда ұсынылған теориялық деректерде келтірілгендей, кәсіби даярлық процесі тек қана білім алу ғана емес, сонымен қатар, ғылыммен белсенді айналысу кезеңі ретінде де қарастырылады. Сондықтан, білім алушылардың кәсіби сөздік қоры тек игерген терминдердің санымен ғана емес, сондай – ақ, оларды қолдану мен тарату, өзгерістерді дер кезінде анықтау тәрізді дағдыларының да қалыптасуын қажет етеді. Ал, мұндай қажеттілікті негізге ала отырып білім беру оқу бағдарламаларының мазмұнына аталған компонентті енгізу, отандық оқу – әдістемелік құралдар мен терминологиялық сөздіктер қорын тақырып аясындағы еңбектермен толықтыру тәрізді жұмыстарды қажет етеді. Сәйкесінше, тақырып, әлі де практикалық маңызға ие аспектілер тұрғысынан зерттеулерді қажет етеді.

Авторлардың қосқан үлесі:

Баймухамет Р.Б. – әдістеме, түпнұсқа нұсқасын жазу, редакциялау, техникалық талаптарға сәйкес рәсімдеу.

Аутаева А.Н. – формалды талдау, редакциялау және сыни шолу жасау, соңғы нұсқасын бекіту.

Әдебиеттер тізімі

Азимов, Э.Г. и Щукин, А.Н. (2019) *Новый словарь методических терминов и понятий (теория и практика обучения языкам).* Москва: Издательство ИКАР

Артюшкин, О.В. и Артюшкина, Т.А. (2017) «Определение и взаимосвязь базовых понятий, формирующих структуру и состав лексики сфер профессиональной деятельности», *Филологические науки. Вопросы теории и практики*, 4-2(70), стр. 60–63. Доступно по адресу: http://www.gramota.net/materials/2/2017/4-2/16.html (қол жеткізген күні: 05 желтоқсан 2025 ж.)

Вышегуров, С.Х. (2012) «Терминологическая компетенция как требование профессионального образования», *Профессиональное образование в современном мире*, 4, стр. 89–97. Доступно по адресу: https://sibran.ru/journals/KZ/ (қол жеткізген күні: 05 желтоқсан 2025 ж.)

Копнина, Г.А. и др. (2014) Эффективное речевое общение (Базовые компетенции), 2-е изд. перераб. и доп. Красноярск: Издастельство Сиб. Федер.ун. Доступно на: https://elib.sfu-kras.ru/handle/2311/64047 (қол жеткізген күні: 01 желтоқсан 2025 ж.)

Кузьмина, Н.В., Паутова, ЛЕ. и Жаринова, Е.Н. (2020) «Акмеологические основы формирования профессиональной компетентности преподавателя», *Известия Саратовского университета. Новая серия. Серия: Акмеология образования. Психология развития*, (9), с. 4–12. https://doi.org/10.18500/2304-9790-2020-9-1-4-12

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы. (2007) №319-III. Астана: ҚР Парламенті. Қолжетімді: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z070000319_ (қол жеткізілген күні: 01 желтоқсан 2025)

Окилова М. А. (2024) «Работа с терминами как звено профессионально-ориентированного обучения», *Международный журнал гуманитарных и естественных наук*, (6-2). с. 99-104. https://doi.org/10.24412/2500-1000-2024-6-2-99-104

Прохорова А.А. и Виноградова Е.Е. (2025). Использование цифровых инструментов визуализации при работе студентов технических специальностей над иноязычной профессиональной терминологией. *Вестник Пермского национального исследовательского политехнического университета. Проблемы языкознания и педагогики,*(1), с. 84-96. https://doi.org/10.15593/2224-9389/2025.1.8

Скибицкая, И.Ю. и Скибицкий, Э.Г. (2024) *Деловое общение : учебник и практикум для вузов.* Москва: Издательство Юрайт.

Alsolami, A. S. (2022). 'Teachers of Special Education and Assistive Technology: Teachers' Perceptions of Knowledge, Competencies and Professional Development'. *Sage Open*, 12(1). https://doi.org/10.1177/21582440221079900

Bekmurat, A.T. and Autayeva, A.N. (2025) 'The application of adapted applied behavior analysis therapy for developing lexical and semantic skills in preschool children with autism spectrum disorder', *European Journal of Educational Research*, (14(4)), pp. 1047–1062. https://doi.org/10.12973/eu-jer.14.4.1047

Bordovskaya, N.V. and Koshkina, E.A. (2016) 'Structural-functional Model of Terminological Competence of the Professionals', *Man and Education*, (3(48)), pp. 4–11. https://doi.org/10.21638/11701/spbu16.2016.408

Ermolaeva, Zh.E. (2014) 'Formation of the terminological culture of cadets and students of the State Fire Academy of the EMERCOM of Russia in training «Fire Safety»', *Historical and Socio-Educational Thought*, (6(6–2)), pp. 85–89. https://doi.org/10.17748/2075-9908-2014-6-6_2-85-89

Kaskatayeva, B. (2014) 'Pedagogical conditions for forming the research competency in future teachers of mathematics'. *Rural Environment. Education. Personality*, (7–8), pp. 103–109. Қолжетімді: https://llufb.llu.lv/conference/REEP/2014/Latvia-Univ-Agricult-REEP-2014proceedings-103-109.pdf (қол жеткізген күні: 02 желтоқсан 2025 ж.)

Kudaibergeneva, K., Orakova, A., Akhmetova, K., Sainova, L. and Sibagatova, G. (2016) 'Formation of the key professional-pedagogical competencies of the teacher in modern conditions'. Procedia – Social and Behavioral Sciences, 233, pp. 219–224. Available at: https://dialnet.unirioja.es/servlet/articulo?codigo=7361114 (қол жеткізген күні: 02 желтоқсан 2025 ж.)

Movkebayeva Z., Syuy-fu-shun N., Khamitova D. and Duzelbayeva A. (2024) 'Stigma In Teachers' Speech: The Influence of Medical Terminology on Perception of Special Educational Needs'. *Eurasian Journal of Educational Research (EJER)* (7-8) – 113 p. https://doi.org/ 10.14689/ejer.2024.113.19

Platonova, M. (2022) 'Decoding terminological awareness: developing terminological competence', *Research in Language*, (20), pp. 327–347. https://doi.org/10.18778/1731-7533.20.4.02

Sharhun, T., Zhukova, A., Levko, M., Tarasiuk, I. and Voloshyn, M. (2013). 'Lexical Approach and Terminology in Developing Professional Competence: A Case Study in Ukrainian Higher Education'. *Journal of Education and Training Studies*, (20), pp. 171–183. https://doi.org/10.11114/jets.v14i2.8250

Yerzhanova G., Autayeva A., Mazhinov B., Iralina M. and Nishanbayeva S. (2025) 'Features of the development of research competence in future special education teachers'. *Front.Educ.* pp. 01–13. https://doi.org/10.3389/feduc.2025.1610757

Р.Б. Баймухамет[*1], А.Н. Аутаева[2]

[1,2]Казахский национальный педагогический университет имени Абая, Алматы, Казахстан

Роль терминологической компетентности в профессиональном становлении специальных педагогов

Аннотация. В настоящее время современная система образования функционирует в условиях динамичных изменений. Соответственно, предъявляются сегодня высокие требования к подготовке кадров.

В данной статье сделан теоретический обзор значения формирования терминологической

компетентности у обучающихся направления специальной педагогической подготовки. В зарубежных литературных источниках представлено достаточное количество научных работ, посвящённых изучению терминологической компетентности в рамках профессиональной, информационной или когнитивной компетентности. Однако в отечественной науке все же недостаточное изучение этой темы послужило основанием для повышения актуальности темы.

Растущее число детей с особыми образовательными потребностями и потребность в современных методах их коррекции, а также запросы, возникающие в связи с совершенствованием научно-методического аспекта, способствуют изучению терминологической компетентности и разработке рекомендаций, имеющих теоретическое и практическое значение. Терминологическое обоснование в рамках изучения терминов в специальной педагогике приобретает более сложный и междисциплинарный характер, чем в других областях педагогики. То есть здесь важно иметь такие ведущие навыки, как использование, дифференциация и критический анализ, помимо модели, дефиниции термина «понятие – термин». Поэтому в статье был проведен обзор отечественных и зарубежных исследований в рамках темы и предпринята попытка определить значение терминологической компетенции для обучающихся.

Ключевые слова: термин, терминологическая компетенция, профессиональное образование, специальная педагогика, предметно-познавательный компонент, интеллектуально-рефлексивный компонент, коммуникативно-языковой компонент.

R.B. Baymukhamet*[1], A.N. Autayeva[2]

[1,2] Kazakh National Pedagogical University named after Abai, Almaty, Kazakhstan

The role of terminological competence in the professional formation of special educators

Abstract. Currently, the modern education system is experiencing changing conditions. Accordingly, today there are high demands on personnel training.

This article provides a theoretical overview of the importance of the formation of terminological competence among students in the field of special pedagogical training. There are enough scientific papers in foreign literary sources that study terminological competence within the framework of professional, informational, or cognitive competence. However, in Russian science, insufficient study of this topic served as the basis for increasing the relevance of the topic.

The growing number of children with special educational needs and the need for modern methods of their correction, as well as requests arising in connection with the improvement of the scientific and methodological aspect, contribute to the study of terminological competence and the development of recommendations of theoretical and practical importance. Terminological substantiation within the framework of the study of terms in special pedagogy acquires a more complex and interdisciplinary character than in other fields of pedagogy. That is, it is important to have such leading skills as use, differentiation, and critical analysis, in addition to the model, the definition of the term «concept – term». Therefore, in the course of the article, a review of domestic and foreign research was conducted within the framework of the topic, and an attempt was made to determine the importance of terminological competence for students.

Keywords: the term, terminological competence, professional education, special pedagogy, subject–cognitive component, intellectual and reflexive component, communicative and linguistic component.

References

Azimov, E`.G. i Shhukin, A.N. (2019) Novy`j slovar` metodicheskix terminov i ponyatij (teoriya i praktika obucheniya yazy`kam) [A new dictionary of methodological terms and concepts (theory and practice of language teaching)]. Moskva: Izdatel`stvo IKAR. (in Russian)

Artyushkin, O.V. i Artyushkina, T.A. (2017) Opredelenie i vzaimosvyaz` bazovy`x ponyatij, formiruyushhix strukturu i sostav leksiki sfer professional`noj deyatel`nosti [Definition and interrelation of the basic concepts that form the structure and composition of the vocabulary of professional fields], Filologicheskie nauki. Voprosy` teorii

i praktiki, 4-2(70), pp. 60–63. Available at: http://www.gramota.net/materials/2/2017/4-2/16.html (Accessed: 05 December 2025). (in Russian)

Vy`shegurov, S.X. (2012) Terminologicheskaya kompetenciya kak trebovanie professional`nogo obrazovaniya [Terminological competence as a requirement of professional education], Professional`noe obrazovanie v sovremennom mire, 4, pp. 89–97. Available at: https://sibran.ru/journals/KZ/ (Accessed: 05 December 2025). (in Russian)

Kopnina, G.A. i dr. (2014) E`ffektivnoe rechevoe obshhenie (Bazovy`e kompetencii), 2-e izd. pererab. i dop [Effective Speech Communication (Basic Competencies), 2nd ed. reprint. and add.]. Krasnoyarsk: Izdastel`stvo Sib. Feder.un. Available at: https://elib.sfu-kras.ru/handle/2311/64047 (Accessed: 01 December 2025). (in Russian)

Kuz`mina, N.V., Pautova, LE. i Zharinova, E.N. (2020) Akmeologicheskie osnovy` formirovaniya professional`noj kompetentnosti prepodavatelya [Acmeological foundations of the formation of a teacher's professional competence], Izvestiya Saratovskogo universiteta. Novaya seriya. Seriya: Akmeologiya obrazovaniya. Psixologiya razvitiya, (9), pp. 4–12. https://doi.org/10.18500/2304-9790-2020-9-1-4-12 (in Russian)

Kazakstan Respublikasy`ny`n «Bilim turaly`» Zany`[Law of the Republic of Kazakhstan On education]. (2007) №319-III. Astana: KR Parlamenti Available at: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z070000319_ (Accessed: 01 December 2025). (in Kazakh)

Okilova M. A. (2024) Rabota s terminami kak zveno professional`no-orientirovannogo obucheniya [Working with terms as a part of professionally oriented learning], Mezhdunarodny`j zhurnal gumanitarny`x i estestvenny`x nauk, (6-2). pp. 99-104. https://doi.org/10.24412/2500-1000-2024-6-2-99-104 (in Russian)

Proxorova A.A. i Vinogradova E.E. (2025). Ispol`zovanie cifrovy`x instrumentov vizualizacii pri rabote studentov texnicheskix special`nostej nad inoyazy`chnoj professional`noj terminologiej [The use of digital visualization tools when students of technical specialties work on foreign professional terminology]. Vestnik Permskogo nacional`nogo issledovatel`skogo politexnicheskogo universiteta. Problemy` yazy`koznaniya i pedagogiki,(1), pp. 84-96. https://doi.org/10.15593/2224-9389/2025.1.8 (in Russian)

Skibiczkaya, I.Yu. i Skibiczkij, E`.G. (2024) Delovoe obshhenie : uchebnik i praktikum dlya vuzov [Business communication : textbook and workshop for universities]. Moskva: Izdatel`stvo Yurajt. (in Russian)

Alsolami, A. S. (2022). 'Teachers of Special Education and Assistive Technology: Teachers' Perceptions of Knowledge, Competencies and Professional Development'. *Sage Open*, 12(1). https://doi.org/10.1177/21582440221079900

Bekmurat, A.T. and Autayeva, A.N. (2025) 'The application of adapted applied behavior analysis therapy for developing lexical and semantic skills in preschool children with autism spectrum disorder', European Journal of Educational Research, (14(4)), pp. 1047–1062. https://doi.org/10.12973/eu-jer.14.4.1047

Bordovskaya, N.V. and Koshkina, E.A. (2016) 'Structural-functional Model of Terminological Competence of the Professionals', Man and Education, (3(48)), pp. 4–11. https://doi.org/10.21638/11701/spbu16.2016.408

Ermolaeva, Zh.E. (2014) 'Formation of the terminological culture of cadets and students of the State Fire Academy of the EMERCOM of Russia in training «Fire Safety»', Historical and Socio-Educational Thought, (6(6–2)), pp. 85–89. https://doi.org/10.17748/2075-9908-2014-6-6_2-85-89

Kaskatayeva, B. (2014) 'Pedagogical conditions for forming the research competency in future teachers of mathematics'. Rural Environment. Education. Personality, (7–8), pp. 103–109. Available at: https://llufb.llu.lv/conference/REEP/2014/Latvia-Univ-Agricult-REEP-2014proceedings-103-109.pdf (Accessed: 02 December 2025)

Kudaibergeneva, K., Orakova, A., Akhmetova, K., Sainova, L. and Sibagatova, G. (2016) 'Formation of the key professional-pedagogical competencies of the teacher in modern conditions'. Procedia – Social and Behavioral Sciences, 233, pp. 219–224. Available at: https://dialnet.unirioja.es/servlet/articulo?codigo=7361114 (Accessed: 02 December 2025)

Movkebayeva Z., Syuy-fu-shun N., Khamitova D. and Duzelbayeva A. (2024) 'Stigma In Teachers' Speech: The Influence of Medical Terminology on Perception of Special Educational Needs'. *Eurasian Journal of Educational Research (EJER)* (7-8) – 113 p. https://doi.org/10.14689/ejer.2024.113.19

Platonova, M. (2022) 'Decoding terminological awareness: developing terminological competence', Research in Language, (20), pp. 327–347. https://doi.org/10.18778/1731-7533.20.4.02

Sharhun, T., Zhukova, A., Levko, M., Tarasiuk, I. and Voloshyn, M. (2013). 'Lexical Approach and Terminology in Developing Professional Competence: A Case Study in Ukrainian Higher Education'. *Journal of Education and Training Studies*, (20), pp. 171–183. https://doi.org/10.11114/jets.v14i2.8250

Yerzhanova G., Autayeva A., Mazhinov B., Iralina M. and Nishanbayeva S. (2025) 'Features of the development of research competence in future special education teachers'. *Front.Educ.* pp. 01–13. https://doi.org/10.3389/feduc.2025.1610757

Авторлар туралы мәлімет:

Баймухамет Р.Б. – хат-хабар авторы, докторант, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Төле би көшесі 31, 050000, Алматы, Қазақстан

Аутаева А.Н. – психология ғылымдарының кандидаты, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің қауымдастырылған профессоры, Төле би көшесі 31, 050000, Алматы, Қазақстан

Информация об авторах:

Баймухамет Р.Б. – автор для корреспонденции, докторант Казахского национального педагогического университета имени Абая, ул. Толе би, 31, 050000, Алматы, Казахстан

Аутаева А.Н. – к.п.н., ассоцированный профессор Казахского национального педагогического университета имени Абая, ул. Толе би, 31, 050000, Алматы, Казахстан

Information about the authors:

Baymukhamet R.B. – corresponding author, doctoral student, Abai Kazakh National Pedagogical University, 31 Tole Bi Street, 050000, Almaty, Kazakhstan

Autayeva A.N. – Candidate of Psychological Sciences, Associate Professor, Abai Kazakh National Pedagogical University, 31 Tole Bi Street, 050000, Almaty, Kazakhstan

GUMILYOV JOURNAL OF PEDAGOGY
ISSN: 3080-1710. ISSN (Online): 3104-462X

ҒТАМР 14.35.07
Шолу мақаласы

https://doi.org/10.32523/3080-1710-2026-155-2-59-71

ПЕДАГОГ-ПСИХОЛОГТЕРДІҢ КӘСІБИ ЦИФРЛЫҚ ҚҰЗІРЕТТІЛІГІН ДАМЫТУДЫҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ

А.Е. Дарменова*[1], Ф.Н. Жумабекова[2]

[1,2]Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университеті, Астана, Қазақстан

*E-mail: *[1]asto1977@mail.ru, [2]zhumabekova_fn@enu.kz)*

Аңдатпа. Мақалада қазіргі кезеңнің өзекті мәселелерінің бірі ретінде мемлекеттік саясаттың басымдықтарына айналған цифрландыруды жүзеге асыру барысында болашақ мамандардың кәсіби цифрлық құзыреттілігін дамытудың маңыздылығы талқыланған. Цифрлық құзіреттілік білім беру үдерісінде ақпараттық коммуникациялық технологияларды тиімді пайдалану, білім алушылармен өзара әрекеттестікті ұйымдастыру және кәсіби міндеттерді шешуде инновациялық тәсілдерді қолдау қабілеттерін қамтиды. Педагог-психологтің кәсіби жұмысы тек білім беру мазмұнын жеткізумен шектелмей, білім алушылардың психологиялық даму ерекшеліктерін ескере отырып, цифрлық ортада қолайлы оқу атмосферасын қалыптастыруды, оқыту үдерісін даралауды, цифрлық диагностика мен кеңес беру құралдарын қолдануды қамтиды. Авторлар педагог-психологтың цифрлық құзіреттілігі кәсіби табыстылықтың, білім сапасының және психологиялық қызметтің тиімділігінің негізгі көрсеткіші екендігін атап өтеді. Мақалада зерттеу мәселесіне сәйкес, теориялық талдаулар, әдістемелік мүмкіндіктер және тәжірибедегі қолданулар сипатталып, бірқатар ұсыныстар мен қорытынды тұжырымдар жасалған. Болашақ педагог-психологтардың кәсіби құзыреттілігін дамытудың тиімді әдістері, кезеңдері, компоненттері, деңгейлері, көрсеткіштері мен өлшемдері, модельдері және бағыттары, сондай-ақ олардың әлеуметтік-психологиялық жұмыстарды атқаруға дайын болу мәселелері атап көрсетілген. Зерттеу нәтижелері педагог-психологтің кәсіби құзіреттілігін арттыруда цифрлық сауаттылықты дамыту басты басымдықтардың бірі екенін айқындайды.

Түйін сөздер: цифрлық құзыреттілік, цифрландыру, цифрлық білім беру ресурстары, кәсіби даму, цифрлық дағдылар, психологиялық қолдау.

Түсті: 16.10.2025; Мақұлданды: 15.06.2026; Онлайн қолжетімді: 30.06.2026

*хат-хабар авторы

Кіріспе

Мемлекет басшысы 2021 жылғы 1 қыркүйектегі «Халық бірлігі және жүйелі реформалар – елдің өркендеуінің берік негізі» атты Жолдауында цифрландырудың маңыздылығын ерекше атап өтті: «... қазіргі әлемде бәсекеге қабілеттіліктің басты факторларының бірі – цифрландырудың барынша дамуы. Цифрлық экономика мен білім беруді дамыту – мемлекеттік саясаттың маңызды басымдықтары.» Президент сапалы мамандар даярлау қажеттігін атап өтіп, білім берудегі кәсіби дайындықтың жоғары болуына, Қазақстанның цифрлық хабқа айналуына қажетті кадрлық әлеуетті арттыруға ерекше назар аударды. Сонымен қатар, білім мен ғылым саласы уақыт талабына сай болумен бірге, әрқашан бір қадам алда жүріп, жаңа идеялар ұсынуы тиіс деген міндет қойылды (Токаев, 2021).

Осыған байланысты Қазақстан үшін заманауи цифрлық технологиялар трансферті мен Индустрия 4.0 элементтерін енгізу ерекше маңызды. Кәсіптік білім беру жүйесін цифрландырудың өзектілігі қазіргі заманның жаһандық үрдістерімен тікелей байланысты. Цифрлық экономика мен қоғамның талаптарына сай кәсіби білім беру жүйесін бейімдеу қажеттілігі айқын сезілуде.

Педагог өзінің кәсіби қызметін іске асыру барысында заман талаптарына сай жаңа, кеңейтілген және күрделі құзыреттерді меңгеруді қажет ететін өзгермелі жағдайларға тап болуда. Сонымен қатар, цифрлық ресурстар мен құрылғылардың кең таралуы және оқушыларға цифрлық білім алуға көмектесу жауапкершілігі педагогтардың өздерінің цифрлық құзыреттілігін дамыту қажеттілігін туындатады (Устин, 2020).

Жаһандық бәсекелестік, интернет және цифрлық технологияларды кеңінен қолдану 21-ғасыр экономикасының еңбек нарығында жаңа мәселелер туындатады деп болжануда. Жылдам цифрлық трансформация барлық дерлік жұмыс орындарында цифрлық технологиялармен жұмыс істеудің базалық практикалық дағдыларын меңгерумен қатар, оларды тиімді қолдана алатын цифрлық құзыреттердің белгілі бір деңгейін талап етеді. Осылайша, 21-ғасырда жұмыс берушілер тарапынан жоғары білікті мамандарға деген сұраныс артып келеді (Ester van Laar, 2019).

Осыған байланысты цифрлық ортада оқу процесін ұйымдастыру дағдыларын меңгерген, кәсіби қызметінде цифрлық технологияларды қолдану қабілеті мен дағдысы бар, «цифрлық ұрпақтың» ерекшеліктерін түсінетін және оларды оқыту мен тәрбиелеу әдістерін білетін болашақ педагогтерді даярлау мәселесі өзекті болып отыр. Бұл тақырып ғылыми-педагогикалық зерттеулердің нысанына айналып, қоғамда кең талқылануда (Яковлева, 2021).

Осылайша, бүгінгі күннің өзекті мәселелерінің бірі - цифрлық ұрпақпен жаңа заман талабына сай жұмыс істей алатын, кәсіби тұрғыдан жан-жақты дамыған және цифрлық сауатты тұлға ретінде педагог-психологтардың цифрлық құзыреттілігін қалыптастыру.

Білім берудің цифрлық трансформациясы білім беру үдерісінде әрбір қатысушыдан жоғары деңгейдегі цифрлық құзіреттілікті талап етеді. Болашақ педагог-психологтердің цифрлық технологияларды білуі және олармен жұмыс істей білуі маңызды. Педагог-психологтар кәсіби қызметінде интерактивті мазмұн және интерактивті бейнеден тұратын презентациялар құруға арналған құралдарды пайдаланады. Олар инфографика элементтері мен аудио-видео бейнелерді өңдеу элементтерін меңгереді. Мамандар өз жұмыстарында білімдік онлайн қызметтерді білуі керек және өз қызметінде әртүрлі фобиялар мен қорқыныштардың алдын алу, мазасыздық пен депрессияны диагностикалау және т.б қосымшаларды қызметінде қолдана білуі керек. Осыған байланысты цифрлық білім беру ортасында педагог-психологтардың кәсіби цифрлық құзыреттілігін қалыптастыру мәселесі өзекті болып отыр. Бұл жоғары білікті мамандарды даярлау міндеттерін тиімді орындауға мүмкіндік береді.

Заманауи педагогтардың кәсіби құзыреттілігінің өзектілігі мен маңыздылығы, соның ішінде цифрлық сауаттылық, ЮНЕСКО-ның жаңа ұсыныстарында да ерекше атап өтілген. Білім алушылардың тұлғалық дамуына және олардың эмоционалдық жай-күйін жақсартуға бағытталған жұмыстар жүргізетін педагог-психологтарға үлкен жауапкершілік жүктеледі. Сондықтан бұл мамандықты меңгерген студенттердің университет қабырғасында барлық қажетті құзыреттерді толық меңгеріп, өз-өзіне сенімді маман ретінде қалыптасып шығуы аса маңызды.

Сонымен, цифрлық құзіреттілік болашақ педагог -психологтарға заманауи ақпараттық кеңістікте табысты болуға, ақпаратты басқаруға, жедел шешім қабылдауға, маңызды өмірлік құзіреттерді (қосымша

білім, дағдылар, қабілеттер мен қатынастар) қалыптастыруға мүмкіндік береді. Олардың ішінде, АКТ мен жұмыс істеудің техникалық дағдылары, цифрлық білім білім беру ресурстарын оқу үдерісінде қолдану және ақпараттық-коммуникациялық технологиялар арқылы білім беру және тәрбие үдерісін жоспарлау, талдау және басқару мүмкіндіктері маңызды рөл атқарады.

Болашақ педагог-психологтердің кәсіби іс-әрекетке қажетті цифрлық құзіреттілік деңгейіне жетуі цифрлық білім беру ортасында оқу үдерісін ұйымдастыру дағдыларын ғана емес, сонымен қатар осы саладағы цифрлық технологияларды меңгеру, оны қолдану іскерлігі мен біліктілілігін қалыптастыру ерекшеліктерін де қамтиды.

Зерттеудің негізгі мақсаты – «болашақ педагог-психологтың кәсіби цифрлық құзыреттілігі» ұғымының мәнін ашу, оның құрылымдық компоненттерін анықтап, теориялық тұрғыдан негіздеу.

Мұнда ұсынылған зерттеу аясында шолудың мақсатын анықтауды, ғылыми мәліметтер базасы бойынша әдебиеттерді іздеуді, деректерді алуды, деректерді талдауды және тұжырымдарды қамтитын әдебиеттерге шолу жасалды.

Әдебиеттерге шолу

Цифрлық құзыреттіліктің мәнін ашуда ғылыми әдебиеттерге талдау цифрлық құзыреттілік түсінігін анықтаудың әртүрлі тәсілдері бар екенін көрсетеді. Бірқатар ғылыми еңбектерде цифрлық құзыреттіліктің құрылымы мен мән мағынасы талданған.

Теориялық және әдістемелік негіздерін зерттеу барысында цифрландыру және педагогтың цифрлық құзыреттілігі саласындағы еңбектер (Е.Ы. Бидайбеков, Г.Қ. Нұрғалиева, Е.А. Әбілқасымова, С.Д. Каракозов, И.В. Роберт, Е.И. Рассказова, Г.У. Солдатова және т.б.) зерттелді. Сонымен қатар, бағдарламалық құралдарды қолдану әдістемесі бойынша ғалымдардың еңбектері талданды (Е.В. Артықбаева, Г.А. Мадьярова, Ж.М. Түсібаева және т.б.).

Ж.Акпарованың пікірінше цифрлық құзыреттілік дегеніміз – ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану арқылы түрлі мәселелерді тиімді шешу қабілеті. Автор цифрлық құзыреттілікті тек техникалық дағдылар жиынтығы емес, сонымен бірге ақпаратты басқару, педагогикалық процесті цифрлық құралдар арқылы тиімді ұйымдастыру, оқушылармен және әріптестермен заманауи коммуникация орнату қабілеті ретінде түсіндіреді (Акпарова, 2021).

К.Д.Бузаубакова және У.Т. Нурманалиева **қашықтықтан білім беру жағдайында болашақ педагогтердің цифрлы-креативті құзыреттіліктерін қалыптастырудың маңыздылығын** атап көрсетеді. Олар педагогтердің кәсіби даярлығы қазіргі заманда тек цифрлық құралдарды меңгерумен шектелмей, **креативті ойлау**, **инновациялық тәсілдерді қолдану**, **сандық ортада еркін әрекет ету** қабілеттерін де қамтуы тиіс екенін жазады (Бузаубакова және Нурманалива, 2021).

Ж.И.Сардарова және басқалары цифрлық білім беру ресурстарын меңгеру мен қолдану болашақ педагогтердің ақпараттық-коммуникативтік құзыреттілігін арттырып қана қоймай, олардың педагогикалық шығармашылығын дамытатынын және білім беру үдерісінің тиімділігін арттыратынын көрсетеді. Цифрлық ресурстарды мақсатты әрі жүйелі пайдалану студенттердің танымдық белсенділігін күшейтіп, кәсіби іс-әрекетке инновациялық көзқарас қалыптастырады деп тұжырымдайды (Сардарова және басқалары 2023)

Н.В. Носкова мен Л.А. Петрова педагог-психологтың цифрлық құзыреттілігін «білім беру процесінде дәстүрлі оқытудан артықшылықтары бар цифрлық технологияларды қолдану дағдылары» деп анықтай отырып, цифрлық технологиялардың мүмкіндіктерін сипаттайды (Носкова және Петрова 2018)

Т.В. Никулина мен Е.Б. Стариченконың пікірінше, білім берудегі цифрландыру оқыту процесінің үздіксіздігін қамтамасыз етуге (*life long learning*) және оны үлкен деректер (*big data*), виртуализация, виртуалды және толықтырылған шындық (*VR, AR*), бұлттық есептеулер, мобильді технологиялар және т.б. озық оқыту технологиялары негізінде дараландыруға бағытталған (*advanced learning technologies*). Цифрлық технологияларды тиімді пайдалану студенттерді өз бетінше ізденуге, ақпаратты таңдауға және жобалық іс-шараларға қатысуға тарту арқылы 21-ғасырдың кәсіби құзыреттерін, оның ішінде болашақ мамандардың кәсіби құзыреттілігін қалыптастырады (Никулина және Стариченко, 2018)

Б.С. Байменова, К.М. Габдуллина педагог-психологтердің кәсіби даярлығында цифрлық құзыреттілікті дамыту басты компоненттердің бірі ретінде анықтап, студенттердің ақпараттық және цифрлық дағдыларын қалыптастыру - олардың заманауи технологияларды меңгеріп, кәсіби қызметте тиімді қолдануы үшін қажет маңызды шарт екені атап өтіледі. Авторлар дәстүрлі оқыту әдістерін цифрлық ортаға бейімдеп, білім беру бағдарламаларын жаңарту қажеттігін ұсынады (Байменова және Габдуллина, 2022).

Бірқатар шетелдік ғылыми еңбектерде цифрлық құзыреттіліктің құрылымы талданған. Шетелдік ғалым Хосе Антонино Мартинес -Доминго цифрлық платформалар мен әлеуметтік желілерді, әсіресе Instagram-ды білім беру үдерісіне енгізу оқыту мен қарым-қатынасты тиімді ұйымдастыруға, студенттердің цифрлық құзыреттілігін дамытуға ықпал ететінін, әлеуметтік желілер оқу құралы ретінде пайдаланылғанда, болашақ мұғалімдердің коммуникация және ынтымақтастық дағдылары айтарлықтай жақсаратынын жазады (Jose Antonio Martinez- Domongo, 2025).

Тағы бір шетелдік ғалым Любка Алексиева университеттерде ақпараттық-коммуникациялық технологиялар пәндері мен педагогикалық пәндердің өзара байланысы әлсіз екенін, оқытушылардың басым бөлігі дәстүрлі әдістерге сүйенетінін және цифрлық құзыреттілікті қалыптастыруға бағытталған нақты стратегиялардың аз екенін атап көрсетеді. Автор бұл олқылықтарды жою үшін оқу бағдарламаларына АКТ мен педагогикалық пәндерді өзара ықпалдастыра енгізуді, оқытушылардың кәсіби цифрлық біліктілігін дамытуға арналған арнайы курстарды ұйымдастыруды және DigCompEdu негізінде цифрлық құзыреттерді дамытуға бағытталған модульдерді оқу процесіне міндетті түрде қосуды ұсынады (Aleksieva, 2025).

Жоғарыдағы зерттеулершілердің ғылыми көзқарастарын талдау, цифрлық құзіреттілікті жеке тұлғаның ақпарттық қажеттілікті анықтау, ақпартты іздеу, ақпараттың барлық нысандары мен көріністерінде жұмыс істеу қабілетін көрсететін интергративті білім ретінде қарастырылатынын көрсетеді.

Жоғары білім беру жүйесін цифрландыру жағдайында болашақ педагог-психологтердің кәсіби цифрлық құзіреттілігі бұл құбылысты зерттеудегі жүйелік іс-әрекеттік тәсіл ерекше өзектілікке ие.

Материалдар мен әдістер

Зерттеу жұмысына дереккөздер базасын іздестіру, зерттеу жұмысы барысының негізі болып табылады. Зерттеу материалы ретінде зерттеу тақырыбына сай отандық және алыс-жақын шетелдік ғалымдардың тәжірибелерінің нәтижелері, ғылыми зерттеулері, авторлардың ғылыми мақалалары қолданылды. Зерттеуіміздің негізгі әдістері әртүрлі көздерден алынған ақпаратты талдау және синтездеу. Ол келесі әдістер мен тәсілдерді қамтиды. Әдебиеттерге жүйелі шолу: тақырып бойынша жарияланған ғылыми жұмыстарды зерттеу және сыни талдау. Ғылыми мақалалардан, кітаптардан, конференциялардан және басқа көздерден ақпарттаы іздеуді, іріктеуді және синтездеуді қамтиды, ғылыми әдебиеттерде ұсынылған «цифрлық құзіреттілік» ұғымының мазмұнын анықтау тәсілдеріне теориялық талдау жасалды. Зерттеу жүйелік-іс-әрекеттік тәсілге (Б.Ю. Бернадский, Л.С. Выготский, А.Н. Леонтьев, И.С. Якиманская) және құзыреттілікке негізделген тәсілге (Е.В. Бондаревская, А.А. Деркач, И.А. Зимняя, Н.В. Кузьмина және т.б.) сүйенеді.

Ғылыми зерттеулер цифрлық құзыреттілікті анықтауда бірыңғай көзқарастың жоқтығын көрсеткенімен, оның кәсіби қызметке әсер ететін басты фактор екені айқын.

Тарихына үңілсек, «цифрландыру» терминінің өзі ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың қарқынды дамуына байланысты пайда болды. Давоссе Клаус Шваб, 1960-1980 жылдардағы алғашқы цифрлық революцияны «өнеркәсіптік» деп атады, оның катализаторы жартылай өткізгіш ЭЕМ, 60-70 жылдары – дербес компьютерлерді, 90 жылдары – интернет желісін дамыту болды деген пікірді ұстанады. Сонымен қатар автор төртінші өнеркәсіптік революцияға ауысу басталатындығын және ол мобильді ғаламтор желісі мен жасанды интеллектінің дамуына байланысты цифрлық технологияның кең ауқымына негізделетінін алдын ала пайымдаған еді.

Цифрлық құзыреттіліктердің маңыздылығын қашықтан оқыту жүйесі енгізілгеннен кейінгі оқытушының түбегейлі жаңа, цифрлық ортада жұмыс істеуге мәжбүр болуымен түсіндіруге болады. Бұл ортада оқытушы білім беру процесінің басқа қатысушыларымен – студенттермен, әріптестерімен, басшылық және әкімшілік өкілдерімен, сондай-ақ оқу процесіне қатысатын үшінші тұлғалармен цифрлық құралдар

арқылы өзара әрекеттесуі тиіс. Цифрлық ортада өзара іс-қимылдың дәстүрлі тәсілдерден түбегейлі өзгеше принциптерге негізделетінін ескеру маңызды.

Алайда көптеген педагогтар коммуникацияға дәстүрлі көзқарасты сақтай отырып, өз тәжірибелерін цифрлық ортаға қарапайым көшіруге тырысқаны байқалады. Бұл жаңа жағдайда тиімді жұмыс істеу үшін жаңа цифрлық құзыреттіліктердің қажет екенін көрсетеді.

Цифрлық құзыреттілікті қалыптастыру кезеңдері

Жоғары оқу орындарында цифрлық технологияларды енгізудің негізгі шарты – педагогтың цифрлық құзыреттілігін қалыптастыру. Цифрлық технологияны меңгерген педагог өз сабағын тиімді ұйымдастырып, дамыта алады. Бузаубакова К.Д. және Беделбаева А.Е. педагогтың цифрлық құзыреттілігін қалыптастырудың келесі кезеңдерін ұсынады (Бузаубакова және Беделбаева, 2024):

1.Диагностикалық кезең

-Мәселені анықтау және оның көкейкестілігін негіздеу;

-Қиындықтарды ашу және қарама-қайшылықтарды айқындау;

-Проблемаға байланысты әдебиеттерді талдау.

2.Прогностикалық кезең

-Мақсаттар мен міндеттерді анықтау;

-Болжамдар жасау;

-Күтілетін нәтижелерді жоспарлау.

3.Ұйымдастырушылық кезең

-Эксперимент бағдарламасын дайындау;

-Материалдық базаны қалыптастыру;

-Әдістемелік құралдармен қамтамасыз ету.

4.Қорытынды кезең

-Алынған нәтижелерді өңдеу және талдау;

-Мақсат пен нәтижелердің арақатынасын бағалау;

-Болжамдарды түзету;

-Алынған нәтижелерді көрнекі түрде ұсыну.

Нәтижелерді шығару: бұл кезеңде рефераттар, баяндамалар, мақалалар, бағдарламалар, дидактикалық құралдар, әдістемелік нұсқаулар және басқа да оқу-әдістемелік материалдар дайындалады. Мұндай іс-шаралар педагогты жаңашылдыққа ынталандырып, өзінің кәсіби іс-тәжірибесін қалыптастыруға және ғылыми негіздеуге мүмкіндік береді.

Кәсіби цифрлық құзыреттілік деңгейлері

Педагогтың кәсіби цифрлық құзыреттілігін дамыту үш деңгейде жүзеге асады:

1.Жоғары деңгей – шығармашылық-идеялық: оқу-тәрбие процесінде жаңа ғылыми идеяларды шығармашылық тұрғыдан қолдану.

2.Орташа деңгей – өзгертуші-қозғаушы: ғылыми идеяларды репродуктивтік тәсілмен, шығармашылық элементтермен біріктіру.

3,Төменгі деңгей – репродуктивтік: оқу мен тәрбие үдерісін жеткілікті түрде қорытындылай алмай, жаңа әдістерді үстірт қолдану.

Бұл деңгейлер болашақ педагог-психологтардың кәсіби цифрлық құзыреттілігін дамытуда сапалы өсу динамикасын көрсетеді және зерттеу барысында нақты іске асырылады.

Шет елдік зерттеулерде цифрлық құзыреттерді дамытудағы заманауи модельдер ұсынылыған. Цифрлық құралдарды тиімді қолдану арқылы білім беру ортасын инновациялық әрекеттермен қамтамасыз етуге бағытталған педагогтің цифрлық құзыреттерінің сипаттамасы Еуропалық модельде *Digital Competence of Educators (DigCompEdu)* ұсынылған (Redecker, 2017). Бұл модельде цифрлық құзыреттілікті дамытуға арналған 22 құзырет пен 6 бағыт қамтылған.

*1.Кәсіби өзара әрекеттесу***.** Бұл бағыт цифрлық технологияларды қолдану арқылы білім беру процесінің субъектілері (педагогтар, студенттер және олардың ата-аналары) арасында тиімді кәсіби өзара әрекеттесу дағдыларын дамытуға бағытталған. Сондай-ақ, педагогтың өзін-өзі дамыту қабілеті мен цифрлық ресурстарды пайдалану тәжірибесін жетілдіруі қарастырылады.

2.Цифрлық білім беру ресурстарын *іздеу және жасау.* Педагогтардың цифрлық ресурстарды мақсатқа сай таңдай білуі, оларды білім беру қажеттіліктеріне бейімдеуі және қауіпсіз қолжетімділікті қамтамасыз ету қабілеті маңызды.

3.Цифрлық құралдарды оқу-тәрбие процесінде пайдалану. Бұл бағыт педагогтің оқушылармен өзара әрекеттесуді ұйымдастыру, топтық жұмысқа жетекшілік ету және оқушылардың жеке ерекшеліктерін ескере отырып, оқыту процесін дараландыру қабілеттерін дамытуды қамтиды.

4.Тиімді бағалау үшін цифрлық құралдарды пайдалану. Педагогтың цифрлық технологияларды қолдану арқылы дер кезінде кері байланыс орнатуы, сыни тұрғыдан бағалау қабілеті және оқушылардың оқу әрекеттерін талдау құзыреттері.

5.Студенттердің білім алу мүмкіндіктерін кеңейту. Білім беру процесін даралау және саралау принциптеріне негізделген цифрлық құралдарды пайдалану арқылы оқушылардың өзін-өзі дамытуына жағдай жасау.

*6.Цифрлық құзыреттілікті дамытуға қолдау көрсету***.** Бұл бағыт педагогтың ақпараттық және медиасауаттылығы, кәсіби қоғамдастықпен өзара әрекеттесу қабілеті және оқушылардың цифрлық технологияларды қолдануда кездесетін мәселелерін шешуге көмектесу дағдыларын қамтиды.

Педагог-психологтың кәсіби қызметінің сипаттамасы. Педагог-психолог цифрлық құзыреттіліктерін дамыта отырып, келесі кәсіби функцияларды жүзеге асырады:

-Ақпараттық функция– білім беру процесінде ақпарат беру.

-Дамытушылық функция– ойлау қабілетін, тілдік дағдыларды дамыту.

-Мобилизациялық функция– оқу және тапсырмалардың орындалуын бақылау.

-Қалыптастырушылық функция– сабақ және сыныптан тыс іс-шаралар ұйымдастыру.

-Цифрлық құзыреттіліктің негізгі компоненттері. О.В. Дудина мен Д.В. Горбунова педагог-психологтың кәсіби қызметінде цифрлық құралдарды пайдалану қажеттігін атап көрсетіп, цифрлық құзыреттіліктің құрамдас бөліктерін анықтады:

Цифрлық тұтыну– күнделікті өмірде және кәсіби қызметте интернет және бұлттық технологияларды қолдану дағдылары.

Цифрлық сауаттылық– ақпаратты тиімді іздеу, талдау және сенімді дереккөздермен жұмыс істеу қабілеті.

Цифрлық этика– ақпараттық кеңістіктегі жауапкершілік және әлеуметтік деструктивті ақпараттың таралуына қарсы әрекет ету принциптері.

Цифрлық қауіпсіздік– техникалық құралдармен қауіпсіз жұмыс жасау дағдылары.

Цифрлық құзыреттіліктің маңыздылығының өзі болашақ педагог-психологтарға заманауи ақпараттық кеңістікте табысты болуға, ақпаратты басқаруға, шешім қабылдауға, кәсіби дағдылар мен құзыреттерді дамытуға мүмкіндік береді. Бұл АКТ құралдарын қолдану, цифрлық ресурстарды оқу процесінде пайдалану және білім беру үдерісін тиімді жоспарлау, талдау және басқару қабілеттерін қамтиды (Дудина және Горбунова, 2022).

Болашақ педагог-психологтардың цифрлық құзыреттілікке жетуі тек оқу процесін ұйымдастыру дағдыларын ғана емес, цифрлық технологияларды меңгеру және оны кәсіби қызметте қолдану іскерлігін де қамтиды. Осыған байланысты мамандандырылған қызметке сәйкес оқу процесін ұйымдастыру маман даярлау жүйесінің ажырамас бөлігі болып табылады.

Кәсіби цифрлық құзыреттілікті айқындау барысында отандық және шетелдік ғалымдардың еңбектері мен нормативтік құжаттар негізінде болашақ педагог-психологтың кәсіби цифрлық құзыреттілігін қалыптастыру мен дамытуға арналған **критерийлер мен көрсеткіштер жүйесі** әзірленді. Бұл жүйе цифрлық құзыреттілікті жан-жақты сипаттай отырып, ақпараттық-технологиялық, коммуникативтік, педагогикалық-әдістемелік, рефлексивтік-бағалау және құқықтық-этикалық бағыттарды қамтиды. Көрсеткіштер болашақ маманның цифрлық дағдыларының даму деңгейін айқындауға және оларды диагностикалау мен жетілдіруге әдістемелік негіз бола алады.

1-кесте. Педагогтің цифрлық құзыреттілігін дамыту критерийлері мен көрсеткіштері

Критерий	Көрсеткіштер	Бағалау деңгейі
Ақпараттық-технологиялық	-Ақпаратты іздеу, іріктеу және талдау дағдысы - Цифрлық құралдар мен бағдарламаларды кәсіби мақсатта қолдану - Электрондық білім беру ресурстарымен (LMS, тесттер, презентациялар) жұмыс істей білу	Төменгі, орташа, жоғары
Коммуникативтік	-Цифрлық ортада кәсіби қарым-қатынас орната білу -цифрлық платформалар арқылы кері байланыс орнату - Цифрлық этика негіздерін білу	Төменгі, орташа, жоғары
Педагогикалық-әдістемелік	- цифрлық құралдарды оқу процесіне мақсатты енгізу -цтфрлық білім беру ортасын жобалау -белсенді әдістермен (геймификация, онлайн симулияциялар) ұштастыра білу	Төменгі, орташа, жоғары
Рефлексивтік- бағалау	-Өз цифрлық деңгейін бағалау - студенттердің дағдыларын диагностикалау -цифрлық тәжірибені талдау және жетілдіру	Төменгі, орташа, жоғары
Құқықтық және этикалық	-авторлық құқық пен дербес деректерді қорғау -интернеттегі кәсіби этиканы ұстану -Ақпараттық қауіпсіздік ережелерін қолдану	Төменгі, орташа, жоғары

Ескерту: деректер негізінде жасалған (Носкова Н.В., Петрова Л.А., 2021 және басқалар).

Осыған орай, болашақ педагог-психолог мамандар тәжірибеде төмендегідей әлеуметтік- психологиялық жұмыстарды атқаруға дайын болып бару қажет:

- әлеуметтік-психологиялық ағарту шаралары. Дәріс, семинар түрлеріндегі ақпараттық іс-шаралар. Дәріс мазмұны нақты мысалдарды бейнелейтін көрнекіліктермен, озық техникалық мүмкіндіктерді цифрлық құзіреттілікті дамытумен тығыз байланыстыра алуы керек;

- педагогикалық-психологиялық кеңестер жеке сипат алуы керек. Нақты мәселе бойынша берілетін кеңестер мәселенің шешілуіне сендіре білу арқылы кәсіби білікті түрде жүзеге асырылуы тиіс.

- «Ашық әңгіме» пікірталасы – ортақ мақсат біріктірген ата-аналардың көңіліндегі түйіткілдерін ортаға салып, бір-бірімен пікір алмасу;

- психогимнастика – бұл білім алушының көңіл-күйін реттеуге арналған жаттығулар кешені. Негізгі мақсаты – қарым-қатынас барысындағы кедергілерді жеңу, өзін және басқаларды түсіне білуін жетілдіру, өзін-өзі таныта білу мүмкіндіктерін жасауда цифрлық жүйені пайдалану арқылы қызығушылықты арттыру;

- педагогикалық-психологилық тренинг – қолданбалы психология ғылымының белсенді әдістерінің бірі. Басты мақсаты – қарым-қатынас іскерлігін дамыту, сезімталдықты жетілдіру және мінез-құлықты реттеуге бағыттау (Төлешова, 2012).

Нәтижелер мен талқылау

Қазіргі заманғы коммуникация құралдары қарым-қатынас формаларына шексіз таңдау бере алады. Бейнеконференциялар мен мессенджерлердің арқасында үйде, кеңседе отырып-ақ маманмен сөйлесе аласыз. Планетаның кез келген жерінде отырып кез келген ақпаратқа және адамдармен қарым- қатынасқа тәулік бойы қол жеткізе аламыз. Сонымен қатар, мобильді қосымшалар-адамның өзін-өзі танудағы өзіндік прогресті түсіруге мүмкіндік береді, ықтимал қауіптерден сақтандырады.

Қазіргі болашақ педагог-психологтардың кәсіби даярлығы цифрлық ортада жүзеге асады. Цифрлық технологияларды тиімді қолдану олардың кәсіби қызметінің маңызды құрамадас бөлігі болып табылады. Бұл технологиялар психологиялық диагностика, кеңес беру, түзету және оқыту үдерісін заманауи деңгейде ұйымдастыруға мүмкіндік береді.

Болашақ педагог-психолог өз тәжірибесінде түрлі цифрлық құралдарды қолданады. Мысалы, ақпараттық білім беру платформалары – Moodle, Google classrom, Microsoft teams сияқты жүйелер оқушылармен кері байланыс орнатуға, оқу материалдарын таратуға және оқу нәтижелерін бағалауға мүмкінік береді. Бейнебайланыс пен комммуникация құралдары - Zoom, Google Meet, WhatsApp секілді бағдарламалар арқылы онлайн форматта психологиялық кеңес беру, вебинарлар мен тренингтер өткізу жиі қолданылады.

Сонымен қатар, цифрлық психодиагностикалық құралдар да аса маңызды орын алады. Болашақ педагог-психологтер PsyToolkit, Testograf, Google Forms сияқты онлайн тестілеу жүйелерін пайдалана отырып, психологиялық зерттеулер жүргізе алады және нәтижесін автоматты түрде өңдей алады.

Сонымен бірге мультимедиялық және визуалдық технологиялар- Canva, Prezi, Genially сияқты бағдарламалр арқылы көрнекті презентациялар мен бейнематериалдар дайындайды. Мұндай тәсілдер студенттердің қызығушылығын тудырып, сабақ тиімділігін арттырады.

Болашақ педагог-психологтардың кәсіби цифрлық құзыреттілігін дамытудың маңыздылығы олардың келесідей дағдыларды қалыптастыруына байланысты болады. Осыған орай төмендегідей **ұсыныстар** жасадық:

-*Цифрлық жүйені тиімді пайдалану дағдылары.* Балаларға, оқушыларға, студенттерге барлық оқыту кезеңдерінде жеке көмек көрсету үшін педагогикалық-психологиялық зерттеулерді жүзеге асыруда цифрлық технологияларды пайдалану.

-*Ақпараттық сауаттылықты арттыру*. Психология ғылымының жетістіктеріне сүйене отырып, АКТ мен цифрлық жүйелерді қолдану арқылы мектеп оқушылары мен студенттердің әртүрлі жас кезеңдерінде тұлғалық, интеллектуалдық дамуына ықпал ету.

-*Психологиялық қызмет көрсету.* Білім беру ұйымдарының әкімшілігі мен педагогтердің сұранысына сәйкес, ата-аналармен және әріптестермен психологиялық сақтандыру, диагностика, түзету және кеңес беру жұмыстарын жүргізуде цифрлық жүйелерді қолдану. Бұл қызмет білім алушылардың эмоциялық, интеллектуалдық және тұлғалық ерекшеліктерін, қызығушылықтары мен қажеттіліктерін ескеруді қамтиды.

-*Педагогикалық кеңестер мен консилиумдарға қатысу.* Педагогикалық кеңестер мен әдістемелік бірлестіктердің жұмысына қатысу, негізгі мәселелерді шешуге арналған консилиумдар мен кеңестерге қажетті ақпараттарды цифрлық жүйеде дайындау.

-Педагог-Психолог кабинетін ұйымдастыру. Мектеп психологы ретінде кабинет жабдықтау, құжаттарды дұрыс сақтау және цифрлық жүйелерді тиімді пайдалану арқылы кәсіби құзыреттілікті арттыру.

Диагностикалық қызметтерді меңгеру. Болашақ педагог-психологтар цифрлық ресурстарды пайдалана отырып, келесідей диагностикалық қызметтерді жүргізуге дағдылануы керек:

-Психодиагностика. Тұлға туралы жан-жақты ақпарат жинау.

*-Психопрофилактика.*Дезадаптацияның алдын алу, психологиялық қиындықтарды жеңілдету және стресті төмендету бойынша жұмыстарды ұйымдастыру.

-Психокоррекция. Баланың психикасына мақсатты түрде әсер етіп, оны жас ерекшеліктеріне сай дамыту және тепе-теңдікке келтіру.

-Психологиялық кеңес беру. Мұғалімдерге, ата-аналарға және оқушыларға қажетті психологиялық ақпарат беру, өмірлік қиындықтарды шешуге және сапалы нәтижеге қол жеткізуге көмектесу.

-Психотерапия. Тұлғаның сапалық өзгерістеріне бағытталған жұмыстарды жүзеге асыру (психикалық ауытқулар болмаған жағдайда).

Бұл ұсыныстар мен қызметтер болашақ педагог-психологтардың кәсіби цифрлық құзыреттілігін дамытудың маңыздылығын көрсетеді. Цифрлық құзыреттілікті меңгеру арқылы болашақ мамандар білім беру ұйымдарында жоғары сапалы қызмет көрсетіп, осы бағыттағы өз құзыреттіліктерінің қажеттілігін терең түсінеді деп есептейміз.

Қорытынды

Жоғарыда берілген ақпараттар негізінде мақаламызды қорытындылай келе, педагогикалық-психологиялық қызмет білім саласында қашанда өзекті екенін атап өткіміз келеді. Бүгінгі Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайында оның да цифрландырылуы өте маңызды болып табылады. Қазіргі «цифрлар» әлемінде білім беру жүйесі, оның ішінде жоғары кәсіптік білім беру қарқынды өзгерістерге ұшырауда. Оқу құралдары, интерактивті тақталар, дауыс беру және тестілеу жүйелері, интерактивті панельдер мен планшеттер, сымсыз презентация жүйелері, электронды кітап оқу құрылғылары, бейнеконференция жүйелері, компьютерлік жүйелер, бейне проекциялық қабырғалар, жылжымалы бейне студиялар және дыбыс аппаратуралары сияқты техниканы меңгеру болашақ педагог-психологтардың цифрлық құзыреттілігін дамытуда маңызды рөл атқарады. Осыған байланысты педагогикалық-психологиялық қызметті цифрландыру мәселесі жан-жақты қарастырылып, педагогикалық-психологиялық қызметтің мазмұнына сипаттама берілді. Бұл қызмет білім беру жүйесінде ғылыми, қолданбалы және практикалық бағыттарда үшке бөлініп талданады. Цифрлық құралдарды тиімді пайдалану арқылы болашақ мамандар педагогикалық-психологиялық қызметтің сапасын арттырып, білім беру саласындағы жаңа талаптарға сай бола алады. Ендеше, педагогикалық-психологиялық қызметті цифрландыру мәселесін қарастыруда педагогикалық-психологиялық қызметке сипаттама жасалды. Мұнда білім беру жүйесіндегі педагогикалық-психологиялық қызмет ғылыми, қолданбалы және практикалық болып үшке бөліп қарастырылды.

Ғылыми – білім берудегі психологиялық қызмет мәселелерінің зерттелуін, теориялық және әдіснамалық негіздемесін, психодиагностика жасау, қазіргі мектептегі білім берудің нақты жағдайына сай психологиялық білімді қолдану түрлері мен әдістерін дамыту немесе білім беру, білімдегі педагогикалық-психологиялық қызметтің аймақтық жүйесіндегі жұмыстарына тікелей қатысты және психологиялық түзетулерді қамтиды.

Қолданбалы – оқыту мен тәрбиенің, оқулықтың, дидактикалық және әдістемелік материалдардың, оқу бағдарламаларының психологиялық негіздерін жасау және оны талдауды қоса алғандағы барлық үрдістерін психологиялық жағынан қамтамсыз етеді.

Практикалық – психологтардың білім беру ұйымдарындағы: балабақшалар, мектептер, гимназиялар мен интернаттағы психологиялық қызметі сияқты еліміздің білім кеңістігіндегі біртұтас тікелей құрылым күйінде жобаланады. Бұлардың әрқайсысы білімдегі педагогикалық-психологиялық қызметтің тиімділігіне кепілдік бере отырып, өздеріне қатысты да тиісті мәселелерде бірлесіп жұмыс істеуді нақты білуі тиіс деп тұжырымдаймыз.

Алғыс айту

Зеттеу жұмысына ғылыми және әдістемелік тұрғыда қолдау көрсеткен мамандарға алғыс білдіреміз

Авторлардың қосқан үлесі:

Дарменова А.Е – әдістеме, түпнұсқа қарапайым нұсқасын жазу, визуализация, редакциялау.

Жумабекова Ф.Н – формалды талдау, редакциялау және сыни шолу.

Әдебиеттер тізімі

Акпарова, Ж. (2021). «Педагог қызметіндегі цифрлық құзыреттіліктің маңызы», Журнал «Известия КазУМОиМЯ имени Абылай хана», серии «Педагогические науки», 63 (4) https://doi.org/10.48371/PEDS.2021.63.4.009

Бузаубакова, К.Д., Беделбаева, А.Е. (2023). *Цифрлы білім беру ортасындағы педагогтің қызметі*: Педагогикалық білім беру бағдарламасымен білім алып жатқан болашақ педагогтерге арналған оқулық. Тараз: «ИП «Бейсенбекова Ә.Ж.». Қолжетімді: https://edu-collaboration.kz/images/document/digital-bilim-ped (қол жеткізілген күн: 2025 жылғы 15 қазан)

Дудина, О.В., Горбунова, Т.В. (2022). «Цифровая грамотность будущих педагогов-психологов», Журнал Чувашского государственного педагогического университета им. И.Я. Яковлева «Современные проблемы науки и образования», 5 https://doi.org/10.17513/spno.32040

Никулин С.В., Стариченко Е.В. (2018). «Информатизация и цифровизация образования: понятия, технологии, управление», Педагогическое образование в России.8, стр107-115. Қолжетімді: https://cyberleninka.ru/article/n/informatizatsiya-i-tsifrovizatsiya-obrazovaniya-ponyatiya-tehnologii-upravlenie(қол жеткізілген күн: 2025 жылғы 15 қазан)

Носкова, Н.В., Петрова, Л.А. (2021). «Цифровая компетентность современного педагога: от теории к инновационной практике», Проблемы современного педагогического образования. 68 (4). стр 45-49. Қолжетімді: https://cyberleninka.ru/article/n/tsifrovaya-kompetentnost-sovremennogo-pedagoga-ot-teorii-k-innovatsionnoy-praktike (қол жеткізілген күн: 2025 жылғы 15 қазан)

Сардарова, Ж.И., Кисметова Г.Н., Турежанова, Г.А., Саркулова, Д.С. (2023). Білім беруді цифрландыру жағдайында болашақ педагогтердің цифрлық білім беру ресурстарын пайдалану даярлығын қалыптастыру. Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті Хабаршысы. Педагогикалық ғылымдар сериясы. 1(70). https://doi.org/10.26577/JES.2022.v70.i1.04

Токаев, К-Ж. (2021). «Халық бірлігі және жүйелі реформалар – елдің өркендеуінің берік негізі». Қазақстан халқына Жолдау. 1 қыркүйек. Қолжетімді: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2100000628/history (қол жеткізілген күн: 2025 жылғы 15 қазан)

Толешова, Ұ. (2012). Психологиялық – педагогикалық жеке адам диагностикасы. Психология және педагогика мамандықтарының студенттеріне арналған оқу құралы. Алматы. Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ. Қолжетімді: https://lib.tau-edu.kz/wp-content/uploads/2022/05 (қол жеткізілген күн: 2025 жылғы 15 қазан)

Устин, П.Н., Сабирова, Э.Г, Гарипова, И.И. (2020). «Цифровые компетенции учителя как субъекта образовательной деятельности в его индивидуальной траектории развития».В.М. Бехтерев и современная психология личности. стр 205-217. Қолжетімді: https://dspace.kpfu.ru/xmlui/handle/net/160041 (қол жеткізілген күн: 2025 жылғы 15 қазан)

Яковлева, Е.В. (2021) Цифровая компетентность будущего педагога: компонентный состав. Научно-методический журнал «Концепт», 4. С. 46-57. Қолжетімді: https://e-koncept.ru/2021/211021.htm (қол жеткізілген күн: 2025 жылғы 15 қазан)

Ester van Laar, Alexander J. A. M. van Deursen, Jan A. G. M. van Dijk1, Jos de Haan. (2019) Determinants of 21st-century digital skills: A large-scale survey among working professionals. Computers in Human Behavior, 100, pp 93–104. https://doi.org/10.1016/j.chb.2019.06.017

Martinez-Domingo, J.A. (2025). Use of Instagram as an Educational Tool with Pre-Service Teachers and the Impact on Digital Competence in Communication and Collaboration. Education Sciences journal. 15(2) https://doi.org/10.3390/educsci15020149

Redecker, C. (2017). **European Framework for the Digital Competence of Educators: DigCompEdu**. Publications Office of the European Union, Luxembourg. Қолжетімді:https://publications.jrc.ec.europa.eu/repository/handle/JRC107466 (қол жеткізілген күн: 2025 жылғы 15 қазан)

Lyubka, A. (2025). Education: Exploring University Teacher Educators' Views and Practical Strategies. Education sciences. 15(4) https://doi.org/10.3390/educsci15040404

А.Е. Дарменова*[1], Ф.Н. Жумабекова[2]

[1,2]Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан

Актуальность развития профессиональной цифровой компетентности педагогов-психологов

Аннотация. В статье рассматривается важность формирования профессиональной цифровой компетентности будущих специалистов в условиях цифровизации, которая стала одним из приоритетов государственной политики как одна из актуальных проблем. Цифровая компетентность включает в себя способность эффективно использовать информационно-коммуникационные технологии в образовательном процессе, организовывать взаимодействие со студентами, поддерживать инновационные подходы в решении профессиональных задач. Профессиональная деятельность педагога-психолога не ограничивается предоставлением образовательного контента, но и включает в себя создание благоприятной атмосферы обучения в цифровой среде, учет особенностей психологического развития студентов, индивидуализацию процесса обучения, использование инструментов цифровой диагностики и консультирования. Авторы отмечают, что цифровая компетентность педагога-психолога является ключевым показателем профессиональной успешности, качества образования и эффективности психологических услуг. В соответствии с исследовательской проблемой в статье изложены теоретический анализ, методические возможности и практическое применение, а также сделан ряд рекомендаций и выводов. Выделены эффективные методы, этапы, компоненты, уровни, индикаторы и критерии, модели и направления развития профессиональной компетентности будущих педагогов-психологов, а также вопросы их готовности к социально-психологической работе. Результаты исследования свидетельствуют, что развитие цифровой грамотности является одним из основных приоритетов повышения профессиональной компетентности педагогов-психологов.

Ключевые слова: цифровая компетентность, цифровизация, цифровые образовательные ресурсы, профессиональное развитие, цифровые навыки, психологическая поддержка.

A.E. Darmenova*[1], F.N. Zhumabekova[2]

[1,2]L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan

The importance of developing professional digital competence of educational psychologists

Abstract. The article discusses the importance of developing professional digital competence of future specialists in the implementation of digitalization, which has become one of the priorities of state policy as one of the current issues. Digital competence includes the ability to effectively use information and communication technologies in the educational process, organize interaction with students, and support innovative approaches in solving professional tasks. The professional work of a teacher-psychologist is not limited to delivering educational content, but also includes creating a favorable learning atmosphere in a digital environment, taking into account the peculiarities of the psychological development of students, individualizing the learning process, and using digital diagnostics and consulting tools. The authors note that the digital competence of a teacher-psychologist is a key indicator of professional success, quality of education, and the effectiveness of psychological services. In accordance with the research problem, the article describes theoretical analyses, methodological opportunities, and practical applications, and makes a number of recommendations and conclusions. Effective methods, stages, components, levels, indicators and criteria, models and directions for developing the professional competence of future educational psychologists, as well as issues of their readiness to perform socio-psychological work, are

highlighted. The results of the study indicate that the development of digital literacy is one of the main priorities in improving the professional competence of educational psychologists.

Keywords: digital competence, digitalization, digital educational resources, professional development, digital skills, psychological support.

References

Akparova, J. (2021). «Pedagog qyzmetındegı sifrlyq qūzyrettılıktıñ mañyzy», [The importance of digital competence in teacher activities]: Zhurnal «Izvestija KazUMOiMJa imeni Abylaj hana», serii «Pedagogicheskie nauki», 63 (4)) https://doi.org/10.48371/PEDS.2021.63.4.009

Buzaubakova, K.D., Bedelbaeva, A.E. (2023). Sifrly bılım beru ortasyndağy pedagogtıñ qyzmetı: [The role of a teacher in a digital educational environment:] Pedagogikalyq bılım beru bağdarlamasymen bılım alyp jatqan bolaşaq pedagogterge arnalğan oqulyq.Taraz: «İP «Beisenbekova Ä.J.». Available at: https://edu-collaboration.kz/images/document/digital-bilim-ped (Accessed: 15 Oktober, 2025)

Dudina, O.V., Gorbunova, T.V. (2022). «Cifrovaja gramotnost' budushhih pedagogov-psihologov»,[Digital competence of future educational psychologists] Zhurnal Chuvashskogo gosudarstvennogo pedagogicheskogo universiteta im. I.Ja. Jakovleva «Sovremennye problemy nauki i obrazovanija»,5 https://doi.org/10.17513/spno.32040

Nikulin, S.V., Starichenko, E.V. (2018). «Informatizacija i cifrovizacija obrazovanija: ponjatija, tehnologii, upravlenie», [Informatization and digitalization of education: concepts, technologies, management] Pedagogicheskoe obrazovanie v Rossii.8, str107-115. Available at:

https://cyberleninka.ru/article/n/informatizatsiya-i-tsifrovizatsiya-obrazovaniya-ponyatiya-tehnologii-upravlenie(Accessed: 15 Oktober, 2025)

Noskova, N.V., Petrova, L.A. (2021). «Cifrovaja kompetentnost' sovremennogo pedagoga: ot teorii k innovacionnoj praktike»,[digital competence of a modern teacher: from theory to innovative practice] Problemy sovremennogo pedagogicheskogo obrazovanija. 68 (4). Str 45-49. Available at: https://cyberleninka.ru/article/n/tsifrovaya-kompetentnost-sovremennogo-pedagoga-ot-teorii-k-innovatsionnoy-praktike (Accessed: 15 Oktober, 2025)

Sardarova, J.İ., Kismetova, G.N., Turejanova, G.A., Sarkulova, D.S. (2023). Bılım berudı sifrlandyru jağdaiynda bolaşaq pedagogterdıñ sifrlyq bılım beru resurstaryn paidalanu daiarlyğyn qalyptastyru [Formation of readiness of future teachers to use digital educational resources in the conditions of digitalization of education]. Abai atyndağy Qazaq ūlttyq pedagogikalyq universitetı Habarşysy. Pedagogikalyq ğylymdar seriasy. 1(70). https://doi.org/10.26577/JES.2022.v70.i1.04

Tokaev, K-J.(2021). «Halyq bırlıgı jäne jüielı reformalar – eldıñ örkendeuınıñ berık negızı»[unity of the people and systematic reforms - a solid foundation for the country's prosperity].Qazaqstan halqyna Joldau. 1 qyrküiek. Available at: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2100000628/history (Accessed: 15 Oktober, 2025)

Toleşova, Ū. (2012). Psihologialyq – pedagogikalyq jeke adam diagnostikasy [Psychological– pedagogical individual diagnostics]. Psihologia jäne pedagogika mamandyqtarynyñ studentterıne arnalğan oqu qūraly. Almaty. Äl-Farabi atyndağy QazŪU. Available at: https://lib.tau-edu.kz/wp-content/uploads/2022/05 (Accessed: 15 Oktober, 2025)

Ustin, P.N., Sabirova, Je.G, Garipova, I.I. (2020). «Cifrovye kompetencii uchitelja kak sub#ekta obrazovatel'noj dejatel'nosti v ego individual'noj traektorii razvitija» [«Digital competence of the teacher as a subject of educational activity in his individual trajectory of development].V.M. Behterev i sovremennaja psihologija lichnosti. Str 205-217. Available at: https://dspace.kpfu.ru/xmlui/handle/net/160041 (Accessed: 15 Oktober, 2025)

Jakovleva E.V. (2021). Cifrovaja kompetentnost' budushhego pedagoga: komponentnyj sostav[Digital competence of the future teacher: component composition]. Nauchno-metodicheskij zhurnal «Koncept», 4. S. 46-57. Available at: https://e-koncept.ru/2021/211021.htm (Accessed: 15 Oktober, 2025)

Ester van Laar, Alexander J. A. M. van Deursen, Jan A. G. M. van Dijk1, Jos de Haan. (2019) Determinants of 21st-century digital skills: A large-scale survey among working professionals. Computers in Human Behavior, 100, pp 93–104. https://doi.org/10.1016/j.chb.2019.06.017

Martinez-Domingo, J. A. (2025). Use of Instagram as an Educational Tool with Pre-Service Teachers and the Impact on Digital Competence in Communication and Collaboration. Education Sciences journal. 15(2) https://doi.org/10.3390/educsci15020149

Redecker, C. (2017). **European Framework for the Digital Competence of Educators: DigCompEdu**. Publications Office of the European Union, Luxembourg. Available at: https://publications.jrc.ec.europa.eu/repository/handle/JRC107466 (Accessed: 15 Oktober, 2025)

Lyubka, A. (2025). Education: Exploring University Teacher Educators' Views and Practical Strategies. Education sciences. 15(4) https://doi.org/10.3390/educsci15040404

Авторлар туралы мәлімет:

Дарменова А.Е. **–** хат-хабар авторы, докторант, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Қажымұкан 13, 010000, Астана, Қазақстан.

Жумабекова Ф.Н. **–** педагогика ғылымдарының кандидаты, профессор, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Қажымұкан 13, 010000, Астана, Қазақстан.

Информация об авторах:

Дарменова А.Е. – автор для корреспонденции, докторант, Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, Кажымукана, 13, 010000, Астана, Казахстан.

Жумабекова Ф.Н. **–** кандидат педагогических наук, профессор. Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, Кажымукана, 13, 010000, Астана, Казахстан.

Information about the authors:

Darmenova A.E. **–** corresponding author, doctoral student, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Kazhymukan 13, 010000, Astana, Kazakhstan.

Zhumabekova F.N. **–** Candidate of Pedagogical Sciences, Professor, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Kazhymukan 13, 010000, Astana, Kazakhstan.

GUMILYOV JOURNAL OF PEDAGOGY
ISSN: 3080-1710. ISSN (Online): 3104-462X

IRSTI: 13.01.11
Scientific article

https://doi.org/10.32523/3080-1710-2026-155-2-72-86

ENVIRONMENTAL RESPONSIBILITY AMONG PEDAGOGICAL COLLEGE STUDENTS IN KAZAKHSTAN: AN ASSESSMENT OF ENVIRONMENTAL BEHAVIOR, SUSTAINABLE DEVELOPMENT COMPETENCIES, AND REGIONAL DIFFERENCES

A. K. Dzhumagazieva*[*1], G. K. Dlimbetova [2], S. U.Abenova[3], F. G. Mukhametzyanova[4]

[1],[2],[3]L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan
[4]Institute of International Relations, History and Oriental Studies, Kazan (Volga Region) Federal University, Kazan (Russian Federation)

*E-mail: *[1] Dasel_84@mail.ru, [2]gainid@mail.ru, [3]sauleta1988@gmail.com, [4]florans955@mail.ru*

Abstract. The formation of environmental responsibility among future teachers is considered one of the key conditions for achieving sustainable development goals within modern education systems. However, insufficient attention has been paid to pedagogical college students in Kazakhstan as a specific group of future educators responsible for shaping ecological culture and environmentally responsible behavior among schoolchildren.

The purpose of this study is to assess environmental responsibility among pedagogical college students in Kazakhstan and to examine its relationship with participation in environmental initiatives and sustainable development competencies.

The study involved 190 pedagogical college students who completed an online questionnaire designed to assess environmental attitudes, environmental behavior, and sustainable development competencies. The research methodology combined quantitative and qualitative approaches, including an author-developed questionnaire based on the conceptual principles of the New Ecological Paradigm (NEP) and Environmental Behavior Inventory (EBI), as well as semi-structured interviews. Statistical data processing was carried out using correlation analysis and exploratory factor analysis methods in SPSS Statistics 26.0.

The results demonstrated generally positive environmental attitudes and moderate levels of environmental engagement among respondents. A statistically significant positive relationship was observed between environmental participation and sustainable development competencies. Behavioral activity was identified as the component most closely associated with sustainable development competencies and environmental responsibility. Gender and regional differences in environmental responsibility were also identified.

Received: 19.07.2025; Approved: 15.06.2026; Available online: 30.06.2026

*corresponding author

The scientific novelty of the study lies in empirically demonstrating that environmental behavior is more closely associated with sustainable development competencies than environmental attitudes, identifying regional and gender differences in environmental responsibility, and providing one of the first empirical assessments of environmental responsibility among pedagogical college students in Kazakhstan.

The practical significance of the study is related to the possibility of applying the obtained results in the modernization of teacher education programs, the integration of sustainable development principles into pedagogical curricula, and the development of educational policies aimed at strengthening environmental responsibility among future teachers.

Keywords: environmental responsibility, sustainable development, pedagogical college students, ecological behavior, environmental education, sustainable development competencies.

Introduction

The transition toward sustainable development has intensified the need to form environmental responsibility among younger generations, particularly among future teachers who play a key role in shaping ecological culture, environmental awareness, and sustainable behavioral patterns among schoolchildren. In the context of increasing environmental challenges, climate change, resource depletion, and ecological risks, educational institutions are becoming important platforms for promoting the principles of sustainable development and environmental citizenship.

In the Republic of Kazakhstan, issues related to environmental education and sustainable development are reflected in several national strategic documents, including the National Development Plan of the Republic of Kazakhstan until 2029, the Concept of Environmental Education and Awareness, and educational modernization programs focused on the development of ecological culture and responsible citizenship. These policy directions emphasize the importance of integrating sustainable development principles into teacher education and strengthening environmental competencies among future educators.

International research demonstrates that environmental responsibility represents a complex educational and behavioral phenomenon. Modern approaches to environmental education increasingly emphasize that environmental responsibility should not be limited to ecological knowledge alone but should also include practical participation, behavioral engagement, and value-based attitudes toward environmental protection.

Previous international studies have demonstrated the importance of environmental education in shaping sustainable behavior among students. Research based on the New Ecological Paradigm (NEP) scale and Environmental Behavior Inventory (EBI) confirms the relationship between ecological awareness, behavioral practices, and sustainable development competencies. At the same time, existing studies are primarily focused on school students or university students, while pedagogical college students remain insufficiently explored as a separate educational and professional group.

In the Kazakhstani context, research devoted to environmental competence mainly examines higher education institutions and future teachers at university level. However, insufficient attention has been paid to pedagogical college students who will later work within the school education system and directly influence the environmental values of younger generations. In addition, previous studies rarely combine cognitive, behavioral, and value-motivational dimensions of environmental responsibility within a unified empirical model.

Thus, a significant research gap exists regarding the assessment of environmental responsibility among pedagogical college students in Kazakhstan and the identification of factors influencing environmentally responsible behavior in the context of sustainable development.

Moreover, previous studies conducted in Kazakhstan have rarely focused specifically on pedagogical college students as a distinct group of future teachers. Existing research has primarily examined university students, leaving insufficient evidence regarding environmental responsibility formation at the college level.

The scientific novelty of the study consists in:

• identifying behavioral engagement as the most important component associated with sustainable development competencies;

• revealing regional and gender differences in environmental responsibility among pedagogical college students;

• providing one of the first empirical assessments of environmental attitudes, environmental behavior, and sustainability competencies among pedagogical college students in Kazakhstan.

The scientific contribution of the study lies in expanding theoretical and empirical understanding of the mechanisms influencing environmental responsibility formation among future teachers in the context of sustainable development.

Unlike previous studies that examined isolated components of environmental responsibility, the present study integrates cognitive, value-motivational, and behavioral dimensions into a single empirical framework and demonstrates that behavioral engagement is most closely associated with sustainable development competencies.

The purpose of this study is to assess environmental responsibility among pedagogical college students in Kazakhstan and to examine its relationship with participation in environmental initiatives and sustainable development competencies.

Research Questions:

What are the characteristics of environmental responsibility among pedagogical college students in Kazakhstan?

How does participation in environmental initiatives relate to sustainable development competencies among pedagogical college students?

What factors are associated with environmentally responsible behavior among pedagogical college students?

The practical significance of the study is related to the possibility of applying the obtained results in the modernization of teacher education programs, the integration of sustainable development principles into pedagogical curricula, and the development of educational policies aimed at strengthening environmental responsibility among future teachers.

Literature Review

The issue of environmental responsibility has become one of the central topics in contemporary educational and sustainability research. The growing ecological crisis, climate change, and global sustainable development challenges have intensified the need to develop environmentally responsible behavior among younger generations, especially future teachers who play an important role in shaping ecological culture within society.

«Қазақстан Республикасының педагогикалық білім беруді дамыту Тұжырымдамасында» (2022) – Қазіргі өркениетті қоғамның болашағы тек техникалық прогресс пен экономикалық өсім көрсеткіштерімен ғана айқындалмайды, сонымен қатар адам игілігіне бағдарланған және негізгі әлеуметтік-экономикалық мәселелерді шешуге қабілетті тұлғаны қалыптастыру үдерісінің тиімділігімен анықталады деп көрсетілген.

Білім беру жүйесінің қалыптасу және даму үдерісінде әлемдік өркениет құндылықтарын қайта зерделеу мен бағалау қажеттілігі айқындалды осы контексте қоғамның әлемдік деңгейде ойлай алатын, әлеуметтік прогреске белсенді қатысуға, сондай-ақ өзін және қоршаған әлеуметтік шындықты түрлендіруге қабілетті мәдени тұлғаны қалыптастыруға деген сұранысы нақты белгіленген.

Рухани-адамгершілік құндылықтар – қоғам мен жеке тұлғаның адамгершілік бағдарларын айқындайтын, мінез-құлық нормаларын реттейтін, адам болмысының рухани әлемін қалыптастыратын іргелі құндылықтар жүйесі. Олар адам санасының моральдық, этикалық, гуманистік өлшемдерін белгілеп, қоғамның тұрақты дамуында шешуші мәнге ие (Қаратабанов Р, 2024).

Рухани-адамгершілік тәрбие – адамның ішкі рухани әлемін дамытып, адамгершілік құндылықтар негізінде мінез-құлқын, дүниетанымын және өмірлік ұстанымдарын қалыптастыруға бағытталған мақсатты тәрбие жүйесі, әрі ол отбасыда, мектепте және қоғамда жүзеге асады және тұлғаның жан-жақты дамуының маңызды құрамдас бөлігі болып табылады.

Рухани-адамгершілік тәрбие – жастардың тұлғалық дамуының маңызды құрамдас бөлігі болып табылады. Ол жас ұрпақтың рухани құндылықтарды меңгеруіне, адамгершілік қасиеттерді қалыптастыруына және әлеуметтік жауапкершілігін дамытуына ықпал етеді. Қазіргі қоғам жағдайында рухани-адамгершілік тәрбие жастардың ішкі дүниесін байытып, олардың моральдық ұстанымдарын нығайтуға, саналы шешім қабылдауына және қоғамдық қатынастарда ізгілік қағидаларын басшылыққа алуына негіз болады. Нәтижесінде жастар қоғамның белсенді, жауапты, адамгершілігі жоғары және бәсекеге қабілетті азаматы ретінде қалыптасады, атап айтқанда:

Біріншіден, рухани құндылықтар қазіргі жастардың адамгершілік қасиеттерін дамытады, адалдық, ар-ұят, жауапкершілік, сыйластық, үлкенді құрметтеу, кішіге қамқор болу сияқты қасиеттер тұлғаның мінез-құлқын реттеп, оның қоғаммен үйлесімді өмір сүруіне көмектеседі. Мұндай құндылықтарды бойына сіңірген заманауи жастар өз әрекетінің салдарын түсініп, дұрыс шешім қабылдай алады.

Екіншіден, рухани-адамгершілік тәрбие заманауи жастардың ұлттық болмысын сақтауда маңызды рөл атқарады. Салт-дәстүр, ана тілі, мәдени мұра, тарихқа деген құрмет – ұлттың рухани тірегі, осы құндылықтар арқылы жастар өз тамырын танып, ұлттық бірегейлігін жоғалтпай, әлемдік кеңістікте өз орнын таба алады.

Үшіншіден, қазіргі ақпараттық қоғамда рухани құндылықтар заманауи жастарды жағымсыз әсерлерден қорғаушы фактор қызметін атқарады. Интернет пен әлеуметтік желілер арқылы таралатын теріс идеологиялар, агрессия мен жағымсыз көзқарастарға қарсы тұру үшін жастардың ішкі рухани иммунитеті мықты болуы қажет.

Төртіншіден, рухани-адамгершілік құндылықтар заманауи жастардың әлеуметтік жауапкершілігін арттырады, атап айтқанда қоғамға пайдалы болу, әділдікке ұмтылу, Отанға қызмет ету сияқты ұстанымдар елдің болашағын ойлайтын саналы ұрпақтың қалыптасуына ықпал етеді.

Әдебиеттерге шолу

Рухани-адамгершілік құндылықтар – адамның ішкі жан дүниесін жетілдіруге, оның адам ретіндегі мәнін ашуға бағытталатын моральдық қағидалар мен этикалық ұстанымдар жиынтығы. Бұл құндылықтарға мейірім, әділдік, шыншылдық, жауапкершілік, ынтымақ, құрмет, ізгілік, отансүйгіштік және төзімділік сияқты қасиеттер жатады. Олар адамның жүріс-тұрысын реттеп қана қоймай, оның өмірлік мақсатын, дүниетанымын және қоғамға деген көзқарасын қалыптастырады. Сонымен бірге рухани-адамгершілік құндылықтар заманауи жастардың моральдық бағдарын нығайтып, оны адамгершілік тұрғыдан кемелденуге жетелейді. Осы ретте рухани-адамгершілік құндылықтар мәселесін зерттеген шетелдік және Қазақстандық ғалымдардың көзқарастары қарастыруды жөн көріп отырмыз.

Рухани-адамгершілік мәселесін зерттеген қазақстандық ғалымдар мен ойшылдардың қатарында Әбу Насыр әл-Фараби – адамгершілік, ізгілік, кемел адам, тәрбиенің мақсаты туралы терең философиялық еңбектер жазған. Абай «Толық адам» ілімі арқылы рухани кемелдену мен адамгершілік құндылықтарды негіздеген. Шәкәрім– ар-ұждан, әділет, мейірім мәселелерін зерттесе Ыбырай – жастарды адамгершілікке, еңбекке, білімге тәрбиелеу мәселелерін қарастырған. Ахмет – ұлттық тәрбие мен адамгершілік құндылықтарды насихаттаған. Жүсіпбек – тұлға тәрбиесі мен мінез-құлықтың рухани негіздерін зерттеген. Мағжан – «Педагогика» еңбегінде адам тәрбиесінің рухани-адамгершілік қырларын ашқан. Жоғарыда аталған әрбір ойшыл ғалымдардың ой-пікірлері мен теориялары қазіргі таңда да заманауи жастарды тәрбиелеуде ерекше маңызға ие.

Рухани-адамгершілік тәрбие мәселелері Н.А.Бердяев, П.П.Блонский, С.Н.Булгаков, В.П.Вахтеров, К.Н.Вентцель, В.В.Зенковский, П.Ф.Каптерев, П.Ф.Лесгафт, А.Н.Пигорский, М.Н.Пигорский, К.Д.Ушинский сияқты педагогтардың, психологтардың, философтардың зерттеулерінде қарастырылған.

К.А.Абулханова-Славская, Е.П.Белозерцев, В.Л.Беляева, З.В.Видякова, И.Ф.Гончаров, С.Ф.Иванов, В.М.Меньшиков, В.А.Сластенин, В.Д.Шадриков сынды заманауи ғалымдардың еңбектерінде рухани-адамгершілік тәрбие жеке тұлғаның ішкі дүниесін қалыптастыратын тәрбие ретінде қарастырса, ал Д.С.Лихачев, Ю.Г.Круглов, Т.В.Ефимова, В.Ю.Троицкий болса әдеби құралдар мен ана тілі арқылы рухани-адамгершілік тәрбие беру мәселелерін зерттеген.

Г.Н. Волков, М.С. Жиров, М.А. Никитина, М.Ю. Новицкая, Т.Я. Шпикалова, Н.М. Сокольникова еңбектерінде халықтық педагогика негізінде рухани-адамгершілік тәрбие берудің қажеттілігі ғылыми тұрғыдан негізделіп, оның тұлғаның құндылықтық бағдарларын қалыптастырудағы маңызы қарастырылған.

Көркем мәдениет пен көркем әдебиет құралдары арқылы рухани-адамгершілік тәрбие мәселесін ашуға Г.И.Беленкий, И.С.Збарский, В.Я.Коровина, Т.Ф.Курдюмова, Н.Я.Мещерякова, Т.Я.Шпикалова, Е.В.Шорохов және т.б. ғалымдардың еңбектері негіз бола алады.

Жалпы білім беру ұйымдарының білім алушыларының бойында рухани-адамгершілікті, жеке рухани-адамгершілік қасиеттерді тікелей оқу-тәрбие үдерісінде дамыту мүмкіндіктері туралы О.Е.Кучерова, Е.А.Новикова, Н.М.Савченко, В.В.Скляднева және т.б. ғалымдардың еңбектерін келтіруге болады.

Қазақстандық ғылым саласында рухани-адамгершілік құндылықтар мәселесін зерттеуде өз үлесін қосқан ғалымдар С.С.Тілеуова, Г.А.Ергалиева, Р.К.Төлеубекова, А.С.Әмірова, Г.А.Қайбулдаева, С.З.Нишанбаевтың зерттеулерін атап өтуге болады.

С.З. Нишанбаевтың (2020) зерттеуінде студенттердің отбасы-адамгершілік құндылықтарын қалыптастыру мәселесі жан-жақты талданып, оның теориялық-әдіснамалық негіздері айқындалған. Сонымен қатар аталған құндылықтарды білім беру үдерісі арқылы қалыптастырудың тиімді жолдары қарастырылған.

С.С.Тілеуова (2004) педагогикалық ғылымдар саласында ұлттық құндылықтарды тәрбиелеу мәселелері бойынша зерттеулер жүргізген, оның еңбектерінде болашақ ұстаздардың оқушылардың құндылық бағыттылығын қалыптастырудағы тәрбиелік міндеттері мен рухани-адамгершілік аспектілер қарастырылған.

Г.А.Ергалиева, Л.Маденова, Ж.Нәбиева (2023) болса жасөспірімдердің құндылық бағдарының өзгеру себептерін зерттеген. Ал, Р.К.Төлеубекова оқушылардың рухани-адамгершілік тәрбиесінің теориялық-әдіснамалық негіздерін зерттеп, балалардың руханияты мен адамгершілік тәрбиесіне әлеуметтік орта мен

отбасының әсерінің ықпалын зерттеген. А.С. Әмірова мен Г.А.Қайбулдаева еңбектерінде мектепке дейінгі жастағы балаларды адамгершілікке тәрбиелеу мәселелері ғылыми тұрғыдан қарастырылып, олардың тұлғалық дамуына ықпал ететін тәрбиелік шарттар мен әдіс-тәсілдер жүйеленген.


Қазақстанда рухани-адамгершілік құндылықтарды зерттеген ғалымдар негізінен әдебиет, педагогика, философия, мәдениеттану және әлеуметтік ғылымдар саласындағы зерттеушілер. Олар:

- ұлттық тәрбиенің негіздері мен адамгершілік қағидаларын талдаған;
- білім беру үдерісіне рухани-адамгершілік құндылықтарды енгізудің жолдарын зерттеген;
- жастар мен студенттердің рухани санасы мен моральдық бағдары туралы зерттеулер жүргізген;
- дәстүрлі мәдениет пен қазіргі қоғамдағы рухани мәселелер салыстырмалы тұрғыда талданғанымен, рухани-адамгершілік құндылықтардың заманауи жастарды тәрбиелеу үдерісіндегі рөлін кешенді түрде қарастыратын ғылыми зерттеулердің жеткіліксіздігі байқалады. Бұл бағыттағы теориялық және эмпирикалық зерттеулерді тереңдету қажеттілігі өзекті болып отыр.

Шетелдік ғалымдардың зерттеулерінде рухани-адамгершілік құндылықтар мәселесі сан қырынан қарастырылған. Мәселен Hess S. (2024) зерттеуінде отбасы қарым-қатынасы мен балалардың өмірге қанағаттануы арасындағы байланысты мәдени құндылықтардың контекстінде салыстырса, Keser H., Özyürek A. (2024) мақаласында жасөспірімдердің моральдық құндылықтары мен эмоцияны реттеу арасындағы байланысын зерттеген.

Жоғарыда аталған ғалымдардың еңбектерін саралай келе, рухани-адамгершілік құндылықтар – адамның ішкі жан дүниесінің байлығын, моральдық бағдарларын, өмірлік ұстанымдары мен мінез-құлық нормаларын айқындайтын адамзаттық және мәдени-рухани өлшемдер жиынтығы деп айта аламыз. Бұл құндылықтар адам мінезі мен іс-әрекетінің негізін құрап, оның адамдық бейнесінің қалыптасуын қамтамасыз етері сөзсіз.

Рухани-адамгершілік құндылықтардың негізгі құрамдас бөліктерін төмендегі сурет 1-ден қарастыруға болады:



1-Сурет. Рухани-адамгершілік құндылықтардың негізгі құрамдас бөліктері

Жоғарыда сурет 1-де келтірілген рухани-адамгершілік құндылықтардың негізгі құрамдас бөліктері адамды кемелдікке жетелейтін, заманауи жастардың тұлғалық дамуын қамтамасыз ететін іргелі моральдық бағдарлар болып табылады.

Рухани-адамгершілік құндылықтар – адамның ішкі жан дүниесінің мазмұнын анықтайтын, оның іс-әрекетін реттейтін, мінез-құлық нормаларын қалыптастыратын моральдық-этикалық қағидалар жиынтығы екендігін жоғарыда атап өткенбіз. Олар қоғамның мәдени және тарихи дамуымен тығыз байланысты және ұрпақтан ұрпаққа беріліп отырады. Рухани-адамгершілік құндылықтардың негізгі құрамдас бөліктеріне сипаттама беретін болсақ:

Мейірімділік – адамгершілік сезімдердің бастауы, өзгені түсіну мен қолдау көрсету қабілеті.

Шыншылдық – адалдық пен әділдікке негізделген мінез-құлық нормасы.

Құрмет пен сыйластық – адамның өзіне және өзгелерге деген оң көзқарасын қалыптастыратын тұрақты ұстаным.

Әділдік- әр адамның еңбегіне, құқығына және мүмкіндігіне сай әділ, тең көзқарасты танытуы.

Еңбекқорлық – тұлғаның табандылығы мен мақсатқа жетудегі ынтасын көрсететін құндылық.

Ізгілік пен қайырымдылық – қоғамдық қатынастардың үйлесімділігін арттыратын, адамзаттық қасиеттерді нығайтатын фактор.

Отансүйгіштік – ұлттық бірегейлікті, тарихи сананы және азаматтық жауапкершілікті қалыптастыратын рухани негіз.

Ынтымақтастық – адамдардың, топтардың ортақ мақсатқа жету үшін бірлесіп, өзара көмек көрсетіп әрекет етуінің негізін құраушы.

Жауапкершілік – өз әрекетіне есеп беру және нәтижесіне жауапкершілікпен қарау қабілеті.

Жоғарыда аталған рухани-адамгершілік құндылықтар заманауи жастардың адамгершілік бейнесін ғана емес, оның әлеуметтік белсенділігін, қоғамдағы орнын және өмірлік стратегиясын анықтайды. Осы ретте біз рухани-адамгершілік құндылықтардың заманауи жастарды тәрбилеудегі маңызды ерекшеліктерін атап өтетін болсақ:

1. Рухани-адамгершілік құндылықтар арқылы заманауи жастардың моральдық-этикалық бағдарын қалыптастыру. Рухани-адамгершілік құндылықтар заманауи жастардың дұрыс пен бұрысты ажыратуына, әділдік пен ар-ождан нормаларына сүйеніп әрекет етуіне ықпал етеді, ал ол жастардың адамгершілік қасиеттерін жүйелі қалыптастыруға септігін тигізетіні анық.

2. Қоғамға пайдалы азамат тәрбиелеу. Бұл ретте мейірімділік, жауапкершілік, еңбекқорлық және отансүйгіштік сияқты құндылықтар жастардың әлеуметтік белсенділігін арттырып, ел дамуына үлес қосатын азаматтық позициясын күшейтетіндігі сөзсіз.

3. Заманауи жастардың мінез-құлық мәдениетін қалыптастырудағы рухани-адамгершілік құндылықтардың рөлі айрықша. Қазіргі таңдағы ең бір өзекті мәселелердің бірі адамдармен қарым-қатынас жасау, сыйластық таныту, жанжалдан аулақ болу, өз эмоциясын реттеу – барлығы да рухани-адамгершілік құндылықтар негізінде қалыптасатындығы белгілі. Заманауи жастардың бойында әлеуметтік және эмоциялық интеллекті қалыптастыруда рухани-адамгершілік құндылықтар өзекті мәселе.


4. Әлеуметтік желі мен цифрлық кеңістікте өзін ұстау мәдениетін қалыптастыруда рухани-адамгершілік құндылықтардың маңызы басым. Заманауи жастар көп уақытын цифрлық технологияға көшкеннен бері интернетте өткізуде. Рухани құндылықтары қалыптасқан жас адам онлайн ортада жауапкершілікпен әрекет етеді, жалған ақпараттан, агрессиядан, буллингтен аулақ болады.

5. Рухани-адамгершілік құндылық дағдарыстың алдын алуға септігін тигізеді. Жедел өзгеріп жатқан әлемде жастардың бойында моральдық құндылықтардың әлсіреуіне жиі тап болып жатамыз. Рухани-адамгершілік тәрбиенің ықпалы арқылы біз заманауи жастарды құндылықтық шатасудан сақтай аламыз, әрі тұрақты дүниетаным қалыптастыруға ықпал ете аламыз.

6. Рухани-адамгершілік құндылық заманауи жастардың үйлесімді дамуының кепілі. Рухани бай, адамгершілігі жоғары тұлға өз-өзіне сенімді, мақсаттары айқын, парасатты, қоғамға бейімделген болады. Бұл құндылықтар заманауи жастардың эмоционалдық, әлеуметтік және интеллектуалдық дамуына да оң әсер етеді.

Руханилық – адамның ең жақсы қасиеттері мен сапалық ерекшеліктерінің жиынтығы, өйткені, рухани бай адам өзін қоршаған әлеммен қарым-қатынасын әрқашан жақсылық, шындық, сұлулық негізінде жүзеге асыруға ұмтылады. Бұдан руханилықтың қайнар көзі – «ар», ал «махаббат» руханилықтың көрінісіне айналады деген қорытынды шығады.

Мәскеу университетінің профессорлары Г.В. Платонов пен А.Д. Косичев (1998) өз еңбектерінде рухани тұжырымдаманың жеті құрамдас бөлігін айқындап, олардың мазмұндық сипаттамасын берген. Аталған зерттеу уақыт өткеніне қарамастан, теориялық маңызын сақтап, қазіргі ғылыми дискурста өзектілігін жоғалтпаған іргелі еңбектердің бірі ретінде бағаланады және оны төмендегі 2-Суреттен қарастыруға болады:



2-Сурет. Г.В.Платонов, А.Д.Косичев бойынша рухани тұжырымдаманың жеті құрамдас бөлігі

Жоғарыда келтірілген суретте Г.В.Платонов, А.Д.Косичев (1998) рухани концепцияның жеті құрамдас бөлігін рухани-адамгершілік қасиеттерге қарай топтастырған, әрі олар бір-бірімен тығыз байланысты. Көріп отырғанымыздай, бұл тұжырымдамада маңызды орынды моральдық сипаттамалар алады, ал мораль адамның рухани бастауына негізделген ойлау, сезіну және әрекет ету қабілетін сипаттайды, яғни адамгершілік нормалар, ережелері мен талаптары жастардың біліміне, дағдыларына және әдеттеріне ауысып, оның үнемі сақталуын анықтаумен байланысты екендігін көруге болады.

Рухани-адамгершілік құндылықтар негізінде заманауи жастарды тәрбиелеуде келесі ерекшеліктерді негізге алған жөн, атап айтқанда:

Біріншіден, рухани-адамгершілік құндылықтар онтологиялық болып табылады, әрі ол адамға ғана тән. Олардың онтологиялық тұжырымдамасы адам болмысының рухани-адамгершілік құндылықтар мен әлеуметтік қатынастар жүйесінен тыс өмір сүре алмайтынын негіздейді. Бұл екі құрамдас бір-бірінен ажырамас тұтастық ретінде қарастырылып, олардың біреуінің болмауы жүйенің толыққанды қызмет етуін жоққа шығарады. Сонымен қатар, аталған құндылықтардың қалыптасуы мен дамуына болмыстың әртүрлі көріністері мен ондағы өзгерістердің кешені айрықша ықпал етеді. Сонымен қатар, құндылықтар адамға туғаннан берілмейді, құндылық бағдарлары әлеуметтену барысында қалыптасады.

Рухани-адамгершілік құндылықтар тікелей берілмейді және нақты көрсетілмейді. Оларды рационалды түрде қабылдауға болады. Гносеологиялық тұрғыдан алғанда, олардың танылуы және кейіннен мінез-құлық тәжірибесінде жүзеге асырылуы ең алдымен нақты өмірлік тәжірибе мен мәдениет тетіктері арқылы қамтамасыз етіледі. Атап айтқанда, бұл үдеріс тәрбие, дәстүр, әдет-ғұрып, әлеуметтік нормалар мен салт-дәстүрлер сияқты мәдени механизмдер арқылы іске асады.

Екіншіден, рухани-адамгершілік құндылықтар бір мезгілде объективті және субъективті бола алады. Рухани-адамгершілік құндылықтардың объективтілігі жан-жақты қамтитын сүйіспеншілік-жек

көрушілік сезімінің шынайылығымен, жеке тұлғаның қалауы мен қабылдамауы жиынтығымен анықталады. Құндылықтардың субъективтілігі: адамға тиесіл, тек адами қарым-қатынас түрінде болып, сол арқылы өмір сүреді және адамның оларға деген таңдаулы қатынасында, жеке тұлғаның құндылық бағдарларын өзгертуде басты рөл атқарады.

Үшіншіден, рухани-адамгершілік құндылықтар айрықша және тарихы терең. Рухани-адамгершілік құндылықтар белгілі бір елдің, белгілі бір дәуірдегі даму ерекшеліктерімен анықталады. Рухани-адамгершілік құндылықтардың мазмұнын өзгерту қоғам өмірінің барлық салаларындағы және білім беру саясатының бағыттарындағы өзгерістерге байланысты болып келеді. Тарихи дамудың белгілі бір кезеңінде рухани-адамгершілік құндылықтардың иерархиясы, олардың құрылымы, мазмұны әртүрлі болуы мүмкін. Ескі, ескірген немесе талап етілмеген құндылықтардың жоғалуы, сондай-ақ жағдай мен уақыттың өмірге әкелген жаңа құндылықтардың пайда болуы мүмкін. Бүгінде рухани-адамгершілік құндылықтар әлеуетінің «жинақылық» сияқты маңызды құрамдас бөлігі қалыптасқандығын айта аламыз. Сонымен қатар қазіргі таңда «толеранттылық» (діни, этникалық, ұлттық, т.б.) сияқты құндылықтың пайда болуы да тегін емес.

Төртіншіден, жаһанданудың ауқымының кеңеюі жағдайында біздің білім беруіміздің рухани-адамгершілік құндылықтарының әлеуеті басқа елдер мен халықтардың құндылықтарын құрметтей отырып, отандық құндылықтардың басымдығына бағытталуы керек. Қазақтың құндылықтарының ерекшелігі ғасырлар бойы қалыптасқан жеке тұлға мен адамзаттың маңызды қасиеттерінің жиынтығын қамтиды, соның ішінде:

1. сенім, ізгілік және *әділеттілік құндылықтары*;
2. көпұлтты халықтың өз Отанының гүлденуі жолындағы бірлігін білдіретін *келісім құндылығы*;
3. Отанға, өз халқына адалдық пен жанкештіліктен тұратын *патриотизм құндылығы*;
4. мемлекеттік биліктің әлеуметтік әділеттілік пен моральдық беделінің негізі ретіндегі *мемлекетік құндылықтар*;
5. әлемде лайықты орын алатын билік, тәуелсіздік түрде бейнеленген *егемендік құндылығы*;
6. еңбектің ұжымдық сипатында, сабақтастықта, аға ұрпаққа құрметпен қарауда, ұлттық дәстүрді ұқыпты сақтау мен дәріптеуде көрінетін *қауымдастық құндылығы*;
7. халықтардың шынайы теңдігін, еркіндігін, лайықты өмір сүруін қамтамасыз ететін *халықтар достығының құндылығы*;
8. әртүрлі ұлттық, діни және әлеуметтік ортадағы адамдарға *құрмет көрсету құндылықтарын* атап өтуге болады.

Бесіншіден, рухани-адамгершілік құндылықтардың әлеуеті шығармашылық, гуманистік бағытқа ие, онда тұлғаның, қоғам мен мемлекеттің мүдделері үйлесімді үйлестіруі тиіс. Тұлғалық деңгейде рухани-адамгершілік құндылықтар әрқайсымыздың, *біріншіден,* құндылық ретінде адамзат баласының өкілі екендігімізді түсінумен байланысты; *екіншіден,* әр адам мемлекеттік, ұлттық (халықаралық) құндылықтармен байланысты белгілі бір мемлекеттің азаматымыз; *үшіншіден,* индивид белгілі бір ұлттың өкілі ретінде әрекет етеді, ол этноәлеуметтік ұлттық құндылықтармен байланысты; адам белгілі бір қоғамның бөлігі болып табылады, ол өз кезегінде топтық, ұжымдық, корпоративтік құндылықтармен байланысты болып табылады. Осыған байланысты жеке тұлғаның, қоғам мен мемлекеттің мүдделері өзара үйлесімі болуы керек.

Алтыншыдан, қазіргі таңда түрлі білім беру жүйесінің рухани-адамгершілік құндылықтарына тән белгілер бар, атап айтқандай *жүйелілік, иерархия, тұрақтылық, әлеуметтік-мәдени детерминизм.* Рухани-адамгершілік құндылықтар тарихта тұтастай құндылықтардың құндылық-мотивациялық бірлігімен сабақтастырылған (Нурманбетова 2022, Ташенова 2021).

Рухани-адамгершілік құндылықтар диалектикасы, ең алдымен, субъектінің көңіл-күйінің социоцентристік және антропоцентристік бағыттылығының күрделі үйлесімінде жатыр. Кеңестік қоғам дамуының алдыңғы кезеңдерінің менталитетінде социоцентризмге белгілі бір бейімділік болды деп айтуға болады, ол, атап айтқанда, әлеуметтік үдерістердегі «құрылғы» ретіндегі адам туралы технократиялық идеяларда бейнеленген. Тарихтың әртүрлі кезеңдерінде өзгеріп отыратын тұлғалық және әлеуметтік үйлесімділік өлшемі рухани-адамгершілік құндылықтарды анықтайды.

Қазіргі таңда жастар ЖОО, кәсіптік колледждерде білім алуда, осы ретте жоғары білім беру жүйесінде студент жастарды тек кәсіби маман ретінде емес, рухани бай, адамгершілігі жоғары, әлеуметтік жауапты

тұлға ретінде қалыптастыру маңызды. Осы тұрғыда рухани-адамгершілік құндылықтарды жоғары оқу орны (ЖОО) пәндері арқылы жүйелі түрде дәріптеудің өзіндік ерекшеліктері бар. Пән мазмұнына рухани-адамгершілік құндылықтарды кіріктіру ЖОО-да оқытылатын барлық пәндер (гуманитарлық, әлеуметтік, жаратылыстану, кәсіби) тәрбиелік әлеуетке ие, ал осы аталмыш пәндер арқылы біз пән мазмұнын ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтармен байланыстыру; тақырыптарды өмірлік жағдаяттармен, моральдық таңдаумен ұштастыру; Қазақстан тарихы, философия, педагогика, мәдениеттану пәндерінде тұлғалық даму мәселелерін басым қарастыру арқылы рухани-адамгершілік құндылықтарының тереңдей түсуіне септігімізді тигізетініміз анық.

Рухани-адамгершілік құндылықтар заманауи жастарға дайын күйінде берілмейді, олар оқыту әрекеті, еңбек ету, қарым-қатынас барысында қалыптасады. Мәселен: пікірталас, дебат, эссе, рефлексия әдістерін қолдануда, проблемалық жағдаяттар арқылы жауапкершілік пен әділдікті талдауға, топтық жұмыстарда сыйластық пен ынтымақтастықты дамытуға үйренеді.

ЖОО-дағы заманауи жастар – өз көзқарасы қалыптасқан, сыни ойлай алатын тұлғалар болып табылады. Осы ретте заманауи жастардың тұлғалық тәжірибелеріне сүйене отырып басқалардың жеке пікірін құрметтеу, өзін-өзі тану, өзін-өзі дамытуға бағытталған тапсырмаларды орындауға, моральдық дилеммалар арқылы ішкі құндылықтық таңдауды дамытуға ие болады.

Рухани-адамгершілік тәрбие ұлттық негізде жүзеге асқанда тиімді болады. Ал, ұлттық және мәдени құндылықтарды оқыту үдерісінде пайдалану арқылы заманауи жастарды тәрбиелеуде қазақ халқының салт-дәстүрі, әдет-ғұрпы, рухани мұрасын қолдану оқу пәндерінің мазмұны тереңдей түсері анық. Абай, Шәкәрім, әл-Фараби еңбектеріндегі (Нурманбетова, 2022) адамгершілік идеяларды пәнаралық сабақтастықта байланыстыру жастардың рухани-адамгершілік құндылықтарымызға деген оңтайлы көзқарастарын тереңдете түседі, сонымен қатар мемлекеттік тіл мен мәдениетке деген құрметі артады.

ЖОО-да рухани-адамгершілік құндылықтарды қалыптастыруда оқытушы – басты тұлға, әрі жастар үшін эталон болып табылады. Ал, оқытушының кәсіби этикасы мен адамгершілік ұстанымы, заманауи жастармен серіктестік қарым-қатынас орнатуы, әділ бағалау, академиялық адалдықты сақтау сынды ерекшеліктері осы ортада айқын байқалады. Сол себепті де оқытушы тұлғасының рөлі заманауи жастардың бойында рухани-адамгершілік құндылықтардың қалыптасуына орасан зор ықпал етері сөзсіз.

Рухани-адамгершілік тәрбие тек дәрісте емес, университеттік ортада жүзеге асады, атап айтқанда студент жастардың академиялық адалдық принциптерін сақтауы, еріктілік, әлеуметтік және эмоционалдық интеллект, университеттің ішкі мәдениеті мен құндылықтарын дәріптеу және т.с.с. Заманауи жастардың бойында рухани-адамгершілік құндылықтарды сіңіру және оны тәрбиелеуде орта мен академиялық мәдениеттің маңыздылығы да ерекше екендігін жадымыздан шығармауымыз қажет деп санаймыз.

Заманауи жастарды тәрбиелеуде рухани-адамгершілік құндылықтарды ЖОО пәндері барысында қолдану нәтижесінде жүйелілікті, пән мазмұны мен әдістемесінің тәрбиелік әлеуетін, оқытушының тұлғалық ықпалын, ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтардың үйлесімінің тереңдей түсуіне ықпалы орасан зор болатындығы анық. Осындай бағытта ұйымдастырылған оқыту үдерісі бәсекеге қабілетті, рухани кемел, әлеуметтік жауапты маман қалыптастыруға мүмкіндік береді. Қазіргі жастарды тәрбиелеуде олардың бойына рухани-адамгершілік құндылықтарды сіңіруде тек отбасы ғана емес, сонымен қатар сол жастарды тәрбиелеудегі ортасы, ол ЖОО, еңбек, достарының да ықпал етері анық. Рухани-адамгершілік құндылықтармен білім жүйесін дамытып қалыптастыру жаңа қоғамның дамуындағы мәні зор, маңызды бағыт. Білім алушыларды рухани - адамгершілікке тәрбиелеу, болашағына жол сілтеу – бүгінгі қажетті, кезек күттірмес мәселе. Мәселен, жалпы мәдени құзыреттіліктер жанама түрде рухани-адамгершілік құндылықтарды қалыптастыруға бағытталған. Мысалы: «дүниетанымдық ұстанымды қалыптастыру үшін философиялық білім негіздерін пайдалана білу»; «Азаматтық ұстанымды қалыптастыру үшін қоғамның тарихи дамуының негізгі кезеңдері мен заңдылықтарын талдай білу»; «әлеуметтік, этникалық, діни және мәдени ерекшеліктерді шыдамдылықпен қабылдай отырып, топта жұмыс істей білу»; «өзін-өзі ұйымдастыру және өзін-өзі тәрбиелеу қабілеті, шығармашылық әлеуетті пайдалану, сондай-ақ стандартты емес жағдайларда әрекет етуге дайын болу, қабылданған шешімдер үшін әлеуметтік және этикалық жауапкершілікті көтеру» және т.б (Бейсембаева, 2020). Сонымен қатар Tengku S, Tengku K, Yusmini Y. (2014) «Active Teaching Methods: Personal Experience of Integrating Spiritual and Moral Values» атты еңбегінде рухани және адамгершілік

ұғымдарды көрсетудің бір жолы – осы құндылықтарды оқу үдерісіне тиімді кіріктіретін және оларды басымдыққа қоятын оқыту әдістерін қолдану ретінде қарастырады. Мақала авторлары оқыту тәсілдері рухани және адамгершілік құндылықтарды жоғары оқу орындарының білім беру бағдарламаларына қалай енгізетінін қарастыра отырып, оларды студенттердің рухани және адамгершілік дамуының құрамдас бөлігі ретіндегі рөлін зерттейді.

Зерттеу болжамы: егер заманауи жастардың рухани-адамгершілік құндылықтарға қатысты көзқарасы мен түсінігі, сондай-ақ оларды қалыптастыруға әсер ететін факторлар жүйелі түрде зерттелсе, онда жастардың құндылықтық бағдарларына әлеуметтік ортаның, отбасы мен білім беру жүйесінің шешуші ықпал ететіні айқындалады.

Материалдар мен әдістер

Зерттеу теориялық және эксперименттік зерттеу әдістерінен тұрады. Теориялық зерттеу жұмысы барысында шетелдік және Қазақстандық ғалымдардың рухани-адамгершілік құндылықтар мәселесіне қатысты ғылыми әдебиеттерге талдау, шолу жасау, жүйелеу, жалпылау әдістері қолданылды. Ал, эксперименттік зерттеу барысында рухани-адамгершілік құндылықтардың негізінде заманауи жастарды тәрбилеудің маңыздылығын қарастыруда біз Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ студент жастары арасында сауалнама жүргізіп, алынған нәтижелерге сандық және сапалық талдау жасадық. Зерттеу жұмысына 82 респондент қатысты. Зерттеуге қатысқан респонденттер педагогика және психология, әлеуметтік педагогика, екі шет тілінде оқитын білім алушылар болып табылады. Сауалнама мақсаты заманауи жастардың рухани-адамгершілік құндылықтар туралы түсінігін, олардың бұл құндылықтарға деген көзқарасын, оған әсер ететін негізгі факторларды анықтау.

Нәтижелер мен талқылау

Заманауи жастар арасында жүргізілген сауалнама 10 сұрақты қамтыды, алғашқы 3 сұрақ респонденттің жеке басына қатысты болса, қалған 7 сұрақ зерттеу тақырыбымыздың аясында өтті. Сауалнама сұрақтарына келетін болсақ: 1-3 сұрақтарда сауалнамаға жауап беруші респонденттің аты-жөні, білім алу бағыты мен мамандығы, жынысы көрсетілді. Қалған 4-10 сұрақтар: Сіз рухани-адамгершілік құндылықтар ұғымын қалай түсінесіз?», «Заманауи жастар үшін рухани-адамгершілік құндылықтар маңызды деп ойлайсыз ба?», «Сіздің ойыңызша, заманауи жастардың рухани тәрбиесіне ең көп әсер ететін факторды атаңыз», «Өзіңізді рухани тұрғыда тәрбиелеп жатырмын деп есептейсіз бе?», «Қандай құндылықтарды ең маңызды деп санайсыз?», «Қазіргі қоғамда рухани-адамгершілік тәрбие жеткілікті деңгейде беріледі деп ойлайсыз ба?».

Сауалнамаға 82 респондент қатысты. Алынған зерттеу нәтижелеріне келетін болсақ.

«Сіз рухани-адамгершілік құндылықтар ұғымын қалай түсінесіз?» деген сұраққа алынған жауаптарды талдау нәтижесінде респонденттердің барлығы дерлік бұл ұғымды адам тұлғасының моральдық болмысын айқындайтын негізгі қасиеттермен байланыстырғаны анықталды. Атап айтқанда, респонденттер рухани-адамгершілік құндылықтарды адамгершілік, адалдық және жауапкершілік сияқты ұғымдар арқылы сипаттаған. Бұл жауаптар заманауи жастардың рухани-адамгершілік құндылықтарды абстрактілі түсінік ретінде емес, күнделікті өмірде көрініс табатын нақты мінез-құлық нормалары мен тұлғалық қасиеттер жиынтығы ретінде қабылдайтынын көрсетеді, яғни, респонденттер үшін рухани-адамгершілік құндылықтар – адамның өз іс-әрекетіне жауап бере білуі, адалдықты ұстануы және өзгелермен қарым-қатынаста адамгершілік қағидаларды сақтауы болып табылатындығында екендігі анықталды.

«Заманауи жастар үшін рухани-адамгершілік құндылықтар маңызды деп ойлайсыз ба?» деген сұраққа респонденттердің басым бөлігінің бұл құндылықтарға жоғары мән беретінін көрсетті. Атап айтқанда, респонденттердің 86 % рухани-адамгершілік құндылықтарды заманауи жастар өмірінде өте маңызды деп бағалаған. Олардың пікірінше, мұндай құндылықтар тұлғаның қалыптасуына, дұрыс өмірлік бағыт таңдауына және қоғамда жауапты азамат болып орнығуына тікелей әсер етеді. Ал, сауалнамаға қатысқан 14% респондент рухани-адамгершілік құндылықтарды маңызды деп есептегенімен, оларды басқа өмірлік басымдықтардан кейін, яғни екінші орында қоятынын атап өткен. Бұл көзқарас рухани құндылықтардың

мәнін жоққа шығармай, заманауи жастардың өмірінде материалдық, кәсіби немесе әлеуметтік мақсаттардың да елеулі орын алатынын көрсетеді. Жалпы алғанда, жоғарыда аталған сұраққа сәйкес заманауи жастар арасында рухани-адамгершілік құндылықтардың өзектілігі жоғары деңгейде сақталып отырғанын және олардың қоғамдағы маңызын терең түсінетін саналы көзқарастың қалыптасқанын айғақтайды.

«Сіздің ойыңызша, заманауи жастардың рухани тәрбиесіне ең көп әсер ететін факторды атаңыз» деген сұраққа 54% респондент заманауи жастар тәрбиесіне ең көп әсер ететін фактор ретінде отбасын, 26% білім беру ұйымдарын, 20% әлеуметтік желілерді атаған. Қазіргі заман цифрлық ортаның қалыптасуы мен өркендеу дәуірі болған себепті қолданыстағы компьютер, смартфондардың оң және теріс ықпалы орасан зор екендігі баршамызға мәлім. Заманауи жастардың арасында шеткен тыс ғаламторда отыру, түрлі компьютердік ойындарды ойнау белең алуда, соның салдарынан лудоман, ойынқұмарлардың қатары көбеюде екендігі баршамызға мәлім. Цифрлық дәуір адам өмірін жеңілдеткенімен, кейбір видео жазбалар заманауи жастардың санасын улап, олардың бойында жат қылықтар мен әдеттердің қалыптасуына әкелуде. Бұл жеке зерттеуді қажет ететін мәселе.

«Өзіңізді рухани тұрғыда тәрбиелеп жатырмын деп есептейсіз бе?» деген сауалға берілген жауаптар заманауи жастардың рухани дамуға деген көзқарасының әркелкі екенін көрсетті. Сұрақ нәтижесіне сәйкес, респонденттердің 36 % өзін рухани тұрғыда толық тәрбиелеп жатырмын деп есептейтінін білдірген. Ал, сауалнамаға қатысқан респонденттердің 60% - өздерін рухани тұрғыда ішінара тәрбиелеп жатырмын деп бағалаған. Бұл көрсеткіш заманауи жастардың рухани дамудың маңызын түсінгенімен, оны жүйелі әрі мақсатты түрде жүзеге асыруда белгілі бір қиындықтарға тап болып отырғанын аңғартады. Сонымен қатар, респонденттердің 4% өзін рухани тұрғыда тәрбиелеп жатқанын жоққа шығарған. Бұл жағдай заманауи жастардың бір бөлігінде рухани-адамгершілік дамуға деген қызығушылықтың төмен деңгейде екенін көрсетеді. Зерттеу барысында заманауи жастардың рухани дамуына мәдени және тәрбиелік іс-шараларға қатысу, қоғамдық шараларда белсенділік таныту, ғылым мен білімге деген тұрақты құштарлық кейбір жастарда әлі де болса жеткілікті деңгейде қалыптаспаған. Бұған әлеуметтік ортаның ықпалы мен қоғамда болып жатқан түрлі әлеуметтік-мәдени үдерістердің әсері бар екені байқалады. Жалпы алғанда, бұл сұрақтың нәтижесіне сәйкес заманауи жастардың рухани тұрғыда өзін-өзі тәрбиелеуіне қолайлы жағдай жасап, оларды белсенді мәдени, ғылыми және қоғамдық ортаға тартудың маңыздылығын көрсетеді.

«Қандай құндылықтарды ең маңызды деп санайсыз?» деген сұраққа берілген жауаптар заманауи жастардың адамгершілік бағдарын айқын көрсетеді. Бұл сұрақ бойынша респонденттердің басым бөлігі адалдықты ең маңызды құндылық ретінде атап өткен — бұл көрсеткіш 78 % құрайды. Бұл заманауи жастардың «шынайылық пен әділдікті» тұлғалық және қоғамдық қатынастардың негізі деп қабылдайтынын аңғартады. Сонымен қатар, респонденттердің 70% «құрмет» құндылығын жоғары бағалаған. Бұл өзара сыйластықтың, үлкенді қадірлеу мен өзгеге түсіністікпен қараудың жастар санасында маңызды орын алатынын көрсетеді. Ал, респонденттердің 66% жауапкершілікті» басты құндылықтардың қатарына қосқан. Бұл заманауи жастардың өз әрекеттері мен шешімдерінің салдарын түсініп, қоғам алдындағы міндетін сезінуге ұмтылатындығын сипаттайды. Сондай-ақ зерттеуге қатысқан респонденттердің 64 % «мейірімділікті» маңызды құндылық ретінде белгілеген. Бұл заманауи жастар арасында «жанашырлық», «қамқорлық пен адамға деген изгі көзқарастың» әлі де өз маңызын жоғалтпағанын дәлелдейді. Жалпы алғанда, аталмыш сұрақтың жауабына сәйкес заманауи жастардың рухани-адамгершілік құндылықтарға басымдық беріп, қоғамда үйлесімді әрі жауапты қарым-қатынас орнатуға ұмтылатынын көрсетеді.

«Қазіргі қоғамда рухани-адамгершілік тәрбие жеткілікті деңгейде беріледі деп ойлайсыз ба?» деген сауалға алынған жауаптар бұл мәселенің өзектілігін айқын көрсетті. Сауалнамаға қатысқан респонденттердің 78% жеткілікті десе, қалған 22 % қазіргі қоғамда рухани-адамгершілік тәрбиенің жеткіліксіз деңгейде жүзеге асырылып жатқанын атап өткен. Олардың пікірінше, цифрлық дәуір жағдайында заманауи жастар түрлі ақпарат көздеріне кеңінен қол жеткізіп, ақпараттық тұрғыдан қанық болғанымен, рухани-адамгершілік бағыттағы мазмұн мен тәрбиелік ықпал жеткіліксіз болып отыр. Әсіресе, осы құндылықтарды қалыптастыруға арналған дәрістер, тәрбиелік іс-шаралар мен мазмұнды кездесулердің саны мен сапасы жастардың сұранысына толық жауап бермейді. Респонденттер сондай-ақ, мұндай іс-шаралар ұйымдастырылған жағдайдың өзінде, оларға көбінесе өзін белсенді, қоғамдық өмірге жақын деп санайтын жастар ғана қатысатынын атап өткен. Ал заманауи жастардың басым бөлігі жеке тіршілігіне, күнделікті қызығушылықтары мен

жеке мақсаттарына көбірек көңіл бөліп, рухани-адамгершілік тәрбиеге қатысты бастамаларға енжарлық танытады. Жалпы алғанда, сауалнама сұрақтарының нәтижелері қазіргі қоғамда рухани-адамгершілік тәрбиені күшейтудің, оны заманауи жастарға тартымды әрі тиімді форматта ұсынудың қажеттігін, әрі маңыздылығын көрсетеді.

Алынған зерттеу нәтижелерін қорытындылай келе, рухани-адамгершілік құндылықтар – заманауи жастар тәрбиесінің өзегі. Отбасы, мектеп, жоғары оқу орындары және қоғам бірлесе отырып, жастардың бойына осы құндылықтарды сіңіре алса, болашақта рухы биік, парасатты, жауапкершілігі жоғары ұрпақ қалыптасатыны сөзсіз.

Жүргізілген сауалнама нәтижелері заманауи жастардың рухани-адамгершілік құндылықтарға қатысты көзқарастары әртүрлі сипатқа ие екенін көрсетті. Көптеген респонденттер рухани құндылықтардың тұлғаның қалыптасуында маңызды рөл атқаратынын мойындайды, алайда олардың нақты мазмұны мен мәнін түсіну деңгейі әркелкі болып отыр. Сонымен қатар, жастардың рухани тәрбиесіне ең көп ықпал ететін негізгі факторлар ретінде отбасы, білім беру жүйесі және әлеуметтік орта екендігі анықталды. Зерттеу қорытындысы қазіргі қоғамда рухани-адамгершілік тәрбиенің толыққанды әрі жүйелі түрде жүзеге асырылуы әлі де өзекті мәселе екенін айқындады. Осыған байланысты жастардың құндылықтық бағдарларын қалыптастыруда отбасы, мектеп және қоғамдық институттардың өзара ықпалдастығын күшейту қажеттілігі туындайды.

Қорытынды

Рухани-адамгершілік құндылықтар – заманауи жастарды жан-жақты дамыған, адамгершілігі жоғары, мәдениетті және жауапты азамат ретінде тәрбиелеудің негізгі тетігі. Бұл құндылықтар заманауи жастардың өмірлік бағдарын айқындап, олардың моральдық тұрғыдан жетілуіне, қоғамға бейімделуіне және өзінің ішкі мүмкіндіктерін толыққанды жүзеге асыруына мүмкіндік береді. Сондықтан заманауи тәрбие жүйесінде рухани-адамгершілік бағыттарды күшейту – ұлттық болашақтың тұрақтылығы мен дамуының маңызды шарты болып табылады демекпіз.

Рухани-адамгершілік құндылықтар – қоғам дамуының негізгі моральдық іргетасы, ал ол заманауи жастардың ішкі әлемін жетілдіріп, қоғамдағы мінез-құлық нормаларын реттейді, әлеуметтік тұрақтылықты қамтамасыз етеді және адамзаттық дамудың басты қозғаушы күштерінің маңыздылығын арттырады. Сондықтан рухани-адамгершілік құндылықтарды қалыптастыру мен сақтау – қазіргі қоғамның басты міндеттерінің бірі екендігін жадымыздан шығармауымыз керек.

Рухани-адамгершілік құндылықтар – заманауи жастардың тұлғалық дамуында, мінез-құлқының қалыптасуында, өмірлік мақсаттарды айқындауында маңызды фактор екендігін, әрі тәрбиенің басты құралы екендігін біз өз зерттеуімізде дәлелдей түстік. Рухани-адамгершілік құндылықтар заманауи жастарды тәрбиелеу барысында олардың әлеуметтік үйлесімділігін арттырып, қоғамға пайдалы, жауапты, мәдениетті азамат ретінде қалыптасуындағы маңыздылығы жоғары екендігі сөзссіз. Жаһандану мен ақпараттық қоғам жағдайында рухани-адамгершілік тәрбие беру – заманауи жастардың жалпы мәдени деңгейін, моральдық тұрақтылығы мен рухани қауіпсіздігін қамтамасыз ететін стратегиялық міндет деп түйіндемекпіз.

Алғыс айту

Зерттеу жұмысына қатысқан әрбір респондентке шынайы жауаптары үшін алғыс айтамыз.

Авторлардың қосқан үлесі:

Ерментаев А.Б. – тақырыпқа сай теориялық-әдіснамалық талдаулар жасап, зерттеу жұмысының концепциясын құрды.

Сихынбаева Ж.С. – зерттеу тұжырымдамасын негіздеді.

Султанова Р.А. – зерттеу әдістемелерін жинақтады, мақаланың соңғы нұсқасын бекітуде үлес қосты.

Сыдыкова З.Е., **Көлбай Ә.Р.** – эксперименттік зерттеу жұмысын өткізу мен алынған нәтижелерге сандық және сапалық талдау жұмыстарын жүргізді.

Әдебиеттер тізімі

Қазақстан Республикасының педагогикалық білім беруді дамыту Тұжырымдамасы (2022). Қолжетімді: https://inlnk.ru/RjAKQd (қол жеткізілген күні: 18 желтоқсан 2025).

Қаратабанов Р. (2024) Құндылыққа негізделген мектеп түлегінің моделі: теориялық негіздемесі және жобалау тәсілдемесі Bilim scientific and pedagogical jornal 108(1):10-18 Қолжетімді: https://doi.org/10.59941/2960-0642-2024-1-10-18

Нишанбаев С.З. (2020) Студенттердің отбасы-адамгершілік құндылықтарын қалыптастырудың әдіснамалық аппараты. Абай атындағы ҚазҰПУ-ң ХАБАРШЫСЫ «Педагогика ғылымдары» сериясы, №3(67), 49-60б. Қолжетімді: https://doi.org/10.51889/2020-3.1728-5496.06

Тілеуова С.С. (2004) Жоғары мектеп педагогикасы. Шымкент.

Ергалиева Г.А., Маденова Л., Нәбиева Ж.Ж.. (2023). Жасөспірімдердің құндылық бағдарының өзгеру себептері. *Scientific Journal of Pedagogy and Economics*, *401*(1), 122–139. Қолжетімді: https://doi.org/10.32014/2023.2518-1467.426

Hess S. (2024) The impact of cultural values on the association between family relations and children's life satisfaction: A comparison across 39 countries. *Child Indicators Research.* Қолжетімді: DOI: https://doi.org/10.1007/s12187-024-10162-1

Keser H., Özyürek A. (2024) The relationship between moral value and emotion regulation in adolescents. *Cumhuriyet Uluslararası Eğitim Dergisi,* Қолжетімді: https://doi.org/10.30703/cije.1335750

Платонов Г.В., Косичев А.Д. (1998) Проблема духовности личности (состав, типы, назначение) // Вестник Московского университета. Сер.7. № 3. С. 16-33.

Нурманбетова С. (2022) Рухани құндылықтар және жастар тәрбиесі. Нұр-Сұлтан: Абылай хан Қоғамы.

Ташенова А.Қ. (2021) Қазіргі жастардың құндылықтық бағдарлары. Алматы: Қазақ университеті.

Бейсембаева А. (2020) Жастардың рухани-адамгершілік дамуының психологиялық негіздері. Алматы: Қазақ университеті.

Tengku S, Tengku K, Yusmini Y. (2014) Active Teaching Methods: Personal Experience of Integrating Spiritual and Moral Values. https://doi.org/10.1080/00344087.2014.956560

А.Б.Ерментаев*[1], Ж.С. Сихынбаева[2], Р.А.Султанова[3], З.Е. Сыдыкова[4] , Ә.Р.Көлбай [5]

[1]Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан
[2,3,4,5]Центрально-Азиатский инновационный университет, Шымкент, Казахстан

Важность воспитания современной молодежи на основе духовно- нравственных ценностей

Аннотация. Современные социально-экономические и культурные условия развития общества делают воспитание современной молодежи одной из наиболее актуальных проблем. Глобализация, расширение информационного пространства и трансформация системы ценностей оказывают непосредственное влияние на мировоззрение и поведение молодых людей. В этой связи наша статья посвящена рассмотрению значимости воспитания современной молодежи на основе духовно-нравственных ценностей.

В условиях глобализации система духовно-нравственных ценностей в обществе постоянно претерпевает изменения, а такие факторы, как развитие науки и технологий, изобилие цифровой информации и культурное многообразие, оказывают новые влияния на духовный мир современной молодежи, воздействуя на формирование и развитие сознания как в позитивном, так и в негативном аспектах. В такой ситуации сохранение духовно-нравственных ценностей и формирование у современной молодежи правильных жизненных ориентиров является одной из важнейших задач современного общества.

Духовно-нравственные ценности закладывают основу личностного развития современной молодежи, ее жизненных установок и социальной адаптации. Проанализировав труды зарубежных и казахстанских

ученых, мы пришли к выводу, что в воспитании современной молодежи на основе духовно-нравственных ценностей значимую роль играют не только семья, но и социальная среда, образовательный процесс в условиях высших учебных заведений, а также влияние круга общения и друзей.

В ходе исследования среди современной молодежи был проведен авторский опрос, по результатам которого осуществлен количественный и качественный анализ полученных данных. Результаты исследования подтверждают значимость поддержки и развития духовно-нравственных ценностей в процессе воспитания современной молодежи.

Ключевые слова: духовные ценности, нравственность, ценности, молодежь, современная молодежь, образование, развитие.

A. Yermentayev*[1], Zh. Sikhynbayeva[2], R. Sultanova[3], Z. Sydykova[4], A. Kolbay[5]

[1] L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan
[2,3,4,5]University of Central Asian Innovation University, Shymkent, Kazakhstan

The importance of educating modern youth on the basis of spiritual and moral values

Abstract. The current socioeconomic and cultural conditions of society's development make the education of today's youth one of the most pressing issues. Globalization, the expansion of the information space, and the transformation of value systems directly influence the worldview and behavior of young people. In this regard, our article examines the importance of nurturing modern youth based on spiritual and moral values.

In the context of globalization, the system of spiritual and moral values in society is constantly undergoing change, and factors such as the development of science and technology, the abundance of digital information, and cultural diversity are exerting new influences on the spiritual world of today's youth, influencing the formation and development of consciousness in both positive and negative ways. In this situation, preserving spiritual and moral values and instilling correct life guidelines in today's youth is one of the most important tasks of modern society.

Spiritual and moral values lay the foundation for the personal development of today's youth, their life attitudes, and their social adaptation. After analyzing the works of international and Kazakh scholars, we concluded that not only the family but also the social environment, the educational process at higher education institutions, and the influence of social circles and friends play a significant role in nurturing today's youth based on spiritual and moral values.

During the study, a survey was conducted among today's youth, and a quantitative and qualitative analysis of the data was conducted. The results confirm the importance of supporting and developing spiritual and moral values in the education of today's youth.

Keywords: spiritual values, morality, values, youth, today's youth, education, development.

References

Qazaqstan Respublikasynyñ pedagogikalıq bilim berudi damytu Tūjyrymdamasy (2022). kolzhetimdi: https://inlnk.ru/RjAKQd (kol zhetkizilgen kuni: 18 zheltoksan 2025).

Qaratabanov R. (2024) Qundylyqqa negizdelgen mektep tuleginin modeli: teoriyalyk negizdemesi zhane zhobalau tasildemesi Bilim scientific and pedagogical jornal 108(1):10-18 kolzhetimdi: https://doi.org/10.59941/2960-0642-2024-1-10-18

Nishanbaev S.Z. (2020) Studentterdin otbasy-adamgershilik kundylyktaryn kalyptastyrudyn adisnamalyk apparaty. Abaj atyndagy kazuPU-n KHABARSHYSY "Pedagogika gylymdary" seriyasy, -n-3(67), 49-60b. kolzhetimdi: https://doi.org/10.51889/2020-3.1728-5496.06

Tileuova S.S. (2004) Zhogary mektep pedagogikasy. SHymkent.

Ergalieva G.A., Madenova L., Nabieva Zh.Zh.. (2023). Zhasospirimderdin kundylyk bagdarynyn ozgeru sebepteri. Scientific Journal of Pedagogy and Economics, 401(1), 122-139. kolzhetimdi: https://doi.org/10.32014/2023.2518-1467.426

Hess S. (2024) The impact of cultural values on the association between family relations and children's life satisfaction: A comparison across 39 countries. Child Indicators Research. kolzhetimdi: DOI: https://doi.org/10.1007/s12187-024-10162-1

Keser H., Özyurek A. (2024) The relationship between moral value and emotion regulation in adolescents. Cumhuriyet Uluslararasi Egitim Dergisi, kolzhetimdi: https://doi.org/10.30703/cije.1335750

Platonov G.V., Kosichev A.D. (1998) Problema dukhovnosti lichnosti (sostav, tipy, naznachenie) // Vestnik Moskovskogo universiteta. Ser.7. -n- 3. S. 16-33

Nurmanbetova S. (2022) Rukhani kundylyktar zhane zhastar tarbiesi. Nur-Sultan: Abylaj khan kogamy.

Tashenova A.k. (2021) kazirgi zhastardyn kundylyktyk bagdarlary. Almaty: kazak universiteti.

Bejsembaeva A. (2020) Zhastardyn rukhani- adamgershilik damuynyn psikhologiyalyk negizderi. - Almaty: kazak universiteti.

Tengku S, Tengku K, Yusmini Y. (2014) Active Teaching Methods: Personal Experience of Integrating Spiritual and Moral Values. https://doi.org/10.1080/00344087.2014.956560

Авторлар туралы мәлімет:

Ерментаев А.Б. – хат хабар авторы, *8D01801* «Әлеуметтік педагогика» білім беру бағдарламасы бойынша 3 курс докторанты, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Сәтпаева 2, 010000, Астана, Қазақстан.

Сихынбаева Ж.С – педагогика ғылымдарының кандидаты, Орталық Азия инновациялық университетінің қауымдастырылған профессоры, А. Байтұрсынов көшесі 80, 160000, Шымкент, Қазақстан.

Султанова Р.А. **–** аға оқытушы, Орталық Азия инновациялық университеті, А. Байтұрсынов көшесі 80, Шымкент, Қазақстан.

Сыдыкова З.Е. **–** педагогика ғылымдарының кандидаты, Орталық Азия инновациялық университетінің қауымдастырылған профессоры, А. Байтұрсынов көшесі 80, 160000, Шымкент, Қазақстан.

Көлбай Ә.Р. **–** оқытушы, Орталық Азия инновациялық университеті, А. Байтұрсынов көшесі 80, 160000, Шымкент, Қазақстан.

Информация об авторах:

Ерментаев А.Б. **–** автор для корреспонденции, докторант 3 курса по образовательной программе «8D01801 - Социальная педагогика» Евразийского национального университета имени Л.Н.Гумилева, ул. Сатпаева, 2, 01000, Астана, Казахстан.

Сихынбаева Ж.С **–** к.п.н., ассоциированный профессор Центрально-Азиатского инновационного университета, ул. А.Байтурсынова, 80. 160000, Шымкент, Казахстан.

Султанова Р.А. **–** старший преподаватель Центрально-Азиатского инновационного университета, ул. А.Байтурсынова, 80. 160000, Шымкент, Казахстан.

Сыдыкова З.Е. **–** к.п.н., ассоциированный профессор Центрально-Азиатского инновационного университета, ул. А.Байтурсынова, 80. 160000, Шымкент, Казахстан.

Көлбай Ә.Р. **–** преподаватель Центрально-Азиатского инновационного университета, ул. А.Байтурсынова, 80. 160000, Шымкент, Казахстан.

Information about the authors:

Yermentayev A.B **– Corresponding author**, 3rd-year doctoral student in the educational program 8D01801 "Social Pedagogy", L.N. Gumilyov Eurasian National University, 2 Satpayev St., 010000, Astana, Kazakhstan.

Sikhynbayeva Zh. **–** candidate of pedagogical sciences, Assoc. Professor, Central Asian Innovation University, st. A. Baitursynov 80. 160000, Shymkent, Kazakhstan.

Sultanova R. **–** senior lecturer at the Central Asian Innovation University, st. A. Baitursynov 80. 160000, Shymkent, Kazakhstan.

Sydykova Z. **–** candidate of pedagogical sciences, Assoc. Professor, Central Asian Innovation University, st. A. Baitursynov 80. 160000, Shymkent, Kazakhstan.

Kolbay A. **–** lecturer, Central Asian Innovation University, st. A. Baitursynov 80. 160000, Shymkent, Kazakhstan.

GUMILYOV JOURNAL OF PEDAGOGY
ISSN: 3080-1710. ISSN (Online): 3104-462X

ХҒТАР: 14.15.23
Ғылыми мақала

https://doi.org/10.32523/3080-1710-2026-155-2-101-114

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ БЕРУ МАМАНДАРЫН ДАЯРЛАУ ТӘЖІРИБЕСІ ЖӘНЕ ОНЫ ЖЕТІЛДІРУ ЖОЛДАРЫ

***К.А. Есенова*[1], *Ұ.Т. Әнәпия**[2]

[1,2] әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан

*E-mail: [1]kamchat_esenova@mail.ru, *[2]Ulzada_96@mail.ru*

Аңдатпа. Қазіргі таңда инклюзивті білім беру жүйесі әлем мойындаған жүйеге айналып отыр. Ол қоғамның талабы, заман талабы. Қазақстанға инклюзивті білім беру жүйесі кешігіп келуі себепті шешімін қажет ететін мәселелер жетерлік. Солардың бірі кадр тапшылығы, оларды оқыту немесе қайта даярлаудың маңыздылығы, қажеттілігі. Бұл мәселе қаншалықты жүзеге асырылуда, жүйе қаншалықты сапалы, нәтижелі жұмыс жасап жатқанын айқындау уақыт мәселесі.

Мақалада Қазақстандағы инклюзивті білім берудің даму деңгейі, жетілдіру жолдары, мамандардың даярлығы талқыланып, кейбір тұжырымдар жасалынған.

Зерттеуіміздің мақсаты, басты бағыты мен ойы – Қазақстан Республикасының білім беру саласындағы жетістіктерін талдай отырып, инклюзивті білім берудегі қиындықтардың себептерін анықтау. Мамандардың даярлығын шетел тәжірибесімен салыстырып, мүмкіндігі шектеулі балалардың қажеттіліктеріне бағытталған жұмыстарды саралау.

Жұмыстың ғылыми маңыздылығына тоқталар болсақ, талдау жұмыстары инклюзивті білім берудегі біліктілікті көтеру және аксиологиялық тәсілдің өзектілігі, оның жекелеген топтарының қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін ғана емес, сонымен бірге бүкіл қоғамның қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін дағдыларды, білімді және ақыл-ой әрекетін бағдарлау бойынша мамандарды даярлауға тиімділігі анықталған.

Зерттеу жұмысы барысында жалпы білім беретін мектептерде білім алатын балалардың ата-аналарынан сауалнама алынып, нәтижесі талданды. Сол арқылы олардың ойы мен ұстанатын позициясын айқындадық.

Жұмыстың нәтижелері мен талдауы, қорытындысы: инклюзивті білім берудің жетілдіру жолдарын бұл саладағы проблемаларды анықтаған жағдайда ғана айқындауға болатындығы дәлелденіп, ой салатын талдаулар ұсынылған. Бұл үрдісті қамтамасыз ететін мамандарды даярлау бойынша бірнеше тәсілдер талқыланып, нақты ұсыныстар берілген.

Түйін сөздер: инклюзия, құндылықтар, біліктілікті арттыру, мамандар даярлығы, аксиологиялық тәсіл, білім.

Түсті: 21.07.2025; Мақұлданды: 15.06.2026; Онлайн қолжетімді: 30.06.2026

*хат-хабар авторы

Кіріспе

Ғылымның, техниканың қарқынды дами түсуі адам баласына үлкен мүмкіндіктерді ұсынуда. Жасанды интеллект пен нанотехнология да адамның өміріне біршама жеңілдіктер әкелуде. Алайда, адам бойындағы жалпыадамзаттық, ұлттық құндылықтарды сақтауда, тәлім-тәрбие беруде адам психологиясын тек адам ғана терең түсінеді. Сол себепті де, педагогикалық мамандықтарды күннен-күнге дамыта түсу, шыңдау – маңызды қажеттілік болып қалмақ. Сонымен қатар, денсаулығында ақауы бар, ерекше балаларға да біршама жаңа мүмкіндіктердің бар екені сөзсіз. Соның бірі және ең маңыздысы – инклюзивті білім беру. Себебі инклюзивті білім барша тұлғалардың психикалық мүмкіндіктерін, ерекшеліктерін, физикалық мүмкіндіктерін ескере отырып, тең құқықтылық принципіне сүйенеді. Әр тұлғаның дамуы мен білім алуына тең мүмкіндіктерге негізделген шынайы, әділ қоғамның құрылуына ықпалын тигізеді.

Бүгінгі таңда Қазақстан мектептері инклюзивті білім беруге көшуде. Бүгінгі толғандыратын жағдай осы инклюзивті білім беру саясатының қоғамдағы дамуы. Яғни білім беруші оқытушылардың, мұғалімдердің: жалпы педагогикалық ұжымның даярлығы, инклюзивті орта қалыптастыра алу дәрежесі. Себебі, зерттеулерге сүйенсек, басқа оқыту үлгілеріне қарағанда баланы тереңірек түсінуге, эмпатияға ықпал етуші инклюзивті білім беру тиімдірек екені анықталады. Бұл туралы қазақстандық ғалымдар Ахметов Н.А., Хайдаров Ж.С., Назарова Н.Н., Мовбекова З.А., т.б. ғалымдар өз еңбектерінде зерттеген болатын.

Ғалым З.А. Мовбекова өзінің «Вопросы подготовки педагогических кадров Республики Казахстан к работе в условиях инклюзивного образования» атты еңбегінде «Инклюзивті білім беру деп - дамуындағы мүмкіндігі шектеулі балаларды материалдық-техникалық және психологиялық-педагогикалық жағдайлардың, жалпы білім берудің сәйкестігіне байланысты үдеріске қосу» деп анықтама берген болатын (Жомартова, Аубакирова және Акпарова, 2023). Алайда инклюзивті білім беру жолы әлі де ақсап келеді. Маңыздысы педагогтар даярлығының төмендігі. Бұл тек Қазақстандағы проблема емес, әлем бойынша көтеріліп келе жатқан мәселе. Мәселен Қытай мемлекетінде де инклюзивті орта құру мәселесінің ақсап тұрған тұстарын байқауға болады. Онда инклюзивті білім беру саласында жұмыс істейтін педагогтар сыртқы ұйымдық жағдайларды инклюзивті білім беруді енгізу жөніндегі ішкі ниеттерге айналдыратын әлеуетті тетіктің академиялық зерттеулерінің айқын тапшылығы бар (Wang, Deng and Tian, 2025). Сонымен қатар инклюзивті білім берудің ел саясаты мен ішкі тұрақтылықтың көрсеткіштерінің бірі ретінде қарау идеясы да кейбір дамыған елдерде қарастырылған (Bourke et al., 2025). Инклюзивті білім беру оқушылардың толық әлеуетіне жетуіне кедергі болатын кедергілерді жоюға бағытталған, бұл оларға бірдей оқу мүмкіндіктеріне қол жеткізуге мүмкіндік береді және әртүрлі оқушылар топтары арасындағы оқу үлгеріміндегі алшақтықты жоюға көмектеседі. (Ainscow and Miles, 2008). Инклюзивті білім беруді сынып ішіндегі, қоғамдық ортадағы жағымды әлеуметтік климатты қалыптастыруға көмектесетін негізгі құрал ретінде қарастыра аламыз. Ол өз кезегінде баланың дамуы мен өзіне қызмет көрсете алу дағдыларын, психологиялық тұрғыдан толыққандылықты сезінуіне әсер етеді (Szumski, Smogorzewska and Grygiel, 2022; Newman, 2006).

Инклюзивті білім беру үдерсі жалғыз мұғалімге және оның кәсіби қызметіне ғана тәуелді емес. Мұнда білім беру ұйымының ұйымдастырушылық және реттеушілік, бағыт беруші функцияларын да естен шығармаған жөн (Mendoza and Heymann, 2024; Opoku et al., 2021). Осылайша мұғалімдердің инклюзивті тәжірибелерді енгізу ниетін қалай ынталандыру туралы мәселе арнайы және инклюзивті мектеп білімі саласындағы ғалымдар мен практиктердің назарын аударды. (Almalky and Alrabiah, 2024; Ahmmed, Sharma and Deppeler, 2014). Байқап отырғанымыздай көптеген елдерде (біздің елімізді қоса алғанда) инклюзивті білім беру мен ол салада жұмыс жасайтын мамандар тәжірибесі мен жұмыс мазмұны теориялық тұрғыдан көптеп қаралғанымен, тәжірибеде жеткілікті түрде іске аспай жатқаны байқалады. Оған себеп немесе әсер етуші факторлар да түрлі болуы мүмкін. Оларды анықтау өз кезегінде кезек күттірмес осы мәселені шешуге, оңтайландыруға әсер етеді деп болжауға болады. Кезек күттірмес дейтін себеп жыл сайынғы ерекше білім алу қажеттілігі бар балалар саны статистика бойынша мыңдап артып келеді. Ал оларды қоғамға қосу мен сол қоғамға кіріктіру (интеграция) болашақ үлкен қиындықтарды болдырмас еді. Сондықтан бұл білім саласын ғана қамтымайды; сонымен қатар ел экономикасы, саясаты мен тұрақтылығының да бір индикаторы бола алады.

Материалдар мен әдістер

Бұл ғылыми жұмысты орындау барысында авторлар аналитикалық әдісті пайдаланды, бұл авторларға жұмыста қарастырылған мәселелерді олардың бірлігі мен дамуы бойынша зерттеуге мүмкіндік берді. Тақырыпты тереңірек ашу үшін және оны дәлелді негіздеу үшін ғылыми негіздемесі жасалды, ол үшін ақпарат базаларындағы ғылыми мақалалар талданып, жан-жақты қаралды, талданды, керек ақпараттар қысқаша енгізілді.

Зерттеу мәселесі бойынша психологиялық-педагогикалық мазмұндағы ғылыми мақалаларға теориялық талдау, заңнамалық құжаттардың мазмұнына анализ, еліміздегі педагогикалық тәжірибеге шолу және қорытынды жасау, сұрау әдістері (сауалнама, әңгімелесу) қолданылды.

Сауалнама жүргізу ауқымы кездейсоқ құрамда, онлайн форматта жүргізілді. Бұл өз кезегінде қозғалып отырған мәселенің практикалық тұрғыдағы әлеуетін анықтауға өз үлесін қосты. Шынайы әрі жауап беруге ыңғайлы болуы үшін сұрақтар нақты әрі қысқа етіп таңдалып алынды. Сауалнамаға қатысушылар жалпы білім беретін ұйымдардың мұғалімдік құрамы.

Тапсырманың мақсаттары мен жүргізілген зерттеулерді ескере отырып, авторлар ғылыми танымның функционалдық-құрылымдық әдісін пайдаланды.

Нәтижесінде авторлар инклюзивті білім берудегі аксиологиялық тәсілмен байланысты кейбір мәселелерді қарастыра алды.

Жоғарыда көрсетілген әдіс-тәсілдердің көмегімен Қазақстандағы инклюзивті білім беру мамандарын даярлау тәжірибесіне қысқаша әрі нақты шолу жасалып, сонымен қатар оны жетілдіру жолдарын анықтау мақсатында әлемдік озық тәжірибелер мен оның шешу жолдары жинақталды, ұсынылды.

Нәтижелер мен талқылау

Инклюзивті білім берудің негізгі мақсаттары жалпы, арнайы білім беру жүйелерінен түбегейлі айырмашылығы бар координаталық жүйеде орналасқан деп айтуға болады. Сонымен қатар, сол ерекшеліктерге қарамастан, инклюзивті білім беру арнаулы, жалпы білім беру жүйесінің негізгі бағытын жоюға бағытталмағанын естен шығармау керек. Ол жалпы білім беру жүйелерін әрі қарай нығайтуға, онымен еркін байланысқа түсуге бағытталады. Өкінішке орай, мұғалімдердің көп бөлігі мүмкіндігі шектеулі балаларды дені сау балалармен бірге оқытуға қиналады, қарсылық білдіреді. Мектептің мұғалімдерінен алынған сауалнаманың өзінде осы мәселе анықталды.



1-Сурет. Ерекше білім алу қажеттілігі бар бала мен қалыпты дамушы баланы бір сыныпта оқыту туралы сауалнама

Ескертпе: деректер Google Forms платформасы арқылы жинақталды (https://docs.google.com/forms/d/e/1FAIpQLSeE2KmPby4UnvbkSDnwLHqJuChwGuunc8JnSyH3JI_EP8w9LQ/viewform?usp=header)

Берілген жауаптардың 38,2% наразылығын білдірсе, 27,3% жауап беруге қиналатындығын айтты. Жауаптарды зерделей келе, жалпы инклюзивті білім туралы мұғалімдердің түсінігін анықтауға қадам жасалды. Жүргізілген зерттеу жұмыстарына сүйенсек, тіпті инклюзивті білім беруді тек арнайы мектептерге ғана қатысты білім беру жүйесі деп есептейтін де мұғалімдер бар екен.

Инклюзивті білім беруді жүзеге асыратын оқу орындарына келесі талаптардың орындалуы міндеттеледі: мүгедектігі бар балаларға оңалту бағдарламасын ескере отырып әзірленген арнайы білім беру бағдарламаларын әзірлеу; түзету тәсілдері мен техникалық құралдардың болуы; арнайы дайындалған мұғалімдермен жұмыс; әлеуметтік және де басқа жағдайларда көрсетілетін медициналық көмек.

Инклюзивті білім беру бойынша қойылған мақсатқа жету үшін біршама шаралар орындалуы қажет:

мүмкіндігі шектеулі балалар мен дені сау балаларды бірлесіп оқытуды реттейтін нормативтік құқықтық актілерді дайындау;

тиімді білім беру үшін тиісті қолдауды ұйымдастырудың стандартты шешімдерін әзірлеу;

білім беру мекемесін мүгедектерге арналған арнайы құрал-жабдықтармен жабдықтау;

оқу кабинеттерінің әмбебап дизайнын даярлау;

Қазақстан Республикасының әрбір субъектісінде мүмкіндігі шектеулі және дені сау тұлғаларға бірлескен білім беретін базалық оқу орындарының желісін қалыптастыру;

әлеуметтік желілер, теледидарлар және өзге де бұқаралық ақпарат құралдарында мүмкіндігі шектеулі адамдарға деген дұрыс көзқарас қалыптастыру үшін инклюзивті білім берудің мәнін түсіндіру жұмыстарын жүргізу;

Қазақстан Республикасының барлық аймақтарында осы тәжірибені насихаттау мақсатында инклюзивті білім беру мен арнайы білім беруді енгізудің «үздік тәжірибелері» туралы деректер қорын құрастыру, т.б.

Негізгі мақсатымыз – білім беру саласының жаңа сегменті ретінде инклюзивті білім беруді тез арада ұйымдастыру емес, инклюзивтік қағидаларға негізделген білім берудің барлық деңгейіндегі кешенді эволюциялық өзгерістер енгізу.

Әрине, инклюзивті білім беруге аз уақыт ішінде толықтай дайын болу мүмкін емес. Бастысы – бір орында тоқталып қалмау, қол жеткізген жетістіктерге сыни көзқараспен қарап, табылған шешімдерді тұрақталған деп қарамау. Әр облыс, қала, аудан, жеке мектептер инклюзивті білім беруді қай тұстан бастау қажеттігін өздері таңдағаны жөн.

Инклюзивті білім беруді жүзеге асыру арқылы балаларға адамның құқықтары туралы білімдерін шыңдауға мүмкіндік беріп қана қоймай, мұғалімдерді де шыңдаймыз. Себебі германиялық дефектолог ғалымы П. Шуманның сөзіне сілтеме жасасақ: «Бала кемістігінің даму дәрежесі қаншалықты төмен болса, соншалықты мұғалімнің білім дәрежесі жоғары болу керек».

Ал жоғарыда талданған әлем бойынша зерттеулер, жүргізілген сауалнама нәтижелері осы педагогтардың даярлығын бір жолға салуды талап етеді. Біздің ойымызша, оның бірінші жолы - біліктілікті арттыру.

Біліктілікті арттыру білім беру жүйесін дамытудың ең амбициалық бағыттарының бірі болып табылады, ол «өмір бойы білім алу» қағидатын жүзеге асыруға мүмкіндік береді, оның дамуының өзектілігі білімнің ескіру процесінің жеделдеуімен және қажеттілікпен түсіндіріледі.

Білім беру жүйесінің қалыптасу тарихын, оның ішінде біліктілікті арттыру жүйесінің дамуын әр қырынан зерттеген отандық ғалымдар аз емес. Олардың қатарында Т. Тәжібаев, Л. Колесниченко, Қ. Бержанов, А. Сембаев Г. Ахметова және т.б. ғалымдар бар. Олардың біліктілікті арттыру бойынша еңбектері зор. Жалпы Қазақстандағы біліктілікті арттыру бойынша жүйенің қалыптасуын екі кезеңге бөліп қарастырып жүр: кеңестік кезең және Қазақстанның егемендік алғаннан кейінгі кезеңі. Екі кезеңде де білім саласы үнемі даму үстінде. Бұл тұста А.И. Сембаев қазақ ағарту ісі мен қазақ мектебінің тарихын зерттеуге елеулі үлес қосты, оның монографиясы қазақ мектебінің қиын жолы мен өрлеу жолын, педагогикалық кадрларды даярлау мен олардың біліктілігін арттыруды дамыта түсті. Тарихқа көз жүгіртсек, педагогикалық даму әр уақытта қарқынды жүріп отырған. Төмендегі кестеден осы үрдісті байқауға болады.

1-Кесте. Қазақстандағы білім беру саласының даму қарқыны

Уақыты	Даму деңгейі
XX ғасырдың бірінші жартысы – 1920 ж.	Оқытуды социалистік идеялардың белсенді насихаттаушысына айналдыру міндеті педагогикалық кадрларды даярлау мен қайта даярлаудың тиісті жүйесін құруды талап етті. Ғылыми қызметкерлерді дайындау тәртібі туралы бірінші ереже 1925 жылы бекітілді, одан ғылыми-педагогикалық кадрларды жоспарлы дайындаудың пайда болуы басталуы керек болды. Е.М. Никитиннің зерттеуінде «Білім беру қызметкерлерінің біліктілігін арттырудың федералды жүйесі. Кеңестік кеңістіктегі ДК жүйесінің қалыптасу тарихы, салыстырмалы тәжірибесі, қазіргі жағдайы, болжамы, дамуы», мұнда кадрларды қайта даярлау және біліктілігін арттыру жүйесінің қалыптасу процесі жүріп жатқаны атап өтіледі. білім саласы қызметкерлері оңай болған жоқ (Есимова және Ергалиев, 2023).
XX ғасырдың бірінші жартысы – 1930 ж.	XX ғасырдың отызыншы жылдары мұғалімдердің біліктілігін арттыруда курстар алғаш рет пәндер бойынша сараланды.
1939-1945 жалдар	Сандық сипаттамаларға ерекше назар аударылған кезде ғылыми-педагогикалық кадрларды даярлаудың жоспарланған жүйесін жетілдіру жұмыстары жүрді. Осы кезеңде Кеңес елінде ашылған мекемелер жоғары білікті мамандармен қамтамасыз етілді. Мәскеу, Ленинград, Киев және басқа қалалардан келген мамандар.
Ұлы Отан соғысынан кейінгі жылдар	Соғыстан кейінгі республиканың біліктілігін арттыру құрылымдарының қызметі жеткілікті түрде сипатталған (Young, 2024). Біліктілікті арттыру мазмұнында қарастырылып отырған кезеңде оқушыларды еңбек және отансүйгіштікке тәрбиелеу, мұғалімдердің ғылым негіздерін меңгеру мәселелеріне көп көңіл бөлінеді. Мұғалім мамандығының қоғамдағы беделі жоғары болды.
XX ғасырдың 60-80 жылдары	Біліктілікті арттыру жүйесінде педагогтардың жалпы білімдік және идеялық-саяси деңгейін көтеру бойынша жұмыстар жалғасты, әдістемелік құрамдас айтарлықтай күшейтілді: педагогикалық жұмыстың технологияларын және практикалық дағдыларды меңгеру бойынша сабақтар өткізілді; озық педагогикалық тәжірибені зерделеу, жалпылау және танымал ету мәселесі жаңартылды; мектептің оқу-тәрбие жұмысын жақсарту және педагогикалық ұжымның кәсіби біліктілігін арттыру мақсатында бастауыш және орта мектеп мұғалімі атағын алу үшін аттестация өткізілді.

1991-2000 жылдар аралығы	Республикада ұлттық руханияттың, дәстүрдің жаңғыруы, халықтардың ұлттық сана-сезімін арттыру процестері басталды. Кеңестік кезеңде мұғалімдерді даярлау тек мұғалімдер білімін жетілдіру институттарында ғана жүргізілсе, 1990 жылдары әртүрлі саладағы жеке оқу орындарында (Білім институты, Ересектерге білім беру орталығы және т.б.) жүзеге асырыла бастады. Бұл жағдай мұғалімдерге демократиялық қоғамның маңызды белгісі болып табылатын өз қажеттіліктеріне, мүмкіндіктеріне, тілектеріне сәйкес сол немесе басқа оқу орнын таңдау мүмкіндігін берді.
1991-2011 жж.	Қазақстанда Біліктілікті арттыру саласындағы ұлттық саясат әлемдік тәжірибені, әлемдік мәдениеттің жетістіктерін және педагогикалық теория мен практиканың даму тарихын ескере отырып қалыптаса бастады. Дайын білімді бастапқы меңгеруден білімді құрудың әдіс-тәсілдерін, шығармашылық ойлау әдістерін және стандартты емес жағдайларда оқушылардың мінез-құлқын түсінуге көшуді ұсынатын оқыту мен тәрбиелеудің жаңа нұсқаулары алға шықты (Young, 2024).
2016 жылы	Кадрлардың біліктілігін арттыру, даярлау және қайта даярлау орталығының базасында ҚАО-дан бөлек Республикалық біліктілікті арттыру және қайта даярлау институты құрылды.

Кестедегі қысқаша ғана мағлұматта көрсеткіміз келгені біліктілікті арттырудың жылдан-жылға шыңдала түскені. Бұл үрдіс – заманның талабы. Курстардың мазмұнындағы мүлде жаңа бағыт педагогикалық кадрлардың біліктілігін арттыруда тәжірибеге ақпараттық-коммуникациялық технологияларды енгізу болды (Новикова, 2009).

Курс бағдарламаларының мазмұнында «ізгілендіру», «үздіксіздік», «инновация», «этномәдениет», «көпмәдениеттілік», «сапа» ұғымдары арқылы ашылатын жаңа тәрбие мұраты туралы тақырыптар пайда бола бастады.

Әлемдік тәжірибеде мұғалімдердің біліктілігін арттыру жүйесіне озық инновациялық білім беру тәжірибесін жедел жеткізу негізінде жоғары сапалы білім беруді қамтамасыз ететін икемді, ұтқыр механизм рөлі жүктелген. Қазақстан үшін жаңа курстық бағдарламаларды енгізу, оқытуды ұйымдастырудың жаңа стратегияларына, әдістемелік нұсқауларына баса назар аудара отырып, мұғалімдерді сынып, студенттермен жұмыс істеуге дайындау мазмұнын жаңарту түріндегі мұғалімдердің біліктілігін арттыру жүйесін жаңғырту мәселесі. процесс өте өзекті болды. Қазақстандағы біліктілікті арттыру жүйесін жаңа деңгейге жеткізу жұмыстарының тізбесіндегі маңызды жаңалық Кембридж университетімен бірлесіп «Назарбаев зияткерлік мектептерінің» АҚ әзірлеген бағдарлама бойынша біліктілікті арттыру курстары болды.

Мүмкіндігі шектеулі балалармен жұмыс істеудің инновациялық әдістері бойынша біліктілікті арттыру әзірленді. Ол өз қызметін тек дидактикалық тұрғыдан ғана емес, сонымен қатар құндылық бағдарларының өзгеру деңгейін де қайта қарауды талап етті. Біліктілікті арттыру жүйесінде білім беру мазмұнын жетілдірудің даму дәрежесін зерделей отырып, инклюзивті білім беру педагогтарына арналған

білім беру бағдарламаларының мазмұнын жетілдіру бойынша әдістеме де өз уақытында әзірленді.

Бүгінгі таңда инклюзивті білім беруді дамытуға мемлекеттік білім беру саясатының көптеген стратегиялық құжаттарында көп көңіл бөлінген:

Білім және ғылымды дамытудың 2020 жылға арналған мемлекеттік бағдарламасында;

Қазақстан Республикасының білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында;

Қазақстан Республикасында жоғары білім мен ғылымды дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы;

Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы», «Білім туралы» заңдары;

Мүгедек балаларды әлеуметтік-медициналық-педагогикалық түзеу қолдауы»;

Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамалары;

«Қазақстан Республикасындағы мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы»;

«Арнаулы әлеуметтік қызметтер туралы» және т.б.

Инклюзивті білім беруді дамыту және мүмкіндігі шектеулі балаларды білім беру ортасына қосу білім беру үдерісіне қатысушылардың кәсіби мүмкіндіктері мен жеке қасиеттеріне тікелей байланысты. Бұл орайда ұстаздардың кәсіби шеберлігі ерекше ескеріледі. Мұғалім тек дамуы қалыпты балалармен ғана емес, инклюзия тобына жататын (денсаулығында ақауы бар, сол мемлекет тілінде сөйлей алмайтын, отбасылық жағдайы нашар, ұзақ уақыт емханада болған, әлеуметтік жағдайы төмен, т.б.) балалармен де жұмыс шебер, жоғары деңгейде жұмыс жасай алуы қажет. Дегенмен инклюзивті білім беруді дамыту процесі Қазақстанда біршама қиындықтарға тап болуда, олардың кейбіріне тоқталатын болсақ:

- мұғалімдердің инклюзивті білім беруді енгізуге кәсіби дайын болмауы;
- ата-аналардың психологиялық-педагогикалық білімдерінің жеткіліксіздігі;
- мектептегі сыныптардың экономикалық тұрғыдан толық қамтылмауы;
- мамандардың жетіспеуі (дефектологтардың, әлеуметтік педагогтардың, тіпті арнайы кураторлардың (тьютор) болмауы).

Мұғалімдерді әлеуметтік әділеттілік пен инклюзияға қол жеткізуге бағытталған өзгерістердің белсенді қатысушылары ретінде даярлау олардың нені білуі, қолдануы және неге сенуі керек екенін ғана емес, сонымен қатар олардың мүмкіндіктері мен ықпалын мұғалімдер рөлінде қалай қолданатынын нақты түсінуді талап етеді. Ғылыми әдебиеттерде оқушылардың әртүрлі санаттарымен тиімді жұмыс істеу үшін қажетті білім, дағдылар мен құндылықтарға қатысты белгілі бір келісім болғанымен, бұл қасиеттердің мұғалімдер жұмыс істейтін әртүрлі жағдайларда қалай қалыптасатыны, көрінетіні, сақталатыны және расталатыны туралы аз түсінік қалады. Алайда, көбінесе бұл қасиеттер ұлттық стандарттарда көрініс табады, онда мұғалімнің біліктілігін алу үшін қандай құзыреттер қажет екендігі нақты жазылған (Pantic and Florian, 2015).

Соның ішінде мамандардың инклюзивті балалармен жұмыс жасауда біліктілігінің төмендігі алаңдатады. Бірқатар елдерде инклюзивті білім беру келесі принциптерге негізделеді: адамның құндылығы оның қабілеті мен жетістіктеріне байланысты емес, әрбір адам сезінуге және ойлауға қабілетті және құқылы (Сардарова және басқалар, 2021; Лихачев, 2010).

Конвенциялардың негізгі ережелеріне сәйкес Қазақстан барлық деңгейлерде (мектепке дейінгі, мектеп, жоғары оқу орындары) инклюзивті білім беруді қамтамасыз ету міндетін қойды. Дегенмен, инклюзивті білім беру жалпы білім берудің бір бөлігі емес, жеке тенденция екенін түсіну керек.

Арнайы білім беруді дамыту жөніндегі Еуропалық агенттік инклюзивті мұғалімдерге арналған төрт негізгі құндылықтарға және әрбір негізгі құндылықтармен байланысты құзыреттер жиынтығына негізделген инклюзивті мұғалімдер профилін әзірледі. Қазақстанда да болашақ мамандарды, жұмыс жасап жүрген педагогтарды осы құндылықтарға бағыттау қажет (Тұжырымдама, 2023).



2-Сурет. Инклюзивті білім беру жағдайындағы мұғалімдерге арналған негізгі төрт құндылық

Ескертпе: (UNESCO, 2009; Florian, 2012) деректері негізінде құрастырылған

Жоғарыда көрсеткеніміздей, ең маңыздысы инклюзивті білім беру жағдайында мұғалімдердің біліктілігін үнемі дамытып отыру. Себебі инклюзивті білім беру – мұғалімдердің үздіксіз қолдауы мен кәсіби дамуын талап ететін динамикалық процесс. Бұл балалардың сапалы білімге қол жеткізуде кездесетін кедергілерді және осы кедергілерді жою жолын бүкіл мектеп қауымдастығында үздіксіз талдау және өзін-өзі бағалау.

Инклюзивті білім беру бойынша 2011 жылдан бері біраз зерттеулер жүргізілді. Концепция жасақталды, Кембридж университетімен біраз жұмыстар жүргізілді, blended learning форматындағы мұғалімдерді оқыту, т.б.

Жоғарыда келтірілген дереккөздерді талдау инклюзивті білім беру үдерісінің сапасын арттыру мақсатында педагог пен әдістемелік қызметтің өзара әрекеттесуіне ерекше жағдай туғызатын, инклюзивті білім беру саласында педагогикалық ұжымды басқару жүйесін әзірлеу қажеттілігін туындатады. Бұл мәселеде, аксиологиялық тәсіл негізінде «бәріне ортақ» білім беру мәселелері бойынша біліктілікті арттыру процесінде білім беру бағдарламаларын қалыптастыру ерекше маңызды және нәтижелі болады, мұнда білім беру бағдарламасы көп функциялы мақсаттарды шешетін және білім берудің көп деңгейлі ерекшеліктерін көрсететін жүйенің бір түрі ретінде әрекет етеді. Психологиялық-педагогикалық қана емес, сонымен қатар әлеуметтік-мәдени құбылыстарды шешуге қолайлы. «Жалпыға ортақ» білім берудің теориялық негізін ізгілікті психология мен педагогика құрайды: олар бірігіп адамның тұлға болып қалыптасуы мен дамуын жалпы түсіндіретін аксиологиялық тұрғыдан түсіндіріледі. Себебі аксиологияда инклюзивті білім беру негізі (адамдарды жасына, жынысына, тұрмысына, әлеуметтік статусына, көзқарастары мен позицияларына, т.б. қарамастан, жеке құндылық ретінде қарау) жатыр. Қазақстандағы инклюзивті білім беруді одан әрі дамыту үшін төмендегі қағидалар ескерілуі керек:

- инклюзивті білім беру тек білім беру мекемелерінің іске асыруы тиіс шара деп емес, барлық әлеуметтік институттар жауапты тарап ретінде қарауы шарт;

- инклюзивті білім беру – ерекше балалармен тікелей жұмыс жасайтын мамандардан үздіксіз даму мен білім алуды талап ететін қарқынды өзгерістер мен дамуға ұшырайтын процесс;

- білім беру мекемелеріндегі педагогикалық кеңестерде ерекше және қалыпты дамушы балалардың сапалы, қажетті білім алу барысында кездесетін кедергілерді анықтау мен оларды жою жолдарын үнемі талдау және сыртқы/ішкі бағалау, анализ;

- мүгедектігі бар педагогикалық кадрларды қосымша оқыту, қолдау және жұмысқа алу туралы нақты міндеттеме болуы керек;

- мамандардың біліктілігін арттыру және қайта даярлау – инвестиция мен нақты қаржылық жоспарды қажет ететін үздіксіз үдеріс.

Инклюзивті білім берудегі басты мәселе – командада жұмыс жасау. Әлеуметтік психологпен, дефектологпен, куратормен, ата-анамен, медицина мамандарымен тығыз байланыста жұмыс жасай алу қажет.

Біліктілікті арттыру мұғалімге ескірген көзқарастардан арылуға көмектеседі, оны сыртқы өзгерістерге бейім етеді, бұл сайып келгенде оның бәсекеге қабілеттілігін арттырады. Біліктілікті арттыру процесінің принциптері:

- оқудағы белсенділік принципі;

- оқу-тәжірибелік іс-әрекетті біріктіру;

- тұтынушының (тыңдаушының немесе тыңдаушылар командасының) мазмұнды таңдауы және біліктілікті арттыру нысандары; дидактикалық негіздердің өзгермейтіндігі; логикалық-семантикалық білімді модельдеуге негізделген макро- және микронавигация;

- стратегиялық басқару принциптері (Гримес, 2009).

Инклюзивті білім бойынша біліктілікті арттыру жүйесіндегі ең тиімді жол – аксиологиялық тәсіл. Аксиологиялық тәсіл гуманистік педагогиканың мәнін көрсететін құрал: бұл жерде адам, жеке тұлға қоғамның ең жоғары құндылығы, қоғамдық дамудың өз алдына мақсат ретінде қарастырылады. Шын мәнінде, педагогикадағы аксиологиялық тәсілді білім беру мен әдістеменің жаңа философиясы деп атауға болады.

Қазіргі білім берудің аксиологиялық принциптері оның диалогтық сипатын қамтамасыз етуді талап етеді және әртүрлі философиялық-педагогикалық көзқарастарға құрметпен қарауды бекітеді. Бұл аксиологиялық ойлаудың орталығында тұрған өзара тәуелді және өзара әрекеттесетін дүние концепциясы. Ол интегралды тұлға әлемін растайды, сондықтан адамзатты біріктіретін ортақ нәрселерді де, әрбір жеке адамның ішкі құндылығын да көруге үйрену маңызды. Ересектерге білім беру әр тұлғаның үйлесімді дамуына бағытталған. Субъективтік тұрғыдан алғанда бұл мақсат тұлғаның тұтас тұлға болып қалыптасуының ішкі қажеттілігі ретінде әрекет етеді (Қағида, 2022).

Аксиологиялық көзқарастың идеясы адамнан тыс және адами құндылықтарсыз болуы мүмкін емес, өйткені ол заттар мен құбылыстардың ерекше адамдық мәнін білдіреді. Құндылықтар бастапқы емес, олар әлем мен адам арасындағы қарым-қатынастан туындайды; құндылықтар тарих процесінде адам жасаған нәрселердің маңыздылығын растайды. Құндылықтарға тек әлеуметтік прогреске байланысты оң мәнді оқиғалар мен құбылыстар жатады.

Аксиологиялық тәсілді оқу үдерісінде қолданудың өзектілігі ақпараттық технология дәуіріне байланысты, оның ерекшелігі – білімнің тез ескіруі. Білім берудегі аксиологиялық тәсіл дағдылар мен білім жүйесін өз қажеттіліктерін қанағаттандыруға ғана емес, сонымен бірге әлеуметтік мәселелерді шешуге бағытталған құндылықтармен біріктіруге мүмкіндік береді (Моисеев, 2001).

Аксиологиялық көзқарас студенттердің құндылықтар жүйесін қалыптастырады, бұл өз кезегінде олардың білім беру қызметінің нәтижесінде қоғамға кірігуіне ықпал етеді. Құндылықтар - бұл жеке адам үшін маңызды болып табылатын идеалды немесе материалдық объектілер. Кең мағынада құндылықтар дегеніміз адамның мақсаттары, мүдделері, қажеттіліктері, жоспарлары үшін маңызды нәрсеге белгілі бір қалыптасқан көзқарастар. Құндылықтар жүйесі адамның ойлауы мен мінез-құлқының принциптерін негіздейтін ұғымдардан қалыптасады. Олардың қалыптасуы индивидтердің сыртқы әлеммен өзара әрекеттесуінің нәтижесінде пайда болады және адамның қоршаған ортаға және қоғамға қатынасынан көрінеді. Белгілі бір құндылықтарды бойына сіңірген адам оларды мінез-құлқының мотиві ретінде пайдаланады.

Қорытынды

Инклюзивті білім беру баланы емес, білім беру жүйесін өзгертуді көздейді және ол барлық балалардың әртүрлі екенін мойындайды, ал мектептер мен білім беру жүйесі барлық оқушылардың жеке қажеттілік-

теріне бейімделуі керек, инклюзив деген сөз «барлығын бірдей етуге тырысу» дегенді білдірмейді. Оның негізгі ұстанымының бірі икемділік болып табылады, ол балалардың әртүрлі қарқынмен оқитынын және мұғалімдерге икемді оқытуды қолдау үшін арнайы дағдыларды қажет ететінін мойындайды. Көп жағдайда балаларға жақсы, түсінікті, қолжетімді оқыту қажет. Ал бұл, өз кезегінде, баланың жеке қажеттіліктеріне, қабілеттеріне және даму ерекшеліктеріне сәйкес келетін әртүрлі әдістерді қолдануды талап етеді.

Біздің нәтижелеріміз инклюзивтілік принциптерін ұстанатын, бірақ оқытуды бағалау және оқушыларды қабілеттер деңгейі бойынша анықтау және жіктеу үшін даму нормалары сияқты күрделі ойлау тәсілдеріне сүйенетін саясат пен тәжірибе басым білім беру жүйелерінде жұмыс істейтін мұғалімдер үшін ерекше өзекті және маңызды. Мұндай тәжірибе кең таралғанына қарамастан, көбінесе мектептегі тым көп балалардың оқуы мен үлгерімін жақсартуға емес, шектеуге қызмет етеді. Мұнда сипатталғандардың барлығына қатысты болжамдарға, әрекеттерге және тәсілдерге негізделген инклюзивті педагогикалық тәсіл мұғалімдердің жеке айырмашылықтарға қалай жауап беретінінде нәзік, бірақ маңызды өзгерісті қамтамасыз етеді, бұл кейбір оқушыларды қабілетсіз деп тану түсінігін болдырмайды. Жалпы зерттеу барысында ең маңызды назар аударатын мәселе – инклюзивті білім беру мазмұнында жұмыс жасайтын мамандар үшін тұрақты әрі фундаменталды біліктілігін арттыру және қолдау көрсету қажеттілігі анықталып отыр.

Авторлардың қосқан үлесі:

Әнәпия Ұ.Т. – мақаланы жазуға айтарлықтай үлес қосты. Статистикалық және хронологиялық ақпараттарды жинақтап, оны жүйеледі. Сауалнама алды.

Есенова К.А. – анықталған ақпараттарды өңдеуге, жүйелеуге және нәтижелерін шығаруда жетекшілік жасады.

Әдебиеттер тізімі

Есимова, Ш.А., Ергалиев, Д.Н. (2023). Анализ и оценка образовательных программ «Государственное и местное управление» в вузах Казахстана. Economy: Strategy and Practice, 18(1), 145–164.

Жомартова, А.Д., Аубакирова, С.Д. және Акпарова, Ж.М. (2023). Педагогтарды инклюзивті білім беруге даярлаудың шетелдік тәжірибесін талдау. Абай атындағы ҚазҰПУ-дың хабаршысы. Педагогика ғылымдары сериясы, 4(80), 32–43.

Гримес, П. (2009). Качественное образование для всех: История проекта ЛНДР по инклюзивному образованию 1993–2009 гг. Вьентьян.

Қазақстан Республикасы Білім министрлігі. (2022). Мүмкіндігі шектеулі балаларды арнайы психологиялық-педагогикалық қамтамасыз етуге мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру қағидаларын бекіту туралы (№ 532 бұйрық, 29 желтоқсан).

Қазақстан Республикасы Үкіметі. (2023). Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023–2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы (№ 249 қаулысы, 28 наурыз).

Лихачев, Б. Т. (2010). Педагогика: курс лекций (изд. Владос). Москва.

Моисеев, А.М. (2001). Проектирование систем внутришкольного управления. Педагогическое общество России.

Новикова, Л.И. (2009). Педагогика воспитания: Избранные педагогические труды (Н.Л. Селиванова, А.В. Мудрик, Ред.). Москва.

Сардарова, Ж.И., Аутаева, А.Н., Рсалдинова, А.К. и Кемешева, А.М. (2021). Эмоциональный интеллект как основной показатель готовности современных педагогов к профессиональной деятельности в условиях цифровизации и инклюзивного образования. Вестник КазНУ. Серия педагогическая, 67(2), 28–37.

Ahmmed, M., Sharma, U. and Deppeler, J. (2014) Variables affecting teachers' intentions to include students with disabilities in regular primary schools in Bangladesh. Disabil Soc 29(2):317–331. https://doi.org/10.1080/09687599.2013.796878

Ainscow, M. and Miles, S. (2008) Making Education for All inclusive: where next? *Prospects 38*, 15–34 https://doi.org/10.1007/s11125-008-9055-0

Almalky, H.A. and Alrabiah, A.H (2024) Predictors of teachers' intention to implement inclusive education. Child Youth Serv Rev 158:107457. https://doi.org/10.1016/j.childyouth.2024.107457)

Bourke, T., Alford, J., Mavropoulou, S. and Catalano, G. (2025) Interpretations of inclusive education in Australian policy: what's the problem represented to be? *International Journal of Inclusive Education*, 1–20. https://doi.org/10.1080/13603116.2025.2532634

Florian, L. (2012) Preparing teachers to work in inclusive classrooms: Key lessons for the professional development of teacher educators from Scotland's inclusive practice project. Journal of Teacher Education, 63(4), 275–285. https://doi.org/10.1177/0022487112447112

Mendoza, M. and Heymann, J. (2024) Implementation of inclusive education: A systematic review of studies of inclusive education interventions in low-and lower-middle-income countries. International Journal of Disability, Development and Education 71(3):299–316.

Newman, L. (2006) *General education participation and academic performance of learners with learning disabilities. Facts from NLTS2. NCSER 2006-3001*. Washington, DC: Institute of Education Sciences, National Center for Special Education Research.

Opoku, M.P., Cuskelly, M., Pedersen, S.J. and Rayner, C.S. (2021) Applying the theory of planned behaviour in assessments of teachers' intentions towards practicing inclusive education: a scoping review. Eur J Spec Needs Educ 36(4):577–592. https://doi.org/10.1080/08856257.2020.1779979.

Pantic, N. and Florian, L. (2015) Developing teachers as agents of inclusion and social justice. Education Inquiry, 6(3), 333–351. https://doi.org/10.3402/edui.v6.27311

Rossi, P. H., Lipsey, M. W. and Freeman, H. E. (2003) Evaluation: A systematic approach (7th ed.). SAGE Publications.

Szumski, G., Smogorzewska, J. and Grygiel, P. (2022) Academic achievement of students without special educational needs and disabilities in inclusive education–Does the type of inclusion matter? PLoS ONE 17(7): e0270124. https://doi.org/10.1371/journal.pone.0270124)

UNESCO. (2009) Policy guidelines on inclusion in education. UNESCO.

Young, D. (2024) Identifying inclusive training needs with the inclusive practices in English language teaching observation scale. Asian-Pacific Journal of Second and Foreign Language Education, 9(59), 19. https://doi.org/10.1186/s40862-024-00259-2

Wang, T., Deng, M. and Tian, G. (2025) Facilitating teachers' inclusive education intentions: the roles of transformational leadership, school climate, and teacher efficacy. *Humanit Soc Sci Commun* 12, 636. *https://doi.org/10.1057/s41599-025-04977-8*

К.А. Есенова [1], Ұ.Т. Әнәпия *[2]

[1,2] Казахский национальный университет имени аль-Фараби,
Алматы, Казахстан

Практика подготовки специалистов инклюзивного образования в Казахстане и пути ее совершенствования

Аннотация. В статье рассматривается уровень развития инклюзивного образования. В настоящее время система инклюзивного образования становится всемирно признанной. Это требование общества, требование времени. В связи с задержкой системы инклюзивного образования в Казахстане имеется достаточно проблем, требующих решения. Одним из них является дефицит кадров, важность, необходимость их обучения или переподготовки. Вопрос времени, чтобы определить, насколько качественно, продуктивно работает система.

В статье обсуждаются уровень развития инклюзивного образования в Казахстане, пути совершенствования, подготовка специалистов, сделаны научные выводы.

Цель, основное направление и идея исследования - выявление причин трудностей в инклюзивном образовании с анализом достижений Казахстана в сфере образования. Дифференциация работы, направленной на потребности детей с ограниченными возможностями, с сопоставлением подготовки специалистов с зарубежным опытом.

Что касается научной значимости работы, то в аналитической работе выявлена актуальность повышения квалификации и аксиологического подхода в инклюзивном образовании, его эффективность в подготовке специалистов по ориентированию умений, знаний и умственной деятельности не только для удовлетворения потребностей отдельных групп, но и для удовлетворения потребностей всего общества.

В ходе исследовательской работы были опрошены родители детей, обучающихся в общеобразовательных школах, проанализированы результаты. Тем самым мы определили их точку зрения и позицию, которой они должны следовать.

Результаты и анализ работы. Заключение: доказано, что пути совершенствования инклюзивного образования могут быть определены только в случае выявления проблем в этой области, представлен анализ мышления. Обсуждены несколько подходов и даны конкретные рекомендации по подготовке специалистов, обеспечивающих этот процесс.

Ключевые слова: инклюзия, ценности, профессиональное развитие, подготовка специалистов, аксиологический подход, образование.

K.A. Esenova[1], U.T. Anapiya*[2]

[1,2]Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan

Practice of training specialists in inclusive education in Kazakhstan and ways to improve it

Abstract. Currently, the inclusive education system is becoming internationally recognized. This is a requirement of society, a requirement of the time. Due to the delay in the inclusive education system in Kazakhstan, there are enough problems that need to be solved. One of them is the shortage of personnel, the importance of their training, and the need for their training or retraining. It's only a matter of time to determine how efficiently and productively the system works.

The article discusses the level of development of inclusive education in Kazakhstan, ways of improvement, training of specialists, and scientific conclusions are drawn.

The purpose, main direction, and idea of the study are to identify the causes of difficulties in inclusive education with an analysis of Kazakhstan's achievements in the field of education. Differentiation of work aimed at the needs of children with disabilities, comparing the training of specialists with foreign experience.

As for the scientific significance of the work, the analytical work revealed the relevance of professional development and the axiological approach in inclusive education, its effectiveness in training specialists in orienting skills, knowledge and mental activity not only to meet the needs of individual groups but also to meet the needs of the whole society.

In the course of the research, parents of children studying in secondary schools were interviewed and the results were analyzed. Thus, we have determined their point of view and the position they should follow.

Results and analysis of the work, conclusion: it is proven that ways to improve inclusive education can be identified only if problems in this area are identified, and an analysis of thinking is proposed. Several approaches were discussed, and specific recommendations were given on the training of specialists involved in this process.

Keywords: inclusion, values, professional development, training of specialists, axiological approach, education.

References

Esimova, Sh.A., Ergaliev, D.N. (2023). Analiz i ocenka obrazovatel'nyh programm «Gosudarstvennoe i mestnoe upravlenie» v vuzah Kazahstana [Analysis and evaluation of educational programs "State and local government" in universities of Kazakhstan]. Economy: Strategy and Practice, 18(1), 145–164. (in Russian)

Zhomartova, A.D., Aubakirova, S.D. zhane Akparova, Zh.M. (2023). Pedagogtardy inkljuzivti bilim beruge dajarlaudyң sheteldik tazhiribesin taldau [Analysis of foreign experience in preparing teachers for Inclusive Education]. Abaj atyndagy ҚazUPU-dyn habarshysy. Pedagogika gylymdary serijasy, 4(80), 32–43. (in Kazakh)

Grimes, P. (2009). Kachestvennoe obrazovanie dlja vseh: Istorija proekta LNDR po inkljuzivnomu obrazovaniju 1993–2009 gg.[Quality education for all: The History of the Lao PDR Inclusive Education Project 1993-2009]. V'ent'jan. (in Russian)

Qazaqstan Respublikasy Bilim ministrligi. (2022). Mүmkindigi shekteuli balalardy arnajy psihologijalyq-pedagogikalyq qamtamasyz etuge memlekettik bilim beru tapsyrysyn ornalastyru qagidalaryn bekitu turaly (№ 532 buiryq, 29 zheltoqsan) [On approval of the rules for placing a state educational order for special psychological and pedagogical support for children with disabilities (Order No. 532, December 29)]. (in Kazakh)

Qazaqstan Respublikasy Ykimeti. (2023). Qazaqstan Respublikasynda mektepke dejingi, orta, tehnikalyq zhane kasiptik bilim berudi damytudyn 2023–2029 zhyldarga arnalgan tuzhyrymdamasyn bekitu turaly (№ 249 қaulysy, 28 nauryz) [On approval of the concept for the development of preschool, secondary, technical and vocational education in the Republic of Kazakhstan for 2023-2029 (Resolution No. 249, March 28)]. (in Kazakh)

Lihachev, B. T. (2010). Pedagogika: kurs lekcij [Pedagogy: a course of lectures] (izd. Vlados). Moskva. (in Russian)

Moiseev, A.M. (2001). Proektirovanie sistem vnutrishkol'nogo upravlenija [Designing intra-school management systems]. Pedagogicheskoe obshhestvo Rossii. (in Russian)

Novikova, L.I. (2009). Pedagogika vospitanija: Izbrannye pedagogicheskie trudy [Pedagogy of education: Selected pedagogical works] (N.L. Selivanova, A.V. Mudrik, Red.). Moskva. (in Russian)

Sardarova, Zh.I., Autaeva, A.N., Rsaldinova, A.K. i Kemesheva, A.M. (2021). Jemocional'nyj intellekt kak osnovnoj pokazatel' gotovnosti sovremennyh pedagogov k professional'noj dejatel'nosti v uslovijah cifrovizacii i inkljuzivnogo obrazovanija.[Emotional intelligence as the main indicator of modern teachers' readiness for professional activity in the context of digitalization and inclusive education] Vestnik KazNU. Serija pedagogicheskaja, 67(2), 28–37.Pantić, N., & Florian, L. (2015). Developing teachers as agents of inclusion and social justice. Education Inquiry, 6(3), 333–351. https://doi.org/10.3402/edui.v6.27311 (in Russian)

Ahmmed, M., Sharma, U. and Deppeler, J. (2014) Variables affecting teachers' intentions to include students with disabilities in regular primary schools in Bangladesh. Disabil Soc 29(2):317–331. https://doi.org/10.1080/09687599.2013.796878

Ainscow, M. and Miles, S. (2008) Making Education for All inclusive: where next? *Prospects* **38**, 15–34 https://doi.org/10.1007/s11125-008-9055-0

Almalky, H.A. and Alrabiah, A.H (2024) Predictors of teachers' intention to implement inclusive education. Child Youth Serv Rev 158:107457. https://doi.org/10.1016/j.childyouth.2024.107457)

Bourke, T., Alford, J., Mavropoulou, S. and Catalano, G. (2025) Interpretations of inclusive education in Australian policy: what's the problem represented to be? *International Journal of Inclusive Education*, 1–20. https://doi.org/10.1080/13603116.2025.2532634

Florian, L. (2012) Preparing teachers to work in inclusive classrooms: Key lessons for the professional development of teacher educators from Scotland's inclusive practice project. Journal of Teacher Education, 63(4), 275–285. https://doi.org/10.1177/0022487112447112

Mendoza, M. and Heymann, J. (2024) Implementation of inclusive education: A systematic review of studies of inclusive education interventions in low-and lower-middle-income countries. International Journal of Disability, Development and Education 71(3):299–316.

Newman, L. (2006) *General education participation and academic performance of learners with learning disabilities. Facts from NLTS2. NCSER 2006-3001*. Washington, DC: Institute of Education Sciences, National Center for Special Education Research.

Opoku, M.P., Cuskelly, M., Pedersen, S.J. and Rayner, C.S. (2021) Applying the theory of planned behaviour in assessments of teachers' intentions towards practicing inclusive education: a scoping review. Eur J Spec Needs Educ 36(4):577–592. https://doi.org/10.1080/08856257.2020.1779979.

Pantic, N. and Florian, L. (2015) Developing teachers as agents of inclusion and social justice. Education Inquiry, 6(3), 333–351. https://doi.org/10.3402/edui.v6.27311

Rossi, P. H., Lipsey, M. W. and Freeman, H. E. (2003) Evaluation: A systematic approach (7th ed.). SAGE Publications.

Szumski, G., Smogorzewska, J. and Grygiel, P. (2022) Academic achievement of students without special educational needs and disabilities in inclusive education–Does the type of inclusion matter? PLoS ONE 17(7): e0270124. https://doi.org/10.1371/journal.pone.0270124)

UNESCO. (2009) Policy guidelines on inclusion in education. UNESCO.

Young, D. (2024) Identifying inclusive training needs with the inclusive practices in English language teaching observation scale. Asian-Pacific Journal of Second and Foreign Language Education, 9(59), 19. https://doi.org/10.1186/s40862-024-00259-2

Wang, T., Deng, M. and Tian, G. (2025) Facilitating teachers' inclusive education intentions: the roles of transformational leadership, school climate, and teacher efficacy. *Humanit Soc Sci Commun* 12, 636. *https://doi.org/10.1057/s41599-025-04977-8*

Авторлар туралы мәлімет:

Есенова К.А. – PhD, доцент міндетін атқарушы, Философия және саясаттану факультеті, Педагогика және білім беру менеджменті кафедрасының аға оқытушысы, әл-Фараби атындағы қазақ ұлттық университеті, Масанчи к. 39, 050000, Алматы, Қазақстан.

Әнәпия Ұ.Т. – хат-хабар авторы, педагогика ғылымдарының магистрі, «Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану» мамандығы бойынша 2-курс докторанты, Философия және саясаттану факультеті, әл-Фараби атындағы қазақ ұлттық университеті, Масанчи к. 39, 050000, Алматы, Қазақстан.

Информация об авторах:

Есенова К. А. – доктор PhD, и. о. доцента, факультет философии и политологии, старший преподаватель кафедры педагогики и менеджмента образования, Казахский национальный университет им. Аль-Фараби, ул. Масанчи, 39, 050000, Алматы, Казахстан.

Әнәпия Ұ. Т. - автор для корреспонденции, магистр педагогических наук, докторант 2 курса специальности «Социальная педагогика и самопознание», факультет философии и политологии, Казахский национальный университет им. Аль-Фараби, ул. Масанчи, 39, 050000, Алматы, Казахстан.

Information about the authors:

Yesenova K. A. – PhD, Acting Associate Professor, Faculty of Philosophy and Political Science, Senior Lecturer, Department of Pedagogy and Education Management, Al-Farabi Kazakh National University, 39 Masanchi St., 050000, Almaty, Kazakhstan.

Anapiya U. T. – the author of the correspondence, Master of Pedagogical Sciences, 2nd-year doctoral student in Social Pedagogy and Self-knowledge, Faculty of Philosophy and Political Science, Al-Farabi Kazakh National University, 39 Masanchi str., 050000, Almaty, Kazakhstan.

GUMILYOV JOURNAL OF PEDAGOGY
ISSN: 3080-1710. ISSN (Online): 3104-462X

ХҒТАР 14.35.09
Ғылыми мақала

https://doi.org/10.32523/3080-1710-2026-155-2-115-131

«ӨЗБЕКӘЛІТАНУ» ТАҢДАУ ПӘНІНІҢ ОҚУ-ӘДІСТЕМЕЛІК КЕШЕНІН ӘЗІРЛЕУ ТӘЖІРИБЕСІ МЕН ДАМУ ПЕРСПЕКТИВАЛАРЫ

Қ.С.Каримов*[1]

*[1]Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті. Түркістан, Қазақстан

*E-mail: *[1]karimov_kasymkhan@mail.ru*

Аңдатпа. Бұл мақалада «Өзбекәлітану» атты таңдау пәнінің оқу-әдістемелік кешенін (ОӘК) әзірлеу тәжірибесі баяндалады. Тарих ғылымы мен этномәдениет салаларында өзіндік орны бар қоғам қайраткері Өзбекәлі Жәнібековтің өмірі мен қызметі қазіргі білім беру жүйесінде оқытудың маңызды құрамдас бөлігі ретінде қарастырылады. Пән мазмұнын құрастыруда отандық тарих, этнография, мәдениеттану мен педагогика ғылымдарының іргелі тұжырымдары негізге алынған.

ОӘК әзірлеу барысында пәннің мақсаты мен міндеттері, білім алушыларға қойылатын оқу нәтижелері, оқу жоспары мен тақырыптық мазмұны, семинар және практикалық сабақтар құрылымы, бақылау және бағалау түрлері, сондай-ақ әдебиеттер тізімі ғылыми-әдістемелік талаптарға сай жүйеленді. Пән мазмұны Өзбекәлі Жәнібековтің тарихи тұлғасын жан-жақты таныстыруға, оның мәдениет, өнер, ғылым мен білім саласын дамытудағы өнегесі арқылы білім алушылардың танымын жаңалауға бағытталған.

Сонымен қатар, ОӘК білім контентін құрастыруда дереккөздерге, оның ішінде мұрағат материалдарына, замандастарының естеліктеріне, зерттеу еңбектеріне, Өзбекәлі Жәнібековтің авторлық шығармаларының мәліметтері іріктеп алынды. Таңдау пәні білім алушылардың интеллектуалдық қабілеттерін дамытып, тарихи сана мен отансүйгіштік қасиеттерді қалыптастыруға ықпал етеді.

Мақалада, «Өзбекәлітану» таңдау пәнін оқу үдерісіне енгізудің өзектілігін негізделіп, жоғары білім берудегі тәрбиелік, ғылыми және идеологиялық маңызына баса мән беріледі. Аталған тәжірибе Қазақстан тарихының тағылымын жас ұрпаққа жеткізуде жаңа пәннің бірі ретінде қарастырылады.

Түйін сөздер: Өзбекәлі Жәнібеков, тарихи тұлғатану, ұлттық құндылықтар, «Өзбекәлітану» таңдау пәні, оқыту әдіс-тәсілдері.

Түсті: 01.08.2025; Мақұлданды: 15.06.2026; Онлайн қолжетімді: 30.06.2026

*хат-хабар авторы

Кіріспе

Қазіргі жаһандану жағдайында ұлттық бірегейлікті сақтау, тарихи сананы қалыптастыру және мәдени мұраны келер ұрпаққа жеткізу мәселелері білім беру жүйесінің маңызды бағыттарының біріне айналып отыр. Осыған байланысты жоғары білім беру ұйымдарында ұлттық құндылықтарды, тарихи тұлғалардың қоғамдық және мәдени қызметін зерделеуге негізделген элективті пәндердің маңызы артуда.

Осы тұрғыдан алғанда, көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері, этнограф-ғалым, мәдениет жанашыры Ө.Жәнібековтің өмірі мен қызметін оқу үдерісіне арқау ету — бүгінгі білім беру жүйесінде өзекті мәселелердің бірі. «Өзбекәлітану» пәні — тәуелсіз Қазақстанның рухани жаңғыруы мен ұлттық сана-сезімінің жаңару кезеңінде тарихи тұлғалар тәжірибесін оқытуға бағытталған мазмұнды курстардың бірі.

«Өзбекәлітану» таңдау пәнінің өзектілігі – ұлттық тарихи сананы ғылыми негізде қалыптастыру мен мәдени мұраның құндылығын ұғындыруда.

Аталған пәнді оқытудың қажеттілігі бірнеше факторлармен түсіндіріледі. Біріншіден, Ө.Жәнібеков — мәдени мұраларды жаңғырту, қазақ халқының тарихи зердесін қалпына келтіру ісіне зор үлес қосқан қайраткер. Екіншіден, оның қызметі ұлттық мәдениет, этнография, өнертану, музей ісі, білім беру мен мемлекеттік басқару салаларын тоғыстыра отырып, кешенді қарастыруға мүмкіндік береді. Үшіншіден, қазіргі жастарға ұлттық тұлғалар өмірі мен еңбегін үлгі ету — патриоттық тәрбие мен ұлттық құндылықтарды насихаттаудың тиімді жолы.

Пәннің мақсаты — білім алушыларға Ө.Жәнібековтің өмірі мен қоғамдық-саяси, ғылыми-мәдени қызметін жан-жақты таныстыра отырып, тарихи таным мен азаматтық көзқарас қалыптастыру.

Міндеттері: Ө. Жәнібековтің өмір жолын, еңбектерін зерттеу және талдау; тарихи дереккөздермен жұмыс жүргізу қабілетін дамыту; мәдениет, руханият және ұлттық болмыс туралы кешенді білім беру; тұлғатану арқылы отансүйгіштік қасиеттерді нығайту.

Зерттеу аясында жүргізілген сауалнама нәтижелері студент жастардың басым бөлігінің Ө. Жәнібековтің қоғамдық-саяси қызметі мен мәдени-ағартушылық мұрасы туралы білімдерінің жеткіліксіз екенін көрсетті. Сонымен қатар респонденттердің едәуір бөлігі ұлттық тарих пен мәдениетке қатысты арнайы элективті пәндерді оқуға қызығушылық білдіріп, тарихи тұлғалардың өмірі мен қызметін жүйелі түрде зерделеуге сұраныс бар екенін атап өтті. Бұл жағдай жоғары білім беру жүйесінде ұлы тұлғалардың мұрасын оқытуға бағытталған арнайы оқу-әдістемелік қамтамасыз етуді әзірлеудің қажеттілігін айқындайды.

Осы тұрғыдан алғанда, «Өзбекәлітану» таңдау пәнін әзірлеу қазіргі жастардың танымдық сұранысына жауап беретін, ұлттық құндылықтарды дәріптеуге бағытталған және болашақ мамандардың тарихи-мәдени құзыреттілігін дамытуға мүмкіндік беретін маңызды білім беру бастамасы болып табылады.

Материалдар мен әдістер

Қазіргі қоғамда жоғары білім беру жүйесінде ұлттық тарихи тұлғаларды таныту, олардың қоғамдық-саяси және рухани мұрасын ғылыми негізде оқыту маңызды талаптардың бірі болып отыр. Осыған орай, «Өзбекәлітану» атты таңдау пәнін енгізу – тарих, мәдениет және білім салаларының тоғысында тұрған мазмұнды әрі өзекті бастама. Бұл пәннің оқу-әдістемелік кешенін (ОӘК) дайындау барысында тарихи тұлғатанудың әдіс-тәсілдері мен оқыту әдістемесінің теориялық негіздері біртұтас жүйеде қарастырылуы қажет.

Тарихи тұлғаларды оқыту мен зерттеу әдіснамасы тұлғаның өмірі, қызметі, қоғамдық ықпалы мен мұрасын кешенді түрде қарастыруды қажет етеді. Осы пән аясында қолданылатын негізгі әдіснамалық тұрғылар мыналар:

Биографиялық тұрғыда – Ө.Жәнібековтің өмір жолын кезеңдерге бөліп, саяси, ғылыми және мәдени қызметімен байланысты оқиғаларды тарихи хронологиямен беру; Деректанулық тұрғыда – архивтік материалдар, жеке құжаттар, хаттар, сұхбаттар мен естеліктерді тарихи сыннан өткізу арқылы қолдану; Салыстырмалы-тарихи тұрғыда – Ө.Жәнібековтің замандас қайраткерлермен тарихи контексте арақатынасын сараптау; Тұлғалық-психологиялық талдау – Ө.Жәнібековтің дүниетанымы мен мінез ерекшелігін, басқарушылық стилін сипаттауға мүмкіндік береді.

Оқыту әдістемесінің теориялық негіздері тоқталсақ,ОӘК құрылымында оқу процесінің ғылыми-әдістемелік негіздері білім беру философиясы мен педагогикалық теорияларға сүйенеді.

Конструктивизм теориясы – студенттің өз білімін дербес тәжірибе мен тарихи дәлелдер негізінде құруын қолдайды. Бұл пәнде студенттер дереккөздермен өз бетімен жұмыс істеу арқылы білім алады.

Оқытудағы интегративті тәсіл – пән мазмұны тарих, мәдениеттану, этнология, педагогика салаларымен өзара байланыста беріледі.

Интерактивті оқыту әдістері – пікірталас, кейс-талдау, жобалық зерттеу, рөлдік ойындар, портфолио әдісі арқылы студенттің белсенділігін арттыру көзделеді.

Проблемалық оқыту әдісі – Ө.Жәнібековтің өмірі мен қызметі негізінде күрделі әлеуметтік-мәдени мәселелерді қарастыруға бағытталады.

Оқыту нәтижелері қалыптастырушы және жиынтық бағалау арқылы жүргізіледі. Эссе жазу, жобалық жұмыстар, презентациялар мен тестілер – студент білімінің түрлі деңгейін анықтауға мүмкіндік береді. Рефлексиялық әдістер арқылы студент өз білімін бағалап, тарихи ойлауын дамытады.

«Өзбекәлітану» пәнін оқытуда тарихи тұлғатанудың ғылыми әдістері мен қазіргі оқыту теорияларын ұштастыра қолдану — студенттің тарихи танымын кеңейтіп қана қоймай, ұлттық құндылықтар мен азаматтық көзқарастың қалыптасуына ықпал ететін пәрменді білім беру құралы болып табылады.

Тарихи тұлғатану бағытында биографиялық тәсілді қолдана отырып, тарихи тұлғаларды таным нысанына алып, оның педагогикалық әлеуетін айқындау және оқыту әдіс-тәсілдерін жетілдіру (Мамбетов, Тұрсұн, Мырзахметов, 2024). Білім алушыларға ұсынылатын білім контентін іріктеу, таңдау бойынша Ө.Жәнібековтің өзінің ғылыми еңбектері, оның мұрасын зерттеген ғалымдардың мақалалары, естеліктер, архивтік құжаттар және заманауи ғылыми басылымдар пайдаланылды.Сондай-ақ, Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік архивінің №2238 қор құжаттарымен қатар, Түркістан облысының қоғамдық–саяси тарихының мемлекеттік архивінің №2274 қор құжаттарының мәліметтері пайдаланылды. Бұл материалдар негізінде «Өзбекәлітану» пәнінің мазмұны мен оның әдістемелік негіздері қалыптастырылды. Осы әдістер мен материалдарды қолдану зерттеу жұмысының ғылыми негізділігі мен объективтілігін қамтамасыз етіп, Ө.Жәнібековтің шығармашылық мұрасының қазіргі заманғы мәдениет пен білім беру жүйесіндегі орнын тереңірек түсінуге мүмкіндік берді. Ғылыми негізге сүйенген бұл тәсілдер зерттеу нәтижелерін жан-жақты және сенімді етіп көрсетуге ықпал етті.

Нәтижелер мен талқылау

Өзбекәлі Жәнібековтің тұлғасы мен еңбектерінің ғылыми және әдістемелік мәні, оның ұлттық мәдениеттің жаңғыруына қосқан үлесі, этнографиялық зерттеулері және «Өзбекәлітану» пәнін оқытудың ерекшеліктері талқыланады. Ғылыми зерттеу жұмыстары қатарында, Б.Алтаевтың «Өзегі толы жалын еді» мақаласы, Ө. Жәнібековтің қиын балалық шағын, партиялық қызметін, Қазақстандағы музей ісіндегі серпілісті, мәдени мұра, қайта жаңғырған наурыз жайында жазады (Алтаев, 2021). Е. Айтуар Ө. Жәнібековтің публицистикасындағы ұлттық руханият пен адамгершілік мәселелері жайында (Айтуар, 2011) жазса Г. Мұратова, Ұлт руханиятының жанашыры Ө. Жәнібековтің ұлттық мәдениеттегі пікірін қолдаған (Мұратова, 2024). және де өзге де зерттеушілердің еңбектеріндегі ұстанымдар ескерілді.

Ө.Жәнібековтің мәдениетке қосқан үлесін ғылыми тұжырымдаған мынадай еңбектер бар, солардың қатарында өз еңбегі «Қазақ қолөнерінің мәдениеті» атты жинағында, Ө.Жәнібеков – қазақ қолөнерінің түрлері, композициялық және көркемдік ерекшеліктері туралы кешенді этнографиялық зерттеу жүргізіп. Онда автор дәстүрлі шеберлік мектептерін, әсіресе Орталық және Оңтүстік Қазақстандағы зергерлік пен ағаш ою өнерінің сипаттарын ғылыми тұрғыдан жүйелейді. Ал, «Уақыт керуені» атты еңбегінде автор қазақтың дәстүрлі мәдениеті, тарихи мұраларды қорғау, ескерткіштерді қалпына келтіру, киелі жерлерді сақтау мәселелерін көтеріледі. Ғылыми-танымдық бағытта жазылған бұл еңбекте Ө.Жәнібеков өз қызметінің нақты нәтижелерін баяндай отырып, мәдениетке мемлекеттік деңгейде қолдау көрсету қажеттігін дәлелдейді. А.Тәжіұлының Ө.Жәнібеков жайындағы «Тау тұлға» атты еңбекте Өзбекәлі Жәнібековтің өмірі мен қызметі ғылыми-деректік негізде сомдалған. Онда оның мәдениет саласындағы жаңашыл идеялары мен этнографиялық ізденістері жүйеленіп, тұлғалық феномен ретінде қарастырылады. Зерттеуде оның

мәдени саясаттағы рөлі нақты құжаттар мен естеліктер негізінде талданған.

Ө.Жәнібеков – қазақ мәдениетінің дамуына зор үлес қосқан тұлға ретінде бағаланады. Оның қызметі тарихи және мәдени мұраларды жаңғырту, ұлттық дәстүрлерді сақтап қалу, фольклор мен дәстүрлі өнерді насихаттауға бағытталды. Кеңес дәуірі кезінде ол Қазақстан комсомолы мен мәдениет саласындағы жетекші қызметтер атқарып, ұлттық құндылықтарды қайта жандандырудың әдіс-тәсілдерін қалыптастырды.

Наурыз мерекесінің қайта жануына өз үлесін қосып, мейрамды ресми түрде атап өтуді бастады. 1988 жылдың 9 ақпанында Қазақстан Компартиясы Орталық комитетіне хатшы болып сайланған Ө.Жәнібеков Қазақстан жазушылар одағы басқармасының пленумында сөз сөйлеп, «жылдар бойы қазақтың ұлттық қасиеттеріне, өмір салтына, әдет-ғұрпына, әсіресе тіліне мән берілмей келгендіктен республикада қалыптасқан хал–ақуалға» тоқталады. Белгілі әдебиетші- ғалым Р.Бердібаевтың республикада наурыз мейрамын өткізуге бола ма? деген сұрағына Ө.Жәнібек «Неге болмасын?! өткізейік» деп жауап берген (Адырбек, 2006). Осылай 1926 жылға дейін тойланып келген халықтық мереке араға 62 жыл салып, Ө. Жәнібековтің тікелей араласуымен ресми түрде халқымен қайта қауышқан.

Сонымен қатар, Ө.Жәнібековтің бастамасымен Қожа Ахмет Ясауи кесенесінің қалпына келтірілу, ол жөнінде Д.А.Қонаевқа жазған хаттары бар

(ҚРОМА. 2238-қ., 1 тіз., 179 іс, 51 п.) яғни, бұл жерде ұлттық мұраның, өнердің насихатталуы, музыкалық аспаптардың зерттелуі және фольклорлық ансамбльдердің құрылуы сияқты бірқатар маңызды мәдени жобалар да іске асырылды. Белгілі қоғам қайраткері, ғалым М.Жолдасбеков «..Тарихымыздың, әсіресе ескерткіштеріміздің білімпаздарының бірі – Өзбекәлі ағамыз еді»- дейді (Жолдасбеков, 1999). Бұл әрекеттер ұлттық мәдениеттің бойына сіңіп, болашақ ұрпаққа жеткізуге бағытталды. Зерттеушілер мен қоғам қайраткерлері оның еңбегін «ұлт мәдениетін ұлықтаған дара тұлға» ретінде бағалап, оның идеяларының өзектілігін ерекше атап өткен. Тұлғалық зерттеулер саласындағы ашық қолжетімділік тәжірибені ұсыну керек (Pajić, Babić, & Jevremov, 2023).

Мұрағат қорларында сақталған Ө. Жәнібековтің сол кездегі партиядағы жұмыстары мен әр түрлі жиналыстардағы сөйлеген сөздері мен баяндамаларында ұлттық мұра мен мәдениетті сақтау, жаңғыртуға қатысты көп деректер кездеседі. Өзімен қызметтес болған адамдардың да Ө. Жәнібеков жайында құнды пікірлері қамтылған (ТОҚСТМА. 2274-қ., 1 тіз., 171 іс, 1-19 п.).

Оның қызметінің басты ерекшелігі – дәстүрлі құндылықтарды сақтап, заманауи мәдениетпен үйлестіруге негізделген тәсілдердің қалыптасуында жатыр. Бұл ұстаным қазіргі күнде де ұлттық өнерді жаңғырту, білім беру жүйесіне енгізу және ғылыми зерттеулер жүргізуде маңызды рөл атқарады.

Көшбасшылық рөлін қалыптастыруда тұлғалық қасиеттердің әсері ерекше маңызды екені ғылыми тұрғыдан дәлелденген (Zadok, Benoliel & Schechter, 2024).

Ө.Жәнібековтің ұлттық мұраны сақтау мен жаңғыртудағы қызметі ерекше назар аударады. Ол өз заманының тарихи ескерткіштері мен мәдени жәдігерлерін зерттеп, сақтап қалу мақсатында бірқатар музейлердің құрылуына және архивтік материалдардың жинақталуына атсалысты. Оның бастамасымен ұйымдастырылған халық музыка аспаптары музейі – ұлттық мұраның бірегей үлгісі ретінде, аспаптану, өнертану және музейтану салаларының интеграциясы негізінде қалыптасты. Ұлттық мұраны сақтау және жаңғыртуда мынадай еңбектер бар, солардың қатарында «Рух сардары» атты Б.Адырбек құрастырған жинақта Ө.Жәнібековтің ел мәдениетін жаңғыртудағы қызметі, киелі орындарды қалпына келтіру, ұлттық киім мен музыкалық аспаптарды сақтау секілді бағыттарда жасаған істері жөнінде мақалалар мен зерттеулер баяндалған. Сонымен қатар, Ө. Жәнібековтің өзінің басшылығымен дайындалған «Ежелгі Отырар» кітабында сол өңірдің тарихи мәдени мұрасын зерттеп оларды жаңғыртуды тілге тиек етеді.

Зерттеу барысында жиналған деректерге сүйенсек, ол мемлекеттік, аймақтық және архивтерден алынған материалдарды мұқият талдап, ұлттық мәдениеттің түп-тамырын көрсететін экспонаттарды бір жерге жинақтады. Бұл жұмыстар ұлттық мұраның сақталуына және оның ғылыми зерттеу нысаны ретінде қолданылуына мүмкіндік берді. Сонымен қатар, музейдің ашылуы мен коллекцияларының жүйеленуі, халықаралық тәжірибе мен ғылыми ізденістерге негізделген, Орталық Азия мемлекеттерінің арасында үлгі-нұсқа болып қала берді.

Ө.Жәнібековтің мұраларды жаңғыртуға бағытталған қажырлы еңбегі қазіргі уақытта ұлттық мәдениетті сақтап қалу мен насихаттаудың тиімді құралдары ретінде қарастырылады. Бұл әдістер

мемориалды және экспозициялық жұмыстарды, ғылыми-конференциялық іс-шараларды ұйымдастыруды және музейлердің оқу-әдістемелік базасын қалыптастыруды қамтиды.

Этнографиялық зерттеулер саласында Ө.Жәнібековтің еңбегі ерекше маңызға ие. Қоғам қайраткері өзінің «Жолайрықта» атты кітабында алғаш рет этнографиялық әдебиетте жылжымалы баспана мен тұрақты баспана жайында сөз етсе, «Қазақ қолөнерінің мәдениеті» атты кітабында, Ө.Жәнібеков – қазақ қолөнерінің түрлері, композициялық және көркемдік ерекшеліктері туралы кешенді этнографиялық зерттеу жүргізген. Тікелей өзінің төрағалығымен шыққан «Первые этнографы Казахстана» атты кітапта қазақтан шыққан алғашқы этнографтар туралы сөз қозғай отырып, сол кезеңдегі халық санына да тоқталып өтеді.Ө.Жәнібеков жайында, А.Егеубай «Этнолог- Өзбекәлі Жәнібек» деген мақаласында, Өзекеңнің мақсаты –өзінің сөзімен айтсақ – «Қазақтың ел басқарған, білікті, текті ұлдарының ішіндегі ұлттық этногафия, этнология ғылымына қалтқысыз көп еңбек сіңірген ардақтылардың шығармашылық сымбаттарын жасау. Солар туралы зерттеу мақалалар жазып, бір кітапқа топтастыру... Анау Мұса, Сәдуадқас Шормановтар... Анау Жаңгәр хан ... Анау Әлихан Бөкейханов Қазақ-башқұртқа ортақ Әбубәкір Диваев ...Кеңес үкіметі тұсында бірі хан делініп, бірі ханның тұқымы делініп, әр түрлі себептертермен ел алдындағы қызметтері бағаланбады. Сөйтіп тарихи ақиқатты аршып алу.. Ел есінде қалдыру..» деген (Егеубай, 1999).

Ол ұлттық дәстүрлер мен салт-дәстүрлерді, халық өнерінің түрлерін, музыкалық аспаптардың өндірісі мен қолданылу әдістерін зерттеп, ғылыми негізде жүйеледі. Оның әдістемелік тәсілдері зерттеу объектілерінің тарихи контекстін, мәдени-антропологиялық ерекшеліктерін және заманауи әлеуметтік-педагогикалық құбылыстарды тереңірек түсінуге бағытталған.

Зерттеудің негізгі әдістері ретінде тарихи-ғылыми талдау, салыстырмалы зерттеу, және этнографиялық әдістер қолданылды. Бұл әдістер арқылы Ө.Жәнібековтің шығармаларындағы идеялар мен ұлттық құндылықтардың өзара байланысы, сондай-ақ, заманауи мәдениетке ықпалы жан-жақты қарастырылды.

Оның этнографиялық жұмыстары ұлттық бірегейлік мен мәдениетаралық диалогты нығайтуда ерекше рөл атқарады. Зерттеулер нәтижесінде алынған деректер ұлттық салт-дәстүрлердің сақталуы мен дамуына, сондай-ақ, жаңа педагогикалық бағдарламаларды әзірлеу үшін ғылыми база ретінде қызмет етеді.

Ө.Жәнібеков өзінің «Тағдыр тағылымы» атты бірінші кітабынадағы «Ұстаздық еткен жалықпас» деген мақаласынада 500-ге тарта бала оқитын ұжыммен араласып ұстаздыққа деген құштарлық жолының шексіз екенін жазады.

Осы тұрғыдан алғанда, Ө.Жәнібековтің қайраткерлігі жөнінде тек тарихи деректерді жинақтап қана қоймай, олардың мәнін ашу және оқу процесіне енгізу мәселелерін де қарастырамыз. Бұл – ұлттық мәдениетті жаңғыртуға бағытталған заманауи педагогикалық-ғылыми үрдістердің бір бөлігі ретінде бағаланады.

«Методы исследования образовательных систем» монографиясында Н.В.Кузьмина мен Е. Н. Жаринова таңдау пәндерді жобалауда қолданылатын ғылыми-зерттеу методологияларын нақты көрсетеді. (Кузьмина, Жаринова, 2018). Тұлға талапшыл және кей жағдайда қаталдау басшылық стилімен танылу керек, сонымен бірге дарыны мен стратегиялық ойлау қабілеті арқылы түбегейлі өзгеріс жасай алады дейді. (Mayer, C.-H., van Niekerk, R., & Wannenburg, N , 2021).

Ғылыми зерттеулер мен оқыту бағдарламалары қайраткердің идеяларын терең талдап, ұрпаққа жеткізудің тиімді құралдары ретінде қызмет етеді.


Мәселенің зерттелуіне талдау барысында алынған ғылыми дәлелдер мен дереккөздер негізінде Ө.Жәнібековтің шығармашылық мұрасы мен азаматтық өнегесін білім беру жүйесіне қолданудың оқу-әдістемелік кешенін қалыптастыру және оқыту әдіс-тәсілдерін жетілдіру бойынша кешенді жұмыстар жүргізу қажет екендігіне көз жеткіздік.

Ө.Жәнібеков сияқты мемлекет, қоғам қайраткері, шығармашыл тұлға, оның саяси азаматтық, шығармашылық өнегесін жас ұрпаққа елжандылық, патриоттық тәрбие беруде пайдалану қажеттілігі туындап отыр, «Болашаққа бағдар рухани жаңғыру»- деген мемлекеттік бағдарлама бар, осы бағдарламаға сәйкес, біз болашаққа рухани жаңғыруды негізге алып жасап, баруымыз керек, осы бағытта Ө. Жәнібековтің өнегесінің педагогикалық әлеуеті өте жоғары екендігі танылып, отыр, міне сондықтан да біз жоғары оқу орындарының қоғамдық мамандықтарында осындай Ө.Жәнібеков шығармаларына арналған «Өзбекәлітану» таңдау пәнін жасауды құрастыруды болжамдадық, осыған байланысты тәжірибелік-эксперименттің алғашқы кезеңі – айқындаушы экспериментті жоспарластырып, педагогикалық зерттеу жұмыстарын жүргіздік.

Енді Ө.Жәнібеков туралы оның шығармашылығы туралы біздің тарихи зерттеулерімізде қол жеткен нәтижелер Өзбекәліні аса бір ұлтжанды ұлттық рухты қадірлеуші, ұлттық рухқа бағыт-бағдар беруші шын мәніндегі ұлт рухының сардары деңгейіндегі адам екендігі дәлеледенді, енді осындай нәтижелерді біз арнайы оқулық етіп құрастыру үшін, педагогикалық зерттеулер жүргіздік, педагогикалық зерттеулерді жүргізуде, бірінші кезекте таңдау пәннің мазмұнын, құрылымын анықтап алуды жоспарладық, Осыған байланысты жүргізген сауалнамамыздың нәтижесінде бірқатар мәселелерге көз жеткіздік.

Көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері, этнолог-ғалым Ө. Жәнібековтың өмірі, қоғамдық-саяси қызметі мен шығармашылығы туралы білім алушылардың дайындық деңгейі мен қызығушылығын анықтауға арналған сауалнама құрастырдық. Сауалнамаға жауап беру ерікті түрде жүргізілді. Жауап берушілердің жеке мәліметтері есепке алынбайтындықтан оның оқу үдерісіне кедергісі болмайды. Жауаптар зерттеуші тарапынан талданып, «Өзбекәлітану» таңдау пәнінің мазмұнын қалыптастыруға көмектеседі.

Жеті сұрақтан тұратын сауалнама студенттердің қайтарған жауаптарына қарап, біз ол тақырыптардың қаншалықты игерілгендігін анықтауымызға мүмкіндік болды. Атап айтқанда: Қ.А. Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті мен Ө.Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университетіндегі 82 білім алушымен сауалнама жүргізгенімізде олардың жауабы төмендегідей берілді.



1-Сурет. Өзбекәлі Жәнібековтің өміржолы мен қоғамдық-саяси қызметі туралы хабардарсыз ба?

Сауалға респонденттердің 76,8 пайызы ия деп жауап берді, ал 15,9 пайызы жоқ десе, 7,3 пайызы жауап беруге қиналамын деп жауап берді. Бұның өзі Өзбекәлі Жәнібеков әлі толық танымал емес екендігін танытады..



2-Сурет. Егер таныс болсаңыз, ол мәліметтерді қайдан алдыңыз?

Сауалға білім алушылардың 34,1 пайызы оқулықтардан біледі, ал басым бөлігі 50 пайызы әлеуметтік желілерден хабардар болдым десе, қалған 15,9 пайызы әдеби шығармалардан деп жауап берген, бұл сауалдың жауабынан Өзбекәлі Жәнібеков туралы мәліметтер мектеп оқулықтарына, жоғары оқу орындарының оқулықтарында ақпарат берілмеген жағдайы белгілі болды.



3-Сурет. «Өзбекәлі Жәнібек – ұлт рухының сардары» деген атқа лайық деп ойлайсыз ба?

Сауалға 74,4 пайызы ия деп жауап берсе, 2,4 пайызы жоқ, 23,2 пайызы жауап беруге қиналамын деп жауап берген, бұл сауал бойынша да студенттердің жауабынан аңғарғанымыз, Өзбекәлі туралы жалпы хабарында болғанымен, студенттердің бұны сондай жоғары деңгейде бағалауға дайындықтары жоқ екендігіне көз жеткіздік.



4-Сурет. Өзбекәлі Жәнібектің есімінің ұлықталуы жеткілікті деп ойлайсыз ба?

Сауалға 56,1 пайызы ия деп жауап берген, 25,6 пайызы жоқ десе, 18,3 пайызы жауап беруге қиналамын деп жауап берген, бұл сауалдан аңғарғанымыз Өзбекәлі есімінің әлі де болса танымал еместігін аңғардық.



5-Сурет. Өзбекәлі Жәнібектің азаматтық, саяси және шығармашылық өнегесі туралы кеңірек білгіңіз келе ме?

Сауалға 73,2 пайызы ия деп жауап берсе, 12,2 пайызы жоқ деген, 14,6 пайызы білмеймін деп жауап берген, бұл сауал бойынша да Өзбекәлі Жәнібековтің азаматтық, саяси және шығармашылық өнегесін дәріптеу аз екендігін аңғарамыз.



6-Сурет. Партия, комсомол ұйымдарының қызметі туралы хабарыңыз бар ма?

Сауалға студенттердің 58,5 пайызы ия десе, 30,5 пайызы жоқ деген жауап берген, 11 пайызы жауап беруге қиналамын деп жауап берген, бұдан аңғарғанымыз, студенттердің қазіргі буыны партия, комсомолдың не екенін білмейтінін айтуға болады.



7-Сурет. «Өзбекәлі» атты таңдау пәнін білім беру бағдарламаларына енгізуді қажет деп санайсыз ба?

Сауалға 42,7 пайызы ия деп жауап берген, 23,2 пайызы жоқ деген, 34,1 пайызы білмеймін деп жауап берген. Ал енді бүгінгі жастар Өзбекәлі туралы, көбінесе оны әлеуметтік желілер арқылы ғана, соның ішінде тик-ток, фейзбук, инстаграм бар және басқа әлеуметтік желілердің қысқа мағлұматтармен ғана таныс екендігін көріп отырмыз. Демек, Өзбекәліні зиялы қауым танығанымен, кейінгі жастар толық танымайды екен.

Аталған сауалнама қорытындысын ескере отырып, «Өзбекәлітану» таңдау пәнінің оқу әдістемелік кешенін құрастыруда алғашқы кезекте пәннің мақсаты мен міндеттерін, құрылымы мен дереккөздерін мынадай құрылымда нақтылап алдық

«Өзбекәлітану» пәнін оқытудың өзектілігі

«Өзбекәлітану» пәні – Ө.Жәнібековтің қоғамдық-саяси қызметі мен шығармашылығына негізделіп, оның ұлттық идентификацияны орнықтырудағы қайраткерлік қызметі, идеялары мен тұжырымдарын оқу процесіне енгізу жастардың тарихи танымын жаңалауға қызмет етеді. Бұл пән ұлттық мәдениеттің теориялық және практикалық аспектілерін, тарихты, этнографияны, өнерді және ұлттық құндылықтарды игеруге бағытталады.

Мазмұндық құрылымы: Пәннің мазмұны Ө.Жәнібековтің саяси тұлғасы мен шығармашылық мұрасын, оның ұлттық мәдениетті қалыптастырудағы және жаңғыртудағы рөлін жан-жақты қамтиды.

Бұл – тарихи деректер, этнографиялық зерттеулер, мәдениеттану және өнертану салаларындағы негізгі тұжырымдамалар мен практикалық ұсыныстардың жинағы ретінде қарастырылады

Оқыту әдістері: «Өзбекәлітану» таңдау пәнін оқытуда инновациялық әдіс-тәсілдер, тарихи тұлғатану әдісі, интерактивті семинарлар, практикалық зерттеу жұмыстары және мультимедиялық құралдар қолданылуы көзделеді. Бұл тәсілдер студенттердің ғылыми ойлау қабілетін, аналитикалық дағдыларын және ұлттық мәдениетке деген қызығушылығын арттыруға бағытталған.

Ғылыми негіз және дерекқор: Пәннің оқыту бағдарламасы Ө.Жәнібековтің еңбектері мен оның замандастары, зерттеушілердің жазбаларына сүйенеді. Әр түрлі ашық ресми дереккөздер мен ғылыми басылымдар, мұрағат материалдары пән мазмұнының ғылыми дәлдігі мен объективтілігін қамтамасыз етеді.

Практикалық қолданыс: «Өзбекәлітану» пәні арқылы студенттер Ө.Жәнібеков тұлғасын, ұлттық мәдениет құндылықтарын зерттеу, талдау және интерпретациялау дағдыларын меңгереді. Бұл пән ұлттық мұраларды сақтап қалу және оларды заманауи қоғам өмірінде қолданудың маңыздылығын түсінуге септігін тигізеді.

Пәннің оқытылуында алынған әдіс-тәсілдер ұлттық білім беру жүйесіне интеграцияланып, ұлттық мәдениеттің заманауи контексте дамуына, ғылыми зерттеулердің және қоғамдық пікірдің қалыптасуына ықпал етеді. Бұл –Ө.Жәнібековтің өмірлік ұстанымдары мен ғылыми ізденістерінің мұрасы, заманауи үлгі болып табылады.

Жоғарыда талқыланған мәселелердің негізінде, Ө.Жәнібековтің еңбектері ұлттық мәдениеттің жаңғыруында, мұраны сақтау мен насихаттауда, этнографиялық зерттеулер жүргізуде және білім беру бағдарламаларының жаңартылуында аса өзекті рөл атқаратыны анықталды. Ол өзінің «Жолайрықта» атты кітабында кезінде қазақ зиялылары қазақстанды зерттеуде елтану, мұратану, өнертану сияқты игілікті істердің ұйытқысы болған дей келе, халқымыздың болмысына, дәстүріне, тұрмысына байланысты мәселелерді кеңінен зерттеу керектігін алға тартқан. Оның мәдениетке қосқан үлесі мен қажырлы еңбегі қазіргі ұлттық білім беру жүйесіне, музейлер мен ғылыми-зерттеу орталықтарына, сондай-ақ, болашақ ұрпақтың ұлттық санасын қалыптастыруға ықпал етеді. Өзбекәлі Жәнібеков жастар ұйымының жетекшісі ретінде кеңінен танымал болды. Замандастары ол өз айналасында шығармашылық, ынтазарлық, шынайылық пен сенім ахуалын қалыптастыра алатын деп жазады.(Кенжебаев, Сұлтанов, Әбдірахманов, Тасмағанбетов, 2006).

«Өзбекәлітану» таңдау пәні арқылы оның идеялары мен еңбектері кеңінен танылып, ұлттық мәдениеттің терең зерттеулерін жүргізуге жаңа мүмкіндік ашылады деп ойлаймыз.

Енді осындай тарихи және педагогикалық зерттеулеріміздің негізінде, 4 модульден тұратын пәннің оқу жоспарын жасадық.

1-Кесте. «Өзбекәлітану» атты таңдау пәнінің мазмұны

	Дәріс тақырыбы	Дәріс	Семинар-практик. Сабақ	БӨЖ	ОББӨЖ
	1 -Модуль. Ұлттық идея тарихнамасы, методологиясы				
1	Кіріспе: пәнінің мақсаты, міндеттері, пәні мен нысаны	1	2	3	3
2	Өзбекәлітанудың алғышарттары	1	2	3	3
3	Пәннің деректері мен тарихнамасы	1	2	3	3
	2-Модуль. Өзбекәлі Жәнібек – мемлекет және қоғам қайраткері				
4	Мектеп мұғалімінен республикалық жастар ұйымының жетекшілігіне дейін	1	2	3	3
5	Алматы облыстық атқару комитетіндегі қызметі	1	2	3	3

6	Ө. Жәнібектің Торғай облысындағы қайраткерлік қызметі	1	2	3	3
7	Қайраткердің Мәдениет министрлігіндегі қызметі	1	2	3	3
8	Өзбекәлі Жәнібек – республика идеологиясының басшысы				
	3-Модуль. Өзбекәлі Жәнібек тарихи-мәдени ескерткіштерді қорғау мен жаңғыртуды ұйымдастырушы				
9	Ө.Жәнібек және Қожа Ахмет Ясауи кесенесі	1	2	3	3
10	«Отырар тарихи-мәдени қорық-музейінің» құрылуы	1	2	3	3
11	Ө.Жәнібек тарихи-мәдени ескерткіштерді қорғау мен жаңғырту концепциясы	1	2	3	3
12	Ө. Жәнібек – этнолог-ғалым	1	2	3	3
	4-Модуль. Өзбекәлі Жәнібек – ұлт руханиятының сардары				
13	Өзбекәлінің шығармашылық мұрасы	1	2	3	3
14	Тарих жадындағы Өзбекәлі тұлғасы	1	2	3	3
15	Өзбекәлі өнегесі	1	2	3	3
	Барлығы:	15	30	45	45

Жоспарға сәйкес біз ары қарай мына мазмұндағы таңдау пәнінің оқу бағдарламасын түздік:

Кіріспе: пәнінің мақсаты, міндеттері, пәні мен нысаны. Пәннің мақсаты: Ө.Жәнібековтің өмірі мен еңбегін зерттеу арқылы оның ұлттық мәдениетті жаңғыртудағы рөлін ашу, тарихи сананы қалыптастыру, жастарға отансүйгіштік тәрбие беру.

Міндеттері: Ө.Жәнібековтің ғылыми, мәдени және қоғамдық қызметін жан-жақты талдау;

Оның еңбектерінің қазақ мәдениеті мен руханиятындағы орнын айқындау;

Идеяларының қазіргі заманмен байланысын қарастыру.

Пәні: Ө. Жәнібековтің мәдениет, ғылым және саясат салаларындағы мұрасы.

Нысаны: Тұлғаның өмір жолы, еңбектері, идеялары және олардың қоғамдық маңызы.

Өзбекәлітанудың алғышарттары. Өзбекәлітану ғылыми бағытының қалыптасуына бірнеше тарихи, мәдени және қоғамдық алғышарттар әсер етті. Біріншіден, Қазақстандағы ұлттық мәдениетті жаңғырту үдерісі мен тарихи мұраларды зерттеу қажеттілігі бұл бағыттың маңызын арттырды. Екіншіден, Ө.Жәнібековтің қазақ мәдениетіне, тарихына және этнографиясына қосқан үлесі оны терең зерттеуді талап етеді. Үшіншіден, ұлттық бірегейлікті сақтау мен насихаттау мәселесі Өзбекәлі Жәнібековтің еңбектерін саралауға негіз болды. Осылайша, «Өзбекәлітану» пәні қоғамдағы тарихи сананы нығайтудың маңызды бағытына айналды.

Пәннің деректері мен тарихнамасы. «Өзбекәлітану» пәнінің дереккөздері сан алуан: Өзбекәлі Жәнібековтің еңбектері, архив материалдары, естеліктер, ғылыми зерттеулер, мақалалар мен баспасөз материалдары. Сонымен қатар, оның қызметі туралы жазылған тарихи-ғылыми еңбектер, мәдениеттану және этнография саласындағы зерттеулер де маңызды дереккөздер болып табылады.

Тарихнамасы кең ауқымды еңбектерден тұрады. Ө.Жәнібековтің мәдени мұраны жаңғыртудағы рөлі ғалымдар, зерттеушілер және қоғам қайраткерлері тарапынан қарастырылып келеді. Бұл бағыттағы еңбектер оның ұлттық мәдениетке қосқан үлесін жан-жақты ашуға негіз болады.

Мектеп мұғалімінен республикалық жастар ұйымының жетекшілігіне дейін. Ө.Жәнібеков еңбек жолын қарапайым мектеп мұғалімі ретінде бастап, білім беру мен ағартушылық қызметке ерте араласты. Оның ұйымдастырушылық қабілеті мен ұлт мәдениетіне деген жанашырлығы көп ұзамай басшылық қызметтерге жетеледі.

Кейіннен комсомол ұйымдарында жұмыс істеп, жастармен тікелей байланыста болды. 1960-1970 жылдары Қазақстан ЛКЖО Орталық Комитетінде жауапты қызметтер атқарып, ұлттық сана-сезімді қалыптастыруға үлес қосты. Өзінің бастамашылдығы мен біліктілігінің арқасында республикалық жастар ұйымының жетекшілігіне көтерілді. Бұл кезең оның мемлекеттік қызметке, мәдениет пен идеология саласына келуінің маңызды баспалдағы болды.

Алматы облыстық атқару комитетіндегі қызметі. Ө. Жәнібековтің Алматы облыстық атқару комитетінде 1984-87 жылдары Алматы облысы атқару комитеті төрағасының орынбасары болды. Осы қызметін зерттеу арқылы оның мәдениет, өнер және тарихи мұраларды сақтаудағы рөлі ашылады.

Ө. Жәнібековтің өңірлік басқару жүйесіндегі ұйымдастырушылық қызметі талданып; **м**әдениет және тарихи ескерткіштерді қорғау саласындағы еңбектері бағаланады.

Оның бастамаларының бүгінгі мәдени саясаттағы ықпалы анықталады.

Өзбекәлі Жәнібековтің **Торғай облысындағы қайраткерлік қызметі.** Өзбекәлі Жәнібековтің Торғай облысындағы қызметін зерттеу арқылы оның ұлттық мәдениетті жаңғыртудағы және аймақтық даму саясатындағы рөлін анықтау. Торғай облысында атқарған ұйымдастырушылық және мәдени қызметін талдау. Халық шығармашылығы мен тарихи мұраны сақтау бағытындағы бастамаларын зерттеу. Өңірлік білім, мәдениет және рухани жаңғыру саласындағы реформаларын қарастыру.

Қайраткердің Мәдениет министрлігіндегі қызметі. Өзбекәлі Жәнібековтің Мәдениет министрлігіндегі қызметін зерттеу арқылы оның ұлттық мәдениетті дамытудағы рөлі мен мәдени саясаттағы ықпалын анықтау. Ө. Жәнібековтің министрліктегі басшылық қызметін талдау. Мәдениет пен өнер саласындағы реформаларын зерттеу. Ұлттық мұраларды сақтауға және қайта жаңғыртуға бағытталған жобаларын қарастыру.

Ө.Жәнібековтің мәдениет саласындағы басқарушылық қызметі, қазақ өнерін дамыту бойынша атқарған шаралары, ұлттық мұраларды сақтауға бағытталған жобаларына шолу. Ұлттық мәдениет пен өнердің жаңғыруына ықпалы, ұлттық мәдени мұраларды жинақтап, қайта жаңғырту жобалары. Қазақ киносы мен театрларының дамуына жаңа серпін берілуі.

Өзбекәлі Жәнібек – республика идеологиясының басшысы. Ө.Жәнібековтің Қазақстан Республикасының идеологиясын басқарудағы рөлін зерттеу, оның мәдениет, тарих және ұлттық бірегейлікті қалыптастырудағы ықпалын анықтау. Ө. Жәнібековтің идеологиялық саясаттағы негізгі бағыттарын талдау. Ұлттық мәдениет пен тілдің дамуына әсерін қарастыру. Мәдени және рухани жаңғыру бағытында жүргізген реформаларын зерттеу. Ө.Жәнібековтің мемлекеттік идеологияға қосқан үлесі, ұлттық бірегейлікті нығайтудағы жұмыстар, мәдени саясаттағы бастамалары.

Қазақстан Коммунистік партиясы Орталық Комитетінің идеология жөніндегі хатшысы қызметінде қазақ мәдениеті, ұлттық тіл және дәстүрлерді насихаттау, тарихи мұраны қорғау бағытындағы идеологиялық реформаларды жүзеге асыруы. Оның бастамалары ұлттық бірегейлікті сақтауға және қоғамның мәдени жаңғыруына маңызды әсер етті.

Ө.Жәнібеков және Қожа Ахмет Ясауи кесенесі. Өзбекәлі Жәнібековтің Қазақстандағы тарихи-мәдени мұраларды сақтау мен қайта жаңғырту ісіндегі рөлін зерттеу, Қожа Ахмет Ясауи кесенесін қалпына келтіру жұмыстарына қосқан үлесін талдау. Ө. Жәнібековтің тарихи ескерткіштерді қорғау жөніндегі бастамалары. Қожа Ахмет Ясауи кесенесін сақтау және қалпына келтіру ісіндегі қызметі. Ұлттық мұраларды жаңғырту бағытындағы еңбектеріне баға беру. Ө.Жәнібековтің тарихи мұраларды қорғау бағытындағы қызметі, Қожа Ахмет Ясауи кесенесін реставрациялау жұмыстары, ұлттық құндылықтарды жаңғыртуға қосқан үлесі.

«Отырар тарихи-мәдени қорық-музейінің» құрылуы. Отырар тарихи-мәдени қорық-музейінің құрылу тарихын, оның маңызы және Өзбекәлі Жәнібековтің бұл істегі ұйымдастырушылық рөлі. Отырар қалашығының тарихи және мәдени мұрасын қалпына келтірудегі қызметі. Қорық-музейдің құрылуы мен тарихи мәні. Отырар тарихи-мәдени қорық-музейінің құрылу кезеңдері, археологиялық зерттеулер,

Жәнібековтің тарихи мұраны сақтау бағытындағы қызметі. Ұлттық мәдени мұраны сақтау жолындағы тарихи бастамалардың маңызын түсіну.

Өзбекәлі Жәнібек тарихи-мәдени ескерткіштерді қорғау мен жаңғырту концепциясы. Ө. Жәнібековтің тарихи-мәдени ескерткіштерді қорғау және жаңғырту концепциясын зерттеу, оның ұлттық мұраны сақтаудағы рөлі және тарихи-мәдени ескерткіштерді қорғауға бағытталған іс-шаралары. Қазақ мәдениеті мен тарихының маңызды ескерткіштерін сақтауға арналған жобалар мен бастамалары. Ескерткіштерді жаңғырту арқылы ұлттық бірегейлікті нығайту мәселелері. Ө. Жәнібековтің бастамасымен Қазақстанда тарихи-мәдени ескерткіштерді қорғау мен жаңғырту концепциясы жүзеге асырылуы. Бұл тарихи мұраларды сақтау бағытындағы ұйымдастырушылық жұмыстардың маңызын ашуға арналған.

Ө. Жәнібек – этнолог-ғалым. Ө. Жәнібековтің этнология саласындағы ғылыми қызметін зерттеу, оның қазақ халқының мәдениеті мен тарихына қосқан үлесі. Оның этнология саласындағы ғылыми зерттеулерін талдау. Қазақ халқының дәстүрлері, тілдік мұрасы мен мәдени ерекшеліктері бойынша жүргізген жұмыстары. Этнологиялық зерттеулердің ұлттық бірегейлікке ықпалын қарастыру.

Ө.Жәнібеков этнология ғылымында жүргізген маңызды зерттеулері, оның еңбектері қазақ халқының мәдениеті мен дәстүрлерін терең зерттеуге бағытталған. Бұл этнологиялық зерттеулердің мәдениеттанулық маңызын түсінуге арналған.

Өзбекәлінің шығармашылық мұрасы. Ө.Жәнібековтің шығармашылық мұрасы қазақ мәдениетінің әртүрлі салаларын қамтиды. Ол тек этнология мен мәдениеттану саласында ғана емес, сонымен қатар әдебиет, өнер және тарихты зерттеу бағыттарында да елеулі еңбек сіңірді. Ө.Жәнібековтің еңбектері қазақ халқының ұлттық мұрасын зерттеп, оны сақтау және жаңғыртуға бағытталған. Оның шығармашылық жұмыстары ұлттық бірегейлікті нығайту, тарихи ескерткіштерді қорғау және мәдени дәстүрлерді келешек ұрпаққа жеткізу мәселелерін қамтыды. Ө.Жәнібековтің шығармашылық мұрасы қазақ халқының мәдени байлығын терең зерттеп, ұлттық құндылықтарды сақтау мен дамытуға зор ықпал етті.

Тарих жадындағы Өзбекәлі тұлғасы. Ө.Жәнібековтің тұлғасы қазақ халқының тарихында маңызды орын алады. Оның көпжылдық қызметі ұлттық мәдениетті сақтап, жаңғыртуға бағытталды. Ө.Жәнібековтің басқаруымен тарихи ескерткіштер мен мәдени мұраларды қорғау, қазақ тілінің дамуы және ұлттық бірегейлікті сақтау мәселелері өзекті болды. Оның тарихи жадтағы орны ұлттық идеологияны нығайту, мәдениет пен руханиятты жаңғыртудағы зор үлесімен ерекшеленеді. Ө. Жәнібеков – Қазақстанның мәдени және рухани дамуында маңызды рөл атқарған тұлға ретінде тарихта қалады.

Өзбекәлі өнегесі. Ө.Жәнібековтің саяси, шығармашылық және азаматтық өнегесі – ұлттық мәдениетті сақтау, қазақ тілін дамыту және тарихи мұраны қорғау жолындағы ерен еңбегінде жатыр. Ол өз өмірін қазақ халқының рухани және мәдени дамуына арнап, көптеген ғылыми зерттеулер мен қоғамдық жұмыстарды жүзеге асырды. Қайраткер өнегесі ұлтжандылық, білім мен ғылымға деген адалдық, ұлттық құндылықтарды сақтау мен жаңғыртуға деген жауапкершілікке негізделген. Оның рухани мұрасы, ұлттық бірегейлікті нығайтуға қосқан үлесі, жастарға тәлім-тәрбие берудегі қызметі қазіргі Қазақстанның мәдени дамуында маңызды орын алады.

Тақырыпқа қатысты тәжірибелік-эксперименттің айқындаушы кезеңінің қорытындысы ретінде құрастырылған оқу-әдістемелік кешенді оқу үдерісіне енгізуге қатысты қорытынды кезеңге дайындық ретінде сынама лекция жоспарластырдық.

Таңдау пәнінің оқу жоспарының тақырыптарына сәйкес, Қ.А. Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетіндегі тарих мамандығындағы студенттерге осы таңдау пәнінің жекелеген тақырыптары бойынша сабақтар жүргізе алдық, ол сабағымыздың тақырыбы «Өзбекәлі Жәнібеков – этнолог-ғалым» осы бойынша лекцияның талдамасын ұсынамыз.

Лекция тақырыбы - Өзбекәлі Жәнібек – этнолог-ғалым

1.Жоспар:

1.Өзбекәлі Жәнібеков туралы жалпы мәлімет

2.Ғалымның этнология ғылымына қосқан үлесі

3.«Жаңғырық» және «Қазақ қолөнерінің мәдениеті» еңбектерінің мазмұны

4.Қазіргі кезеңдегі Ө. Жәнібеков мұрасының өзектілігі

2.Мақсаты мен міндеттері

Өзбекәлі Жәнібековтің өмірін, этнология саласындағы ғылыми мұрасын және оның қазақ мәдениетіндегі рөлін. Оның этнографиялық еңбектерін студенттерге түсіндіру.

3.Лекция мазмұны (қысқаша)

Өзбекәлі Жәнібеков 1931 жылы Отырар ауданының Сарықамыс ауылында дүниеге келіп, 1948 жылы Шәуілдірдегі «Жамбыл» орта мектебін тәмамдап, сол жылы Қазақ мемлекеттік педагогикалық институтына оқуға түседі. 1952 жылы жоғары оқу орнын аяқтап, Келес ауданындағы мектепте мұғалім болып еңбек жолын бастайды. 1955 жылдан бастап партиялық-комсомолдық қызметке ауысып, аудандық партия комитетінің нұсқаушысы, кейін комсомол комитетінің бірінші хатшысы болады. 1959 жылдан облыстық, ал 1962 жылдан Қазақстан ЛКЖО Орталық Комитетінің бірінші хатшысы қызметін атқарады. 1970 жылдан Торғай облыстық партия комитетінің идеология жөніндегі хатшысы, 1975 жылдан Компартия Орталық Комитетінің сырт елдермен байланыс бөлімін басқарды. 1977 жылдан бастап Қазақ КСР Мәдениет министрінің орынбасары, кейін Алматы облыстық атқару комитеті төрағасының орынбасары, ал 1987 жылдан Мәдениет министрі қызметін атқарды. 1988 жылы Компартия Орталық Комитетінің хатшысы болып тағайындалып, 1991 жылы «Ерекше еңбегі үшін» мемлекеттік зейнетақымен зейнетке шықты.

Ө.Жәнібеков – қазақ мәдениетінің көрнекті қайраткері, этнолог-ғалым, тарихшы. Ол өзінің бүкіл саналы ғұмырын қазақтың ұлттық құндылықтарын зерттеуге, халқымыздың бай мәдени мұрасын сақтауға және дамытуға арнаған тұлға. Қазақстандағы этнологиялық зерттеулердің дамуына елеулі үлес қосып, қазақтың дәстүрі мен тұрмысын зерттеуде тың ғылыми жаңалықтар ашқан.

Ө.Жәнібеков қазақ халқының салт-дәстүрін, әдет-ғұрпын ғылыми тұрғыда талдаған. Ол ұлттық киім, тұрмыстық бұйымдар, көші-қон дәстүрлері, халықтық мерекелер сияқты қазақ этнографиясының түрлі аспектілерін зерттеген. Сонымен қатар, оның қолданбалы этнография саласындағы зерттеулері қазақ қолөнері мен ұлттық өнердің дамуына ықпал етті.

Өзбекәлі Жәнібековтың «Жаңғырық» атты еңбегі қазақ тарихы мен этнографиясына терең үңіледі. Кітаптың алғашқы тарауларында Қазақстан аумағындағы тарихи, этникалық және мәдени өзгерістердің дамуы мен өзара байланысы айқын көрсетіледі. Онда қазақ қоғамының құрылымы, тұрмыс-салты, дәстүрлі әдет-ғұрыптары мен салт-дәстүрлері жан-жақты сипатталады.

Сонымен қатар, автор революцияға дейінгі кезеңдегі отырықшылық егіншілігінің ерекшеліктеріне ерекше назар аударады, халық қолөнерінің дамуы, ұлттық киімдердің тағдыры мен өзгеру жолдары, сондай-ақ тұрғын үй сәулеті мәселелері егжей-тегжей талқыланады. Музыкалық және би өнеріне арналған бөлімде автор музыкалық аспаптарды қайта жаңғырту, ұмытылып қалған әндер мен билерді қайта тірілту мақсатында белсенді жұмыс істейді және фольклорлық-этнографиялық ансамбльдерді ұйымдастыруда ерекше үлес қосады. Кітаптың әр тарауы кең көлемді иллюстрациялық материалдармен безендіріліп, олардың ішінде көптеген фотосуреттер алғаш рет оқырманға ұсынылады. Сонымен, автор өз зерттеулерінде тарихшылар мен этнографтардың назарынан тыс қалған құнды деректер, нақты материалдар мен аңыздарды жинақтап, халық тарихын толықтыратын эпостар мен бейнелерді айшықтап береді.

Ө.Жәнібековтің «Қазақ қолөнерінің мәдениеті» атты еңбегінде дәстүрлі қолөнер түрлерін қазақ халқының тарихы мен этнографиясымен тығыз байланыста қарастырады. Автор қолөнердің негізгі бағыттарын мәдени-тарихи тұрғыдан зерттей отырып, олардың Қазақстанның оңтүстік өңірлеріндегі дәстүрлі стационарлық тұрғын үйлерді, ұстаханаларды және ұлттық киімдерді қалпына келтіруге ықпал ететінін көрсетеді.

Сонымен қатар, бұл еңбекте республика мұражайларының қорларындағы және жекелеген коллекциялардағы 18–20 ғасырлар аралығында жасалған халық шеберлерінің туындылары алғаш рет кең көлемде ғылыми айналымға енгізіледі. Ө.Жәнібеков қолөнер арқылы ұлттық мұраның үзілмейтін сабақтастығын дәлелдеп, оның көркемдік, тұрмыстық және тарихи құндылығын Ө.Жәнібековтің ғылыми еңбектері ұлттық мұраның маңыздылығын айқындап, қазақ этнографиясын жаңа деңгейге көтерді. Ол қазақ мәдениеті мен этнографиясын зерттеуде көптеген мақалалар, жазған. Ғалымның мұрасы – болашақ ұрпақ үшін таптырмас дерек көзі.

Қайраткердің еңбектері қазақ этнографиясын зерттеуге жаңа серпін берді. Оның еңбектері тек ғылыми ортада ғана емес, халық арасында да кең таралған. Қайраткер-ғалымның зерттеулері алдағы уақытта да қазақ мәдениетін зерттеу мен насихаттауда өзекті болып қала береді.

Студенттерге берілетін тапсырмалар

Эссе жазу: «Өзбекәлі Жәнібековтің қазақ этнографиясындағы рөлі»

2. «Өзбекәлі Жәнібеков – ұлттық мұраны сақтаушы этнолог» атты эссе жазу 2-3 бет.

3. Этнология мен этнографияның айырмашылығы неде?

1. **Топтық жоба:** Өзбекәлі Жәнібековтің еңбектерін зерттеп, презентация жасау

2. «Музей – Сазген – Шеберхана» жобасының этнологиядағы маңызы тақырыбында таныстырылым дайындау.

3. «Қазақ қолөнерінің мәдениеті» атты еңбегіне слайд жасау.

1. **Практикалық жұмыс:** Қазақ халқының бір салт-дәстүрін зерттеп, оны этнографиялық тұрғыдан сипаттау.

2. Қазақ салт-дәстүрінің ішінен (мысалы, бесікке салу, құда түсу, қыз ұзату, тұсаукесу, ас беру, т.б.) зерттеп, оның этнографиялық сипаттамасын жазыңыз.

Бұл лекция жоспары Ө.Жәнібековтің этнолог ретінде қазақ ғылымына қосқан үлесін ашып көрсетуге бағытталған. Лекция барысында біз мына мәселелерді қамти алдық: Ө.Жәнібеков туралы жалпы мәліметті,ғалымның этнология ғылымына қосқан үлесі жайында, сонымен бірге «Жаңғырық» және «Қазақ қолөнерінің мәдениеті» атты еңбектерінің мазмұнын, қазіргі кезеңдегі Ө. Жәнібеков мұрасының өзектілігінің маңыздылығын аштық.

Тарихи-педагогикалық зерттеуіміздің барысында мынадай ғылыми нәтижелерге қол жеткізілді:

«Өзбекәлітану» таңдау пәнінің мазмұны толық құрылымдалды, оның негізгі бөлімдері мен тақырыптық бағыттары анықталды.

Пәннің білім беру жүйесіне енгізу жолдары талданды, оның оқу бағдарламаларына қосылу мүмкіндіктері зерттелді.

Ө.Жәнібековтің ғылыми еңбектерін оқу процесіне қолдану тиімділігі дәлелденді.

Ұлттық мәдениетті сақтау мен жаңғыртуда «Өзбекәлітану» пәнінің қолданбалық мәні ашылды..

Пәннің әдістемелік негіздері қарастырылып, оны оқытудағы инновациялық әдістер ұсынылды.

Зерттеу нәтижелері негізінде пәннің болашақта дамуы мен жетілдірілуіне қатысты ғылыми-әдістемелік ұсыныстар жасалды.

Ө. Жәнібектің қоғамдық-саяси шығармашылық қызметтері, оның кейінгі жастарға идеал болуға әбден лайық екендігіне көзіміз жетті. «Өзбекәлітану» пәні жоғары оқу орындарында таңдау пәні ретінде енгізіліп, одан мектептерде осы пән жүргізіліп жатса құба-құп, онда біздің алдымызға қойған міндеттеріміз орындалған болар еді.

Қорытынды

Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, «Өзбекәлітану» пәні мемлекет және қоғам қайраткері Өзбекәлі Жәнібеков тұлғасына арқау етіліп, және қазақ мәдениетінің маңызды бөлігі ретінде қалыптасады. Бұл пән арқылы болашақ ұрпақ Өзбекәлі Жәнібековтің еңбектері мен идеяларын тереңірек түсініп, оны ұлттық құндылықтар тұрғысынан дамыта алады. Пәннің жүйелі түрде білім беру бағдарламасына енгізілуі – ұлттық мұраны сақтау жолындағы маңызды қадамдардың бірі болмақ.

Зерттеу барысында алынған мәліметтер «Өзбекәлітану» пәнінің құрылымын нақтылауға және оның мазмұнын кеңейтуге мүмкіндік берді. Ө.Жәнібековтің еңбектерін оқыту арқылы жастардың ұлттық сана-сезімі мен мәдениетке деген қызығушылығы артады. Сонымен қатар, пәннің білім беру жүйесіне енгізілуі ұлттық мұраны сақтау мен жаңғыртуға бағытталған жүйелі жұмыстардың бір бөлігі ретінде қарастырылады.

Осылайша, «Өзбекәлітану» пәнінің дамуы мен оны оқыту әдістемелерін жетілдіру – болашақта Қазақстанның мәдени саясатының маңызды бағыты болуы тиіс. Бұл пәннің оқу бағдарламасына енгізілуі ұлттық бірегейлікті сақтау мен тарихи сананы нығайтуға айтарлықтай үлес қосады.

Авторлардың қосқан үлесі:

Каримов Қ.С. - зерттеу жұмысын дайындау, құру; жұмыс нәтижелерін жинау, талдау, оларды түсіндіру, сыни қайта қарау; мәтін жазу және оның мазмұнын сыни тұрғыдан қайта қарау,мақаланың барлық бөлігіне қатысты мәселелерді дұрыс зерттеу.

Әдебиеттер тізімі

Адырбек Б. (2006) Рух сардары (Өзбекәлі Жәнібековтің туғанына 75 жылдығына орай өткен ғылыми теориялық конференция материалдары) / құрастырған: Баян Адырбек. – Түркістан: ХҚТУ. Тұран, 320б.

Алтаев Б.(2021)Ставший легендой при жизни к 90-летию Узбекали Джанибекова // «Мәдени мұра» ғылыми журналы.- Нұр-Сұлтан: ҚР Ұлттық музейі №1.с.146-156. *https://doi.org/10.47500/2021.v1.i1.1*

Айтуар Е.(2011) Өзбекәлі Жәнібековтың публицистикасындағы ұлттық руханият пен адамгершілік мәселелері // әл-Фарабаи атындағы ҚазҰУ хабаршысы. №1 (29). Б.102-104.

Егеубай А. (1999) Этнолог- Өзбекәлі Жәнібек // Өзбекәлі Жәнібек., Алматы: «Арыс» 208-219 б.

Жолдасбеков М. (1999) Қалың қазақтың Өзбекәлісі // Өзбекәлі Жәнібек., Алматы: «Арыс» 131-134 б.

Кенжебаев С., Сұлтанов Қ., Әбдірахманов С., Тасмағанбетов И. (2006) Отанның шынайы патриоты еді // Рух сардары. Түркістан: ХҚТУ.Тұран,–371 б.

Кузьмина Н. В., Жаринова Е. Н. (2018) «Методы исследования образовательных систем» Санкт-Петербург: Центр стратегических исследований, 162 б.

ҚРОМА. 2238-қ., 1 тіз., 179 іс, 51 п.

Мамбетов Б.М., Тұрсұн Х.М., Мырзахметов М.М.(2024) Қазақстан тарихы курстарында тарихи тұлғатануды оқытудың әдіс-тәсілдері // Ясауи университетінің хабаршысы. №1 (131). –Б. 382–392. *https://doi.org/10.47526/2024-1/2664-0686.31*

Мұратова Г.(2024) Абайдың тілдік тұлғасындағы этномәдени лексика сипаты // Ш. Уәлиханов атындағы КУ хабаршысы. № 1-Б. 135-145. DOI: 10.59102/kufil/2024/iss1 pp 135-145

Mayer, C.-H., van Niekerk, R., & Wannenburg, N. (2021).Ferdinand Karl Piëch: A Psychobiography of a Ruthless Manager and Ingenious Engineer. Frontiers in Psychology, 12, 671243. https://doi.org/10.3389/fpsyg.2021.671243

Түркістан облысының қоғамдық–саяси тарихының мемлекеттік архиві 2274-қ., 1 тіз., 171 іс, 1-19 п.

Pajić, D., Babić, A., & Jevremov, T. (2023). Open access practice in personality research: A bibliometric perspective. Primenjena psihologija, 16(4), 553–580. https://doi.org/10.19090/pp.v16i4.2511

Zadok, A., Benoliel, P., & Schechter, C. (2024). Teacher-leaders' personality traits of extraversion, conscientiousness, and openness to experience and transformational leadership: The implications for collective teacher efficacy. Teaching and Teacher Education, 140, Article 104482. https://doi.org/10.1016/j.tate.2024.104482

К.С.Каримов*[1]

*[*1]Международный казахско-турецкий университет имени Ходжи Ахмеда Ясави, Туркестан, Казахстан*

Опыт разработки и перспективы развития учебно-методического комплекса дисциплины по выбору «Узбекаливедение»

Аннотация. В данной статье будет изложен опыт разработки учебно-методического комплекса (УМК) дисциплины по выбору «Узбекаливедение». Жизнь и деятельность Узбекали Жанибекова, общественного деятеля, занимающего свое место в области исторической науки и этнокультуры, рассматривается как важнейшая составляющая обучения в современной системе образования. В основу содержания дисциплины заложены фундаментальные выводы отечественной истории, этнографии, культурологии и педагогики.

В ходе разработки УМК систематизированы цели и задачи дисциплины, результаты обучения, предъявляемые к обучающимся, учебный план и тематическое содержание, структура семинаров и

практических занятий, виды контроля и оценки, а также список литературы в соответствии с научно-методическими требованиями. Содержание дисциплины направлено на глубокое знакомство с исторической личностью Узбекали Жанибековым, обновление знаний обучающихся через призму его вклада в развитие культуры, искусства, науки и образования.

При составлении образовательного контента УМК были отобраны источники, в том числе архивные материалы, воспоминания современников, исследовательские труды, данные из авторских произведений Узбекали Жанибекова. Предмет по выбору способствует развитию интеллектуальных способностей обучающихся, формированию исторического сознания и патриотических качеств.

В статье авторы подчеркивают воспитательную, научную и идеологическую значимость данной дисциплины, обосновывая актуальность внедрения в учебный процесс выбранного курса «Узбекаливедение». Данный опыт рассматривается как одна из эффективных методик в преподавании истории Казахстана подрастающему поколению.

Ключевые слова: Узбекали Жанибеков, исторический персонофикация, национальные ценности, «Узбекаливедение» предмет по выбору, методы и приёмы обучения.

K.S. Karimov*[1]

[1]Khoja Akhmet Yassawi International Kazakh-Turkish University, Turkistan, Kazakhstan

Development experience and prospects for the development of the educational and methodological complex of the elective discipline «Uzbekali Studies»

Abstract. This article describes the experience of developing an educational and methodological complex (EMC) of the elective discipline «Uzbekali Studies». The life and work of Uzbekali Zhanibekov, a public figure with a distinct place in the field of historical science and ethno-culture, are considered an important component of training in the modern education system. In compiling the content of the discipline, the fundamental conclusions of domestic history, ethnography, cultural studies and Pedagogical Sciences are taken as a basis.

During the development of the EMC, the goals and objectives of the discipline, the results of training for students, the curriculum and thematic content, the structure of seminars and practical classes, types of control and evaluation, as well as the list of references, were systematized in accordance with scientific and methodological requirements. The content of the discipline aims to provide a comprehensive presentation of the historical personality of Uzbekali Zhanibekov, updating students' knowledge through his example in the development of Culture, Art, Science, and education.

In addition, when compiling the educational content of the EMC, sources were selected, including archival materials, Memoirs of contemporaries, research works, and information about the author's works of Uzbekali Zhanibekov. The subject of choice develops students ' intellectual abilities, contributes to the formation of historical consciousness and patriotic qualities.

In the article, the authors substantiate the relevance of the introduction of the elective subject «Uzbekali Studies» in the educational process and emphasize the Educational, Scientific and ideological significance of higher education. This experience is considered one of the new disciplines in passing on the lessons of the history of Kazakhstan to the younger generation.

Keywords: Uzbekali Zhanibekov, historical personology, national values, the subject of choice «Uzbekali Studies», teaching methods and techniques.

References

Adyrbek,B. (2006) Rukh sardary (Ozbekali Janibekovtin tughanyna 75 zhyldyghyna orai otken gylymi teoriyalyq konferenciya materialdary) / qurastyrghan: Bayan Adyrbek. [Rukh Sardar (materials of the scientific and theoretical conference dedicated to the 75th anniversary of the birth of Uzbekali Zhanibekov) / compiled by Bayan Adyrbek] – Turkistan: HQTU. Turan,– 320 b. (In Kazakh)

Altaev, B. (2021) Stavshii legendoi pri zhizni. K 90-letiyu Uzbekali Djanibekova // [Became a Legend in His Lifetime: On the 90th Anniversary of Uzbekali Zhanibekov]"Madenímura"gylymi zhurnaly. №1.–pp.146–156. https://doi.org/10.47500/2021.v1.i1.1 (In Russian)

Aituar, E. (2011) Ozbekali Janibekovtyn publicistikasyndaghy ulttyq rukhaniyat pen adamgershilik meseleleri [Problems of national spirituality and morality in the journalism of Uzbekali Zhanibekov] // Al-Farabi atyndagy QazUU khabarsysy. – №1 (29). – p.p 102–104. (In Kazakh)

Egeubai, A. (1999) Etnolog – Ozbekali Janibek //.[Ethnologist-Uzbekali Zhanibek] – Almaty: "Arys",– pp. 208–219. (In Kazakh)

Zholdasbekov, M. (1999) Qalyng qazaqtyn Ozbekalisi // Ozbekali Janibek. [Uzbekali of the Common Kazakh People] – Almaty: "Arys", pp. 131–134. (In Kazakh)

The first of these is «the quality of the faculty», guaranteed by the high academic qualifications of the faculty. The next aspect is «the quality of educational programs», which is ensured by the combination and interrelationship of educational content, teaching methods, and research. Another aspect is «the quality of student preparation»,

which can be achieved by bridging the gap between secondary and higher education and enhancing the role of career guidance and motivation mechanisms. «The quality of the university infrastructure» is the fourth aspect, encompassing the entire range of university operating conditions.

When designing an internal evaluation system for educational programs, its functions should be defined and the intended outcomes of the evaluation should be determined. Thus, an internal quality assessment system should be understood as a set of organizational structures, diagnostic, and evaluation procedures that ensure a unified assessment of students' educational achievements and the effectiveness of educational programs.

The primary functions of the designed system should include assessing the quality of student preparation based on the completion of the educational program and providing input for management decisions. Management decisions should be aimed at improving educational programs (structure and updating of content, resource provision, competence and qualifications of teachers). In addition to providing input for decision-making on improvement, the assessment system is also aimed at demonstrating quality. The system should work not only to identify problems but also to identify best practices. It also serves as a unique tool for internal benchmarking, a tool for identifying best management practices, and for studying and disseminating positive experiences in implementing educational programs.

The assessment methodology is systemic in nature and should be monitoring-based, which necessitates systematic and planned observation, measurement, evaluation, and analysis. It is advisable to maintain four mandatory monitoring components within the designed system: organizational, empirical, analytical, and performance. These components are interrelated, and each determines the quality of the subsequent ones. The organization of monitoring (the object and timing of the assessment) determines the effectiveness of the monitoring.

The quality of empirical data, which determines its analysis and the applicability of the results for management decision-making, depends on the diagnostic material.

It should be noted that evaluation is not an end in itself. Monitoring results must be suitable for use by various target groups: faculty, students and their parents, university administration and collegial bodies, government agencies, and personnel recruiters.

GrSU has developed a methodology for implementing an internal system for assessing the quality of educational programs. Taking into account all of the above, the methodology defines the assessment elements that form the system's sections. The following are defined as system elements:

assessment of the quality of students' educational activities and their results;

assessment of the quality of educational programs (educational environment and scientific and methodological support);

assessment of the quality of the faculty; feedback from participants in educational activities;

monitoring of graduates' professional results and achievements.

The structure of each element establishes the frequency and subjects of assessment, their indicators, responsibility for the subject of assessment and the adoption of management decisions based on its results, and the methodology for calculating the indicators.

The presented aspects form sections of the system. The structure of each defines the subjects of assessment. For the subjects, the indicators for assessment (Table 1), responsibility for collecting information and the methodology for calculating the indicators were determined.

Table 1. Structure of the internal quality assessment system

Subject of quality assessment of the educational program	**Evaluation indicator**
1. The quality of students' educational activities and their results	
Interim results of theoretical and practical training	Average midterm assessment score for academic disciplines (modules), coursework (projects), and practical training

Final learning outcomes	Honors diplomas
	Excellent grades obtained in the state exam and thesis (project) defense
	Students who failed the final assessment
	Students who successfully completed the educational program (out of the total number of students enrolled)
2. Quality of educational programs (educational environment and scientific and methodological support)	
Practical component of the educational program	Academic disciplines implemented jointly with social partners
Scientific and methodological support for the educational program	Availability of registered educational and methodological kits/central educational and methodological kits for curriculum disciplines
	Availability of approved educational publications for curriculum disciplines
3. Quality of the teaching staff	
Degrees of faculty implementing the educational program	Percentage of full-time faculty supporting the implementation of the educational program
	Percentage of full-time faculty, including part-time employees (working under an employment contract), holding academic and honorary degrees
	Percentage of employees (external part-time employees) holding academic degrees and titles and engaged to implement the educational program
Teaching excellence	Results of the teaching staff ranking for «Academic Activity»
	Results of the teaching staff ranking for «Research and Innovation Activity»
	Percentage of faculty holding a foreign language proficiency certificate
Publication activity	Research publications in peer-reviewed scientific journals (including collections of scientific papers from the Higher Attestation Commission list)
4. Feedback from participants in educational activities	
Demand for the educational program	Passing score for the specialty
	International students studying in the educational program
	Export of educational services
	Students studying under targeted training agreements
Student satisfaction	Student satisfaction level
Professional qualities of the teacher	Results of the survey «Teacher through the eyes of students»
	Invited specialists from abroad to conduct classes
5. Professional results and achievements of graduates	
Retention of young specialists in the profession	Retention rate of young specialists in the educational program
Student satisfaction	Graduate satisfaction level

The indicators in the first block reveal the students' mastery of the educational program in their specialty. They demonstrate the appropriateness of the structure of the learning process itself, its content, and technologies, the

results with which young people enter the workforce, and the effectiveness of the university's measures (including the effectiveness of career guidance at all stages of education) to maintain student enrollment.

The second block and its indicators reveal the effectiveness of scientific and methodological support for education and the practical component of the programs. The indicators in the third block allow for a qualitative assessment of the faculty and characterize the university's ability to provide the educational process with full-time faculty, the availability of practicing specialists, research potential and potential in intercultural communications, the performance of faculty involved in the educational program, and their efforts to promote the results of their work.

The next block, «Feedback from participants in educational activities», reveals the program's demand in the labor market, the quality of career guidance activities, the effectiveness of marketing activities abroad, and the program's attractiveness to foreign citizens.

The indicators in the «Professional results and achievements of graduates» block reveal the retention rate of young professionals after placement (indicating the effectiveness of placement and the system of relationships with employers) and their satisfaction. If graduate success is considered a quality parameter, then all other blocks act as intermediate stages. Systematic tools for collecting and analyzing information specifically for assessing graduates' professional results are currently lacking. This section is an area for further improvement and development.

The quality of educational programs is also influenced by external factors that must be taken into account, but it does not seem appropriate to reflect them in the assessment system. This is because the university is not always able to influence external factors, and taking them into account allows for the planning and implementation of preventive actions.

In accordance with the specified framework, over the past two years, an assessment of the quality of educational programs in all full-time general higher education and specialized higher education specialties has been conducted. The information was collected independently by members of the working group. The results were presented to the university's management and deans (by faculty specialization, for educational programs) as absolute values, with maximum, minimum, and average values for the entire university, along with the range of variation (to assess conditional homogeneity). Based on the nature and content of the indicators themselves, conducting an assessment and analysis university-wide and drawing meaningful conclusions from them is neither entirely appropriate nor useful. Furthermore, not every indicator's maximum value is optimal or effective for the university. For example, the maximum number of full-time faculty members in the academic process, on the one hand, indicates stability in staffing.

On the other hand, ensuring practice-oriented education requires attracting leading industry experts. Even with a full complement of full-time faculty (who are permanently employed at the university), the question arises: how beneficial is this for the quality of specialist training? Each indicator is self-sufficient and, ideally, requires separate analysis and consideration within the faculty.

The data obtained from the assessment indicate heterogeneity of specializations, which is typical for multidisciplinary universities. However, defining an integrated indicator and ranking specializations does not seem appropriate. Each program has its own strengths, and evaluation allows us to identify potential areas for improvement. An example is the share of honors degrees, which is traditionally higher in humanities programs than in engineering and technical programs. Therefore, it can be concluded that the results are applicable across each block and indicator at the level of a specific educational program within a specialization or a single-profile faculty.

Currently, the existing university management system presupposes department heads. These departments graduate students in several educational programs, which significantly hinders the uniformity of management attention. This situation limits and complicates responsibility and management decisions regarding the development of educational programs.

Management decisions should also be aimed at improving educational programs (structure and updating of content, resource provision, competence and qualifications of faculty). This ensures the assessment and improvement of the current state of the specialty itself.

One of the areas of application of the assessment results at Yanka Kupala State University of Grodno is the analysis of the implementation of Comprehensive Specialty Development Programs and decision-making regarding their adjustment. The results of the internal quality assessment system are applicable for self-monitoring of edu-

cational quality assurance and the preparation of information by specialty (including during state accreditation of specialties).

The assessment system is also aimed at demonstrating quality internally and externally. It not only provides input for decision-making but also identifies best practices, serving as a unique internal benchmarking tool.

Conclusion

In the long term, as statistical data accumulates (through further assessment of the quality of educational programs), a measurable basis for planning and implementing changes to the management system for specialties will emerge, which is particularly relevant in a turbulent external environment. This management intervention will ensure the quality of specialist training and enhance the competitiveness of higher education institutions. Managing changes at the level of educational programs within specialties will ensure stability in the face of uncertainty and turbulence.

The application of the obtained results requires management influence and decision-making at the specialization level. This raises the issue of responsibility and authority, assigning responsibility for training specialists in a specific specialization to a specific manager (the head of the educational program). Their authority should ensure the coordination of joint efforts to ensure the quality of training. This will allow for systemic management of changes in the organization of the educational process and improve the quality of the training itself.

Conducting educational quality assessments specifically within educational programs appears promising. Its implementation is aimed at providing objective information on the quality of training and its outcomes. The use of this system will, on the one hand, identify weaknesses in the training of specialists in a specific educational program and promptly make necessary changes to the organization of the educational process in the specialty before the end of the training cycle (the student's term of study in the specialty), and, on the other hand, will allow for informed changes to the comprehensive specialty development program, which includes strategic management of the educational program. The system's components (elements, assessment subject, and indicators) are variable and may change depending on the educational institution's characteristics and strategic goals, consumer requirements and expectations, changes in the external environment, and other factors.

Contribution of the authors:

In writing this article, the authors' contributions are equally distributed and divided among themselves according to the following criteria:

Kalatsei M.Y. – responsible for all aspects of the work, including conceptual framework, ensuring data reliability and integrity, reviewing and resolving issues, and critical revision of the content.

Shcherbinin S.N. – contributed significantly to the conceptual framework, collecting, analysing, and interpreting results, critical revision of the content, and approved the final version for publication.

Source of funding: none

References

Кодекс Республики Беларусь об образовании (2011) [Электронный ресурс]. 13 января. № 243-З. Принят Палатой представителей 2 декабря 2010 г., одобрен Советом Республики 22 декабря 2010 г., в редакции Закона Республики Беларусь от 6 марта 2023 г. Available at: https://www.etalonline.by/document/?regnum=hk1100243&q_id=1721062 (Accessed: 3 May 2024).

Государственный стандарт Республики Беларусь (2015). Системы менеджмента качества. Основные положения и словарь: СТБ ISO 9000-2015. Минск: Госстандарт, 54 с.

Государственный стандарт Республики Беларусь (2015). Системы менеджмента качества. Требования: СТБ ISO 9001-2015. (Взамен СТБ ISO 9001-2009). Минск: Госстандарт, 25 с.

Европейский совет по обеспечению качества высшего образования (ESG) (2018). Стандарты и руко-

водства для обеспечения качества высшего образования в европейском пространстве высшего образования. Available at: https://bsu.by/upload/page/172123.pdf (Accessed: 13 May 2024).

European Foundation for Quality Management (2025). The EFQM Model [Online]. Available at: https://efqm.org/the-efqm-model/ (Accessed: 7 April 2026).

Гродненский государственный университет имени Янки Купалы (2024). Порядок разработки комплексной программы развития специальности: приказ ректора от 10 мая 2024 № 581 [Electronic resource]. Available at: https://intra.grsu.by/prikazy (Accessed: 15 May 2024).

М.Я. Колоцей*[1], С.Н. Щербинин[2]

[1,2] Учреждение образования «Гродненский государственный университет имени Янки Купалы»

Внутренняя система оценки качества образовательных программ: проектирование, структура и опыт применения

Аннотация. Статья посвящена анализу проектирования и опыта применения внутренней системы оценки качества образовательных программ по специальности как основанию для проектирования процедур управления изменениями. Характеризуются представленные в структуре системы предметы оценки качества, показатели и их содержание. Качество образования представлено как комплексная характеристика образовательной деятельности и подготовки обучающегося, в том числе с учетом результатов и достижений выпускников. Представлен опыт ГрГУ имени Янки Купалы в проведении внутренней оценки качества образовательных программ по специальностям. Отмечены направления применения результатов оценки.

Ключевые слова: качество образования, образовательная программа по специальности, оценка качества, структура оценки, университет, показатели качества.

М.Я. Колоцей*[1], С.Н. Щербинин[2]

[1,2] «Янка Купала атындағы Гродно мемлекеттік университеті» білім беру мекемесі

Білім беру бағдарламаларының ішкі сапаны бағалау жүйесі: жобалау, құрылым және енгізу тәжірибесі

Аңдатпа. Бұл мақалада өзгерістерді басқару процедураларын әзірлеу негізі ретінде мамандандырылған білім беру бағдарламаларының ішкі сапаны бағалау жүйесін жобалау және енгізу тәжірибесі талданады. Жүйенің құрылымында сапаны бағалау пәндері, көрсеткіштері және олардың мазмұны сипатталған. Білім беру сапасы білім беру қызметі мен студенттерді дайындаудың кешенді сипаттамасы ретінде ұсынылған, оның ішінде түлектердің үлгерімі мен жетістіктерін ескеру қажет. Гродно қаласындағы Янка Купала мемлекеттік университетінің мамандандырылған білім беру бағдарламаларының ішкі сапаны бағалауын жүргізудегі тәжірибесі ұсынылған. Бағалау нәтижелерін қолдану салалары көрсетілген.

Түйін сөздер: білім беру сапасы, мамандандырылған білім беру бағдарламасы, сапаны бағалау, бағалау құрылымы, университет, сапа көрсеткіштері.

References

Educational Code of the Republic of Belarus (2011) [Electronic resource]. 13 January. No. 243-Z. Adopted by the House of Representatives on 2 December 2010, approved by the Council of the Republic on 22 December 2010, as amended by the Law of the Republic of Belarus from 6 March 2023. Available at: https://www.etalonline.by/document/?regnum=hk1100243&q_id=1721062 (Accessed: 3 May 2024).

State Standard of the Republic of Belarus (2015). Quality Management Systems. Principles and Vocabulary: STB ISO 9000-2015. Minsk: Gosstandart, 54 p.

State Standard of the Republic of Belarus (2015). Quality Management Systems. Requirements: STB ISO

9001-2015. (Replaces STB ISO 9001-2009). Minsk: Gosstandart, 25 p.

European Higher Education Area (EHEA) (2018). Standards and Guidelines for Quality Assurance in the European Higher Education Area. Available at: https://bsu.by/upload/page/172123.pdf (Accessed: 13 May 2024).

European Foundation for Quality Management (EFQM) (2025). The EFQM Model [Online]. Available at: https://efqm.org/the-efqm-model/ (Accessed: 7 April 2026).

Yanka Kupala State University of Grodno (2024). Procedure for Developing a Comprehensive Program for the Development of a Specialty: Order of the Rector dated 10 May 2024 No. 581 [Electronic resource]. Available at: https://intra.grsu.by/prikazy (Accessed: 15 May 2024).

Авторлар туралы мәлімет:

Колоцей М.Я. – хат-хабар авторы, тарих ғылымдарының кандидаты, доцент, Янка Купала атындағы Гродно мемлекеттік университеті, Ожешко көш., 22, 230023, Гродно, Беларусь Республикасы.

Щербинин С.Н. – әлеуметтану ғылымдарының кандидаты, доцент, Янка Купала атындағы Гродно мемлекеттік университеті, Ожешко көш., 22, 230023, Гродно, Беларусь Республикасы.

Информация об авторах:

Колоцей Марина Яцековна **-** автор для корреспонденции, кандидат исторических наук, доцент кафедры теории и истории государства и права, УО «Гродненский государственный университет имени Янки Купалы», улица Ожешко, 22, 230023, г. Гродно, Республика Беларусь.

Щербинин Сергей Николаевич **-** кандидат социологических наук, доцент, начальник отдела менеджмента качества, УО «Гродненский государственный университет имени Янки Купалы», улица Ожешко, 22, 230023, г. Гродно, Республика Беларусь.

Information about the authors:

Kalatsei Maryna – corresponding author, PhD (History), Associate Professor, Associate Professor of the Department of Theory and History of State and Law, Yanka Kupala State University of Grodno, 22 Ozheshko Street, 230023, Grodno, Belarus.

Shcherbinin Sergey – PhD (Sociology), Associate Professor, Head of Quality Management Department, Yanka Kupala State University of Grodno, 22 Ozheshko Street, 230023, Grodno, Belarus.

GUMILYOV JOURNAL OF PEDAGOGY
ISSN: 3080-1710. ISSN (Online): 3104-462X

ХҒТАР 14.07.01
Ғылыми мақала

https://doi.org/10.32523/3080-1710-2026-155-2-162-175

БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ ЗЕРТТЕУШІЛІК ДАҒДЫСЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ ОҚЫТУШЫНЫҢ РӨЛІ

А.С. Мурзинова[1], Р.Е. Калдыбекова[2], А.А. Оспанбаева[*3]

[1,3] Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан
[2]Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан

E-mail: [1]murzinova_1993_kz@mail.ru, [2]Razia-75@mail.ru
*[*3]ospanbayevaaidanaamangeldi@gmail.com*

Аңдатпа. Мақалада білім алушылардың зерттеушілік дағдысын қалыптастырудағы оқытушының рөлі қарастырылады. Білім беру процесіндегі зерттеушілік іс-әрекеттің өзектілігі мен негізгі факторлары айқындалады. «Зерттеушілік дағды» ұғымы білім алушылардың білім алуына, өз бетінше ойлау, ақпаратты талдау және синтездеу дағдыларын дамытуға мүмкіндік беретін оқытудың тиімді әдісі ретінде зерттеледі. Ол академиялық жетістікке жетудің негізі, оқу іс-әрекетінің айрықша стилін қалыптастыру тәсілі, білім алушыларды білім алуға жетелейтін түрткілерді қалыптастыратын шығармашылық іс-әрекет ретінде түйінделеді. Оқытушы тұлғасы білім беру жүйесіндегі тьютор (кәсіби тәлімгер), үйлестіруші, шабыттандырушы, көмекші, бастауыш зерттеушінің кеңесшісі ретінде анықталады. Оқытушы рөлінің *зерттеуге жағдай жасау, сыни тұрғыдан ойлауды дамыту, қолдау және мотивация, зерттеу әдістері мен тәсілдерін үйрету, топта жұмыс істеу қабілетін қалыптастыру, шығармашылық пен инновацияны ынталандыру, бағалау және кері байланыс* сияқты негізгі аспектілері талданады. Білім алушылардың зерттеушілік дағдысын қалыптастыруға арналған әдіс-тәсілдер мен тапсырма түрлері ұсынылады. Оқытушының білім алушылардың зерттеушілік іс-әрекетін дамытуға бағытталған негізгі жеке қасиеттері, дағдылары мен әлеуеті сараланады. Білім алушылардың зерттеушілік дағдысын қалыптастырудағы Ecowiki, Ecodialogue, Google Earth, Windy сияқты электрондық білім беру ресурстарының маңыздылығы айқындалып, геоэкологиялық мәселелерді оқытуға байланысты тапсырмалармен дәйектеледі.

Түйін сөздер: зерттеушілік дағды, тұлға, тьютор (кәсіби тәлімгер), үйлестіруші, шабыттандырушы, көмекші, сыни тұрғыдан ойлау.

Түсті: 24.04.2025; Мақұлданды: 15.06.2026; Онлайн қолжетімді: 30.06.2026

*хат-хабар авторы

Кіріспе

Бүгінде жоғары білім берудің басты ұстанымдарының, маңызды және өзекті міндеттерінің бірі – білім алушылардың зерттеушілік іс-әрекетіне бағытталған зерттеушілік дағдысын қалыптастыруға басымдық беру. Әлемдік және отандық білім беру жүйесінде зерттеушілік дағдылар білім берудің барлық деңгейлерінде оқытудың маңызды аспектілері ретінде қарастырылуда. Тарқатып айтқанда, әлеуметтік ғылымдар шеңберінде жоба жұмысы арқылы білім алушының зерттеушілік дағдысын қалыптастыруға бағытталған зерттеулерде зерттеушілік дағды – зерттеу жүргізу үшін қажетті және меңгеруге болатын стратегиялар мен құралдарды қамтитын қабілеттер жиынтығы, сондай-ақ, мәселені шешуді, сыни тұрғыдан ойлауды, талдау жасауды және зерттеу нәтижелерін ұсынуды көздейтін маңызды феномен ретінде қарастырылған (Meerah & Arsad, 2010). Жоғары оқу орнында оқитын білім алушылардың зерттеушілік дағдысын ғылыми үйірмелер арқылы дамытуды зерттеген ғалымдар зерттеушілік дағдыны ғылым контекстіндегі мәселелерді анықтауға, түсіндіруге, дәлелдеуге және шешуге бағытталған, этикалық қағидаларды сақтай отырып жүзеге асырылатын кешенді әрекет, тұлғалық білім (білу үшін болу) мен іс-әрекеттік білімді (істей білу) және теориялық білімді (білу) өзара байланыстыратын категория ретінде тұжырымдайды (Rodriguez-Vargas et al., 2020). Математиканы оқытудың заманауи әдістемелік жүйелерін талдау, интерактивті көрнекі құралдарды қолдану, математикалық білімді меңгерту нәтижелері білім алушылардың зерттеу дағдысын дамытуға оң әсер ететінін анықтаған ғалымдар зерттеушілік дағдыны оқу процесінде зерттеу іс-әрекетін жүзеге асыруға мүмкіндік беретін дағдылар ретінде түйіндеп, оған талдау жасау, салыстыру, негізгісін ажырата білу және қорытындылау қабілеттері жататынын дәйектейді (Rozumenko et al., 2024). Болашақ физика мұғалімдері мен бастауыш сынып мұғалімдерінің зерттеушілік дағдысы мен құзыреттіліктерін қалыптастыруды зерттеген отандық ғалымдар зерттеушілік дағдыны зерттеушілік іс-әрекетінің мақсаттары мен шарттарына сәйкес әрекеттерді өз бетінше жоспарлау және орындау қабілеті (Битибаева, 2020), алдын-ала нәтижесі белгісіз алайда, ізденушілік және шығармашылық жұмыстар негізінде, зерттеушілік міндеттерді шешудің жолдарын қарастыру және оған өзек болатын нақты жауаптарды табу іс-әрекеті ретінде түсіндіреді (Есполова, 2021). Саралай келгенде, зерттеушілік дағды – академиялық жетістікке жетудің негізі, оқу іс-әрекетінің айрықша стилін қалыптастыру тәсілі, білім алушыларды білім алуға жетелейтін түрткілерді қалыптастыратын шығармашылық іс-әрекет, сұрақтарға жауап беру және мәселенің шешімін табу қабілеті, білім алушы жүзеге асыратын ақыл-ой операциялары мен қолданбалы іс-әрекеттердің жиынтығы.

Дегенмен, жоғарыда келтірілген зерттеулерде білім алушылардың зерттеушілік дағдысын қалыптастыру мәселесі – әлеуметтік (тарих, педагогика), жаратылыстану (математика, биология, физика) бағыттарында зерттелгенімен, геоэкологиялық білім беру аспектісінде, яғни білім алушылардың зерттеушілік дағдысын қалыптастырудағы оқытушының рөлі мәселесі арнайы зерттеу нысанына айналмаған. Сондықтан бұл зерттеу жұмысының өзектілігін көрсетеді. Білім алушылардың зерттеушілік дағдысын қалыптастыру процесінде шешуші рөлді оқытушы атқарады. Оқытушы тәжірибесі мен жинақталған білімі арқылы білім алушыларды дұрыс бағытқа бағдарлай алады, олардың танымдық қызығушылығын жоғалтпауына көмектеседі және жан-жақты дамуға жағдай жасайды. Зерттеу жұмысының мақсаты – білім алушылардың зерттеушілік дағдысын қалыптастырудағы оқытушының рөлін анықтау. Зерттеу барысында келесі міндеттер шешіледі: оқытушының білім алушылардың зерттеушілік дағдысын қалыптастырудағы рөлінің аспектілерін айқындау; білім алушылардың зерттеушілік дағдысын қалыптастырудағы рөлін сәтті орындауы үшін оқытушыда болуы керек жеке қасиеттер мен дағдыларды ұсыну; білім алушылардың зерттеушілік дағдысын қалыптастыруда қолдану керек әдістемені анықтау; білім алушылардың зерттеушілік дағдысын қалыптастыру процесінде оқытушыда туындайтын кемшіліктерді сипаттау.

Әдебиеттерге шолу

Ғалым А.Д. Сыздыкбаева зерттеушілік құзыреттілікті болашақ оқытушының оларды кәсіби іс-әрекетте пайдалануға дайындығы мен қабілетін көрсететін, оқыту және зерттеу іс-әрекеті процесінде алынған білім, біліктер мен дағдылардың, жеке қасиеттердің жиынтығымен анықталатын оның жеке тұлғасының сапасы мен қасиеті ретінде қарастырған (Сыздыкбаева, 2014). Зерттеушілер А.А. Чухалдина

және Н.Г. Бахтамова өз еңбегінде зерттеушілік дағды көптеген тәсілдердің болуына қарамастан, әлі де жеткілікті зерттелмеген мәселе болып қала беретінін, әрі оның мәні мен даму үдерісіне қатысты бірыңғай түсінік жоқ екенін атап өткен, сондай-ақ қазіргі оқытушы тек білімді жеткізуші ғана емес, сонымен қатар білім алушылардың танымдық қызығушылығын, дербестігін және сыни тұрғыдан ойлауын дамытуға ықпал ететін дамытушы білім беру ортасын ұйымдастырушы болып табылатынын негіздеген (Чухалдина және Бахтамова, 2026). Е.П. Елехина зерттеушілік іс-әрекеттің негізінде білім алушылардың зерттеушілік дағдыларын қалыптастыру, танымдық дағдыларын, ақпараттық кеңістікте бағдар таба білу біліктерін, сыни тұрғыдан және шығармашылық ойлауды дамыту жатқанын анықтаған. Ғалым оқытушы білім алушылардың зерттеушілік дағдыларын қалыптастыруда білім мен ақпараттың тасымалдаушысы рөлінен іс-әрекетті ұйымдастырушыға, кеңесшіге және мәселені шешу мен қажетті білім мен ақпаратты әртүрлі дереккөздерден іздеуде серіктес әріптеске айналатынын дәйектеген (Елехина, 2026). Ж.Ю. Казанцеваның пікірінше зерттеушілік іс-әрекет – алдын ала белгісіз шешіммен шығармашылық зерттеу мәселесін шешуге байланысты және ғылыми саладағы зерттеуге тән негізгі кезеңдердің (мәселені қою, теорияны зерттеу, материал жинау, оны талдау және жалпылау, ғылыми түсініктемелер және өзіндік қорытындылар) болуын болжайтын іс-әрекеттер. Оқытушы зерттеушілік іс-әрекетті ұйымдастыруда және зерттеушілік дағдыны қалыптастыруда тек білім мен ақпараттың көзі ғана емес, сондай-ақ ұйымдастырушы, бағыт-бағдар беруші (Казанцева, 2021). Ғалым N.A. Abdullayeva зерттеушілік іс-әрекетті жаңа білім алуға және оны тәжірибеде қолдануға бағытталған іс-әрекет ретінде қарастырған және зерттеушілік құзыреттіліктің қалыптасуы білім алушының шығармашылығын дамыту, ғылыми жаңалықтар жасауға ұмтылысын қалыптастыру және шығармашылық қабілеттерін жетілдіруден басталатынын, оқытушы бұл процесте ғылыми-тәжірибелік жетекші рөлін атқаратынын атап өткен (Abdullayeva, 2024). Зерттеуші F.Isrhael өз зерттеу жұмысында зерттеушілік дағдыны оқытушының кәсіби дамуының катализаторы ретінде зерттеген (Isrhael, 2025).

Материалдар мен әдістері

Зерттеу жұмысының материалдары ретінде соңғы он жыл ішінде жарияланған ғылыми жарияланымдар, оқулықтар, монографиялар, докторлық диссертациялық жұмыстар қарастырылды. Дереккөздер Web of Science, Google Scholar, eLibrary сияқты ғылыми базалардан алынған.

Зерттеудің алғашқы кезеңі білім алушылардың қолданыстағы әдіс -тәсілдер бойынша қалыптасқан білім деңгейін *айқындау үшін диагностикалық бақылау* жасалды.

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің 3 -курс География – Тарих студенттері қатысқан эксперимент арқылы нәтижелерге көз жеткізу бойынша жұмыстар басталды. Білім деңгейі шамалас екі топ бақылау және эксперимент тобында жұмыс жасады. Бақылау тобында 29 студент, ал эсперимент топта 25 студент қатысты.

Педагогикалық эксперимент жұмысы алдына келесі міндеттер қойылды:

- оқу үдерісінде білім алушылардың зерттеушілік дағдыларын меңгеру деңгейін анықтау;
- білім беру бағдарламасы мен қолданылған әдістердің тиімділігін бағалау;
- білім алушылардың жеке қызығушылықтары мен қабілеттерін айқындау;
- алынған нәтиже бойынша әлсіз тұстарын айқындап, оқытудың тиімді әдістерін ұсыну.

«Геоэкология және табиғатты қорғау» пәні бойынша өтілген тақырыптарға зерттеушілік дағдыларының деңгейін бақылауға арналған тапсырмалар силлабустан алынып берілді. Ол тапсырмалардағы сұрақтар келесі тақырыптар бойынша ұсынылды:

- Антропогендік факторлардың экологиялық зардаптары;
- Географиялық ландшафт және оның жағдайының ерекшелігі мен тұрақтылығы;

1. Қазақстанды геоэкологиялық аудандастыру;
2. Топырақ және жер ресурстарын қорғау;
3. Геоэкологиялық құрылымның түрлері.

Берілген тапсырмалар бойынша студенттердің жауаптары бақылау тобы мен эксперимент тобында деңгейлес нәтиже көрсетті. Бұдан шығатын қорытынды зерттеу тобының білімінің деңгейлестігі келесі кезеңдерге қарай қалай өзгеретінін бақылауға мүмкіндік бар.

Келесі зерттеу сатысы *қалыптастырушы кезеңінде* сабақтар бақылау және эксперимент тобында силабустағы тақырыптар бойынша жүргізілді. Бақылау тобында қолданыстағы әдіс тәсілдер арқылы жүргізілсе, ал эсперимент тобында тақырыптар төменде берілген сипатта ұсынылды.

Эксперимент барысында зерттеушілік дағдыларды қалыптастыруға келесі интернет платформаларды пайдаланудың тиімділігін бақылау үшін: *Ecowiki, Ecodialogue, Google Earth, Windy.com.* бойынша тапсырмалар құрастырылды.

*1-тапсырма:*Ecowiki.ru платформасын пайдаланып зерттеу жұмысын жүргізу. Платформаныңжұмыс мақсаты – кез келген адамға экологиялық таза өмір салтын оңай және тез бастауға, әрі оған айналасындағыларды тартуға, табиғатты қорғау және қоршаған ортаның сапасын жақсарту бойынша ұжымдық іс-әрекет жасау үшін пікірлес адамдармен бірігуге жағдай жасау.

Геоэкологиялық мәселелерді талдау және олардың шешімін табу бойынша зерттеу және оларды шешудің тиімді жолдарын ұсыну.

Тапсырманы орындау ережесі:

-мына геоэкологиялық мәселелердің бірі: «Климаттың өзгеруі» мәселесі бойынша ақпаратты табыңыз, себептері мен салдарын анықтаңыз, нақты мысалдар келтіріңіз;

- жағдаятты талдау: келесі сұрақтарға жауап беріңіз, «мәселенің мәні неде?», «мәселенің салдарынан қай аймақтар көбірек зардап шегеді?», «мәселені қандай факторлар күшейтеді?»;

- практикалық шешім: мәселені шешудің кем дегенде 5 нақты жолын ұсыныңыз. Тапсыру форматы: 5-7 слайдтық презентация және 2-3 беттік жазбаша есеп түрінде тапсырыңыз.

*2-тапсырма:*Ecodialogue.kz. платформаарқылы Қазақстанның геоэкологиялық мәселелерін талдау тапсырмасы. Тапсырманы орындау ережесі:

-Ecodialogue.kz платформасының сайтына кіріңіз және оған тіркеліңіз;

- Платформадағы геоэкологиялық мәселелерге арналған бөлімдерді зерттеңіз (мәселен, ауаның ластануы, судың ластануы, топырақтың ластануы, климаттың өзгеруі және тағы басқалар).

3-тапсырма: Google Earth қосымшасын ашып жаңа жоба құрыңыз, картаға келесі Қазақстан аумақтарын белгілеп шығыңыз: «Арал теңізі», «Семей ядролық сынақ полигоны», «Каспий теңізі», «Балқаш өңірі», «Қарағанды өнеркәсіптік торабы», «Алматы қаласы»;

- әр нысан бойынша келесі жұмыстарды орындаңыз: визуалды талдау (әр жылдағы жасанды серіктік суреттерді зерттеңіз, геоэкологиялық мәселелердің белгілерін анықтаңыз), мәселені сипаттау (геоэкологиялық мәселенің түрін, оның пайда болу себептері мен салдарын сипаттаңыз);

4-тапсырма: Google Earth. Google Earth қосымшасын ашып, екі аумақты таңдап, оларды келесі көрсеткіштер бойынша салыстырыңыз: экологиялық деградация деңгейі, ластану көздері, мәселені шешу жолдары, бұл салыстыруды кесте немесе мәтін түрінде Google Earth сервисіне енгізіңіз;

- Google Earth жобасын, қысқаша жазбаша қорытынды түрде тапсырыңыз.

5-тапсырма: Windy.com платформасын ашыңыз; 2. «Ауа сапасы» қабатын қосыңыз;

- жердің қай аймақтары азот, күкірт, көміртек оксидтерімен және шаң бөлшектерімен ең көп ластанғанын анықтаңыз;

- Себептерін түсіндіріңіз және шешімдер ұсыныңыз.

6-тапсырма:

- Қазақстан немесе сіздің өңіріңіз үшін өзекті болып саналатын бір геоэкологиялық мәселені таңдаңыз;

- келесілерді қамтитын шағын зерттеу жұмысы бойына эссе дайындаңыз: мәселенің қысқаша жалпы сипаттамасы, оның пайда болу себептері, қоршаған ортаға және адамдардың денсаулығына әсері, қазіргі таңдағы қолданыстағы шешімдер немесе бастамалар (платформа деректері бойынша), жағдаятты жақсарту бойынша сіздің ұсыныстарыңыз;

- желідегі талқылауға қатысыңыз: басқа қатысушылардың жазбаларының астына кем дегенде үш пікір қалдырыңыз, талқылау тақырыбы бойынша бірнеше сұрақтар қойыңыз;

- қысқаша презентация (7-8 слайд) дайындаңыз және нәтижелеріңізді аудиторияға ұсыныңыз. Тапсырманы тапсыру форматы: мәтіндік файл және презентация түрінде.

Бағалау критериилері:

Тапсырмалардың жалпысаны - 6, келесідей жалпы 10 балл жүйеде бағаланды.

Материалды логикалық және дәйекті түрде жеткізу (2 балл).

2. Зерттеу тереңдігі және сенімді деректерді пайдалануы (4 балл).

Ұсыныстың жан жақты дайындықпен (карта, схема,сурет т.б. білімалушы өз тарапынан құрастырылған жоспар) ұсыну(4 балл).

Нәтижелер және талқылау

Эксперимент деректері:

Бақылау тобы: ХБ = {6, 8, 7, 6, 5, 7 әр тапсырма үшін ұпайлар}.

Эксперименттік топ: ХЭ = {7, 8, 9, 8, 9, 10 әр тапсырма үшін ұпайлар}.

2. Орташа мәні:

Орташа мән формула бойынша есептеледі (1):

$$\overline{X} = \frac{\sum X_i}{n} \quad (1)$$

БТ үшін:

ХБ = (6+8+7+6+5+7) / 6 = 6.15

ЭТ үшін:

ХЭ = (9+9+9+8+8+6) / 6 = 8.01

3. Дисперсия:

Дисперсияны есептеудің формуласы:

$$S^2 = \frac{\sum\left(X_i - \overline{X}\right)^2}{n-1}$$

БТ үшін:

$$S_б^2 = \frac{\left(8-6.15\right)^2 + \left(8-6.15\right)^2 + \left(7-6.15\right)^2 + \left(6-6.15\right)^2 + \left(7-6.15\right)^2 + \left(7-6.15\right)^2}{6-1}$$

$$= \frac{0.69+0.69+0.03+1.37+0.03+0.03}{5} = \frac{2{,}84}{5} = 0{,}36$$

ЭТ үшін:

$$S_э^2 = \frac{(10-8.1)^2 + (9-8.1)^2 + (9-8.1)^2 + (8-8.1)^2 + (8-8{,}1)^2 + (7-8{,}1)^2}{6-1}$$

$$= \frac{25+0.25+0.25+0.25+0.25+2.25}{5} = \frac{5{,}55}{5} = 1{,}1$$

p = 0.032 төмен 0.05 тен төмен болғандықтан екі топ арасындағы статистикалық айырмашылық бар. Есептік талап бойынша t > t шекті t –дан артық болса, статистикалық тұрғыдан маңызды болып саналады. Эксперименттік топ бойынша жинақталған (8,1) орташа ұпайы бақылау тобымен салыстырғанда (6,15) жоғары. Бұдан шығатын қорытынды, нәтижелерді сараптау бойынша айырмашылықтардың айырмашылықтың айтарлықтай бар екені және ұсынылған оқыту әдістемесі тиімді екендігін дәлелдеді. Атқарылған педагогикалық зерттеу білім беру сапасын жақсарту мақсатында пайдалануға болатын оң нәтижелі педагогикалық әдістемені негіздеуге бағыт берді (https://www.ibm.com/products/spss-statistics).

Қазіргі әлемде білім алушы тұлғасын қалыптастыруда білім басты рөл атқарады. Зерттеушілік дағды білім алушылардың білім алуына, өз бетінше және сыни тұрғыдан ойлау, ақпаратты талдау және синтездеу дағдыларын дамытуға мүмкіндік беретін оқытудың тиімді әдістерінің бірі (Sabirova мен **Zakirova,** 2015). Зерттеушілік дағды жедел дамып келе жатқан қоғамның жоғары талаптарына сай келетін білім алушы-

лардың кәсіби және тұлғалық өсуінде шешуші рөл атқарады. Олар әртүрлі тақырыптарды терең түсінуге көмектесіп қана қоймайды, сонымен қатар академиялық және мансаптық жағдайларда қажет болатын әртүрлі дағдыларды дамытуға көмектеседі (Шаманова мен Андреева, 2022).

Білім алушылардың зерттеушілік дағдысын қалыптастырудағы оқытушының рөлі қандай? Білім беру жүйесіндегі басты және маңызды тұлға, тьютор (кәсіби тәлімгер), үйлестіруші, шабыттандырушы, көмекші, бастауыш зерттеушінің кеңесшісі – оқытушы болып табылады. Білім алушылардың зерттеушілік дағдысын қалыптастырудағы оқытушының рөлі маңызды және көп қырлы. Оқытушы тек білімді жеткізуші ғана емес, сонымен бірге білім алушыны күрделі таным процесіне бағыттайтын кәсіби тәлімгер. Тәлімгерлік жеке көзқарасты, білім алушылардың бастамасын қолдауды, оларға зерттеу сұрақтарын құрастыруға және зерттеу әдістерін таңдауға көмектесуді қамтиды. Үйлестіруші ретінде оқытушы зерттеушілік іс-әрекетін ұйымдастырады, білім алушыларға олардың жұмысын құрылымдауға көмектеседі, кезеңдері мен мерзімдерін анықтайды, зерттеу логикасының сақталуын қадағалайды. Ол оқу тақырыптарын нақты мәселелермен байланыстырады, зерттеудің өзекті бағыттарын ұсынады және қажетті дереккөздерді табуға көмектеседі. Шабыттандырушы ретінде оқытушының рөлі ерекше маңызды. Оның ғылымға деген жеке қызығушылығы, зерттеу ізденісінің тартымдылығын көрсете білуі, білім алушылардың қабілеттеріне сенуі – осының барлығы білім алушылардың ішкі ынтасын оятады. Білім алушылардың идеясын қолдау және құрметтеу атмосферасы сенім мен өзіне деген сенімділікті қалыптастыруға көмектеседі (Мелехина, 2020; Лопатина, 2021).

Осы процестегі оқытушы рөлінің негізгі бірнеше аспектілері бар:

Зерттеуге жағдай жасау: Оқытушы оқу процесінде білім алушылардың зерттеушілік іс-әрекетінің көрінуіне ықпал ететін жағдай жасауы керек. Бұл маңызды және күрделі ғылыми педагогикалық процесс. Бұған жобаларды, ғылыми пікірталастарды ұйымдастыру, сондай-ақ шешімдерді тәуелсіз өңдеу мен талдауды қажет ететін тапсырмалар кіреді.

Сыни тұрғыдан ойлауды дамыту: Зерттеу жұмысының маңызды құрамдас бөліктерінің бірі ақпаратты талдау, негізгі ойларды бөліп көрсету және өз пікірін қалыптастыру. Оқытушы ақпаратты сыни бағалауды және дәлелді тәсілді талап ететін тапсырмаларды ұсына отырып, білім алушыларға осы дағдыларды дамытуға көмектеседі.

Қолдау және мотивация: Зерттеудің бастапқы кезеңдерінде білім алушыларда сенімділік немесе білім жетіспеуі мүмкін. Оқытушы білім алушыларды қолдайтын және ынталандыратын, қиындықтарды жеңуге көмектесетін, ақпаратты іздеу, дәлелдеу және нәтижелерді рәсімдеу әдістерін көрсететін тәлімгер болуы керек. Білім алушыларға ғылыми зерттеудің маңыздылығын түсіндіре отырып, өз идеяларын дамытуға көмектеседі. Сонымен бірге зерттеудегі сәтсіздіктен де үйрену қажет екендігін түсіндіреді.

Зерттеу әдістері мен тәсілдерін үйрету: Оқытушы білім алушыларға ақпаратты дұрыс іздеу, ғылыми дереккөздерді пайдалану, ғылыми мәтіндер жазу, қорытынды жасау сияқты зерттеу жұмысының негіздерін үйретуге міндетті. Сондай-ақ білім алушыларды зерттеудің әртүрлі әдістерімен (эксперимент, талдау, модельдеу, сұхбат, бақылау, салыстыру және тағы басқа) таныстыру маңызды.

Топта жұмыс істеу қабілетін қалыптастыру: Заманауи зерттеулер көбінесе топтық жұмысты қажет етеді, мұнда әр қатысушы өз үлестерін қосады. Оқытушы білім алушыларды топта тиімді қарым-қатынас жасауға, біліммен бөлісуге және ортақ нәтижеге жетуге үйретуі керек. Жоспарға сәйкес жүргізілген зерттеу жұмыстарында ғылыми этиканы сақтауды, плагиат, дереккөздермен жұмыс жүргізу мәдениетін түсіндіруі қажет.

Шығармашылық пен инновацияны ынталандыру: Зерттеу үдерісі барысында білім алушылар мәселелерге әртүрлі қырынан қарауды және инновациялық идеялар мен тың шешімдерді ұсынуды, анықтауды үйренуі керек. Оқытушы білім алушыларды жаңа, ерекше тәсілдер мен шешімдерді іздеуге, ойын еркін жеткізе алатын қауіпсіз психологиялық орта құруға итермелейтін ынталандырушы рөлін атқарады.

Зерттеуге арналған уақытты тиімді пайдалануға үйрету: ғылыми ізденістер мен зерттеу жұмыстары көп уақытты талап етеді. Оқытушы білім алушыларға мүмкіндігінше зерттеу жұмыстарын жүргізуге арналған уақыттарын тиімді, мақсатты түрде жоспарлап, әрбір жинаған дереккөздерін тиянақты талдап, нәтижелі аяқтауға көмектесе алады; білім алушы бойына уақыт менеджментін сақтау сынды дағды қалыптастырады.

Бағалау және кері байланыс: Зерттеу жұмысының маңызды бөлігі кері байланыс болып табылады. Оқытушы білім алушылардың ғылыми жобаларының нәтижелерін уақытылы және сындарлы түрде бағалауы, олардың күш-жігерін жұмыс сапасын жақсартуға бағыттауы, қателіктерін түзетуі және жақсартуға деген ұмтылысын қолдауы керек.

Білім алушылардың зерттеушілік дағдысын қалыптастырудағы рөлін сәтті орындауы үшін оқытушыда бірқатар негізгі жеке қасиеттер мен дағдылар болуы керек: *қызығушылық пен зерттеушілік рух; жаңа идеяларға ашықтық; шыдамдылық пен икемділік; коммуникативтілік; өз саласы бойынша терең білім:* оқытушы білім алушыларға дұрыс бағыт-бағдар беру үшін өз саласы бойынша нақты білімге ие болуы және зерттеу тәжірибесіндегі қазіргі трендтер мен әдістерді түсінуі керек; *ғылыми әдісті білу*: оқытушы ғылыми әдісті қалай қолдану керектігін түсіндіріп, көрсетуі керек: болжамдарды тұжырымдау, мәліметтерді жинау және талдау, нәтижелерді тексеру, қорытынды жасау, сондай-ақ білім алушыларды мәселелерге сыни және жүйелі түрде қарауға үйретуі керек; *дереккөздермен жұмыс істей алу дағдылары*: оқытушы білім алушыларға ғылыми дереккөздерді тиімді іздеуді, талдауды және пайдалануды үйрете білуі керек, бұл ғылыми мәліметтер базасын, іздеу жүйелерін, сондай-ақ дұрыс сілтеме мен библиографияны құрастыра білуді қамтиды; *өзіндік жұмысты ұйымдастыра білу*: оқытушы білім алушылардың жобалық немесе зерттеу жұмыстарын ұйымдастыра білуі, оларға мақсат қоюға, тапсырмаларды қосымша тапсырмаларға бөлуге, уақытты жоспарлауға және басқаруға көмектесуі керек; *сыни тұрғыдан ойлай және талқылай білу*: оқытушы пікірталас тудыруы, білім алушыларды сұрақ қоюға ынталандыруы, күмәнділігін білдіруі және сындарлы сын айта білуі керек, бұл әртүрлі көзқарастарды талдау және бағалау қабілетін дамытады; *кері байланыс*: оқытушы білім алушылардың зерттеулеріне сындарлы кері байланыс жасауға дайын болуы керек, бұл жұмысты қай жерде жақсартуға болатынын және білім алушының қай жерде дұрыс бағытта жүріп жатқанын көрсетеді; *мотивация және шабыт*: оқытушы зерттеу мен жаңалық ашудың маңыздылығын және ғылыми жұмыс ашатын мүмкіндіктерді көрсете отырып, білім алушыларды зерттеушілік іс-әрекетке баулуы керек; *пәнаралық тәсіл дағдыларын білу*: зерттеу көбінесе әртүрлі салалардағы білімдерді біріктіруді талап етеді, оқытушы әртүрлі пәндерді байланыстырып, білім алушыларға олардың арасындағы байланыстарды қалай іздеу керектігін көрсете білуі керек; *технологияларды қолдана білу*: оқытушы деректерді талдауға, нәтижелерді ұсынуға, арнайы бағдарламаларды қолдануға арналған заманауи құралдармен таныс болуы керек (мысалы, статистикалық деректерді, графиктерді және тағы басқаларды өңдеуге арналған); *өзіндік зерттеу тәсілі үлгісінің болуы*: оқытушы жасына және тәжірибесіне қарамастан зерттеу іс-әрекетін жақсартудың қаншалықты маңызды екенін өз үлгісімен көрсете отырып, білім алушыларға үлгі болуы керек (Середенко, 2014; Шаманова мен Андреева, 2022).

Қазіргі кезде оқытушы білім алушылардың зерттеушілік дағдысын қалыптастыру үшін заманауи электрондық білім беру ресурстарынқолдану керек. Электрондық білім беру ресурстары білім алушыларға оқу материалын сапалы меңгеруге, түрлі өзіндік жұмыстарды орындауға, білім алушылардың әртүрлі дереккөздерден ақпарат іздеу, ақпараттық құрылғыларды пайдалану, ақпараттық технологияларды қолдану, қажетті ақпаратты өз бетінше талдау және таңдау, ақпаратты құрылымдалған түрде ұсыну сияқты ақпараттық құзыреттіліктерін және зерттеушілік дағдыларын, әмбебап оқу іс-әрекеттерін, танымдық іс-әрекеттерін қалыптастыруға, сыни тұрғыдан ойлау дағдыларын дамытуға ықпал етеді (Тюрина мен Грушина, 2020).Қазіргі уақытта цифрлық нарықта интерактивті тапсырмаларды, тесттерді, викториналарды және электрондық оқу құралдарын жасауға арналған көптеген электрондық білім беру ресурстары мен конструкторлар ұсынылған: Ecowiki, Ecodialogue, Google Earth, Windy, Climate Time Machine, JuxtaposeJS, Genial, Quizlet, Master-test және тағы басқа.

Ecowiki.ru. Ecowiki.ru – бұл білім беру мүмкіндіктері бар «жасыл» іздеу жүйесі (Ecowiki.ru), сондай-ақ тұрақты өмір салтын және қоршаған ортаға жауапкершілікпен қарауды насихаттайтын онлайн экологиялық білім беру платформасы. Ecowiki.ru үнемі экологиялық тақырыпқа қатысты нұсқаулықтар мен әрекет алгоритмдерімен, қолданбалы ақпаратпен, сонымен қатар табысты тәжірибелермен толықтырылып, жаңартылып отырады. Сервисте мақалалар, білім беру сайттарына сілтемелер, кітаптар, анимациялық және деректі фильмдер, оқыту видеолары бар және осы барлық материалдар қарапайым, түсінікті және көрнекі түрде безендірілген (Бакланова, Барзыкина және Бекетова, 2021). Ecowiki.ru қосымшасы экологиялық өмір салтына қатысты практикалық білім мен нұсқаулықтарға қолжеткізуге мүмкіндік береді, білім

алушылардың дүниетанымын кеңейтуге, экологиялық ойлауын, экологиялық мәдениетін қалыптастыруға, сыни тұрғыдан ойлауын, қарым-қатынас дағдыларын, практикалық дағдыларын дамытуға көмектеседі (Ecamir.ru). Сабақта платформаны жаңа материалды түсіндіру, білімді бекіту, жобалық іс-әрекетті және өзіндік жұмысты орындату кезінде қолданған тиімді.

Ecodialogue.kz. Ecodialogue.kz – бұл Еуропалық Одақтың қаржылық қолдауымен құрылған Қазақстанның азаматтық қоғамының экологиялық ұйымдарының қуатын нығайтуға, серіктестіктерін құруға және ортақ бастамаларды іске асыруға арналған кеңістік. Ecodialogue.kz платформасы білім алмасуға, бастамаларды үйлестіруге және экологиялық күн тәртібін ұлттық, әрі өңірлік деңгейде ілгерілетуге бағытталған платформа ретінде жұмыс жасайды. Платформаның мақсаты – қалдықтарды басқару, климаттың өзгеруі, гендерлік теңдік және жастарды экологиялық күн тәртібіне тарту сияқты мәселелері бойынша Қазақстанның үкіметтік емес ұйымдарын нығайту (Ecodialogue.kz). Ecodialogue.kz желісі білім алушылардың сыни тұрғыдан ойлауын қалыптастырады (білім алушылар геоэкологиялық мәселелерді өз бетінше талдауға, мәселелердің себептері мен салдарын айқындауға, жағдаятты әртүрлі көзқарас тұрғысынан қарастыруға үйренеді), қарым-қатынас дағдыларын дамытады (білім алушылар өздерінің жеке ұстанымын дәлелдеуге, басқа білім алушылардың пікірін тыңдауға және сындарлы диалог жүргізуге үйренеді), жұптық және топтық жұмыс дағдыларын қалыптастырады, зерттеушілік дағдыларын дамытады (білім алушылар ақпаратты жинауға және талдауға, түрлі дереккөздермен жұмыс істеуге, тұжырымдар жасауға үйренеді), экологиялық жауапкершіліктерін қалыптастырады. Сабақта Ecodialogue.kz платформасын өзекті тақырыптардың көзі ретінде, қызықты пікірталастарды ұйымдастыру үшін, жобалық іс-әрекетті орындау үшін қолдануға болады (Csd-center.org).

Аннотация. В статье рассматривается процесс формирования и развития профессиональных навыков, необходимых учителям иностранных языков, как одно из основных направлений, обеспечивающих их успешную профессиональную реализацию в условиях современного образовательного пространства. В исследовательской работе основное внимание уделяется комплексной подготовке будущих учителей, которая должна включать в себя приобретение широкого спектра компетенций, отражающих требования современной педагогической практики. К таким компетенциям относятся: владение информационно-коммуникационными технологиями, развитие навыков эффективной коммуникации, овладение методическими основами преподавания, а также формирование социокультурной осведомленности и межкультурной компетентности.

Анализ отечественных и зарубежных научных публикаций позволил обобщить современные теоретические подходы к профессиональной подготовке преподавателей иностранных языков и выявить тенденции в разработке образовательных стратегий. Особое внимание в исследовании уделено результатам эмпирического этапа онлайн-опроса, проведенного с использованием платформы Google Forms для определения уровня готовности студентов педагогических вузов к овладению профессиональными навыками.

Полученные в ходе опроса данные позволили выявить основные проблемы, с которыми сталкиваются начинающие учителя, среди которых недостаточная практическая подготовка, отсутствие опыта внедрения цифровых технологий в образовательный процесс, ограниченные возможности развития межкультурной компетентности. На основе анализа этих проблем в статье даны конкретные методические рекомендации, направленные на совершенствование программ подготовки учителей иностранных языков. К таким рекомендациям относятся расширение опыта преподавания, внедрение курсов цифровой педагогики, развитие межкультурной коммуникации, развитие гибких навыков, необходимых для эффективного взаимодействия в многонациональной образовательной среде.

Ключевые слова: профессиональная компетенция, учителя иностранного языка, развитие профессиональной компетенции, педагогическая компетентность, развитие.

References

Aboltina, L., Lama, G., Sarva, E., Kalke, B., Āboliņa, A., Daniela, L., Rubene, Z., & Bernande, M. (2024). Challenges and opportunities for the development of future teachers' professional competence in Latvia. Frontiers in Education, 9, Article 1307387. https://doi.org/10.3389/feduc.2023.1307387

Chernysh, V. V., Vaseiko, Y., Kaplinskiy, V., Tkachenko, L., & Bereziuk, J. (2020). Modern methods of training foreign language teachers. International Journal of Higher Education, 9(7), 332–344. https://doi.org/10.5430/ijhe.v9n7p332

Erkulova, F. (2025). The role of methodological training in enhancing professional competence of foreign language teachers. Deleted Journal, 5(1), 392–402. https://doi.org/10.47390/spr1342v5i1y2025n53

Melnyk, A. (2024). Professionally focused communicative competence of prospective foreign language university teachers as a modern trend in higher education. Inozemni Movy. https://doi.org/10.32589/1817-8510.2023.4.295039 (in Ukrainian)

Mombekova, M. M. (2024). Formation of future foreign language teachers' research competence in the conditions of a university. Bulletin of Karaganda University, 1, 20–28. https://doi.org/10.31489/2024ped1/20-28

Seitova, M. E., Rizakhojayeva, G. A., & Zhakipova, M. N. (2023). Diagnostics of the level of professional competence of English language teachers. News of KazUMOiWL named after Ablai Khan. Series "Pedagogical Sciences". https://doi.org/10.48371/peds.2023.70.3.009 (in Russian)

Sysoyev, P. V., & Evstigneev, M. N. (2014). Foreign language teachers' competency and competence in using information and communication technologies. Procedia – Social and Behavioral Sciences, 154, 82–86. https://doi.org/10.1016/j.sbspro.2014.10.116

Shakiyeva, A., Zhorabekova, A., Abilkhairova, Zh. A., Yessimgaliyeva, T., & Makulbek, A. Zh. (2023). Methodical system for formation of professional competences of a future foreign language teacher in conditions of distance learning. Frontiers in Education, 8, Article 1186908. https://doi.org/10.3389/feduc.2023.1186908

Torbenko, I., Levchyk, N., Romaniuk, V., Boklakh, D., & Khrin, I. (2024). Building socio-cultural competence of future foreign language teachers. REDAPECI, 24, 67–82. https://doi.org/10.29276/redapeci.2024.24.119952.67-82

Urazova, M. B., & Djanabaeva, A. (2025). Structural analysis of the model of methodological competence formation in future foreign language teachers. International Journal of Pedagogics, 5(1), 29–34. https://doi.org/10.37547/ijp/volume05issue01-09

Evstigneeva, I. A., Shults, O., & Aleksich, E. V. (2022). Foreign language teacher: modern require. Vestnik Tambovskogo universiteta. Seriia: Gumanitarnye nauki, 27(5), 1199–1208. https://doi.org/10.20310/1810-0201-2022-27-5-1199-1208(in Russian)

Zhang, Y., Ye, F., & Liu, X. (2021). Teaching Competencies of Language Teachers in Research Universities in Beijing: Perspectives from SoTL and Institutional Theory. *Sustainability*, *13*(9), 4943. https://doi.org/10.3390/su13094943

Zimnyaya, I. A. (2006, May 5). Klyuchevye kompetentsii: Novaia paradigma rezul'tata sovremennogo obrazovaniia [Key competencies: A new paradigm of the result of modern education]. Eidos (Internet magazine). Available: http://eidos.ru/journal/2006/0505.htm (in Russian)

Kunanbaeva, S. S. (2010). Teoriia i praktika sovremennogo inoi iazychnogo obrazovaniia [Theory and practice of modern foreign language education]. Almaty. (in Russian)

Kunanbaeva, S. S., & Dakhanova, A. N. (n.d.). Obrazovanie. Garantiia kachestva [Education. Quality assurance]. Obrazovanie, (1), 18–27. (in Russian)

Moydinova, E. K. (2021). Razvitie professional'noi kompetentsii budushchikh uchitelei angliiskogo iazyka [Development of professional competence of future English language teachers]. In Sistema menedzhmenta kachestva v universitete: Zdorov'e, obrazovanie, konkurentosposobnost' [Quality management system in the university: Health, education, competitiveness] (pp. 213–217). (in Russian)

Yilmaz, R. M., Topu, F. B., & Takkaç Tulgar, A. (2019). An examination of the studies on foreign language teaching in pre-school education: a bibliometric mapping analysis. Computer Assisted Language Learning, 35(3), 270–293. https://doi.org/10.1080/09588221.2019.1681465

Авторлар туралы мәлімет:

***Сапарбекова И.Ө.* –** хат-хабар авторы, Ө.Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті, Байтұрсынов көшесі, 160012, Шымкент, Қазақстан.

Құдышева А.А. – п.ғ.д., доцент, Ө.Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті, Байтұрсынов көшесі, 160012, Шымкент, Қазақстан.

Информация об авторах:

Сапарбекова И.У. – автор для корреспонденции, Южно-Казахстанский педагогический университет имени О. Жанибекова, ул. Байтурсынова, 160012, Шымкент, Казахстан.

Кудышева А.А. – к.п.н., доцент, Южно-Казахстанский педагогический университет имени О. Жанибекова, ул. Байтурсынова, 160012, Шымкент, Казахстан.

Information about the authors:

Saparbekova I.U. – corresponding author, South Kazakhstan Pedagogical University named after O. Zhanibekov, A. Baitursynov Street, 160012, Shymkent, Kazakhstan.

Kudysheva A.A. – Candidate of Pedagogical Sciences, Associate Professor, South Kazakhstan Pedagogical University named after O. Zhanibekov, Baitursynov Street, 160012, Shymkent, Kazakhstan.

GUMILYOV JOURNAL OF PEDAGOGY
ISSN: 3080-1710. ISSN (Online): 3104-462X

ХҒТАР 14.15.01
Ғылыми мақала

https://doi.org/10.32523/3080-1710-2026-155-2-212-224

ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ОҚУШЫЛАРДЫҢ МАНСАПТЫҚ ТАҢДАУЫН ҚАЛЫПТАСТЫРАТЫН НЕГІЗГІ ФАКТОРЛАР

***Е.Ж. Сармурзин*[1], *А.С. Бесбаев**[2]**

[1]Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу университеті
[2]М.О. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті

*E-mail: [1]yerbol.sarmurzin@gmail.com, *[2]besbayevakan@gmail.com*

Аңдатпа. Мақалада Қазақстан Республикасындағы жоғары сынып оқушыларының кәсіптік траекторияны таңдауын айқындайтын көпфакторлы жүйеге жан-жақты талдау ұсынылады. Жаһандық экономикалық тұрақсыздық, еңбек нарығының өзгеруі және отандық білім беру жүйесінің реформалануы жағдайында жастардың кәсіби бағдарлану үдерісі – сапалы адами капиталды қалыптастыру үшін айрықша маңызға ие. Зерттеу мансаптық дамудың теорияларын біріктіруге негізделген, оның ішінде Фрэнк Парсонстың «дұрыс пайым» тұжырымдамасы мен Итамар Гатидің шешім қабылдаудың заманауи модельдері Қазақстанның әлеуметтік мәдени контексіне бейімделе қарастырылған. Жұмыстың эмпирикалық негізін сауалнама деректері құрайды. Зерттеуде ішкі ынталандырушы факторлардың, қызығушылық пен өзіндік тиімділіктің, сыртқы талап, ата-ананың ықпалы, мемлекеттік білім беру гранты жүйесімен және әлеуметтік-экономикалық мәртебемен өзара әрекеттесуінің күрделі динамикасы егжей-тегжейлі талданады. Гранттық шектеулер тенденциясына, қалалық және ауылдық мектеп арасындағы теңсіздікке, сондай-ақ академиялық тұрғыдан табысты жастар арасында күшейіп келе жатқан көші-қон ниетіне, яғни зияткерлік әлеуеттің сыртқа кетуіне ерекше назар аударылады. Зерттеу нәтижесі оқушылардың жария түрде айтылатын дербестігі мен олардың таңдауының институционалдық және отбасылық факторларға нақты тәуелділігі арасындағы терең қайшылықтарды айқындайды, бұл мемлекеттік деңгейде кәсіби бағдар беру жұмысының тәсілдерін қайта қарауды талап етеді.

Түйін сөздер: кәсіби бағдар, мансап, жоғары сынып оқушылары, мамандық таңдау, орта білім.

Кіріспе

Бүгінгі таңда білім беру жүйесі мен еңбек нарығы жаһандық технологиялық үрдістер мен жергілікті әлеуметтік экономикалық өзгерістердің тоғысуынан туындаған бұрын болмаған сын-қатерлерге тап болып отыр. Білімге негізделген экономикаға көшу, өндірістік үдерістерді цифрландыру және күнделікті еңбекті жасанды интеллектінің көмегімен автоматтандыру сұранысқа ие мамандықтардың құрылымын түбегейлі өзгертіп жатыр, соның нәтижесінде мектеп түлектері үшін таңдау жасау қиындады. Жоғары

Түсті: 06.02.2026; Мақұлданды: 15.06.2026; Онлайн қолжетімді: 30.06.2026

*хат-хабар авторы

сынып оқушыларының кәсіби өзін айқындауы бір реттік мамандық таңдау әрекеті болудан қалып, саналы шешім қабылдау мен бейімделу қабілетін талап ететін мансаптық траекторияны үздіксіз қалыптастыру үдерісіне айналып жатыр. Соған қарамастан қолданыстағы статистикалық деректер «мектеп, жоғары оқу орны, еңбек нарығы» арасындағы өтпелі тетіктерде елеулі кемшіліктің бар екенін көрсетеді.

Біліктілік сәйкессіздігі құбылысы және жастар арасындағы құрылымдық жұмыссыздық Қазақстанның білім беру моделіне тән институционалдық ерекшеліктің әсерінен одан әрі тереңдей түсуде. Талапкерлердің уәжін бұрмалайтын негізгі факторлардың бірі – мемлекеттік білім беру грантын бөлу жүйесі. Тегін жоғары білім алуға қол жеткізу ниетімен көптеген түлек жеке кәсіби бейімділікті және ұзақ мерзімді мансаптық мақсатына емес, белгілі бір мамандық бойынша грант алу ықтималдығына негізделген прагматикалық есепке сүйенеді (Bidanov, 2017). Мұндай жағдай «грантқа тәуелділік» деп сипатталатын құбылыстың қалыптасуына әкеледі, мұнда мамандықты саналы таңдау қолжетімді мемлекеттік орындарды таңдаумен алмастырылады. Ұзақ мерзімді кезеңде бұл үдеріс кадрлық теңгерімсіздікке және жас мамандардың кәсіби қанағаттанбауына себеп болады (Imashev және басқалар, 2025).

Бүгінгі таңда оқушылар тек өз қалауы мен қабілетін ғана емес, сонымен қатар жаһандық экономикалық трендті, технологиялық өзгерісті және ата-ананың қалауын ескеруге мәжбүр. ACT Research зерттеулері көрсеткендей, АҚШ экономикасындағы жұмыс орындарының 72%-ы орта мектептен кейінгі біліктілікті талап етеді, бұл білім беру траекториясын дұрыс таңдаудың маңыздылығын арттырады (Bobek пен Schnieders, 2025). Дегенмен жастардың амбициясы мен нарық сұранысы арасындағы сәйкессіздік әлі де өзекті мәселе болып отыр. Әсіресе, STEM (Ғылым, Технология, Инженерия, Математика) салаларындағы гендерлік теңсіздік пен кадр тапшылығы жаһандық деңгейде байқалады (Abe мен Chikoko, 2020). Қазақстандық контексте бұл мәселе ерекше сипатқа ие. Бір жағынан, мемлекет «Болашақ» бағдарламасы және гранттық қаржыландыру арқылы адами капиталды дамытуға басымдық беруде. Екінші жағынан, дәстүрлі құндылықтар мен жаһандану процестерінің тоғысында тұрған қазақстандық жастардың құндылықтар жүйесі трансформациялануда. Осы орайда, зерттеудің негізгі проблемасы туындайды: Жаһандық ақпараттық ағын мен жергілікті мәдени кодтың ықпалындағы заманауи қазақстандық оқушы үшін кәсіби таңдаудың басты драйвері жеке прагматизм, отбасылық парыз әлде интуитивті қызығушылық па?

Зерттеудің мақсаты – Қазақстан мектептерінің жоғары сынып оқушылары мысалында кәсіби таңдауға әсер ететін ішкі және сыртқы факторларды анықтау. Зерттеу сұрағы келесідей тұжырымдалады: «Әлеуметтік-экономикалық жағдайы орта және жоғары деңгейдегі қазақстандық оқушылардың кәсіби шешім қабылдауында отбасылық қолдау мен жеке автономия қалай үйлеседі?

Зерттеудің теориялық негізі

Зерттеудің теориялық негізі кәсіби таңдау психологиясындағы классикалық және заманауи тәсілдердің синтезіне сүйенеді. Негізгі тұғырнамалық негіз ретінде 1909 жылы Фрэнк Парсонс ұсынған «дұрыс пайым» тұжырымдамасы алынады (Parsons, 1909). Аталған тұжырымдама үш құрамдастың үйлесуін талап етеді. Олар жеке тұлғаның өзін терең түсінуі, оның қабілеті, қызығушылығы мен шектеуі, әртүрлі кәсіби қызмет түрлері туралы білім, табысқа жету шарты мен дамуы, сондай-ақ осы екі дерек тобының арақатынасына қатысты саналы пайым жасау. Қазіргі кәсіби бағдар психологиясында Итамар Гати мен Виктория Кульчардың түсіндіруіне сәйкес «дұрыс пайым» ұғымы мансаптық шешім қабылдаудың үдерістік тұжырымдамасына айналды (Gati мен Kulcsár, 2021). Мұнда шешім қабылдау бір сәттік таңдау ретінде емес, ақпаратты талдау мен біріктіруді, әлеуетті баламалар тізбесін қалыптастыруды, олардың жеке тұлғаға сәйкестігін тексеруді, салыстыруды және ең оңтайлы нұсқаны айқындауды қамтитын жүйелі когнитивтік үдеріс ретінде қарастырылады.

Қосымша теориялық бағыт ретінде Лент, Браун және Хакетт әзірлеген әлеуметтік когнитивтік мансап теориясы қарастырылады (Lent, Brown және Hackett, 1994). Аталған теория жеке тұлғалық құрылымның, атап айтқанда өзіндік тиімділік пен нәтижені күту көрсеткішінің, қоршаған орта факторымен өзара байланысына назар аударады. Қазақстандағы ұжымшыл мәдениет жағдайында, отбасылық ықпал әлеуметтену үдерісінде басым рөл атқаратын ортада, ата-аналар, мұғалімдер және әлеуметтік нормалар сияқты контекстуалдық факторлардың әсері жеке бейімділік пен таңдаудан басым түсіп жатады. Зерттеу сондай-ақ еңбек нарығының

болжап болмайтын сипатын мойындайтын «позитивті белгісіздік» және «жоспарланған кездейсоқтық» тұжырымдамаларын ескереді. Бұл ұстанымдар оқушылардан икемділікті және кәсіби жоспарларын қайта қарауға дайын болуды талап ететін жағдайларды теориялық тұрғыдан негіздейді.

Әдебиеттерге шолу

Кәсіби таңдау факторларын зерттеуде ғалымдар негізінен үш үлкен категорияға назар аударады: тұлғаішілік, тұлғааралық және контекстік факторлар. Ғылыми зерттеулер, соның ішінде Ганадағы коммуникациялық дизайн студенттері арасындағы жүргізілген зерттеу, «жеке қызығушылықты» мамандық таңдаудың ең күшті болжамы ретінде анықтап, қызығушылықтың қаржылық факторлардан жоғары тұрғанын көрсетті (Badu және басқалар., 2024). Алайда қазақстандық оқушылардың құндылық бағдарларын зерттеу нәтижелері өзгеше иерархияны көрсетеді: 11-сынып оқушылары үшін «дәулетті тұрмыс» (20%) пен «әлеуметтік бедел» (16%) жетекші орындарға шықса, «кәсіби қабілеттілік» пен «қоғамдық маңыздылық» кейінгі орындарда (10% шамасында) қалған (Кокшеева, 2024). Сонымен қатар Бандураның әлеуметтік-когнитивтік теориясына (Bandura, 1997) негізделген зерттеулер «өзіндік тиімділіктің», яғни адамның белгілі бір салада табысқа жете алатынына деген сенімінің – шешуші рөл атқаратынын дәлелдейді. Бұл процесте эмоционалдық интеллектінің (EI) де маңызды рөл атқаратыны анықталды: отандық зерттеушілердің пайымдауынша, EI деңгейі жоғары оқушылар мамандықтың әлеуметтік маңызына басымдық берсе, EI деңгейі төмен оқушылар материалдық игіліктер мен сыртқы қысымға (ата-ана, қоғам) көбірек тәуелді болады (Тайболатов және басқалар, 2024). Әсіресе, Оңтүстік Африкадағы STEM студенттері арасында «чемпиондық менталитет» пен өзіне деген сенімділік сыртқы кедергілерді жеңуге көмектесетіні анықталған (Bennett және басқалар 2020).

Отбасының рөлі мәдени контекске байланысты өзгеріп отырады. Пәкістандағы зерттеулер ата-ананың білім деңгейі мен кәсібінің баланың таңдауына тікелей және жанама түрде әсер ететінін көрсетті. Мұнда ата-аналар - көбінесе шешім қабылдаушы негізгі субъект. Қазақстанда да бұл үрдіс айқын байқалады: сауалнама нәтижелері бойынша жоғары сынып оқушыларының 36,6%-ы мамандық таңдауда ата-анасының кеңесіне жүгінсе, кәсіби маман саналатын мектеп психологының ықпалы небәрі 0,7%-ды құраған (Атемова және басқалар, 2024). Ал Нигериядағы қыздардың STEM-ге бару ниетіне ата-аналармен қатар, мұғалімдер мен рөлдік модельдердің әсері күшті. (Iroaganachi және басқалар, 2021) Қызықты тенденция ретінде құрдастардың ықпалының төмендеуін атап өтеуге болады. Филиппиндегі және басқа да бірқатар зерттеулер заманауи Z буыны үшін достардың таңдауы бұрынғыдай маңызды емес екенін көрсетеді. Бұл тұжырымды Алматы қаласындағы мектеп оқушылары арасында жүргізілген зерттеу нәтижесі де қуаттайды: оқушылар үшін «достардың пікірі» мамандық таңдауға ең аз әсер ететін факторлардың (f=16) қатарында екені анықталды (Базарғалиева және басқалар, 2025).

Экономикалық тұрақсыздық немесе дағдарыс жағдайында (мысалы, Сомалидегі жекеменшік университеттер) студенттердің таңдауы «қызығушылықтан» гөрі нарықтық мүмкіндіктерге және әлеуметтік статусқа көбірек бағытталады (Ahmed және басқалар, 2025). Индонезиядағы зерттеулер де қаржылық қауіпсіздіктің маңызды мотиватор екенін растайды. Осы орайда, мектеп пен жоғары оқу орындарының ынтымақтастығы, соның ішінде «Қазақстанның жаңа кәсіптер атласын» қолдану және бірлескен іс-шаралар өткізу оқушылардың нарықтық санасын қалыптастырып, білім беру бағдарламасын саналы таңдау деңгейін 62,3%-дан 88,5%-ға дейін арттыратыны дәлелденді (Жарикбаева және басқалар, 2025).

Әдіснама

Қойылған мақсаттарға қол жеткізу және алынған нәтижелердің валидтілігін жоғары деңгейде қамтамасыз ету үшін сапалы сандық зерттеулердің халықаралық стандарттарына сәйкес келетін қатаң әдіснамалық аппарат қолданылды. Зерттеу дизайны деректерді жинаудың сандық әдісін негізге алған сипаттамалық корреляциялық зерттеу ретінде айқындалды (Creswell, 2012). Сандық тәсілді таңдау мансаптық траекторияларға әсер ететін қазіргі жағдай мен қолданыстағы шарттар туралы статистикалық тұрғыдан мәнді деректер алуға, сондай-ақ ауқымды іріктеме негізінде әртүрлі факторлардың, ата-аналық

қысымның, құрдастар ықпалының, жеке қызығушылықтың және қаржылық жағдайдың салыстырмалы салмағын тиімді анықтауға және талдауға мүмкіндік беру қажеттілігімен түсіндіріледі.

Іріктеу

Сауалнама он бірінші сынып оқушылары арасында таратылды. Жалпы сауалнаманы ашып қараған қатысушылар саны – 346, сауалнаманы толтырғандары саны – 286 оқушы. Қорытынды талдауға сауалнаманың барлық сұрағына жауап берген 220 респонденттің жауабы енгізілді. Іріктеменің демографиялық сипатына келетін болсақ, қалалық оқушылардың үлесі – 75,5%, ауылдық оқушылардың үлесі – 24,5%, және гендерлік сипатқа тоқталатын болсақ, сауалнамаға қатысқандардың ішінде қыздардың үлесі – 60,8%, ұлдардың үлесі – 39,2%. Оқу орындарының түрлері бойынша бөлініс респонденттердің басым бөлігі жалпы білім беретін мектептерде оқитынын (61,3%) көрсетеді. Айтарлықтай үлес гимназиялар мен лицейлерге тиесілі – 34,9%. Дарынды балаларға арналған мамандандырылған мектептер мен шағын жинақты мектептер іріктемеде аз деңгейде ұсынылған.

Деректерді жинау әдісі

Деректерді жинаудың негізгі құралы ретінде сауалнама қолданылды. Сауалнама онлайн түрде QuestionPro платформасында жүргізілді. Сауалнама 5 бөлімнен, 18 сұрақтан тұрды. Аталған құрал мансаптық таңдау жөніндегі теориялық модельдер негізінде әзірленді және тәуелсіз айнымалыларды, демографиялық сипаттамаларды, ата-ана ықпалын, құрдастардың әсерін, қаржылық факторларды, сондай-ақ тәуелді айнымалыны, мансаптық ниеттерді, өлшеуге бағытталған сұрақтарды қамтыды. Сұрақтар Лайкерт шкаласы, ашық сұрақтар негізінде құрылымдалды, «Мүлдем келіспеймін» мен «Толықтай келісемін» аралығындағы жауап нұсқалары респонденттердің берілген тұжырымдармен келісу деңгейін сандық түрде анықтауға мүмкіндік берді. Сауалнама 18 адам арасында әуелі пилоттық зерттеуден өтті. Пилоттық зерттеуден кейін қатысушылардың кері байланысы негізінде толықтырылды. Қолданылған құралдың сенімділігі статистикалық тұрғыдан расталды. Сауалнама бойынша Кронбах альфасының мәні 0,821 деңгейін құрады, бұл сұрақтардың ішкі бірізділігінің жоғары екенін және алынған деректердің сенімділігін көрсетеді. Мұндай сенімділік деңгейі нәтижелерді ғылыми тұрғыдан негіздеп түсіндіруге және ықпал етуші факторлар жөнінде дәлелді қорытындылар жасауға мүмкіндік береді. Деректерді жинау рәсімі этикалық талаптарды сақтай отырып жүргізілді, оған қатысушылардың келісім парағы және жауаптардың анонимділігі кірді. Респонденттерді кездейсоқ іріктеу жүйелі қателіктің төмендеуіне және деректер жинаудың сапасын арттыруға ықпал етті.

Деректерді талдау

Алынған деректерді өңдеу Jamovi бағдарламасын қолдану арқылы жүзеге асырылды. Талдау жоспары бірнеше кезеңді қамтыды. Бірінші кезеңде респонденттердің жалпы бейінін қалыптастыру және жауаптардағы басым үрдістерді айқындау мақсатында сипаттамалық статистика жүргізілді, орташа мәндер есептелді, стандартты ауытқулар анықталды және жиіліктік талдау орындалды. Екінші кезеңде инференциялық статистика әдістері қолданылды. Айнымалылар арасындағы байланыстардың бағыты мен күшін анықтау үшін корреляциялық талдау жүргізілді, мысалы отбасының қаржылық жағдайы мен ақылы немесе тегін білім беруді таңдау арасындағы өзара байланыс қарастырылды. Қосымша түрде қала мен ауыл оқушылары, сондай ақ қыздар мен ұлдар арасындағы айырмашылықтарды анықтау үшін орташа мәндерді салыстыру әдістері пайдаланылды. Әсер етуші факторлардың салмақтық коэффициенттерін талдауға ерекше назар аударылды, бұл жоғары сынып оқушыларының шешім қабылдау үдерісіндегі факторларды маңыздылық деңгейі бойынша жүйелеуге мүмкіндік берді.

Нәтижелер

Эмпирикалық деректерді талдау қазақстандық жоғары сынып оқушыларының уәждік құрылымының күрделі сипатын айқындауға мүмкіндік берді, онда жеке ұмтылыстар, отбасылық міндеттемелер және қатаң экономикалық жағдайлар өзара тоғысады. Алынған нәтижелер негізгі тақырыптық бағыттар бойынша

жүйеленді, олар ішкі факторларды, сыртқы ата-ана ықпалы және құрылымдық қаржылық экономикалық детерминанттарды қамтиды (1-кесте).

1-Кесте. Кәсіби таңдауға әсер етуші факторлардың сипаттамалық статистикасы (n=220)

Факторлар категориясы	**Тұжырымдама**	**Орта мән (M)**	**Стандартты ауытқу (SD)**	**Интерпретация**
Ішкі мотивация	Шынайы қызығушылық	4.03	0.787	Жоғары әсер
	Хоббимен байланыс	3.64	1.000	Орташа/ Жоғары
	Өзіндік тиімділік (қабілетке сенім)	3.94	0.737	Жоғары әсер
	Шешім қабылдау автономиясы («Менің шешімім»)	4.11	0.872	Өте жоғары
Отбасы және Қоғам	Ата-ананың қолдауы	4.20	0.809	Өте жоғары
	Ата-ананың қысымы(«пікірі шешуші»)	2.57	1.081	Төмен
	Ата-ананы ұятқа қалдырмау (парыз)	2.93	1.187	Орташа
	Мұғалімдердің кеңесі	2.47	1.087	Төмен
	Достардың ықпалы	2.05	0.950	Өте төмен
Прагматизм	Жоғары жалақы	3.38	1.020	Орташа/Жоғары
	Мемлекеттік гранттың маңыздылығы	2.92	1.027	Орташа
	Жұмыс табу оңайлығы	3.73	0.758	Жоғары әсер

Ішкі уәждік факторлар

Алынған деректерге сәйкес жоғары сынып оқушылары мамандық таңдау барысында саналы ұстанымды және ішкі уәждерге бағытталуды көрсетеді. Респонденттердің басым көпшілігі, 83%, болашақ мамандығын таңдауда негізгі себеп ретінде аталған салаға деген шынайы қызығушылықты атап өтті. Бұл көрсеткіш «Келісемін» жауаптарының 57,45% және «Толықтай келісемін» жауаптарының 25,53% есебінен қалыптасты. Орташа мән M = 4,03, стандартты ауытқу SD = 0,787. Аталған нәтиже қазіргі Z буыны үшін ішкі қызығушылық пен жеке іске деген ынта мамандық таңдаудың негізгі өлшемі екенін көрсетеді.

Сонымен қатар оқушылардың 85,95% мамандық таңдауды сыртқы ықпалсыз қабылданған жеке шешім ретінде сипаттады (M=4,11, SD = 0,872). Жария түрде көрсетілген дербестік деңгейінің мұндай жоғары болуы жасөспірімдердің тәуелсіздікке ұмтылысын айқындайды. Өзіндік тиімділік көрсеткіштері де салыстырмалы түрде жоғары. Респонденттердің 78,3% таңдаған мамандыққа қажетті табиғи қабілеті мен дарыны бар екеніне сенімді екенін білдірді (M = 3,94). Ал 69,8% университеттік оқу бағдарламасын қиындықсыз меңгере алатынына сенім білдірді (M = 3,74).

Мамандық таңдаудың хоббимен байланысы да байқалады, алайда ол басқа ішкі факторларға қарағанда әлсіздеу көрініс табады. Респонденттердің 65,1% таңдаған кәсібінің сүйікті ісімен тікелей байланысты екенін көрсетті (M=3,64). Бұл жастардың едәуір бөлігі үшін қызығушылық пен еңбек арасындағы шекараның жойыла бастағанын аңғартады, мұндай үрдіс постиндустриялық қоғамға тән сипатқа ие. Дегенмен жария түрде көрсетілген жоғары дербестік деңгейі сыртқы факторлар бойынша алынған нәтижелермен белгілі бір қайшылыққа түседі, бұл мәселе келесі бөлімде қарастырылады.

Отбасының ықпалы

Сауалнама нәтижелері қазақстандық жағдайда ата-аналық ықпалдың екіжақты сипатын көрсетеді. Бір жағынан, қабылданатын қолдау деңгейі жоғары. Респонденттердің 86,4% ата-анасы олардың таңдауын

қолдайтынын және әрекет еркіндігін бергенін атап өтті (M=4,20, SD=0,809). Бұл отбасылық қатынастардың белгілі бір дәрежеде либералдануын және дәстүрлі авторитарлық тәрбие үлгілерінен алыстауды білдіруі мүмкін.

Екінші жағынан, тереңірек талдау ата-ана беделінің жасырын деңгейін айқындайды. Респонденттердің 21,28% мамандық таңдауда ата-ананың пікірі шешуші рөл атқаратынын және үлкендердің еркімен келісуге мәжбүр болатынын тікелей мойындады. Бұл үлес еркін таңдау жасайтын топпен салыстырғанда аз көрінгенімен, сапалық деректер мен қосымша зерттеулер отбасының шешім қабылдауда негізгі сүзгі болып қала беретінін растайды. Ата-ананың мақұлдауы көп жағдайда соңғы шешімнің міндетті шарты ретінде қабылданады. Ата-ананың көңілінен шығуға ұмтылу құбылысы байқалады, мұнда балалар белгілі бір жоғары оқу орындарын немесе мамандықты, мысалы қаржы саласын, отбасының үмітін ақтау немесе туыстарындағы білім жетіспеушілігін өтеу мақсатында таңдайды. Кейбір жағдайда ата-ана баланың таңдаған бағыты отбасының «байыпты» мамандық туралы түсінігіне сәйкес келмесе, мысалы шығармашылық салаларға қатысты, тыйым салуы мүмкін және мемлекеттік қызметті артық көреді.


Осылайша қолдау көрсеткішінің жоғары болуы (M = 4,20) оны тек толық еркіндік ретінде ғана емес, сонымен қатар отбасы тілегі ескеріліп түзетілген таңдаумен ата-ананың келісуі ретінде де түсіндіруге мүмкіндік береді. Бұл жағдайда дербестік толық автономиядан гөрі келісілген дербестік сипатында көрінеді.

Құрылымдық факторлар. Қаржы, гранттар және жалақы

Отбасының қаржылық жағдайы мен болашақ табысқа қатысты үміт мамандық таңдауды шектейтін және бағыттайтын негізгі құрылымдық факторлар ретінде көрінеді. Респонденттердің отбасыларының материалдық ахуалын бағалау нәтижелері 44,06% өзін орта деңгейге, негізгі қажеттіліктерді өтеуге жеткілікті табысы бар топқа, ал 24,52% жоғары деңгейге, қаржылық қиындық көрмейтін және ақылы оқуға мүмкіндігі бар топқа жатқызатынын көрсетті. Соған қарамастан халықтың елеулі бөлігі үшін, төмен, ортадан төмен және орта деңгейлерді біріктіргенде шамамен 70%, білім алу құнын төлеу мәселесі өткір күйінде қалып отыр.

Бұл жағдай мемлекеттік білім беру гранты факторының жеке қызығушылықтан басым түсуін түсіндіреді. Қосымша деректерге сәйкес жоғары сынып оқушыларының шамамен 30% үшін грант алу мүмкіндігі ең маңызды өлшем болып табылады, ал 22,3 % үшін басқа өңірге көшу мүмкіндігі шешуші рөл атқарады. Жоғары білім әлеуметтік лифт ретінде қабылданатын, бірақ қаржылық ресурстар шектеулі жағдайда грант алу өз алдына мақсатқа айналады. Мұндай ахуал грантқа тәуелділік құбылысын қалыптастырады, онда талапкерлер өздері қалаған емес, жинаған ұпайларына сәйкес қолжетімді мамандықты таңдауға мәжбүр болады.

Болашақ жалақыға қатысты пайым да шешім қабылдауда айрықша маңызға ие. Зерттеу деректері оқушылардың 57,4 % үшін болашақ табыс деңгейі негізгі уәж екенін көрсетеді, бұл әлеуметтік мәртебе көрсеткішінен, 13,2%, және жеке дамуға мүмкіндік факторынан, 12,3%, едәуір жоғары. Мұндай үрдіс мамандық таңдауда прагматикалық бағыттың күшеюіне әкеліп, назарды гуманитарлық және шығармашылық салалардан экономика, ақпараттық технологиялар және мұнай-газ секторы сияқты табысы жоғары бағыттарға ығыстырады (Сурет 1).



1-Сурет. Мансап таңдаудағы прагматикалық және ішкі факторлардың салыстырмалы салмағы

Бейіндік пәндер таңдауын мансаптық бағдардың индикаторы ретінде талдау

Ұлттық бірыңғай тестілеу аясында бейіндік пәндерді таңдау мансаптық таңдауды жанама түрде айқындайтын көрсеткіш ретінде қарастырылады. Зерттеуге қатысушылар арасында ең кең таралған пәндер үйлесімі – физика мен математика, оның үлесі 16,9% құрайды. Бұл көрсеткіш техникалық мамандықтарға берілетін мемлекеттік басымдықпен және аталған бағыттар бойынша білім беру гранттарының салыстырмалы түрде көптігімен өзара байланысады.

Шығармашылық емтиханды таңдаған респонденттердің жоғары үлесі, 15,7%, өнер, дизайн және спорт салаларына бағдарланған жастар тобының айтарлықтай екенін көрсетеді. Бұл бағыттарда дәстүрлі академиялық көрсеткіштің маңызы төменірек. Дүниежүзі тарихы мен құқық пәндерінің үйлесімі 12,6 % деңгейінде сақталып отыр, бұл заң саласына деген тұрақты қызығушылықты аңғартады. Сондай ақ жаратылыстану бағытындағы пәндер үйлесімдері, биология мен химия, биология мен география, өзектілігін жоғалтпай, медицина мен іргелі ғылымдарға бағытталған дәстүрлі таңдаулардың жалғасып отырғанын көрсетеді.

Талқылау

Алынған деректердің негізгі парадоксы субъективті дербестік сезімі мен ортаның нақты ықпалы арасындағы алшақтықтан көрінеді. Респонденттердің шамамен 85% мамандық таңдауды өз шешімі ретінде қабылдайды, алайда эмпирикалық талдау әлеуметтік ортаның айқындаушы әсерін көрсетеді. Мысалы, Н.С. Жұбаназарова және т.б. жүргізген зерттеу нәтижелері көрсеткендей, мектеп бітірушілердің 70%-ы іс жүзінде мамандықты сыртқы ортаның (ата-ана, туыс, мұғалім) ықпалымен таңдайды, ал өз қалауымен таңдау жасайтындардың үлесі тек 30%-ды құрайды (Жұбаназарова және басқалар, 2022). Парсонстың «дұрыс пайым» теориясы «Мен» және «мамандықтар әлемі» арасындағы сәйкестікті ұтымды талдауға негізделеді (Parsons, 1909). Қазақстандық жағдайда бұл үдеріс бұрмаланған сипатқа ие болады. Дұрыс пайым прагматикалық пайыммен алмастырылады, мұнда жасөспірім инженер мамандығын өзі таңдадым деп шынайы сенуі мүмкін, алайда мұндай сенім мамандықтың тұрақтылығы туралы ата-ана ұстанымдардың ұзақ мерзімді ықпалы мен мемлекеттік гранттардың қолжетімділігі арқылы қалыптасады. Зерттеушілер бұл феноменді білім алушылардың мотивациялық құрылымындағы «аутентикалық мақсаттар» мен «құралдық мотивтердің» (мансап, табыс) араласып кетуімен түсіндіреді; факторлық талдау нәтижесінде жасөспірімдерде моральдық-шығармашылық құндылықтар мен материалдық-беделдік мотивтердің гибридті түрде көрініс табатыны анықталды (Албытова және басқалар, 2025).

Итамар Гати ұсынған прескриптивтік модельдер аясында қалаулардың кристалдану кезеңі әлеуметтік тұрғыдан қолайлы болу және экономикалық қауіпсіздік сүзгілерінің күшті әсерімен жүзеге асатыны байқалады (Gati, 2013). Отбасы әлеуметтік капиталдың негізгі көзі ретінде таңдауды тек қолдап қана қоймай, оны қалыптастырады. Осының салдарынан жоғары сынып оқушыларының басым бөлігі (55%) кәсіби сәйкестіліктің төмен деңгейінде қалып отыр, ал саналы және тәуелсіз таңдауға негізделген «қол жеткізілген оң сәйкестік» тек 21% оқушыға ғана тән (Айтенова және басқалар, 2024). Бұл үдеріс көбіне кәсіби әулеттердің қайта өндірілуіне немесе ата-ананың іске аспаған жеке арман-мақсатын балалар арқылы жүзеге асыру талпынысына алып келеді.

Білімге қол жеткізудің меритократиялық тетігі ретінде ойластырылған гранттарды бөлу жүйесі күтпеген түрде «гранттық тұзақ» құбылысын қалыптастырды. Жоғары сынып оқушылары қызығушылыққа емес, шекті балдан өту ықтималдығына сүйене отырып пәндерді таңдауға мәжбүр болатын стратегиялық ойынға тартылады. Мұндай жағдай ішкі уәжі төмен студенттердің жаппай қалыптасуына әкеледі, ал бұл кейіннен еңбек өнімділігінің төмендеуімен және мамандық бойынша жұмысқа орналасу үлесінің аздығымен сипатталады.

Зерттеу кәсіби бағдар беру сапасына ықпал ететін цифрлық алшақтықтың бар екенін растайды. Қалалық мектеп оқушылары онлайн платформаларға, вебинарларға және шетелдік жоғары оқу орындары туралы ақпаратқа кең қол жеткізе алады, бұл олардың жоспарлау көкжиегін едәуір кеңейтеді. Ауылдық жерлердегі оқушылар көбіне жергілікті контекстпен және мұғалімдердің кеңесімен шектеледі, соның салдарынан олардың таңдауы өңірге тән дәстүрлі мамандықтармен, ауыл шаруашылығы мен педагогикамен, шектеледі немесе нақты жоспары болмай, тек қаладан кету ниетімен көші-қонға итермелейді. Мұндай жағдай әлеуметтік теңсіздіктің қайта өндірілуіне әкеліп, шалғай өңірлердегі жастардың әлеуметтік мобильділігін шектейді.

Алаңдататын белгі ретінде бәсекеге қабілетті жастардың елеулі бөлігінің эмиграцияға дайын болуы байқалады. Деректер шетелдік жоғары оқу орындарын тәмамдаған түлектердің 54% Қазақстанға оралмау мүмкіндігін қарастыратынын көрсетеді, бұл шешім бәсекеге қабілетті жалақы деңгейімен негізделеді. Тағы 52% қабылдаушы елдердегі әлеуметтік-экономикалық даму деңгейінің жоғары болуын басты себеп ретінде атайды. Жоғары сынып оқушылары үшін шетелде білім алу көбіне түпкілікті эмиграцияға апаратын алғашқы қадам ретінде қабылданады. Негізгі тартымдылық орталығы ретінде Америка Құрама Штаттары, Ұлыбритания және Канада аталады. Елден кетуге итермелейтін факторлар, төмен жалақы, жемқорлық және ел ішінде мансаптық өсу мүмкіндігінің шектеулілігі, елде қалуға ынталандыратын факторлардан, патриоттық сезімдер мен туыстық байланыстардан, басым түседі. Бұл үрдіс ұлттық зияткерлік әлеуеттің ұзақ мерзімді жоғалуы қаупін қалыптастырады.

Нигериядағы зерттеу қыздардың STEM-ге келуіне рөлдік модельдердің жоқтығы кедергі екенін көрсетсе, біздің деректерде «Физика-Математика» таңдауының жоғары болуы (16.8%) және қыздардың басымдығы (60%) Қазақстанда гендерлік стереотиптердің әлсірей бастағанын көрсетеді. Алайда шығармашылық емтиханның жоғары үлесі қыздардың бір бөлігінің STEM-нен тыс, «жұмсақ» салаларға (дизайн, өнер) бет бұрғанын да аңғартады. Бұл таңдауларға оқушылардың ішкі нарықтық түйсігі де әсер етеді, өйткені зерттеуге қатысқан оқушылардың басым бөлігі (f=159) «таңдаған мамандығым табысты болуы үшін бәсекелестік қажет» деген пікірмен келіскен, бұл олардың нарық заңдылықтарын түсіне бастағанын көрсетеді (Базарғалиева және басқалары, 2025).

Қорытынды

Жүргізілген зерттеу қазақстандық жоғары сынып оқушыларының мансаптық таңдау үдерісі жеке ұмтылыстар мен қатаң құрылымдық шектеулер арасындағы күрделі шешім ретінде қалыптасатынын көрсетеді. Өз қабілеті мен қызығушылығына деген жария түрде айтылатын сенімнің жоғары деңгейіне қарамастан, нақты шешімдер көбіне қаржылық қажеттіліктің, грант іздеу мен жоғары жалақыға ұмтылудың, сондай-ақ отбасының бағыт-бағдары айқын қысымы жағдайында қабылданады.

Алынған нәтиже уәждер иерархиясында прагматикалық бағдардың басым екенін айғақтайды. Экономикалық сыртқы ынталандырулар, болашақ жалақы мен мемлекеттік грант алу мүмкіндігі, ішкі

уәждерді ығыстырып, кәсіби қанағаттанбаушылықтың алғышарттарын қалыптастырады. Ата-ана ықпал тікелей нұсқау беруден гөрі жұмсақ ықпал тетігіне ауысқанымен, ол баланың құндылықтық бағдарын таңдау сәтіне дейін ұзақ уақыт бойы қалыптастырып отырады. Мұндай жағдай дербес шешім қабылдау иллюзиясын туындатады. Сонымен қатар білім беру гранттарын бөлу жүйесі білімге қолжетімділікті арттыру міндетін атқара отырып, еңбек нарығындағы теңгерімсіздікті күшейтеді, нәтижесінде жастар шынайы бейімділікке емес, грантқа түсу ықтималдығы жоғары мамандықтарға бағдарланады.

Мансаптық өзін айқындау үдерісін оңтайландыру үшін кешенді шаралар қажет. Мектептердегі кәсіби бағдар беру жұмысы формалды тестілеуден саналы шешім қабылдауға бағытталған прескриптивтік үлгілерге көшуі тиіс, мұнда жасөспірімдер баламаларды талдау дағдыларын және белгісіздік жағдайында әрекет ету қабілетін меңгереді. Ауылдық өңірлерде кәсіби бағдар берудің цифрлық инфрақұрылымын дамыту мүмкіндіктер теңдігін қамтамасыз ету үшін шешуші мәнге ие. Сонымен қатар ата-аналармен мақсатты түсіндіру жұмысын жүргізу қажет, бұл қысымды азайтуға және балалардың болашағын таңдауда серіктестік ұстанымды қалыптастыруға бағытталуы тиіс. Мемлекеттік деңгейде гранттарды бөлу тетіктерін қайта қарау өзекті, мұнда академиялық көрсеткіштермен қатар талапкерлердің уәждік бейіндері де ескерілуі қажет. Осындай тәсіл ғана білімге салынған мемлекеттік инвестициялардың нақты экономикалық қайтарымын қамтамасыз ете алады.

Алғыс айту

Авторлар мақаланы дайындау барысында кеңес беріп, талқылауға қатысқан әріптестерге алғыс білдіреді. Зерттеу жүргізу кезінде сыртқы ұйымдардан қаржылық немесе материалдық қолдау алынған жоқ. Мақаланы дайындауға тікелей авторлық үлес қоспаған тұлғалар осы бөлімде аталды.

Мүдделер қақтығысы

Авторлар зерттеу нәтижелеріне әсер етуі мүмкін қаржылық немесе қаржылық емес мүдделер қақтығысының жоқ екенін мәлімдейді.

Қаржыландыру

Бұл зерттеу мемлекеттік, коммерциялық немесе коммерциялық емес ұйымдар тарапынан қаржыландырылған жоқ.

Авторлардың қосқан үлесі:

Е.Ж.Сармурзин - зерттеу тұжырымдамасын әзірлеу, ғылыми бағытты айқындау және әдіснамалық негізді қалыптастыру, мәтіннің соңғы нұсқасын өңдеу.

А.С. Бесбаев – эмпирикалық деректерді жинау, сауалнаманы жүргізу және бастапқы талдау.

Нәтижелерді интерпретациялау, теориялық талдау және мақаланың мәтінін жазу авторлардың бірлескен жұмысы. Мақаланың соңғы нұсқасын жариялауға барлық авторлар келісім берді және жұмыстың барлық аспектілері үшін жауапкершілікті өз мойнына алады.

Әдебиеттер тізімі

Айтенова, Э.А., Джакупова, А.Г., Макашкулова, Г.Б. және Косшыгулова, А.С. (2024) «Психология ғылымындағы кәсіби өзін-өзі анықтау мәселесі», *Абай атындағы ҚазҰПУ Хабаршысы. Психология сериясы*, 78(1), бет 73–82. Қолжетімді: https://doi.org/10.51889/2959-5967.2024.78.1.008.

Албытова, Н., Мағауия, А. және Байтекеева, А. (2025) «Білім алушылардың мамандық таңдаудағы аутентикалық мақсат және құралдық мотивтерін зерттеу», *Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының «Білім-Образование» ғылыми педагогикалық журналы,* 113(2), бет 17-127. Қолжетімді: https://doi.org/10.59941/2960-0642-2025-2-117-127.

Атемова, Қалипа, Садыкова, А. және Джексенбаева, К. (2024) «Жоғары сынып оқушыларының кәсіп таңдауына әсер етуші психологиялық факторлар», *Абай атындағы ҚазҰПУ Хабаршысы. Психология сериясы*, 79(2). Қолжетімді https://doi.org/10.51889/2959-5967.2024.79.2.020.

Базарғалиева,Н., Ниетбаева,Г., Mustafa,Т. және Абишева,Э. (2025) «Жоғары сынып оқушыларының мамандық таңдауына психологиялық дайындығын қалыптастырушы факторлар», *Абай атындағы ҚазҰПУ Хабаршысы. Психология сериясы*, 84(3), бет. 111-125. Қолжетімді: https://doi.org/10.51889/2959 5967.2025.84.3.010.

Жарикбаева, Д.Р., Балажанова, К.М., және Рахметова, Н.Б. (2025) «Мектеп оқушыларымен кәсіптік бағдар беру жұмысын ұйымдастыруда жоғары оқу орнының ролі», *Абылай хан атындағы ҚазХҚжӘТУ хабаршысы. «Педагогика ғылымдары» сериясы*, 78(3), бет. 182-200. Қолжетімді: https://doi.org/10.48371/ PEDS.2025.78.3.012.

Жұбаназарова,Н., Қойшыман,Г. және Төлегенова, А.(2022) «Мектеп бітірушілерге мамандық таңдауда кәсіптік бағдар беретін психологиялық әдістердің тиімділігін зерттеу», *Абай атындағы ҚазҰПУ Хабаршысы. Психология сериясы* , 73(4). Қолжетімді: https://doi.org/10.51889/1395.2022.35.13.017.

Кокшеева,З. (2024) «Оқушыларға кәсіби бағдар беру жүйесін ұйымдастырудың психологиялық негіздері», *Yessenov science journal*, 47(2), бет. 40-48. Қолжетімді: https://doi.org/10.56525/AMUT2647.

Тайболатов, Қуандық, Постоялко,М., Нурлыбаева,А. және Турсунова, А. (2024) «Мектеп білім алушыларының кәсіби бағдарлануындағы эмоционалды интеллектінің рөлі», *Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының «Білім-Образование» ғылыми-педагогикалық журналы*, 108(1), бет. 63–70. Қолжетімді: https://doi.org/10.59941/2960-0642-2024-1-63-70.

Abe, E.N. және Chikoko,V. (2020) «Exploring the factors that influence the career decision of STEM students at a university in South Africa», *International Journal of STEM Education*, 7(1). Қолжетімді: https://doi.org/10.1186/ S40594-020-00256-X.

Ahmed, M.H., Abdullah, R., Jusoh, Y.Y., Murad, M.A.A. және Abdi, A.N.M. (2025) «Factors influencing student career choice: a case study of private universities in Somalia», *Higher Education, Skills and Work-based Learning*, 15(5), бет. 1098–1114. Қолжетімді : https://doi.org/10.1108/HESWBL-12-2024-0375.

Badu, A.K., Assibey, G.B., Seenam, P. және Debrah, R.D. (2024) «An Exploration of Factors Affecting Students' Choice of Career Paths in Communication Design», *Journal of Science and Technology*, 42(2), бет. 76-92. Қолжетімді: https://doi.org/10.4314/JUST.V42I2.6.

Bandura, A. (1997) *Self-efficacy: The exercise of control.* New York: Freeman. қолжетімді: https://psycnet. apa.org/record/1997-08589-000

Bennett, D., Knight, E. және Bell, K. (2020) «Graduate employability and the career thinking of university STEMM students», *Teaching in Higher Education*, 25(6), бет. 750–765. Қолжетімді: https://doi.org/10.1080/135 62517.2020.1759529

Bidanov, O. (2017) *Investigation into process and factors influencing high school students' career choices*. Nazarbayev University.

Bobek, B.L. және Schnieders, J.Z. (2025) «High School Students' Thoughts on Education and Career Paths and What It Takes to Achieve Their Goals», *ACT Research* [Preprint].

Creswell, J.W. (2012) *Educational research Planning, conducting, and evaluating quantitative and qualitative research*. 4th және басқалар. Boston, MA: Pearson.

Gati, I. (2013) «Advances in Career Decision Making», в *Handbook of Vocational Psychology*. Routledge, бет. 183-215. Қолжетімді: https://doi.org/10.4324/9780203143209-10.

Gati, I. және Kulcsár, V. (2021) «Making better career decisions: From challenges to opportunities», *Journal of Vocational Behavior*, 126. Қолжетімді: https://doi.org/10.1016/J.JVB.2021.103545.

Imashev, A., Salkynbayeva, F., Kizimbayeva, A. және Mukhambetova, L. (2025) «Financial and Social Factors Shaping High School Students' Career Choices», *International Conference on Advanced Research in Sustainable Economic and Social Science (ICARSESS 24)*. Yogyakarta: EDP Sciences. Қолжетімді https://doi.org/10.1051/ SHSCONF/202521204053.

Iroaganachi, M.A.,Babalola, Y.T. және Soyemi, D.O. (2021) «Environmental factors and STEM career path choice intentions of junior secondary school girls in North Central Nigeria», *Cogent Arts and Humanities*, 8(1). Қолжетімді: https://doi.org/10.1080/23311983.2021.1945720

Lent, R.W., Brown, S.D. және Hackett, G. (1994) «Toward a Unifying Social Cognitive Theory of Career and

Academic Interest, Choice, and Performance», *Journal of Vocational Behavior*, 45(1), бет. 79-122. Қолжетімді https://doi.org/10.1006/JVBE.1994.1027.

Parsons, F. (1909) *Choosing a Vocation*. Boston, MA: Houghton Mifflin. қолжетімді: https://www.scirp.org/reference/referencespapers?referenceid=2516241

Zhou, Y. және Shirazi, S. (2025) «Factors influencing young people's STEM career aspirations and career choices: a systematic literature review», *International Journal of Science and Mathematics Education*, 23(7), бет. 2895–2918. Қолжетімді: https://doi.org/10.1007/S10763-025-10552-Z.

Е.Ж.Сармурзин[1], А.С.Бесбаев*[2]

[1]Карагандинский национальный исследовательский университет имени академика Е.А. Букетова
[2]Южно-Казахстанский университет имени М.О. Ауэзова)

Ключевые факторы формирования карьерного выбора казахстанских школьников

Аннотация: В статье представлен всесторонний анализ многофакторной системы, определяющей выбор профессиональной траектории старшеклассниками Республики Казахстан. В условиях глобальной экономической нестабильности, трансформации рынка труда и реформирования национальной системы образования процесс профессиональной ориентации молодежи приобретает особое значение для формирования качественного человеческого капитала. Исследование опирается на интеграцию теорий карьерного развития, включая концепцию «рационального выбора» Фрэнка Парсонса и современные модели принятия решений Итамара Гати, адаптированные к социально-культурному контексту Казахстана. Эмпирическую основу работы составляют данные анкетного опроса. В исследовании детально анализируется сложная динамика взаимодействия внутренних мотивационных факторов, интересов и самоэффективности с внешними требованиями, влиянием родителей, системой государственных образовательных грантов и социально-экономическим статусом. Особое внимание уделяется тенденциям грантовых ограничений, неравенству между городскими и сельскими школами, а также усиливающимся миграционным намерениям академически успешной молодежи, отражающим процесс утечки интеллектуального потенциала. Полученные результаты выявляют глубокие противоречия между декларируемой самостоятельностью учащихся и фактической зависимостью их выбора от институциональных и семейных факторов, что обусловливает необходимость пересмотра подходов к профессиональной ориентации на государственном уровне.

Ключевые слова: профессиональная ориентация, карьера, старшеклассники, выбор профессии, среднее образование.

Ye. Sarmurzin[1], A. Besbayev *[2]

[1]Buketov Karaganda National Research University
[2]M. O. Auezov South Kazakhstan University

Key Factors Shaping Career Choice among Kazakhstani School Students

Abstract: This article presents a comprehensive analysis of the multifactorial system that determines the choice of career trajectories among senior high school students in the Republic of Kazakhstan. In the context of global economic instability, labor market transformation, and reforms in the national education system, the process of career guidance among young people acquires particular significance for the development of high-quality human capital. The study is based on the integration of career development theories, including Frank Parsons' concept of "rational choice" and Itamar Gati's contemporary decision-making models, adapted to the socio-cultural context of Kazakhstan. The empirical basis of the research consists of survey data. The study provides a detailed examination of the complex dynamics between internal motivational factors, interests, and self-efficacy, and external determinants such as parental influence, the system of state educational grants, and socio-economic status. Special attention is given to trends in grant limitations, inequalities between urban and rural schools, as well as the growing migration

intentions among academically successful students, reflecting the outflow of intellectual potential. The findings reveal profound contradictions between students' publicly declared autonomy and the actual dependence of their career choices on institutional and family factors, highlighting the need to reconsider approaches to career guidance at the state level.

Keywords: career guidance, career, senior high school students, career choice, secondary education.

References

Aıtenova, E.A., Djakýpova, A.G., Makaşqýlova, G.B. and Qosşyǵýlova, A.S. (2024) *Psıhologıa ǵylymyndaǵy käsibı ózin-ózi anyqtay mäselesi* [The issue of professional self-determination in psychological science]. *Abaı atyndaǵy QazUPU Habarşysy. Psıhologıa serıasy*, 78(1), pp. 73–82. Available at: https://doi.org/10.51889/2959-5967.2024.78.1.008. (in Kazakh).

Albytova, N., Maǵaýıa, A. and Baıtekeeva, A. (2025) *Bilim alýşylardyń mamandyq tańdaýdaǵy aýdentıkalyq maqsat jäne quraldyq motıvterin zertteý* [Research on authentic goals and instrumental motives in students' career choice]. *Y. Altynsarın atyndaǵy Ulttyq bilim akademıasynyń «Bilim-Obrazovanıe» ǵylymı pedagogıkalyq jýrnaly*, 113(2), pp. 117–127. Available at: https://doi.org/10.59941/2960-0642-2025-2-117-127. (in Kazakh).

Atemova, Qalıpa, Sadykova, A. and Djeksenbaeva, K. (2024) *Joǵary synyp oqýşylarynyń käsip tańdaýyna äser etýşı psıhologıalyq faktorlar* [Psychological factors influencing career choice among senior school students]. *Abaı atyndaǵy QazUPU Habarşysy. Psıhologıa serıasy*, 79(2). Available at: https://doi.org/10.51889/2959-5967.2024.79.2.020. (in Kazakh).

Аңдатпа*:* Виртуалды шындық – адамға көру, есту, сипап сезу сезімдері арқылы берілетін техникалық құралдарға негізделген бағдарлама. Зерттеу мақаласында мамандарды кәсіби даярлаудағы виртуалды шындық бағдарламалары мен техникаларын қолданудың мүмкіндіктері және тәуекелдері, артықшылықтары және кемшіліктері қарастырылады. Сондай-ақ виртуалды шындық құрылғысына заманауи білім беру саласына енгізілген ең перспективалы құрал ретінде сипаттама жасалады. Виртуалды шындықтың білім беру саласымен қатар, өзге де салалардағы зерттеу деңгейін анықтау мақсатында оны әр қырынан зерттеген, әлі де зерттеп жүрген отандық және шетелдік ғалымдардың еңбектеріне, білім беру саласында апробацияланған тәжірибелік жұмыстарға талдау жүргізілді. Мақаланың тәжірибелік бөлімінде виртуалды шындықтың мүмкіндіктерімен таныстыру мақсатында педагогтерге Google Expeditions VR қосымшасы таныстырылып, студенттерге (эксперименттік топ) Tilt Brush виртуалды шындық қосымшасы арқылы психодиагностикалық әдістеме жүргізіледі. Эксперимент соңында бақылау топ студенттері мен эксперименттік топ студенттерінің нәтижелері салыстырылып, эксперименттік топтағы студенттердің нәтижелері басым екендігі анықталады. Сондай-ақ студенттерге кәсіби білім беруде виртуалды шындықтың маңыздылығын анықтау мақсатында әр түрлі жоғары оқу орындарының педагогтерінен сауалнама алынды. Сауалнама нәтижесінде педагогтердің басым бөлігі виртуалды шындықты меңгеріп алса, онымен білім беруге дайын екендігін жеткізді. Жалпы зерттеу жұмысының қорытындысында кәсіби білім беруде виртуалды шындықты қолдану тиімді екендігі негізделіп, тек виртуалды шындық құрылғысына сәйкес келетін сапалы кәсіби білім беру контентін жасау қажеттілігінің туындайтыны туралы айтылады.

Түйін сөздер*:* цифрлық білім беру, виртуалды шындық, кәсіби білім берудегі VR.

Түсті: 17.04.2025; Мақұлданды: 15.06.2026; Онлайн қолжетімді: 30.06.2026

*хат-хабар авторы

Кіріспе

Заманауи технологиялар өміріміздің барлық аспектілерін өте тез өзгертуде, ол өзгерістер білім беру саласын да айналып өтпеді. Қоғамды толықтай ақпараттандырудың нәтижесі өміріміздің барлық салаларына цифрландыруды алып келді. Цифрландырудың экономиканың барлық саласына енуі іс-әрекетті автоматтандырып, адамдардың өз уақыттарын тиімді пайдалануына септігін тигізіп жатыр. Цифрлық ортаны құру мен цифрлық білім беруді дамыту Қазақстан Республикасының саясатындағы басты мақсаттардың бірі болып отыр. Сөзіміз дәлелді болу үшін, қазіргі уақытта күшін жойса да, 2017 жылдың 12 желтоқсанында Қазақстан Республикасы Үкіметінің №827 Қаулысымен қабылданған «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасының еліміздегі экономиканың барлық салаларын жаппай цифрландыруды міндеттегенін айтып өткеніміз абзал (ҚР Үкіметі, 2017).

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Digital Era Lifestyle» тақырыбында өткен «Digital Bridge» дәстүрлі халықаралық технологиялық форумда практикалық, қолданбалы цифрландыру мәселесі біздің стратегиялық міндетіміз және мемлекетіміздің басымдығы екенін ерекше атап өткен еді.

Сондай-ақ еліміздің Президенті Қ.-Ж. Тоқаев жыл сайынғы Жолдауларында цифрландыру ісі мен инновацияны енгізуге аса мән беретінін айта отырып, «біздің маңызды стратегиялық міндетіміз – Қазақстанды IT мемлекетке айналдыру» екенін ескертті. Және Үкіметке жасанды интеллектіні дамыту ісіне баса назар аударуды тапсырып, жасанды интеллектінің мүмкіндіктерін толық пайдаланатын болсақ, білім экономикасына тың серпін беретінімізді де айтқан болатын (Тоқаев, 2023).

Білім беру саласы – ел дамуының негізгі қайнар көзі болғандықтан, болашақ ұрпақты тәрбиелеу ерекше назар аударуды қажет етеді. Ал болашақ ұрпаққа білім беретін маманды даярлау – үлкен жауапкершілік екені белгілі. Сондай-ақ білім беру үдерісіндегі цифрлық технологияларды кеңінен қолдану жоғары білікті мамандарды қалыптастыруды қажет етеді. Білім беру саласын цифрлық трансформациялауға бағытталған бастамалар мен қайта құрулар қазіргі кәсіби білім беру кеңістігіндегі цифрлық құралдарға көңіл бөлуді өзекті етіп отыр.

Виртуалды шындық білім беру саласына кіріктірілген ең тиімді цифрлық технологияның бірі. Виртуалды шындық – адамға көру, есту, сипап сезу сезімдері арқылы берілетін техникалық құралдарға негізделген бағдарлама.

Виртуалды шындық қоршаған ортаны компьютерлік графика арқылы VR құрылғыға енгізіп, адамның онда болуын бағдарламалық жасақтама арқылы имитациялайды. Бұл әлем нақты орындар мен жағдайларды қайталап, оқыту мен дамудың бұрын-соңды болмаған мүмкіндіктерін ұсынады. VR көмегімен білім алушылар тарихи орындарға виртуалды экскурсиялар, қауіпсіз ортада күрделі ғылыми тәжірибелер жасап, тіпті сыныптан шықпай-ақ ғарыш кеңістігін зерттей алады. Бұл технология бірнеше ондаған жылдар бойы бар болғанымен, білім беру саласына кейіннен келе бастады. Оның басты себебі, VR құрылғыларына арналған білім беру контентінің аздығы болып отыр.

Ғылым мен білімге арналған визуализация және Виртуалды шындық орталығы жүргізген зерттеуге сәйкес, «адам қоршаған ортадағы ақпараттың 80%-ын көру арқылы қабылдап, көрген ақпаратының 20%-ын ғана есте сақтайды, ал көріп және естіген ақпараттың 40%-ын есте сақтайды. Егер адам бір ақпаратты көріп, бір сәтте оны естіп және сол әрекетті жасайтын болса, ақпараттың 70%-ы адам жадында сақталады» (Баюров пен Петрова, 2019). Осыған сәйкес, виртуалды шындық технологиялары білім алушылардың ақпаратты толық қабылдауына ықпал ететіндіктен, білім беру мекемелеріндегі оқыту үдерісінде пайдалануға тиімді бола алады.

VR көзілдірігін мектепте барлық пәндерді оқытуда шеберлікпен қолдануға болады. Мысалы, Қазақстан және Дүние жүзі тарихы, география пәндерінде мұражайлар, тарихи ескерткіштер, оқиғалар мен орындарға виртуалды саяхат жасау; тіл және әдебиет сабақтарында виртуалды кейіпкерлермен тілдесу, виртуалды тілдік клубтар ұйымдастыру; химия, физика сабақтарында эксперименттерге виртуалды қатысу; астрономияда ғарыш әлеміне виртуалды саяхат жасау; биология сабағында өсімдіктер мен жануарлар әлеміне қауіпсіз виртуалды саяхат; анатомияны оқытуда адам физиологиясына виртуалды саяхат жасау және т.с.с. Бұл тұста, білім беру мекемелерін виртуалды шындық технологиялары және оған сәйкес келетін сапалы

білім беру контентіне негізделген бағдарламалық жасақтамамен қамтамасыз ету қажет. Ал виртуалды оқу материалдарын шеберлікпен пайдалану педагог алдындағы басты міндеттердің бірі болады.

Бүгінгі таңда VR технологиялары орта білім беру мекемелеріне қарағанда, тәуекелділігі жоғары, әрі үлкен шығындармен байланысты кәсіптерге маман даярлауда кеңінен танымал. Мысалы, биік ғимараттар тұрғызатын құрылыс саласының мамандары, кәсіби пилоттар, пойыз жүргізушілері, кеме капитандары, хирург дәрігерлерді даярлау және т.с.с. тәуекелділігі жоғары мамандықтарға маман даярлауда виртуалды шындық көптеген қиындықтардың алдын алуға ықпал етеді.

Елімізде виртуалды шындықты білім беруде пайдаланудың алғашқы қадамдары жасалуда. Виртуалды шындық Үкімет тарапынан ғана емес, білім беру мекемелерінің тарапынан да үлкен қызығушылықты тудырып отыр. Қазақстан білім берудегі инновация аясында үнемі көшбасшылыққа ұмтылып, өзінің инновациялық жобаларға ашық екендігін, одан бөлек жобаларды игеруге әлеуетінің жететінін нәтижелі ғылыми жобалар арқылы байқатып отырады.

VR құрылғыны Қазақстандағы білім беру жүйесіне енгізу аясындағы пилоттық жобаның бірі мектептерде физика, химия және биология пәндерін оқыту үшін виртуалды зертханаларды енгізуді көздейді. Бұл виртуалды зертханалар білім алушыларға қауіпсіз және бақыланатын ортада эксперименттер жүргізуге мүмкіндік бере отырып, олардың жаратылыстану пәндеріне деген қызығушылығын арттырады және күрделі терминдерді түсінуге көмектеседі.

Виртуалды білім беру технологиялары жаңа оқыту тәжірибелерін ұсына отырып, барлық пәндердің спецификасына қарай білім сапасын жақсартудың жолдарын ұсына алады. Сонымен қатар, VR құрылғылар елдің шалғай және аз қамтылған аймақтарындағы оқушыларға білім берудің қолжетімділігін қамтамасыз етуде шешуші рөл атқара алады.

Виртуалды шындықты білім беруде қолдану мәселесі жалпы білім беру саласы аясында қарастырылғанымен, білім берудің жекелеген деңгейлері бойынша зерттеулерді қажет етеді. Сол себепті, болашақ мамандарға кәсіби білім берудегі VR мүмкіндіктерін теориялық негіздеп, зерттеу тәжірибесін жүргізу мақсаты қойылды.

Зерттеу жұмысының мақсаты негізінде бірнеше міндеттер қойылды:
Виртуалды шындық технологияларын білім беруде қолдану аясында зерттеу жүргізілген ғылыми еңбектерге теориялық талдау жасау.
Виртуалды шындықты кәсіби білім беруде пайдаланудың мүмкіндіктерін негіздей отырып, тәуекелдерін анықтау.
Кәсіби білім беруде тиімді пайдалануға болатын VR бағдарламаларын анықтап, эксперименттік жұмыс жүргізу.

Әдебиеттерге шолу

Бастапқыда ойынға арналған VR құрылғысын білім беруде қолданудың тиімділігі алғаш шетелдік ғалымдардың зерттеулерінде байқала бастады (Grimshaw-Aagaard and Mark, 2014), (Shin, 2017). Gouveia C., Cook C., Snyder A. & Payne S. зерттеулеріне сәйкес, «виртуалды шындық негізінде білім беруді белсенді түрде жүргізу әртүрлі факторларға байланысты, әсіресе әлеуметтік және педагогикалық сценарийлерді сәтті ұйымдастыру оның тиімділігіне тікелей әсер етеді» (Gouveia and etc., 2017).

Юаньюань Ли, Чэнлян Ван және Сяоцин Гу сияқты Шығыс Қытай педагогика университетінің ғалымдары Web of Science, Scopus және Google Scholar базаларында 2013-2023 жылдары жарияланған мақалаларды мета-талдау негізінде, виртуалды шындықты пайдалана отырып, педагогтерді оқытуға арналған оқу материалдарын әзірлеу бойынша ұсыныстар жасайды. Олар:

- контекстуализация – VR мазмұны оқытудың нақты жағдайларына мүмкіндігінше жақын болуы керек;

- интерактивтілік – шешім қабылдауды және кері байланысты қоса алғанда, білім алушының белсенді қатысуын қамтамасыз ету қажет;

- қадамдық оқыту – қиын тапсырмалар кезеңдерге бөлінуі керек;

- рефлексия және қолдау – өзін-өзі көрсету және кәсіби тәлімгерлік мүмкіндіктерін қосу керек;

- техникалық қарапайымдылық – интерфейс дизайны түсінікті болуы үшін шамадан тыс жүктелмеуі керек (Yuanyuan Li, Chengliang Wang and Xiaoqing Gu, 2025).

Бүгінгі күні кәсіби білім беру саласында VR технологияларының артықшылықтары ғана емес, сондай-ақ оны педагогтерді даярлауда қолдану мәселесін сынаған ғалымдардың еңбектері де бар. Әсіресе, болашақ педагогтерді аталған құрылғылар негізінде кәсіби оқыту үшін оларды даярлайтын оқытушылардың VR құрылғылармен жұмыс жасауында педагогикалық тәжірибесі мол болуы керек, бұл студенттермен қатар оқытушыларды да оқыту қажеттілігіне байланысты қиындықтар туғызуы мүмкін. Ал Кристопоулус және т.б. ғалымдар виртуалды орталардағы визуализация мен навигация мәселелері білім алушылардың оқу тәжірибесіне әсер ететін бағдарсыздану мен оған қатысты күйзелісті тудыруы мүмкін екенін айтады (Christopoulos et al., 2024).

Осыған байланысты VR бағдарламаларын кәсіби білім беруге енгізу тек оның мазмұнын байытумен ғана шектелмей, сонымен қатар оқыту әдістемелерін түрлендіре отырып, оларды динамикалық түрде білім алушылардың қажеттіліктеріне бейімдеумен ерекшеленетінін айта кету керек. Сәйкесінше, виртуалды шындық қолданбалары күрделі ұғымдарды, теорияларды және жүйелерді түсінуді жеңілдететін, сондай-ақ дағдыларды тәжірибеде қолдануға мүмкіндік беретін неғұрлым тартымды және динамикалық платформаны ұсына отырып, студенттердің оқу тәжірибесін жақсарту құралы ретінде пайдаланылады. Кәсіби білім беруде виртуалды шындықты қолдану мәселесіне арналған ғылыми еңбектердің мета-анализі оны ғылым, математика, тарих, жаратылыстану сияқты пәндер бойынша оқыту үдерісін жақсы жаққа өзгертетіні туралы дәлелдерді жинайды, бұл технологияны пайдалану білім берудегі артықшылықтарды барынша арттырып, ынталандырушы және тиімді оқу тәжірибесін қамтамасыз ете алатынын көрсетеді.

2020 жылы виртуалды шындықты пайдалануды Франсонс бірнеше ғалымдармен бірлесе отырып К-12 мектептеріндегі ұйымдастырушылық, контекстік және практикалық мәселелер мен мүмкіндіктер туралы хабардар ету мақсатында зерттеді. Педагогтерге сыныпта қолданар алдында қосымшаның технологиясымен және қолданылуымен таныстыру үшін бірқатар семинарлар өткізілді. Ғалымдар зерттеу жүргізген қолданбалы бағдарламалар оқу мақсаттарына қарай арнайы әзірленбегенін ерекше атап өтті. Педагогтерге жүргізілген сауалнама мен сыныпты бақылау әдістерінің нәтижесінде, VR сабақта пайдалану тиімді екендігі анықталды. Бұл зерттеуге қатысқан педагогтерге VR білім берудегі революция ретінде көрінбеді, тек білім беру үдерісін қызықты, эмоционалды, тартымды және көңілді ететін артықшылық ретінде ғана танылған. Виртуалды шындық күрделі процестерді визуализациялау мен педагогтердің жұмысына мәртебе беру мүмкіндіктерін кеңейтті. К-12 мектептеріндегі зерттеуде VR қосымшаларын оқуды жақсарту үшін қолдануға болатындығы анықталды, бірақ белгілі бір қосымшаларды пайдалану кезіндегі шамадан тыс жүктеме когнитивті мәселелерге бастайтындығы да анықталды (Fransson, Holmberg and Westelius, 2020).

А. Kulik және онымен бірлескен авторлардың ойынша, «VR білім алуға қызығушылығы төмен оқушыларды оқу үдерісіне тартуға мүмкіндік беріп, олардың сабаққа белсенді қатысуына мүмкіндік береді». Сәйкесінше, күрделі тақырыптарды түсіндіруде педагогтерге таптырмас көмекші құрал болып табылады (Kulik and etc., 2017).

Мәскеулік Жобаларды басқару, логистика мен бизнес информатикадағы құзыреттіліктерді дамыту орталығы білім беруде VR сәтті қолданылған бірнеше мысалдарды ұсынады:

- «Йель университетінде өт қабына хирургиялық ота жасау үшін VR жаттығуы сәтті сыналды. VR қолданған топ ота жасауда 29%-ға жылдамырақ болып, ота жасаудағы қателіктер ықтималдығы 6 есе аз болды.

- Бейжіңде (Қытай) «Виртуалды шындықтың академиялық қызметке әсері» аясында зерттеу жүргізілді. Оқушылар екі топқа бөлініп, бір пәнді оқыды. Сабақтар бірінші топта дәстүрлі әдіспен, екінші топта VR қолдану арқылы жүргізілді. Екі аптадан кейінгі тест нәтижелері бойынша, алғашқы топта оқушылар 73% нәтижені көрсетсе, екінші топ 93% көрсеткішке ие болды. Сонымен қатар, VR тобы тақырыпты тереңірек түсініп, алған білімдерін жақсырақ бекіткендігі байқалды.

- 2018 жылы Кембридж университетінің антрополог-студенттері мен Шығыс Қытайдың оқушылары Гиза үстіртіндегі символдарды зерттеген. Екі зерттеу тобы әлемнің екі бөлігінде болса да, Африка құрлығында зерттеу жүргізген. Мұның барлығы Doghead компаниясы құрастырған rumii VR бағдарламасы

арқылы мүмкін болды. Онда виртуалды сынып құрылып, зерттелетін объектілердің үш өлшемді модельдері жүктелді. Студенттер өздерінің виртуалды аватарларын нақты зерттеу орнынан мыңдаған шақырым қашықтықта басқарды.

- Google корпорациясы әлемнің көрікті жерлеріне виртуалды экскурсиялар ұйымдастырады. Мысалы, 2019 жылдың соңында Версаль сарайына 132 000 суреттен тұратын виртуалды тур жасалды. Одан бөлек, Мәскеудегі Үлкен театр, Лондондағы Букингем сарайы және т.с.с. мәдени мұра нысандарына виртуалды саяхаттар ұйымдастырылған» (Краюшкин, 2020).

Елімізде виртуалды шындықты білім беру саласының негізінде зерттеп жүрген ғалымдар жетерлік. Р.К.Ускенбаева, Б.Ж. Шарипов, Д.М. Джусубалиева smart оқыту негізіндегі виртуалды кафедра (Ускенбаева, Шарипова және Джусубалиева, 2020), К. Мұхтарқызы және т.б. ғалымдар орта мектеп бағдарламаларына арналған кеңейтілген шындық (AR) (Mukhtarkyzy and etc., 2020), Н. Шындалиев, З. Калкабаева З. (Шындалиев пен Калкабаева, 2020), Г. Шынатай заманауи білім беру жүйесінде VR және AR технологияларын пайдалану (Шындалиев пен Шынатай, 2020), Сембаев Т., Нұрбекова З., Абильдинова Г. AR технологияларын оқу іс-әрекетін бағалауда қолдану мәселелерін (Sembayev, Nurbekova and Abildinova, 2021) қарастырған.

Жоғарыда аталған зерттеу еңбектері негізінде виртуалды шындық технологияларын кәсіби білім беруде қолданудың бірнеше артықшылықтары бар екендігі анықталды:

1. Виртуалды шындық құрылғылары шынайы өмірде көру өте қиын әрі қауіпті процестерді еш қиындықсыз көруге мүмкіндік жасайды.

2. Виртуалды әлемдегі адам сыртқы әлеммен байланысы төмен болатындықтан, оған сыртқы факторлар әсер етпейді. Сәйкесінше, білім алушы зейінін материалға ғана аударып, оны жақсы қабылдау мүмкіндігі жоғары болады.

3. Процесске виртуалды шындық технологиялары арқылы қатысу оқушылардың ынтасы мен оқу әрекетіне қызығушылығын оятады.

4. Шынайы өмірдегі қауіпті әрекеттер виртуалды шындық технологиялары негізінде ешбір тәуекелсіз, табиғи шығынсыз тәжірибе жүргізуге мүмкіндік береді.

Виртуалды шындықты зерттеуші ғалымдардың басым бөлігі оның білім берудегі артықшылықтары мен тиімділігін анықтағанымен, Р. Морено, Р.Е. Мэйер сияқты ғалымдар виртуалды шындықты шамадан тыс қолданудың бірқатар тәуекелдерін анықтаған. Олардың зерттеуінше, «VR құрылғысын ұзақ уақыт бойы тағып, виртуалды өмірде шектен тыс уақыт өткізуде құрылғының салмағы мойын бұлшықеттеріне ауырлық түсіріп, мойынның тартылуына алып келеді. Одан бөлек, бас ауыру мен айналу, жүрек айнуына да алып келеді. Бұл кезде сезім мүшелері синхронды жұмыс жасамайтындықтан, ағзада психологиялық және физиологиялық қысым туындайды. Сондай-ақ виртуалды әлемде тым ұзақ уақыт болу көру мүшесінің де функциясына зиянын тигізеді» (Moreno and Mayer, 2020).

Виртуалды шындық құрылғысының адам ағзасына кері әсер ететін тәуекелдерінен бөлек, қаржылай қолжетімсіз екендігін де айтып өту керек. Ойынға арналған бағдарламалармен жасақталған виртуалды шындық құрылғысының еліміздегі техникалық тауар дүкендеріндегі орташа бағасы 400 000 теңгені құрайды. Сәйкесінше, білім беру орындары мен құрылғыны әр оқушыға жеткізуде айтарлықтай қаржылық қиындықтар туындауы мүмкін.

Г. Макранский, Т.С. Теркильдсен, Р. Мэйер сияқты шетелдік ғалымдар өз зерттеу жұмыстарында виртуалды шындықтың кемшіліктеріне ерекше тоқталып, VR және AR пайдаланудағы бірнеше тәуекелдерді атап көрсетеді:

ауыр және ыңғайсыз, үлкен гарнитуралар;

– қозғалысқа кеңістіктік шектеулердің болуы;
– сатылым бағасының қымбаттығы;
– сапалы білім беру контентінің болмауы;
– платформалармен тікелей үйлесімділіктің және басқа бағдарламалармен интеграцияның болмауы;
– жеке деректер мен құпия ақпаратты қорғау механизмінің болмауы;
– пайдаланушының денсаулығына кері әсері: жүрек айнуы, бас айналу, бас ауруы, көздің шаршауы; мойын мен омыртқаға ауырлық;

– бағдардың, уақытты сезінудің, шынайы ортаның (реальность) жоғалуы;
– нақты заттармен соқтығысу, жарақат алу қаупі (Makransky, Terkildsen and Mayer, 2019).

Осылайша, виртуалды шындықты кәсіби білім беруде пайдалануды зерттеген зерттеушілердің еңбектеріне сүйене отырып, VR құрылғыларын кәсіби білім беруде пайдаланудың мүмкіндіктері мен тәуекелдері анықталды (1-сурет).



1-сурет. VR кәсіби білім беруде пайдаланудың мүмкіндіктері мен тәуекелдері.

Материалдар мен әдістер

Кәсіби білім беруде виртуалды шындық технологияларын пайдалану оқытуды дамытудың заманауи құралдарын ұсына отырып, білім беруде жаңа мүмкіндіктерге жол ашады. Сондай VR қосымшалар – Google Expeditions және Tilt Brush by Google.

Google Expeditions мұғалімдер мен студенттерге бүкіл әлем бойынша виртуалды экскурсия жасауға мүмкіндік береді. Қосымша тарихи ескерткіштерді, табиғи құбылыс ғажайыптарын, әртүрлі экожүйелерді, тіпті ғарышты зерттеуге мүмкіндік беретін жүздеген виртуалды саяхаттарды ұсынады.

Tilt Brush өнерді оқытуды қызықты іс-әрекетке айналдырады, қосымша пайдаланушыларға VR көмегімен үш өлшемді кеңістікте сурет салуға мүмкіндік береді. Бұл құрал шығармашылық экспрессияның жаңа әдістерін ашып, кеңістіктік ойлауды дамытуға көмектеседі.

Зерттеу жұмысын жүргізу барысында «Педагогика және психология» мамандығы бойынша білім алатын 3-4 курс студенттеріне VR жасақталған TiltBrush қосымшасы қолданылды. Зерттеуге барлығы 48 студент қатысты, олар теңдей бақылау және эксперименттік топтарға бөлінді. Студенттер қосымшада әртүрлі суреттерді салып, болашақта психодиагностикалық сурет салу әдістерін қолдану мүмкіндігін де бағалады.

Педагогтерге Google Expeditions қосымшасының мүмкіндіктері таныстырылып, VR арқылы қосымшаны қолдану мүмкіндіктерімен танысты.

Студенттер мен педагогтер виртуалды шындық құрылғысымен жұмыс жасаған соң, зерттеу жұмысының авторлары құрастырған «VR құрылғысын кәсіби білім беруде пайдалану мүмкіндіктері» атты сауалнамаға қатысты.

Сауалнамадан кейін студенттерге А. Уэссман, Д. Рикс құрастырған «Эмоционалды күйді өздігінен бағалау» әдістемесі жүргізілді. Бұл әдістеме бойынша көрсеткіштер белгілі бір жағдайды сипаттайтын шкалалар бойынша балдардың жиынтық бағасына сәйкес анықталды. Анықталған көрсеткіштер студенттердің эмоциялық көтерілуінің немесе басылуының деңгейін көрсетті.

Студенттер бақылау және эксперименттік топтарға бөлініп, екі топқа да педагог-психологиялық қызметте қолданылатын психодиагностикалық сурет әдістемелері туралы дәріс жүргізілді. Студенттер мамандық негізіндегі оқыту бағдарламасына сәйкес, бұл тақырыптан бұрын да хабардар болғандықтан, дәріс тек 100 минут (екі бөлініп) жүргізілді. Дәрістің негізгі мазмұны психодиагностикалық сурет әдістерінің мәнін түсіндіріп, оларды балалармен жұмыс жасауда қолдану ерекшеліктерін түсіндіруге бағытталды. Дәріс соңында барлық студенттер (бақылау және эксперименттік топ) екі аудиторияға бөлініп, психодиагностикалық сурет әдістемесін жүргізуге қатысты. Бақылау топта әдістеме классикалық нұсқада ақ қағазға қаламмен сурет арқылы жүргізілсе, эксперименттік топта әдістеме Tilt Brush by Google VR қосымшасы арқылы жүргізілді. Эксперименттік топтағы студенттерде құрылғыны пайдалануда алғашында қиындықтар болғанымен, кейіннен қолдары икемге келе бастады.

Зерттеуге қатысушылардың барлығы эксперимент басталғанға дейін жазбаша ақпараттандырылған келісім берді. Зерттеу барысында респонденттердің құпиялылығы мен анонимділігі толығымен сақталды.

Нәтижелер мен талқылау

Зерттеу тәжірибесіне қатысқан студенттердің әрбір әрекеті сырттай бақыланып, бақылау парағына тіркеліп отырды. Әдістеме жүргізілгеннен кейін, екі топтың да психодиагностикалық суреттері салыстырылды.

Бақылау топтағы студенттердің суреттері қарапайым, тек сурет салуға қабілеті бар студенттердің жұмысы көрнекі шыққан. Әрине, психодиагностикада суреттің көркемдігі емес, ондағы штрихтар мен фигуралар, қаламды ұстау/басу және т.с.с. техникалық ерекшеліктерге мән беріледі. Дегенмен, біз психодиагностикалық әдістеме өнімдеріне емес, студенттердің психологиялық, эмоционалды жай-күйіне фокус қоятынымызды ескере кеткіміз келеді. Сәйкесінше, бақылау топтағы студенттер бірқалыпты күйде әдістемені жүргізді.

Эксперименттік топтағы студенттердің психологиялық және эмоционалды күйі белсенді екендігі байқалды. Студенттер виртуалды шындық құрылғысында (суреттер 3D форматында салынады) әр пішінді, кескінді салуда өздерінің таңданыс эмоцияларын жасырмай, қуанышты күйде отырды. Суреттер көркем болмаса да, ашық түстер қолданылғандықтан, студенттердің қуанышты эмоцияларын бірден байқатты.

Эксперимент топ студенттері виртуалды шындық құрылғысымен сурет салып болғаннан соң, VR жұмыс жасау тиімділігі туралы сауалнама жүргізілді.

Жүргізілген сауалнама және психодиагностикалық сурет әдістемесінің нәтижелері бойынша эксперименттік топтағы студенттер, бақылау топтағы студенттерге қарағанда, сабаққа ерекше ынталы болғандығы байқалды. Сондай-ақ экспериментке қатысқан екі топтың да диагностикалық суреттеріне талдау жасалды.

Психодиагностикалық әдістемені классикалық және виртуалды шындық құрылғысы негізінде жүргізгеннен кейін, студенттерге А. Уэссман, Д. Рикс құрастырған «Эмоционалды күйді өздігінен бағалау» әдістемесі жүргізілді. Студенттер өздерінің эмоцияларын «тыныштық-мазасыздық», «белсенділік-енжарлық», «көңілді – көңілсіздік», «өзіне сенімділік – дәрменсіздік» шкалалары бойынша бағалады. Нәтижесінде, эксперименттік топтағы студенттерде тыныштық, белсенділік, көңілді, өзіне сенімділік шкалалары басым болса, бақылау тобында, керісінше, мазасыздық, енжарлық, көңілсіздік, дәрменсіздік шкалалары жоғары болды. 2-суретте екі топтағы студенттердің жауап нәтижелерінің арифметикалық ортасы берілді.



2-сурет. «Эмоционалды күйді өздігінен бағалау» (А. Уэссман, Д. Рикс) әдістемесінің бақылау және эксперименттік топтағы нәтижелері

Ескерту: эксперимент нәтижелері негізінде құрылды

Сондай-ақ зерттеу тәжірибесінің екінші бөліміне 29-51 жас аралығындағы әртүрлі жоғары оқу орындарының педагогтері қатысты. Педагогтерге виртуалды шындық қосымшасына қатысты семинар жүргізілгеннен соң, оларға студенттерді кәсіби даярлауда виртуалды шындықтың тиімділігін анықтауға бағытталған сауалнама жүргізілді.

Сауалнаманың жалпы нәтижесі бойынша, педагогтердің 78%-ы виртуалды шындықты «тиімді оқыту технологиясы» ретінде қарастырса, қалған 22%-ы «дәстүрлі форматқа жетпейді» деп санайды. Сондай-ақ 78% құрамындағы педагогтер 22% көрсеткішіндегі педагогтерге қарағанда жас шамасы кіші, сәйкесінше жас оқытушылар болып табылады. Осыған орай, жасы үлкен педагогтер виртуалды шындықты меңгеруде қиындықтар болады деп ойласа, жас педагогтердің ойы оларға қарама-қарсы екені байқалды. Жалпы сауалнама қорытындысы бойынша, педагогтердің басым бөлігі 86%-ы, «егер виртуалды шындыққа арналған тиімді білім беру контенті мен бағдарламасы жасақталатын болса, цифрлық педагогиканың өнімі ретінде сабақта VR қолдануға дайын» екендігі анықталды.

Қорытынды

Бүгінгі білім беру саласы цифрлық педагогика, цифрлық білім беру аясында трансформацияланууда. Сондай цифрлық жаңалықтардың бірі – виртуалды шындық. Оны білім беруде қолданудың тиімділігі, артықшылықтары мен кемшіліктері, тәуекелдері мен мүмкіндіктері әлемдік білім беру саласындағы ғалымдардың назарын аударып отыр.

Цифрлық технологиялардың дамыған заманында виртуалды шынайылық технологиялары кәсіби білім беру жүйесін жаңғыртудың маңызды құралына айналуда. Бұл технологияларды қолдану дәстүрлі кәсіби оқытудың шекарасын кеңейтіп, қауіпсіз тәжірибелік ортада кәсіби білім алуға және студенттердің танымдық белсенділігін арттыруға мүмкіндік береді. VR технологиялар кәсіби білім беру қызметтерінің сапасы мен қолжетімділігін арттыру әлеуетіне ие болғандықтан, оларды еліміздегі кәсіби білім беру тәжірибесіне енгізуге де ерекше қызығушылық артып отыр.

Ғылыми педагогикалық зерттеулердегі тәжірибелер көрсеткендей, бұл технологиялар көрнекілік, интерактивтілік және тұлғалық-бағдарлы тәсіл қағидаттарын жүзеге асыруға қолайлы жағдай жасайды. Студенттер күрделі үдерістерді бақылап қана қоймай, оларды қауіпсіз виртуалды ортада белсенді түрде меңгере алады.

Дегенмен, VR технологияларын тиімді қолдану жоғары оқу орындары мен цифрлық өнімдерді әзірлеуші мамандардың тығыз ынтымақтастығын қажет етеді. Бұл тұста жоғары оқу орындары инновациялық

бастамаларға ашық болып, оқу бағдарламаларына жаңа технологияларды енгізуге дайын болуы тиіс, ал технологиялық компаниялар білім беру саласының нақты қажеттіліктеріне бейімделген, қолжетімді әрі қолдануға ыңғайлы шешімдерді ұсына алуы қажет. Тек өзара ықпалдастық арқылы VR технологияларды кәсіби білім беру үдерісіне тиімді енгізіп, заманауи құзыреттіліктерді қалыптастыру мен оқуға ынталандырудың қуатты құралына айналдыру мүмкін болады.

Осы тұста, біз виртуалды шындықтың кәсіби білім берудегі мүмкіндіктері мен тәуекелдерін зерттеуді қажет деп санадық. Техникалық, инженерлік, медициналық мамандықтарда өзінің тиімділігін байқатқан виртуалды шындықты педагог-психолог мамандарды даярлауда қолданудың мүмкіндіктері мен тәуекелдерін зерттеуді мақсат еттік. Зерттеу тәжірибесін жүргізу нәтижесінде виртуалды шындықтың студенттердің психологиялық, эмоционалды көтеріңкі көңіл-күйінен бөлек, психодиагностикалық әдістемелерді түрлендіруге қызығушылығы артқандығы байқалды. Сондай-ақ жоғары оқу орындары педагогтерінің де басым бөлігі виртуалды шындықпен сабақ жүргізуге дайын екендіктерін жеткізді. Мұнда ескере кететін жайт, педагогтерді виртуалды шындық арқылы сабақ беруге бағыттамас бұрын, педагогтердің цифрлық сауаттылығын арттырып, виртуалды шындық құрылғысын қолдану нұсқаулығымен толық таныстыру қажет. Сондай-ақ мамандарды даярлауды оңтайландыратын, виртуалды шындық құрылғыларына негізделген сапалы кәсіби білім беру бағдарламалары, контенті қажет. Виртуалды шындық құрылғысына арналған кәсіби білім беру бағдарламасы болмайынша, оның педагог мамандарды даярлаудағы маңыздылығын анықтай алмаймыз. Сол себепті, алдағы уақыттарда IT мамандарымен бірлесе отырып, виртуалды шындық құрылғыларына арналған білім беру контентін құру – зерттеу жұмыстарының міндеттерінің бірі болуы қажет деп санаймыз.

Авторлардың қосқан үлесі:

Хасенқызы Т. – зерттеу жұмысының концепциясын құру; жұмыс нәтижелерін жинау, талдау немесе түсіндіру; мәтін жазу және оның мазмұнын сыни тұрғыдан қайта қарау; жұмыстың барлық аспектілері үшін жауап беруге келісім беру, деректердің дұрыстығына немесе мақала бөліктерінің тұтастығына қатысты мәселелерді дұрыс зерттеу әрекеттерін орындады.

Акрамова А.С. – ғылыми жетекші ретінде жариялауға арналған мақаланың соңғы нұсқасын бекітті.

Әдебиеттер тізімі

Баюров, А.Е., Петрова, О.А. (2019) «Виртуальная реальность в образовании», *Актуальные проблемы авиации и космонавтики*, 3, с. 633-635. Қолжетімді: https://cyberleninka.ru/article/n/virtualnaya-realnost-v-obrazovanii (қол жеткізілген күні: 17.04.2025).

Краюшкин, Н. (2020) «Виртуальная реальность в образовании», *Высшая школа бизнеса.* Қолжетімді: https://hsbi.hse.ru/articles/virtualnaya-realnost-v-obrazovanii/ (қол жеткізілген күні: 2025 жылғы 17 сәуір).

ҚР Үкіметі (2017) «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасын

бекіту туралы бұйрық. Қолжетімді: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1700000827 (қол жеткізілген күні: 2025 жылғы 17 сәуір).

Тоқаев, Қ-Ж. (2023) «Әділетті Қазақстанның экономикалық бағдары», *Қазақстан халқына Жолдау,* 1 қыркүйек. Қолжетімді: https://www.akorda.kz/kz/addresses (қол жеткізілген күні: 2025 жылғы 17 сәуір).

Ускенбаева, Р.К., Шарипов, Б.Ж., Джусубалиева, Д.М. (2020) «Виртуальная кафедра как основа информационно-методического пространства smart-обучения», *Вестник КазНПУ имени Абая. Серия «Педагогические науки»,* 4 (68), с. 63–70. 10.51889/2020-4.1728-5496.09

Шындалиев, Н., Шынатай, Г. (2020) «Виртуалды технологиялар арқылы білім беру бағдарламасы бойынша оқыту әдістерін жетілдірудің өзектілігі», *Абай атындағы ҚазҰПУ Хабаршысы. «Физика-математика ғылымдары» сериясы*, 72 (4), Б. 294–299. 10.51889/2020-4.1728-7901.46

Шындалиев, Н., Калкабаева, З. (2020) «Применение технологий виртуальной и дополненной реальности в современной системе образования», *Вестник КазНПУ имени Абая. Серия «Физико-математические науки»*, 72 (4), С. 289–293. 10.51889/2020-4.1728-7901.45

Christopoulos, A., Styliou, M., Ntalas, N., & Stylios, C. (2024). 'The impact of immersive virtual reality on knowledge acquisition and adolescent perceptions in cultural education', *Information*, 15(5), pp. 261. https://doi.org/10.3390/info15050261

Fransson, G., Holmberg, J., Westelius, C. (2020) 'The challenges of using head mounted virtual reality in K-12 schools from a teacher perspective', Education and Information Technologies, 4(25). pp. 3383–3404. https://doi.org/10.1007/s10639-020-10119-1

Gouveia, C., Cook, C., Snyder, A., Payne, S. (2017) "Nice to have" to "Can't do without": Aligning simulations and VR with current needs in the K-12 classroom', Making a difference: Prioritizing equity and access in CSCL, 12th International Conference on Computer Supported Collaborative Learning (CSCL). Philadelphia, PA: International Society of the Learning Sciences, (2), pp. 723-724. Available at: https://cscl17.wordpress.com/wp-content/uploads/2018/02/finalvol2cscl2017.pdf (Accessed: 17 April 2025)

Grimshaw-Aagaard, Mark (2014), *The Oxford Handbook of Virtuality*, https://doi.org/10.1093/oxfordhb/9780199826162.001.0001

Kulik, A., Kunert, A., Beck, S., Frahlich, B. (2017) 'Collaborative virtual

reality for joint learning experiences', *Making a Difference: Prioritizing Equity and Access in CSCL, 12th International Conference on Computer Supported Collaborative Learning (CSCL*). Philadelphia, PA: International Society of the Learning Sciences, (2), pp. 721-722. Available at: https://cscl17.wordpress.com/wp-content/uploads/2018/02/finalvol2cscl2017.pdf (Accessed: 17 April 2025).

Makransky, G., Terkildsen, T. S., Mayer, R. E. (2019). 'Adding immersive virtual reality to a science lab simulation causes more presence but less learning', *Learning and Instruction*, (60), pp. 225-236. https://doi.org/10.1016/j.learninstruc.2017.12.007

Moreno, R., Mayer, R.E. (2020) 'Learning science in virtual reality multimedia environments: Role of methods and media', Journal of Educational Psychology, 3(94), pp. 598-610. 10.1037/0022-0663.94.3.598

Mukhtarkyzy, K., Abildinova, G., Serik, M., Kariyeva, K., Sayakov, O. (2020). 'Systematic Review of Augmented Reality Methodologies for High School Courses', *International Journal of Engineering Pedagogy (iJEP)*, 4 (13), pp. 79–92. https://doi.org/10.3991/ijep.v13i4.38165

Sembayev, T., Nurbekova, Z., Abildinova, G. (2021) 'The Applicability of Augmented Reality Technologies for Evaluating Learning Activities', *International Journal of Emerging Technologies in Learning (iJET)*, 22(16), pp. 189–207. https://doi.org/10.3991/ijet.v16i22.22987

Shin, D-H. (2017) 'The role of affordance in the experience of virtual reality learning: Technological and affective affordances in virtual reality', *Telematics and Informatics*, (34), pp.1826–1836. https://doi.org/10.1016/j.tele.2017.05.013

Yuanyuan, Li, Chengliang, Wang and Xiaoqing, Gu (2025) 'Instructional design guidelines for virtual reality-based teacher training: A meta-analysis', *Educational Technology & Society,* 28 (1), pp. 338-358. http://dx.doi.org/10.30191/ETS.202501_28(1).SP02

Т. Хасенқызы [*1] , А. С. Акрамова [2]

[1,2] Казахский национальный университет им. аль-Фараби

*(E-mail: [*1] baladream@mail.ru, [2] akramova_@mail.ru)*

Виртуальная реальность в профессиональном образовании: возможности и риски

Аннотация. Виртуальная реальность – мир, основанный на технических средствах, которые передаются человеку через зрение, слух, осязание. В статье рассматриваются особенности использования виртуальной реальности в подготовке специалистов. Актуальность статьи обосновывается в рамках программ, которые обязывают оцифровывать все отрасли страны. Также будет разработана характеристика устройства виртуальной реальности как наиболее перспективного инструмента, включенного в современную образовательную сферу. Проведен анализ работ отечественных и зарубежных ученых, изучающих возможности VR в области образования. В результате анализа исследовательских работ выявлены возможности и риски использования виртуальной реальности. В практической части статьи с целью ознакомления с

возможностями виртуальной реальности используются приложения Google Expeditions VR и Tilt Brush, а также проводится анкетирование педагогов различных вузов с целью определения значимости виртуальной реальности в профессиональном образовании студентов. В результате опроса большая часть педагогов выразила готовность обучать с помощью виртуальной реальности. В заключении общей исследовательской работы подчеркивается, что использование виртуальной реальности в профессиональном образовании является эффективным, но при этом возникает необходимость создания качественного профессионального образовательного контента, соответствующего устройству виртуальной реальности.

Ключевые слова: цифровое образование, виртуальная реальность, VR в профессиональном образовании.

T. Khassenkyzy *[1], A.S. Akramova [2]
[1,2] Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan
*(E-mail: *[1] baladream@mail.ru, [2] akramova_@mail.ru)*

Virtual reality in vocational education: opportunities and risks

Abstract. Virtual reality is a virtual world created on the basis of software that allows you to perceive a phenomenon or action through the senses. The research article examines the possibilities and risks, advantages and disadvantages of using virtual reality programs and methods in professional training of specialists. The relevance of the article is justified within the framework of programs that oblige to digitize all sectors of the country. The characteristics of the virtual reality device, as the most promising tool included in the modern educational sphere, will also be developed. To determine the level of virtual reality research, an analysis of the work of domestic and foreign scientists who studied it in various fields was carried out. As a result, the possibilities and some risks of using virtual reality have been identified. In the practical part of the article, in order to familiarize teachers with the possibilities of virtual reality, the Google Expeditions VR application will be presented to teachers, and the students of the experimental group will be given a psychodiagnostic technique through the Tilt Brush virtual reality application. After the experiment, the results of the students in the control and experimental groups were compared. A survey of teachers from various universities is also conducted in order to determine the importance of virtual reality in the professional education of students. As a result of the survey, most of the teachers expressed their willingness to teach using virtual reality. The conclusion of the general research work emphasizes that the use of virtual reality in vocational education is effective, but at the same time, there is a need to create high-quality professional educational content corresponding to the devices of virtual reality.

Keywords: digital education, virtual reality, VR in professional education.

References

Bajurov, A.E., Petrova, O.A. (2019)‘Virtual’naja real’nost’ v obrazovanii’ [Virtual reality in education]. Aktual’nye problemy aviacii i kosmonavtiki, 3, pp. 633-635. Available at: https://cyberleninka.ru/article/n/virtualnaya-realnost-v-obrazovanii (Accessed: 17.04.2025). (In Russian)

Krajushkin, N. (2020) ‘Virtual’naja real’nost’ v obrazovanii’ [Virtual reality in education]. Vysshaja shkola biznesa. Available at: https://hsbi.hse.ru/articles/virtualnaya-realnost-v-obrazovanii/ (Accessed: 17 April 2025). (In Russian)

QR Ukimeti (2017) ‘Cifrlyq Qazaqstan memlekettik bagdarlamasyn bekitu turaly bujryq’ [Order on approval of the state program of Digital Kazakhstan]. Available at: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1700000827 (Accessed: 17 April 2025). (In Kazakh)

Tokaev, Q.-Zh. (2023) ‘Adılettı Qazaqstannyn ekonomikalyq bagdary’ [Economic orientation of just Kazakhstan]. Address by the Head of State Qasym-Zhomart Tokaev to the People of Kazakhstan, 1 September. Available at: https://www.akorda.kz/kz/addresses (accessed: 17 April 2025). (In Kazakh)

Uskenbaeva, R.K., Sharipov, B.Zh., Dzhusubalieva, D.M. (2020) ‘Virtual’naja kafedra kak osnova informacionno-metodicheskogo prostranstva smart-obuchenija’ [Virtual department as the basis of the information and

methodological space of smart-learning], Vestnik KazNPU imeni Abaja. Serija «Pedagogicheskie nauki», 4(68), p. 63–70. 10.51889/2020-4.1728-5496.09 (In Russian)

Şyndaliev, N., Şynatai, G.(2020) 'Virtualdy tehnologialar arqyly bılım beru bağdarlamasy boiynşa oqytu ädısterın jetıldırudıñ özektılıgı' [The relevance of improving teaching methods in the educational program through virtual technologies], Abai atyndağy QazŪPU Habarşysy. «Fizika-matematika ğylymdary» seriasy, 72 (4), pp. 294–299. 10.51889/2020-4.1728-7901.46 (In Kazakh)

Shyndaliev, N., Kalkabaeva, Z. (2020) 'Primenenie tehnologij virtual'noj i dopolnennoj real'nosti v sovremennoj sisteme obrazovanija' [The use of virtual and augmented reality technologies in the modern education system], Vestnik KazNPU imeni Abaja. Serija «Fiziko-matematicheskie nauki», 72 (4), pp. 289–293. 10.51889/2020-4.1728-7901.45 (In Russian)

Christopoulos, A., Styliou, M., Ntalas, N., & Stylios, C. (2024). 'The impact of immersive virtual reality on knowledge acquisition and adolescent perceptions in cultural education', *Information*, 15(5), pp. 261. https://doi.org/10.3390/info15050261

Fransson G., Holmberg J., Westelius C. (2020) «The challenges of using head mounted virtual reality in K-12 schools from a teacher perspective», Education and Information Technologies, 4(25). pp. 3383–3404. https://doi.org/10.1007/s10639-020-10119-1

Gouveia C., Cook C., Snyder A., Payne S. (2017) "Nice to have" to "Can't do without": Aligning simulations and VR with current needs in the K-12 classroom», Making a difference: Prioritizing equity and access in CSCL, 12th International Conference on Computer Supported Collaborative Learning (CSCL). Philadelphia, PA: International Society of the Learning Sciences, (2), pp. 723-724. Available at: https://cscl17.wordpress.com/wp-content/uploads/2018/02/finalvol2cscl2017.pdf (accessed: 17 April 2025).

Grimshaw-Aagaard, Mark (2014), The Oxford Handbook of Virtuality, https://doi.org/10.1093/oxfordhb/9780199826162.001.0001

Kulik A., Kunert A., Beck S., Frahlich B. (2017) 'Collaborative virtual reality for joint learning experiences', Making a Difference: Prioritizing Equity and Access in CSCL, 12th International Conference on Computer Supported Collaborative Learning (CSCL). Philadelphia, PA: International Society of the Learning Sciences, (2), pp. 721-722. Available at: https://cscl17.wordpress.com/wp-content/uploads/2018/02/finalvol2cscl2017.pdf (accessed: 17 April 2025).

Makransky G., Terkildsen T. S., Mayer R. E. (2019). 'Adding immersive virtual reality to a science lab simulation causes more presence but less learning', Learning and Instruction, (60), pp. 225-236. https://doi.org/10.1016/j.learninstruc.2017.12.007

Moreno R., Mayer R.E. (2020) 'Learning science in virtual reality multimedia environments: Role of methods and media', Journal of Educational Psychology, 3(94), pp. 598-610. 10.1037/0022-0663.94.3.598

Mukhtarkyzy K., Abildinova G., Serik M., Kariyeva, K., Sayakov O. (2020). 'Systematic Review of Augmented Reality Methodologies for High School Courses', International Journal of Engineering Pedagogy (iJEP), 4 (13), pp. 79–92. https://doi.org/10.3991/ijep.v13i4.38165

Sembayev T., Nurbekova Z., Abildinova G. (2021) 'The Applicability of Augmented Reality Technologies for Evaluating Learning Activities', International Journal of Emerging Technologies in Learning (iJET), 22 (16), pp. 189–207. https://doi.org/10.3991/ijet.v16i22.22987

Shin, D-H. (2017) 'The role of affordance in the experience of virtual reality learning: Technological and affective affordances in virtual reality', Telematics and Informatics, (34), pp.1826–1836. https://doi.org/10.1016/j.tele.2017.05.013

Yuanyuan, Li, Chengliang, Wang and Xiaoqing, Gu (2025) 'Instructional design guidelines for virtual reality-based teacher training: A meta-analysis', *Educational Technology & Society*, 28 (1), pp. 338-358. http://dx.doi.org/10.30191/ETS.202501_28(1).SP02

Авторлар туралы мәлімет:

Хасенқызы Т. – хат-хабар авторы, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің «Педагогика және білім беру менеджменті» кафедрасының 3 курс докторанты, Масанчи 39 көшесі, 050000, Алматы қаласы, Қазақстан.

Акрамова А.С. – педагогика ғылымдарының кандидаты, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің «Педагогика және білім беру менеджменті» кафедрасының доценті, Масанчи 39 көшесі, 050000, Алматы қаласы, Қазақстан.

Информация об авторах:

Хасенқызы Т. **-** автор для корреспонденции, докторант 3 курса кафедры педагогики и образовательного менеджмента Казахского национального университета имени аль-Фараби, улица Масанчи, 39, 050000, город Алматы, Казахстан.

Акрамова А. С. **-** кандидат педагогических наук, доцент кафедры педагогики и образовательного менеджмента Казахского национального университета имени аль-Фараби, улица Масанчи, 39, 050000, город Алматы, Казахстан.

Information about the authors:

Khassenkyzy T. – corresponding author, 3rd year doctoral student, Department of "Pedagogy and Educational Management", Al-Farabi Kazakh National University, 39 Masanchi Street, 050000, Almaty, Kazakhstan.

Akramova A. S. - Candidate of Pedagogical Sciences, Associate Professor, Department of "Pedagogy and Educational Management", Al-Farabi Kazakh National University, 39 Masanchi Street, 050000, Almaty, Kazakhstan.

Редакторы: Г.Ж. Меңлібекова

Gumilyov Journal of Pedagogy
– 2 (155)/2026. – Астана: ЕҰУ. – 275 б.

Шартты б.т. – 23 б.т. Таралымы – сұраныс бойынша.
Басуға қол қойылды: 30.06.2026 Ашық қолданыстағы электронды нұсқа:
https://pedjournal.enu.kz/

Мазмұнына типография жауап бермейді

Редакция мекен-жайы: 010008, Қазақстан Республикасы, Астана қ., Янушкевич к-сі, 6, 214 б.
Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті Тел.: +7 (7172) 709500, (ішкі: 35-108)

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің баспасында басылды